

Б 66.019

Қ40 С

ОҚУ ҚҰРАЛЫ

Н. Қанесов

# САЯСАТТАНУ



АЛМАТЫ ЖЕБЖАРЫ

Б 66.019  
К, 40  
1703

Оқу құралы

Н. Қапесов

# САЯСАТТАНУ

~~Лекциялардың қысқаша курсы~~

БЕЙСЕМБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА  
ОҚУ ЗАЛЫ

ЧИТАЛЬНИЙ ЗАЛ  
НАУЧНАЯ БИБЛИОТЕКА ИМ. С. БЕЙСЕМБАЕВА

САХАВДАРСЫН ҒОСУДАРСТВЕННИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. С. ТОРАЙГЫРОВА

С. ТОРАЙГЫРОВА АТЫНДАҒЫ САХАВДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТ

С. БЕЙСЕМБАЕВ АТЫНДАҒЫ  
ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНАНЫҢ БАҚЫЛАУ ДАНАСЫ

КОНТРОЛЬНЫЙ ЭКЗЕМПЛЯР  
НАУЧНОЙ БИБЛИОТЕКИ ИМ. С. БЕЙСЕМБАЕВА

САХАВДАРСЫН ҒОСУДАРСТВЕННИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. С. ТОРАЙГЫРОВА

АЛМАТЫ  
«ЖЕТИ ЖАРҒЫ»  
2003

8 66.019 я 73

ББК 66.4 (каз) я 73  
К 40



**СПИ** “Жеті жарғы” ЖАҚ 2002 жылы Франция өнеркәсібіне жәрдемдесу жөніндегі Ассоциацияның Алтын медалімен наградалды

*Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ғылыми-әдістемелік кеңесі мақұлдаған.*

*Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылып отыр.*

С.Торайғыров атындағы ПМУ-дің академик С.Бейсембаев атындағы ғылыми КІТАПХАНАСЫ  
Б.Алтынсарин атындағы Қазіргі Ғылым академиясы ұсынған  
Қызыл кітап нөмірі: 538387

Философия ғылымының докторы, профессор *Кенжебаев С. Д.*  
Философия ғылымының докторы, профессор *Рахметов К. Д.*

**Қапесов Н.**

К 40 Саясаттану. Лекциялардың қысқаша курсы. – Алматы: Жеті жарғы. 2003. – 216 б.  
ISBN 9965-11-068-9

Саясаттану жөніндегі лекциялардың қысқаша курсы отандық саяси ғылым жетістіктерінің негізінде және автордың Алматы қаласындағы бірқатар жоғары оқу орындарында осы пәнді оқыту тәжірибесіне сүйене отырып жазылды. Ол 3 тараудан және 12 тақырыптан тұрады. Курстың әрбір тақырыбы белгілі бір саяси болмыстың жалпы белгісіне қатысты ұғымдарды, олардың мазмұнын, ерекше сипаттамалары мен атқаратын қызметтерін ғылыми түрде қамтиды. Оқу құралындағы проблемалар Қазақстан Республикасының қазіргі уақыптағы ішкі және сыртқы саяси өмірі негізінде қарастырылған. Ұсынылып отырған тақырыптар «Саясаттану» пәні бойынша мемлекеттік білім стандартына сөйкес жазылған.

Қысқаша курс жоғары оқу орындарының студенттеріне, аспиранттарға, оқытушыларға және көпшілік оқырман қауымға арналған.

Қ  $\frac{0802000000-003}{419(05)-2003}$  47-03

ББК 66.4 (каз) я 73

ISBN 9965-11-068-9

© Қапесов Н., 2003  
© «Жеті жарғы» ЖАҚ, 2003

## АЛҒЫ СӨЗ

Қазақстанның (басқа да ТМД елдері сияқты) қоғамдық дамудың демократиялық нысанына өтуі оның халқының алдына қазіргі заманғы саяси мәдениеттің негіздерін және мемлекеттің өзінде де, халықаралық қатынастарда да азаматтардың өзара қарым-қатынасының өркениетті үрдістерін меңгеріп, оларды қолдана білу міндеттерін қойып отыр. Алайда, адамдардың саяси ой-санасында терең өзгерістер болмай, қоғамда да ешқандай соны серпілістер болуы мүмкін емес.

Саяси ғылым адамдарға өздерінің өзара ұжымдық қарым-қатынасын рационализм мен гуманизм қағидаттары негізінде қалыптастыруына жәрдемдесу мақсатын көздейді. Саяси ғылымның дамуына және жана демократиялық саяси құрылыстың жаңа жүйесінің қалыптасуына қамқорлық жасау мемлекет пен ғылыми-педагогикалық жұртшылықтың мақсатты ортақ ісі болуға тиіс.

Саясаттану курсының мақсаты – студентке кез келген білімді азамат үшін қажетті саяси нақты жағдайлар, саяси іс-қимыл нормалары, саяси құндылықтар жөнінде мейлінше қысқа да нұсқа білім беру. Болашақ мамандар белгілі бір деңгейде білім алып қана қоймай, тез өзгеріп жатқан әлеуметтік-саяси жағдайда дұрыс бағдар ұстап, өмір алға қойған проблемаларды белсенді түрде және ізденімпаздықпен шеше білу қабілетін де игеруге тиіс.

Саясаттану халықаралық деңгейде танылып отырған қазіргі жағдайда ол өзінің біздің еліміздің де дербес ғылым және оқу пәні ретінде өмір сүруге қажетті екендігін дәлелдеуде, бұл орайда, әсіресе оны оқып-үйрену, жете зерттеу және осы курс бойынша оқу құралын шығару сөзсіз қажет болып отыр.

Ұсынылып отырған лекциялар жинағы саясаттану Қазақстанда жарық көрген оқу құралдарының алғашқыларының бірі, сондықтан, әрине, мұнда қарастырылып отырған тұжырымдар мен қағидалар еш талас тудырмайтын ұстанымдар дей алмаймыз. Жинақтың алдына қойған мақсаты – студенттерге, оқытушыларға және осы пәнді оқып-үйренуге ықыласты көпшілік оқырманға осы заманғы саяси ғылымның негіздерін танып-білуіне көмектесу.

Автор әлемдік саяси ғылымның жетістіктеріне, Ресей, Украина және Қазақстан ғалымдарының ғылыми еңбектеріне, лекциялар курсына және оқу құралдарына сүйеніп, сондай-ақ Алматы қаласындағы бірқатар жоғары оқу орындарында саясаттануды оқытудан жинақтаған тәжірибесін пайдалана отырып, саясаттың қоғамдық қатынастар жүйесіндегі орнын ашып көрсетеді, саяси іс-қимылдың негізгі проблемаларын, саяси ұйымдардың мәні мен қызметінің сипатын қарастырады.

## **САЯСИ ҒЫЛЫМНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ- МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

### **І-т а қ ы р ы п**

#### **САЯСАТ ҚОҒАМДЫҚ ҚҰБЫЛЫС РЕТІНДЕ. САЯСИ ҒЫЛЫМНЫҢ ПӘНІ, ӘДІСІ МЕН МІНДЕТІ**

Бүгінгі таңда біздің қоғам өмірінің барлық жақтарын камтып отырған елеулі өзгерістер саясат саласында мейлінше айқын да дәл көрініс табуда. Ол саяси процестердің әр алуандығына байланысты өзіндік ерекшелігі бар жаңа мазмұндармен байып, толығуда. Адамдар арасындағы саяси байланыстар күрделене түсуде. Еліміздің саяси өмірі жаңа сапаға ие болуда, бұл яғни оны жан-жақты терең зерттеуді қажет етіп отыр. Біздің елімізде саясатты, қоғам өмірінің саяси саласын философия, саяси экономия, социализм теориясы, тарихи ғылымдар зерттейді дейтін сіністі көзқарастың үстем болғанына тіпті де көп уақыт өткен жоқ. Әрине, көптеген қоғамтанушы ғалымдар саясатты пәнаралық деңгейде зерттеу қажеттігін білді, бірақ олар лайықты қолдау таба алмады. Алайда, бұрынғы КСРО республикалары егемендікке қол жеткізуіне байланысты, ақырында, саясаттану жоғары мектептердің оқу пәні мәртебесіне ие болды, беделді ғылымдар санатына қосылып, студенттердің өзіне деген қызығушылығын туғызды. Саясаттану ролі өсуінің, оны оқытудың аса маңызды, өзекті іске айналуының бірқатар себептері бар.

Бұл — қоғамның саясаттануы, оны жалпы өркениет құндылықтарын танып-білуі; маркстік-лениндік қоғамтанудың дағдарысқа ұшырауы және т.б. Саяси ғылымның мәнін ұғынатын, ой-санамызда саралайтын кез жетті, оның заңдары адамға болып жатқан оқиғаларға қатысты дұрыс бағдар ұстай білуіне, насихаттың шырмауына түспеген өз көзқарасының қалыптасуына көмектеседі.

Дүниені жаңа тұрғыда тану және оған сәйкес келетін сыртқы саяси бағытты зерделеу қажеттігі халықаралық қатынастарға қатысты ғылыми зерттеулерді белсенді жүргізу, тиісті мекемелер құру, жұртшылықты арнаулы басылымдармен қамтама-

сыз ету міндеттерін алға қойды. Сонымен қатар елде жүзеге асырылып жатқан түбегейлі саяси өзгерістер қоғамдағы нақты жағдайды талдап, зерделеуді талап етті. Соңғы жылдардың саяси тәжірибесі саяси жүйені реформалау, жаңа мемлекеттілікті қалыптастыру, азаматтардың қоғам мен мемлекетті басқару ісіндегі белсенділігі саяси мәдениет деңгейінің төмен болуына байланысты тым баяу жүріп жатқанын көрсетті, ал бұқараның саяси тәжірибесіздігі әр түрлі топтардың қоғамдық сананы сансаққа құбылтуына, халықтың белсенділігін өздерінің саяси мақсаттары үшін пайдалануына мүмкіндік жасайды. Сондықтан азаматтардың саяси сауатын ашу және оларға саяси тәрбие беру бүгінгі күннің аса өзекті мәселелерінің біріне айналып отыр, бұл саясаттануды дербес ғылым ретінде қарастыру қажеттігін көрсетті. Саясаттану курсы студенттерге қоғамның саяси саласынан, оның даму заңдылықтарынан, сондай-ақ оларға осы заманғы саяси институттар (жүйелер), олардың құрылымдары мен іс-қимыл ерекшеліктері туралы, демократиялық қоғамдағы азаматтардың құқықтары, бостандықтары мен міндеттері туралы, жеке тұлғаның саяси-құқықтық жағдайы, оның саяси өмірге қатысуының әдістері мен нысандары туралы, саяси процестердің нұсқалары, нысандары және қарқыны жөнінде, олардың субъектілері, саяси мәдениеттің мазмұны мен оны қалыптастырудың жолдары, қазіргі замандағы идеялық-саяси тұжырымдамалардың әр алуандығы туралы, саяси жаңаша ойлаудың мәні мен ұстанымдарына қатысты осы заманғы әлемдік дамудың қозғаушы күштері туралы білім беруді мақсат етеді.

Адамдар ежелден-ақ өзінің аса маңызды іс-қимылдарының ішінде саясатқа айрықша маңыз берген. Қоғамның өрістей дамуына байланысты жұртшылықтың саясатқа деген қызығушылығы да арта түсті, сонымен қатар олар өмірдің ағыны, өздерінің тағдырлары саясаткерлердің шешімдері мен іс-әрекеттеріне байланысты екенін бір сәт көкей көздерімен іштей сезінді.

Бүгінде « саясат » терминін қолданбай сөйлейтін адамды табудың өзі қиын. Соған қарамастан саясат дегеніміз не деген сұраққа сан қилы, тіпті кереғар да жауап алатынымыз белгілі. Ал сан қисынды ойлар мен пайымдаулар, түйінді тұжырымдар бұдан да асып түсер еді. Егер саясатты қай жерде және кім жасайды, кім шешім қабылдайды, неге олай, саяси билік кімдердің қолында деген сұрақтарға жауап іздер болсақ, біз бәріміз де саясат өрісінде өмір сүрудеміз, оны күнделікті көріп, сезініп

жүрміз, бірақ оның сиқырлы арқаулары бізге беймәлім, ал олардың бастаулары толықтай күйіп.

Біз бұл жерде ғылыми таным құбылысымен – саясат туралы ғылыммен немесе заттың жәй көзге көрінбейтін тұстарына ене алатын «саяси ғылыммен» жүздесіп отырмыз. Алайда, саяси ғылым басқа да ғылымдар сияқты ақиқаттың айғағы бола алмайды, ал ол болмаса, ақиқатқа жақындаудың өзі одан сайын қиынға түсер еді. Ол барлық ғылымдар сияқты күрделі де қиын, ал саясаттану пәнінің өзіндік ерекшелігі оны одан сайын қиындата түседі. Саясат барлық кезде де екі жақты: жұртшылық үшін – оның жүзі бір басқа – көбіне демократияшыл, ал нақты билік дәліздерінде оның жүзі өзгеше – одан қаталдықты, билікке мүлтіксіз бойұсынуды көреміз. Саясаттың ізгілікті жүзі оның ғажайып мақсаттарды көздейтінін білдіреді, ал ол өзінің іс-әрекетінің салдарына амалсыздан басқаша пішінде жауап береді. Саясаттың нышаны ретінде екі жүзді Янус құдайдың алынуы тектен-тек емес. Бұл екі жүзі арқылы кіру мен шығуды бейнелейтін ежелгі римнің есіктер мен қақпалар құдайы. Янустың назары бір мезгілде болашаққа да, өткенге де ауған қалпында. Осы заманғы өркениетті демократиялық саяси жүйенің бірде-бірі саясаттың екі жақты мәнінен айналып өте алмайды. М.Дюверже «Янус сияқты ..... батыс жүйесі де екі жүзді, бір мезгілде олар біріне-бірі қарама-қарсы да, бірін-бірі толықтырып та тұрады. Бұл дуализм – оның ішкі табиғаның көрінісі. Бір жағынан, жариялылық, бостандық. Тиімді таңдаулар азаматтарға басқа елдерге қарағанда басқаруға қатысуға мол мүмкіндік береді.... Алайда, бұл демократия құрметке лайық нәрсе ретінде ғана қалады. Азаматтардың бірде-бірі және олардың ұйымы саяси билікке араласа алмайды. Олар іс жүзінде саясатты капитал иелерімен, жекелеген капиталистермен, әсіресе ірі өнеркәсіп, сауда және қаржы фирмаларымен бөліседі. Янустың екінші жүзі осындай». Саясат туралы ғылым осы қос мәнділікті зерттейді, оның міндеті – екіншіні, Янустың жасырын жүзін танып, сырын ашу. Мұнымен саясаттану да айналысады.

Біздің алдымызда тұрған бірінші сұрақ: бұл неткен ғылым, оның пәні қандай? Саясаттану зерттейтін объектінің аясын анықтап алмай тұрып, оған тән нақты мәселелерді саралап көрсету және оның гуманитарлық білімнің дербес саласы ретіндегі салалық сипатын айқындау мүмкін емес. Саясаттанудың зерттейтін объектісі оның атынан-ақ көрініп тұр – бұл саясат туралы ғылым.



«Біз саясат деп нені түсінеміз? – деп сауал тастайды М.Вебер. – Бұл ұғымның мазмұны мейлінше кең және дербес басшылық жасау қызметінің барлық түрін қамтиды. Банктердің валюта саясаты туралы, Империялық банктің дисконттік саясаты (яғни есепті төлем мөлшерлерін реттеу) жайлы, жұмысшылар ереуілге шыққан кездегі кәсіподақтың саясаты туралы... корпорация басқарма басшылығының саясаты жайлы, ең ақырында, еріне айтқанын істеткізетін ақылды әйелдердің саясаты жөнінде айтылып жатады... Сөйтіп, бәрін саралай келгенде, саясат билікке қатысуға ұмтылу немесе мемлекеттер арасында болсын, мемлекеттің өз қамтуындағы адам топтары арасында болсын билікті бөлуге ықпал жасау дегенді білдіреді.

Американдық саясаттанушы Г.Лассуэлл саясаттың ықпалды күшін кез келген ұйымнан, мейлі ол фирма, кәсіподақ болсын, кез келген ассоциациядан көреді. Ол саяси ғылымға биліктің қалыптасуы мен нақты жағдайға бейімделуін саралаумен және билік құрылымында орын алған саяси әрекеттерге қатысты зерттеулер жүргізумен айналысатын эмпирикалық пән (яғни тәжірибеге сүйенетін) деп анықтама берді. Екінші бір американдық саясаттанушы Р.Даль «саяси жүйе – кез келген ұдайы қайталанып отыратын адами қатынастардың жиынтық көрінісі, ол өзіне едәуір дәрежеде билікке, басқаруға және тұлға беделіне қатысты мәселелерді қосып алады» деп санайды. Сонғы айтылғандармен саяси талдау айналысуға тиіс.

Бұл ойды француз саясаттанушысы М.Дюверже былай деп толықтыра түседі: «Адамдардың өзара қарым-қатынасында ықпал етудің, үстемдік жасаудың, билік пен беделдің қатыспайтын жері жоқ, әрине олардың жолын кесуге қанша әрекет жасалса да, мүмкін, нақ осы жағдай адамдар қауымдастықтарының мәнін көрсететін ерекше белгісі шығар. Мұны түсіну – саясаттанушының бірінші міндеті.

Демек, саясаттану деп аталатын бұл білім саласындағы шешуші, басты ұғым саясаттың нақ өзі болып табылады. Бұдан шығатын қорытынды: саясат – қазіргі заман адамының қажеттігі және сонымен қатар қажетсінуі, тіпті ол адам саясатпен айналыспаймын деп бойын аулақ салса да, оның есесіне онымен саясат айналысады, өйткені саясат оның қоғамдық өмірдің барлық саласындағы сан алуан іс-әрекетінің нұсқаушысы да, бір мезгілде тежеушісі де болып табылады. Сондықтан да саясат туралы білім алу қоғамдағы өзінің орны мен ролін түсінгісі, басқа адамдармен бірге өзінің қажетін ойлағандай

қанағаттандырғысы және мақсаттарды және оларды жүзеге асыру жолдарын таңдауға үлес қосқысы келетін әрбір адамның мүддесіне сай келеді.

«Саяси ғылымды – деп көрсетті М.Гравитц, – адамдардың өздерінің бірлескен өмірін реттеп отыратын саяси құрылымдарды қалай пайдаланатынын зерттеу, адамдарды қозғалысқа келтіретін идеяларды, ол идеялардың сол адамдардың өздері жасағандарына немесе ізашар ұрпақтардан алынғанына қарамастан, зерттеу ретінде анықтауға болады. Саяси ғылымның пәнінде идеялар, саяси құрылымдар мен адамдар жымдаса қабысқан деуге болады». Саясаттану, бұл тұрғыдан алғанда, барлық көрінімдерінде өзіне құрамдас бөлігі ретінде саяси әлеуметтануды, саяси философияны, саясат теориясын және саяси пәндерді кіріктіретін ауқымды интеграциялық ғылым. Ал қоғамдық өмірдің саяси нысаны басқа да көптеген қоғамдық ғылымдардың: тарихтың, философияның, әлеуметтанудың, экономиканың, заң ғылымының да зерттейтін объектісі болып табылады. Тарих – нақты тарихи процестер туралы ғылым ретінде осы процестердегі әр түрлі көзқарастарды зерттейді, осы арқылы қазіргі заманғы саясаттың түпкі шығу тегін, оның пайда болуына жағдай туғызған өткен кезеңдердегі оқиғалар мен процестердің мәнін ашады. Философия дүниені және оған адамның көзқарасын зерттеумен айналысады, осы арқылы кез келген ғылым үшін мейлінше кең өрісті санаткерлік негіз қалайды. Философия жалпы дүние бейнесін жасай отырып, саясат саласындағы нақты шешімдердің, оны әлеуметтік құбылыс ретінде дүниетанымдық тұрғыдан зерделеудің бастау негізі болып табылады. Әлеуметтану қоғамдық қатынастардың нұсқаларын және олардың пайда болу тетіктерін, топтардың және жалпы қоғамның іс-қимылын қарастырады. Әлеуметтану саясаттануға қоғамның мемлекетке және саяси құрылымдарға көзқарасы жөнінде, бүкіл жұртшылықты қамтитын әлеуметтік базаның хал-күйі, олардың мүдделері мен талаптары туралы, оларды қанағаттандыру жолдары жөнінде мәліметтер береді. Саяси ғылым өзіне экономикадан көп нәрсені – адамдарға өндірістің, бөлудің, алмасу мен тұтынудың іргелі заңдары туралы зерделі мәліметтер беретін және осы заңдардың мәнін аша алатын, әсіресе оларды қоғамдық өмірдің түп негіздерінде орныға бастаған жана саяси үрдістер қалыптастырған меншікке, нарыққа және кәсіпкерлік қызметке қатысты көзқарастардағы

түбегейлі өзгерістерді ескере отырып, жан-жақты жанаша түсіндіретін білімдер жүйесін алады. Саясаттану заң білімінен мемлекеттік биліктің ресми ұйымдастыру құрылымына, әр түрлі құқықтық нормалардың әр алуан әлеуметтік топтарының мүдделерімен өзара байланыстарына, мемлекеттік қызметке және оны ұйымдастыруға қатыстылардың бәрін алып пайдаланады, өйткені мемлекет саясаттанудың басты категорияларының бірі болып табылады. Саясаттанудың және мемлекеттік құрылыс пен құқық теориясының, педагогиканың, әлеуметтік психологияның, антропологияның, демографияның, этнографияның, экологияның және тіпті логика, шешендік өнері, этика, тіл білімі, дінтану және т.б. ғылымдардың арасында өзара үйлесімді іс-қимылдың қалыптасуына мүлде жаңа мүмкіндіктердің көзі ашылуда. Саясаттану аталған қоғамдық ғылымдардың бірде-бірін алмастырмайды, қажетсіз етпейді, бұл оның міндеті емес.

Бұлардың әр қайсысы өздеріне тән мақсатты міндеттері, категориялар жүйесі, зерттеу әдістері негізінде саясатты зерттейді. Саясат сөз болып отырған ғылымдарда олардың өздеріне тән табиғи құбылыс ретінде емес, мейлінше ауқымды тұтас дүниенің бір бөлшегі ретінде ғана көрінеді. Әр алуан саяси теориялар мен қағидаларды талдап зерттеу, сондай-ақ саяси жүйелердің құрылымына, мемлекеттің, әр түрлі партиялар мен ұйымдардың, қоғамдық және саяси топтар мен қозғалыстардың іс-қимылына, қоғамдық пікірге, халықаралық қатынаста қалыптасқан жағдайларға айғақты талдау жасау – міне осылар ғылымның ерекше саласының – саясаттанудың қарастыратын пәні болуға тиіс.

Бұл бағыт АҚШ-та, Францияда және Германияда мейлінше дамыған, себебі бұл елдерде саясаттану дәстүрі өзінің түп тамырын сонау ХІХ ғасырдан таратады, бұларда саясаттанушылардың іргелі мектептері қалыптасқан.

Саясаттанудың кең канат жаюында ЮНЕСКО үлкен роль атқарды, бұл ұйым саяси ғылымды білімнің дербес саласы ретінде жариялап, 1948 жылы Парижде оның мазмұнын құрайтын төмендегі аспектілерін айқындады:

### **І.Саясат теориясы:**

- а) саясат теориясы;
- б) саяси идеялар тарихы.

## 2. Саяси институттар:

- а) конституция;
- б) орталық басқару;
- в) аймақтық және жергілікті басқару;
- г) жұртшылықтың қатысуымен жұмыс істейтін әкімшілік;
- д) басқарудың экономикалық және әлеуметтік функциялары;
- е) саяси институттарды салыстырып зерттеу.

## 3. Партиялар, топтар және қоғамдық пікір:

- а) саяси партиялар;
- б) топтар мен ассоциациялар;
- в) азаматтардың басқару мен әкімшілікке қатысуы;
- г) қоғамдық пікір.

## 4. Халықаралық қатынастар:

- а) халықаралық саясат;
- б) саясат және халықаралық ұйымдар;
- в) халықаралық құқық.

Саясатқа құбылыс ретінде анықтама берудің ең кең тараған әдісі осы терминнің этимологиясына жүгіну болып табылады: ежелгі грек тілінде «саясат» «мемлекетті басқару өнері» немесе мемлекеттің аумағы шегінде (ішкі саясат) және одан тыс жерде (сыртқы саясат) оның мақсаттарын белгілі бір әдіспен жүзеге асыру дегенді білдіреді. Саясатқа берілген бұл анықтама мемлекетті саясаттың басты элементі ретінде көрсетеді, ал тиісінше мемлекет саясат туралы ғылымның негізгі категориясы ретінде қарастырылады.

Бұл тұжырымды қазіргі заманға қолданар болсақ, онда саясатты осы тұрғыда түсіндіруде негізгі екі бағытты атап айтуға болады, олар:

а) мемлекетті (саясатты да) таптық категориялар ретінде (марксизм) түсіндіру;

б) мемлекетті (саясатты да) үкіметтің қызмет категориялары (американдық «саясат туралы ғылым» және француздық «саяси ғылым») тұрғысынан түсіндіру.

Маркстік теорияда саясатқа мемлекетпен және мемлекеттік билікпен байланысты таптар күресінің саласы ретінде анықтама беріледі. Саясат туралы ағылшын және француз ғылымында «саясат» терминін мемлекеттік басқару және басқару

міндетін жүзеге асыратын адамдардың қызметімен тікелей байланыстырады. Саяси ғылым – бұл мемлекеттің, сондай-ақ орган ретінде үкіметтің сипаты мен міндеттері туралы ғылым, үкіметтің көмегімен мемлекет өзінің билігін жүзеге асырады.

Алайда, саяси процестер мен құбылыстарды қарастыра отырып, оларды біріктіріп, құрайтын басты тетік адамдардың топтық қажеттіктері және осының негізінде пайда болатын әлеуметтік мүдделер (экономикалық, саяси, ұлттық және мәдени) болып табылатынын айтпай кетуге болмайды. Бұл орайда саясат әлеуметтік (таптық) қажеттіктер мен мүдделерге қатысты міндеттілік сипатқа ие болады. Демек, саясатты түсінудің, оның іс-әрекетінің және өзгеруінің негізінде топтасқан адамдар өмірінің ішкі мәнін құрайтын өмір сүріп отырған әлеуметтік құрылымдарға және олардың мүдделеріне жасалған талдау жатады. Ал әлеуметтік құрылымдардың басты элементтері, бірінші кезекте, үлкен әлеуметтік топтар мен қауымдастықтар (таптар, ұлттар, жіктер, элиталар), сондай-ақ олардың ресми ұйымдары (мемлекет, саяси партиялар, кәсіподақтар және т.б.) болып табылады.

Әлеуметтік топтар және олардың ұйымдары белгілі бір идеологиялық құндылықтар негізінде ұйымдасады, мұнсыз қоғам әлеуметтік-саяси негізде өмір сүре алмайды. Ал саяси құбылыстар мен процестер экономикаға негізделеді. Саясаттың негізгі заңдарының бірінде былай деп көрсетілген: «...саяси құбылыстар мен процестер қандай да бір әлеуметтік топтардың экономикалық мүдделерінің жиындық көрінісі болып табылады». Барлық саяси бағыттар маңызына баса көңіл болатын материалдық игіліктерді өндіру мен бөлу арасындағы қатынас әлеуметтік мүдделердің негізін құрайды. Нақ осылар қоғамдық сана мен мінез-құлықтың елеулі элементтері болып табылатын мораль мен психологиялық сезім күйін бағалауға жағдай жасайды.

Сөйтіп, саясатты қажеттіктер мен мүдделер категориясында қарастыру негізінде төмендегіше қорытынды жасай аламыз: бір жағынан, «саясат пен биліктің түпкілікті субъектілері (таптар, ұлттар, топтар), және, екінші жағынан, тікелей субъектілері (билеуші топтар, элиталар, индивидтер) арасында елеулі айырмашылықтар болады; саясатқа талдау жасаған кезде қоғамдық сана факторын нақтырақ ескеру керек, себебі қоғамдық сананың елеулі элементі болып табылатын қажеттіктер мен мүдде-

лер санасы (ақиқат немесе жалған) саяси процестер мен құбылыстардың қалыптасуында зор роль атқарады.

Өздерінің қажеттіктері мен мүдделерін саналы түрде толықтай түсініп, білген әлеуметтік топтар саясаттың субъектілеріне айналады (бұған дейін олар саясаттың объектілері ғана болған еді). Аталған қажеттіктер мен мүдделерді қанағаттандыруға деген ұмтылыс арқылы олар ұтымды іс-қимыл жүйесін, яғни саяси қызметті қалыптастырады.

Саяси қызмет – бұл үлкен және шағын әлеуметтік топтардың қажеттіктері мен мүдделерін қанағаттандыруға ұмтылған және белгілі бір әлеуметтік нәтижелерге қол жеткізетін (барлық кезде бірдей алға қойылған мақсатқа сай келе бермейтін) саналы іс-қимылдың жиынтығы. Әдетте стратегиялық саяси іс-қимылдар (әлеуметтік мақсаттарды және билік тетіктерін пайдалана отырып, оларды жүзеге асырудың әдістерін таңдау) мен қосалқы саяси іс-қимылдар (тандалған мақсаттарды жүзеге асыруға қажетті құрылымдар құрып, оны іске қосу жөніндегі әрекеттер) арасында айырмашылықтар болады. Саяси қызметке шешім қабылдаған ресми топтардың (ұйымдардың) орталығы бастамашы болады және ол топтың (ұйымның) алдына қойылған мақсаттарға тиісті құралдардың көмегімен жетуге бағытталады.

Саясат мүдделер мен позициялардың ортақтығын толықтай саналы түрде ұғынған жерде басталады, өздерінің билік жүйесіне деген көзқарасын ашық білдірген бірлестіктер мен қозғалыстар қалыптасады немесе ыдырайды. Бір топтар мен жіктердің мүдделерінің ортақтығын жете ұғынуы сол мүдделердің басқалардың мүдделерінен өзгешелігін ұғынуға сөзсіз ұмтылдырады. Саясат саласында әңгіме әлеуметтік субъектілердің жиынтығы – ұлттар, таптар, ірі әлеуметтік қауымдастықтар мен қозғалыстар жөнінде ғана болуға тиіс екеніне көңіл бөлу маңызды. Осылар ғана, шын мәнінде, саясаттың субъектілері болып табылады және олар саясаттың тікелей субъектілері ретінде саяси партияларда ұйымдастырылған өздерінің өкілдіктері, одақтар немесе ассоциациялар арқылы қоғам өміріне ат салысады. Саяси өмірді ұйымдастырудың жоғары нысаны мемлекет болып табылады.

Мемлекеттің төңірегінде онымен қарым-қатынас жасау үшін әр түрлі саяси ұйымдар, қозғалыстар, партиялар мен топтар құрылады. Олар белгілі бір қалыптасқан және мемлекет белгілеген, саяси деп аталатын нормалар бойынша әрекет етеді.

дары да саясаттың субъектілері болып табылады және әлеуметтік процестерді басқаруда маңызды роль атқарады (мысалы, қайсы бір саяси партияның басшылық ролі).

Екінші көзқарас биліктің көрінуімен байланысты болатындардың бәрін саясатқа жатқызуды ұстанады, тиісінше саясаттануды билік туралы ғылым деп санайды. Көпшілік саясаттанушылар саясат биліктің және оның әрекет аясының қалыптасуымен байланысты дейтін осы идеяны қолдайды. Билік категориясын пайдалану қажеттігі саясаттың әрекет өрісінің мемлекеттік қызмет пен саяси жүйе аясынан шығып кетуіне байланысты туады, бұл әсіресе ішкі саясатты жасау кезінде айқын көрінеді. Билік — бұл адамдардың алдын ала белгіленген және күтілгендей әдіспен әрекет етуіне ықпал ете отырып, оларға шешімнің орындалуын міндеттеу мен жүргізу қабілеті.

Биліктің бәрі бірдей емес, жалпы жұртшылыққа қатысты билік қана (мысалы, ата-аналардың балаларына билік етуі бұған кірмеуге тиіс) саясаттың пәні бола алады, сондықтан саясат әртүрлі әлеуметтік қауымдастықтарға қатысты билікке ие болуға ұмтылады. Саясатты осы тұрғыда түсіну саяси әрекеттің әдістеріне емес, биліктің мазмұнына ғана қатысты, өйткені билікке ие болып, оны ұстап қалуға ұмтылу (тікелей немесе жанама түрде) әр алуан игілікті бөлуден (ең алдымен материалдық) туатын қайшылықтар мен қақтығыстарға байланысты болады.

Бірінші дәстүр — тым ежелден келе жатқан дәстүр. Бұл көзқарас өз бастауын Аристогельден алады, ол үшін саясат — сол кезде мемлекет те болып табылатын полисті басқаруды зерттейтін ғылым. Ұлттық мемлекеттердің дамуы бұл көзқарасты күшейте түсті. Литтрдің французша саясаттану сөздігінде саяси ғылымға «мемлекетті басқару ғылымы» ретінде анықтама берілген. Сын есім «саяси» сөзі «мемлекеттік іске қатысы бар» ұғым ретінде түсіндіріледі. Француз Академиясының сөздігінде: «Саясат — мемлекетті басқару өнеріне қатыстылардың бәрін тану және басқа мемлекеттермен қарым-қатынас жасау» деп көрсеткен. Алайда, қазіргі кезде анағұрлым кең тараған — екінші көзқарас. Мұнда мемлекетті басқалармен мәні бірдей билік субъектілерінің бірі ретінде қарайды. Бұл көзқарас бойынша саясаттану бүкіл адами қауымдастықтар мен топтардағы билік, басқару және бедел туралы ғылым ретінде анықталады. «Саяси билік» категориясы әмбебап және ол саяси құбылыстардың бәрін қамтиды.

Олардың арасында белгілі бір саяси қатынастар қалыптасады. Осылардың бәрі индивидтердің және жалпы қоғамның саяси санасында көрініс табады. Ұйымдар, нормалар, қарым-қатынастар, сана саяси жүйенің элементтері болып табылады, олардың бірлігі «қоғамның саяси жүйесінің» өзіндік категориясында көрініс тапқан, мұны тіршілік етуге қабілетті организм ретінде қоғамның өмір сүруін қамтамасыз ететін құрылымдардың жиынтығы ретінде тануға болады. Билік өкілеттіктері саяси жүйеге өзінің басты міндетін орындау — қоғамды басқару үшін басымдық пен біршама дербестікті қамтамасыз етеді.

Саясаттың әлеуметтік мәні жөніндегі қалыптасқан дағдылы түсінік соңғы кезде жаңғырып, жаңа сипатқа ие бола бастады, әңгіме әлеуметтік құбылыс ретінде саясатқа талдау жасау барысында құрамдас бөлігі мемлекет болып табылатын саяси жүйе ұғымын пайдалану жөнінде болып отыр. Себебі, саяси жүйе ғаламдық та, (БҰҰ жүйесі, капиталистік жүйе, социалистік жүйе және т.б.), аймақтық та (ЕЭК), екі жақты («Шығыс-Батыс» қарым-қатынасы), ұлттық та (сол елдің саяси жүйесі немесе оқшау жергілікті билік жүйесі) сипатта болуы мүмкін.

Саяси жүйенің негізгі екі — құқықтық және әлеуметтанулық саласын бөліп айтуға болады. Біріншісі саяси жүйе (саясат) жұмыс істеп тұрған әлеуметтік құрылымдар мен ұйымдардың жиынтығы дейтін түсініктен туындайды, бұл құрылымдар мен ұйымдар, егер олар өздерінің қызметінде мемлекеттегі билік мәселесіне қатысты болса, саяси сипатқа ие болады. Екіншісі өзінің іс-қимыл салмағын негізінен саяси өмірдің топтық нысанына аударады, ол саяси жүйеге саяси ахуал мен басқа да әлеуметтік әрекеттерді қалыптастыратын саяси шешімдердегі әлеуметтік орта және саяси жүйенің өзі де беретін пәрменді тетік, өзгертуші күш ретінде қарайды.

Бір жағынан, саяси жүйені тар мәнде түсіну және, екінші жағынан, билікті кең мәнде түсіну саясатты және тиісінше саясаттанудың зерттейтін объектісін саралауда екі дәстүрдің пайда болуына алып келді. Бірінші көзқарас саясат саяси жүйенің орталығы ретіндегі мемлекетке қатыстылардың бәрі деп санайды және саясаттануға мемлекет туралы ғылым ретінде қарайды. Саясатты мемлекетпен және оның билігімен теңдестіру мемлекетті саясаттың бірден-бір субъектісі ретінде түсінуге әкеледі, бұл әлеуметтанудың қоғамдық құбылыстарды түсіндіруіне қайшы келеді, себебі әлеуметтану бойынша үлкен әлеуметтік топтар (таптар, ұлттар) мен олардың ұйым-



дары да саясаттың субъектілері болып табылады және әлеуметтік процестерді басқаруда маңызды роль атқарады (мысалы, қайсы бір саяси партияның басшылық ролі).

Екінші көзқарас биліктің көрінуімен байланысты болатындардың бәрін саясатқа жатқызуды ұстанады, тиісінше саясаттануды билік туралы ғылым деп санайды. Көпшілік саясаттанушылар саясат биліктің және оның әрекет аясының қалыптасуымен байланысты дейтін осы идеяны қолдайды. Билік категориясын пайдалану қажеттігі саясаттың әрекет өрісінің мемлекеттік қызмет пен саяси жүйе аясынан шығып кетуіне байланысты туады, бұл әсіресе ішкі саясатты жасау кезінде айқын көрінеді. Билік — бұл адамдардың алдын ала белгіленген және күтілгендей әдіспен әрекет етуіне ықпал ете отырып, оларға шешімнің орындалуын міндеттеу мен жүргізу қабілеті.

Биліктің бәрі бірдей емес, жалпы жұртшылыққа қатысты билік қана (мысалы, ата-аналардың балаларына билік етуі бұған кірмеуге тиіс) саясаттың пәні бола алады, сондықтан саясат әр түрлі әлеуметтік қауымдастықтарға қатысты билікке ие болуға ұмтылады. Саясатты осы тұрғыда түсіну саяси әрекеттің әдістеріне емес, биліктің мазмұнына ғана қатысты, өйткені билікке ие болып, оны ұстап қалуға ұмтылу (тікелей немесе қанама түрде) әр алуан игілікті бөлуден (ең алдымен материалдық) туатын қайшылықтар мен қақтығыстарға байланысты болады.

Бірінші дәстүр — тым ежелден келе жатқан дәстүр. Бұл өзқарас өз бастауын Аристотельден алады, ол үшін саясат — ол кезде мемлекет те болып табылатын полисті басқаруды ерттейтін ғылым. Ұлттық мемлекеттердің дамуы бұл көзқарасты күшейте түсті. Литтлдің французша саясаттану сөздігінде саяси ғылымға «мемлекетті басқару ғылымы» ретінде анықталған берілген. Сын есім «саяси» сөзі «мемлекеттік іске қатысты саясат» ұғым ретінде түсіндіріледі. Француз Академиясының сөздігінде: «Саясат — мемлекетті басқару өнеріне қатыстыларының бәрін тану және басқа мемлекеттермен қарым-қатынас жасау» деп көрсеткен. Алайда, қазіргі кезде анағұрлым кеңірек қолданылатын — екінші көзқарас. Мұнда мемлекетті басқалармен мәні бірдей билік субъектілерінің бірі ретінде қарайды. Бұл көзқарас бойынша саясаттану бүкіл адами қауымдастықтар мен топтардағы билік, басқару және бедел туралы ғылым ретінде анықталады. «Саяси билік» категориясы әмбебап және ол саяси ұбылыстардың бәрін қамтиды.

Демек, саяси және мемлекеттік еріктің көрінісі ретінде түсінілетін билік өзіндік өзгеше критерий болып табылады, осы критерий аркасында саясаттану дербес қоғамтану пәні ретінде бөлінеді, бұл пәннің өзінің саяси билікті дамыту мен пайдаланудың аса елеулі және тұрақты бағыттарын сипаттайтын заңдылықтар жүйесі бар. Тұтастай алғанда, барлық заңдылықтарды олардың көріну саласына қарай негізгі үш топқа бөлуге болады.

1) Саяси-экономикалық заңдылықтар, олар қоғамның экономикалық базисі және қондырманың элементі ретіндегі саяси билік арасындағы қатынасты көрсетеді;

2) саяси-әлеуметтік заңдылықтар, бұлар өзінің ішкі болмысы мен құрылымына орай айрықша әлеуметтік жүйе болып табылатын саяси биліктің дамуын сипаттайды. Саяси билік жүйесінің негізгі заңдылығы тұрақтылықты нығайту болып табылады;

3) саяси-психологиялық заңдылықтар, мұнда жеке адам мен билік арасындағы қатынас көрініс табады. Бұлардың ішінде аса маңыздысы — саяси көсемнің билікке қол жеткізіп, оны ұстап тұруы, бұл бүкіл жетістіктердің басты құндылығы әрі мақсаты болып табылады. Бұл заңдылықты тұңғыш тұжырымдаған Н.Макиавелли болды.

Демек, саясаттанудың ғылым ретінде дербес пәні, өз заңдары, өз зерттеу объектісі бар екен. Жоғарыда айтылғандардың негізінде біз саясаттың мәнін саралап, яғни ашып көрсете аламыз. Саясат билікті жеңіп алып, ұстап тұруды көздейтін адамдардың түпкі мүдделері айқындайтын бағыттар мен мақсаттардың жиынтығы болып табылады, бұл мақсатты істерді белгілі бір әлеуметтік топтар, таптар, қозғалыстар, партиялар мен мемлекет ішкі және халықаралық істерге, сондай-ақ олардың белгіленген мақсаттарға жету және жалпы алғанда, сара бағытты жүзеге асыру жөніндегі өздерінің нақты қызметтерінде басшылыққа алады. Саясат — бұл билік үшін күрес, билікке ие болу, билікке қатысты қатынастардың жүйесі. Басты міндеттері: бағындыру, билік ету, басқару.

Саясаттану саясат пен билік, оның жүйелері, мақсаттары мен міндеттері туралы, адамдардың, партиялар мен мемлекеттің саяси билік саласындағы, әлеуметтік топтар, таптар, ұлттар және мемлекеттер арасындағы, яғни қоғамның саяси өміріндегі қарым-қатынас саласындағы қызметінің сара бағыты мен негізгі мазмұны туралы сындарлы да қисынды білімдердің жиынтығы

болып табылады. Саясаттанудың пәні — адамдардың саяси мүдделері мен қатынастарының, мінез-күлқы мен ой-санасының пайда болуын, қалыптасуын, жетілуін, олардың саяси билікті орнатуға, оның жұмыс істеуі мен дамуына қатысуын, саяси процесс эволюциясын басқаратын объективті заңдылықтар. Саясаттанудың объектісі әр түрлі қоғамдық жүйелердегі саяси өмір, саяси билік құрылысы және оны жүзеге асыру тетіктері, билік субъектілерінің қызметі болып табылады.

Саясаттанудың міндеті оның мақсаттарының екі жақты сипатынан туындайды, атап айтқанда;

а) таза танымдық;

б) қолданыстық міндеттер, саясаттанудың бұл қызметтері саяси бағдарламаларының қалыптасуына, саяси процесс үрдістерін және саяси құрылымдар арасындағы өзара қатынастардың мәнін танып білу арқылы саяси құрылымдардың онтайлы жұмыс істеуіне жағдай туғыза отырып, талдау нәтижелерін саяси қызметте пайдалануға бағдар жасайды.

Саясаттану қызметі сипаттамалық, түсіндірмелік, болжамалық және әдістемелік (инструментальдық) болып бөлінеді. Екінші жағынан, саясаттану дүниетанымдық ғылым да болып табылады, себебі ол өзінің пәні арқылы қоғам дамуына, оның тетіктеріне, іштей саяси нысанға ұйымдасқан қоғам мен жалпы дүниенің өзара қарым-қатынасына, адамның саяси рәсімделген дүниедегі орнына деген белгілі бір көзқарасты қалыптастырады. Ол жоғары оқу орнының пәні ретінде саяси қызметтің теориясы мен практикасын оқытып үйрету, өркениетті саяси мәдениетке тәрбиелеу, жеке адамды саяси әлеуметтендіру міндетін атқарады.

Саясаттың құрылымына мыналар кіреді:

- 1) әлеуметтік-саяси ілімдердің тарихы;
- 2) билік пен саяси жүйелердің жалпы теориясы;
- 3) саяси мүдделердің теориясы, олардың өзара байланыс жасау нысандары (жанжал мәмілелесу және саясатта көрініс табуы);
- 4) саяси институттар мен процестердің теориясы;
- 5) идеология мен идеологиялық процестің теориясы;
- 6) саяси мәдениеттің теориясы;
- 7) жеке адамның саяси әлеуметтенуі мен саяси қызметінің теориясы;
- 8) қоғамды саяси басқару теориясы;
- 9) халықаралық саяси қатынастар мен жүйелер теориясы.

атындағы ПМУ-дің  
академик С.Бейсембаев  
атындағы ғылыми

КІТАПХАНАСЫ

Ғылымның пәнге қатысты ерекшелігі сол ғылымның ұғымдар жүйесінен де көрінеді. Бір жағынан, саясаттанудың ұғымдары мен категориялары философия мен жалпы әлеуметтану терминдеріне негізделген. Екінші жағынан, көпшілік ұғымдар қарапайым сөйлесу тілінен алынған, сондықтан олар анықтамалардың мазмұнына немесе идеологиялық бағдарларға байланысты көп мәнді болып келеді. Саясаттану ұғымдарының және олардың өзара байланысының шамамен төмендегідей жүйесін атауға болады: әлеуметтік ұйым, үлкен әлеуметтік топтар, таптар, саяси партия, саяси қозғалыс, саяси субъектілер, қоғамның саяси жүйесі, мемлекет, саяси идеология, саяси мәдениет, саяси нормалар, құндылықтар, мүдделер, қажеттіктер, институттар, саяси билік пен қызмет.

Саясаттану өзінің ой қисыны (логикасы), пәні, категориялары мен ұстанымдары бар ерекше ғылым ретінде қоғамтанудың әр түрлі білім саласына бөлінуінің жалпы процесі барысында қалыптасты.

Қоғамдық қызмет пен қатынастардың ерекше саласы болып табылатын саясаттың өмір сүруі, оған тән әдіс пен биліктің, осы арқылы қоғам өмірі саяси нысанының да қайта жанаруы саясаттанудың бөлініп шығуына жалпы негіз болды. Саясаттану өзінің міндеттері мен мақсаттарына сәйкес үш деңгейде қарастырылады:

1) философиялық талдау деңгейі, мұнда жалпы методологиялық ұстанымдар, ғылыми болжамдар мен тұжырымдар саясат туралы ғылымға «енгізіледі»;

2) нақты-теориялық білім деңгейі, бұл деңгейде саясаттанудың категорияларына, ұғымдары мен түп қағидаларына баса көңіл бөлінеді, бұлардың жүйесі тұтастай алғанда саяси нақты жағдайдың ғылыми бейнесін қалыптастырады.

3) эмпирикалық талдау деңгейі, әлеуметтік шындықты оның сол жердегі және сол уақыттағы әлеуметтану деңгейінде сипаттамалық нысанда, түсіндірулер мен болжамдар және т.б. нысандарда зерттеу үшін саясаттану категориялары мен ұғымдарын пайдаланудың нақты нәтижелерімен байланысты.

Саясаттану саяси процесстер мен құбылыстарды зерттеуде үш деңгейге:

- методологияға;
- орта деңгейдегі саясат теориясына;
- жеке әдістерге сүйенетін әр түрлі зерттеу әдістерін пайдаланады.

Методология – бұл жалпы теория, нені білу керек және қалай білу керек деген сұраққа жауап беретін, сондай-ақ іс жүзінде пайдаланылатын тәсілдердің, әдістер мен ережелердің жиынтығын зерделейтін саяси ғылымның өзіндік металогикасы. Саясаттанудың әдістері философиямен және басқа ғылымдармен іштей байланысты, бұл әдістерді теориялық және эмпирикалық (тәжірибелік) деп бөлуге болады.

Теориялық әдістердің ішінен мыналарды: ойшылдық экспериментті, математикалық нысандандыруды, гипотетикалық-дедуктивтік әдісті, абстрактіліктен нақтылыққа жету әдісін, тарихи сипаттама жасау әдісін бөліп көрсеткен жөн, бұлардың бәрі ғылымның методологиясына жатады.

Өз кезегінде теориялық әдістер философиялық және жалпы ғылыми болып бөлінеді. Философиялық әдіс табиғатты ғана емес, жалпы қоғамды да тану үшін әмбебап әдіс болып табылады. Саясаттану әлеуметтік ғылымдардың барлық әдістерін құқықтық (құқықтық формализм әдістері), әлеуметтанулық, тарихи, математикалық, жалпы логикалық (талдау мен синтез, абстракциялау, қорыту, индукция және дедукция, ұқсастыру мен моделдеу) әдістерді пайдаланады деп айтуға болады.

Жалпы ғылыми әдістерге салыстырмалық, жүйелік, құрылымдық-атқарымдық (функциялық) әдістер жатады.

Салыстырмалық әдіс кеністік және уақыт тұрғысында саяси өмір құбылыстарының белгілі болған сипаттамаларын салыстыруға, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табуға және олардағы қайталанымдылықты және бұлардың заңды «табиғи күйін» анықтауға мүмкіндік береді. Салыстырмалық әдістің салыстыратын объектілерді іріктеуде өзіндік принциптері бар, атап айтқанда:

а) институционалдық (салыстырылатын «материал» – саяси институттар, максаты – олардың нормативтік жағдайын және оларға байланысты ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтау);

б) функциялық, бұл әдіс негізінен саяси қызметтің тәжірибесімен байланысты және сырттай елеулі айырмашылықтары, сондай-ақ азаматтық өмірде сол бір қажеттіктер мен мүдделерді қанағаттандыратын екі немесе бірнеше объектілерді салыстыру үшін жасалатын іріктеуге сүйенеді.

Жүйелік әдіс саяси өмірдің кез келген құбылысын тұтас нәрсенің бөлігі, аса күрделі құрылымның элементі ретінде қарауға көмектеседі, зерттейтін объектінің орнын нақты

әлеуметтік құбылыстардың ортақ байланыстарынан табуға мүмкіндік жасайды. Жүйе ұғымының жекелеген элементтері саяси жүйені анықтау кезінде (институционалдық әдісте – саяси партиялар, мемлекет, қоғамдық ұйымдар; әлеуметтанулық әдісте – әлеуметтік топтар, азаматтардың саяси ролі, саяси іс-қимылдар) пайдаланылады. Саяси процестер мен құбылыстарға жүйелік талдау жасау, зерттеу пәнінің басқа құбылыстарға қаншалықты ортақтығына байланысты төмендегі проблемаларға қатысты болуы мүмкін:

а) біртұтас құбылыстар ретіндегі саяси жүйелерге («капиталистік жүйе», «социалистік жүйе», КСРО-ның саяси жүйесі»);

б) басты жүйелердің бөлігі ретіндегі шағын жүйелерге (партия жүйесі, жергілікті басқару жүйесі және т.б.);

в) саяси жүйенің элементтеріне (саяси партия, азамат).

Құрылымдық-функциялық әдіс жүйелік әдісті нақтылау болып табылады. Ол зерттелетін құбылысты тұтас нәрсенің бөлігі ретінде ғана емес, іс-қимылы бір-бірімен байланысты жүйеде әр қайсысы белгілі бір роль атқаратын элементтерден тұратын іштей жіктелген құралымдар ретінде де көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл әдістің негізін американ әлеуметтанушысы Т. Парсонс салды.

Саясаттануды бихевиор әдісі (*бихевиоризм, ағылшын тілінде «мінез-құлқық» деген ұғымды білдіреді – психологияда адамның санасын емес, мінез-құлқын зерттейтін бағыт*) ерекше орын алады. Ол жеке адамның (индивидтің) нендей бір саяси рольді орындау кезіндегі барлық іс-әрекетін (сөзбен айтылған және сөзбен айтпай, саналы және санасыз түрде) түсінудің негіздері ретінде қаралатын жеке адамдар мен топтардың мінез-құлқына талдау жасауды көздейді. Бихевиоральдық әдістер мына алғы шарттарға сүйенеді:

а) саясаттың әлеуметтік құбылыс ретінде ен алдымен өзіндік сипаты болады, ал саяси қызметтің барлық топтық нысандарын топтық байланыстар негізінде біріккен жеке адамдардың мінез-құлқына талдау жасау арқылы анықтауға болады;

б) саясатқа қатысудың басты себебі өзінің шығу тегі жағынан психикалық бағдарлар болып табылады;

в) индивидтер (жеке тұлғалар) өздерінің психикалық сезім күйлері мен әсерлерін олар үшін маңызды саналатын саяси құбылыстар мен процестер кезінде көрсетеді.

Сандық әдістер бихевиоризммен байланысты және бұл әдістер саяси құбылыстардың ауқымы, мүмкіндіктері мен себеп-салдары өлшенеді және өлшенуге тиіс, ал бұл, өз кезегінде, тиісті іс-қимылдың ғылыми негізде жүзеге асырылуына оң ықпал етеді дейтін көзқарасқа негізделген.

Шешімдер әдісі, мұндағы негізгі ұғымдарға мыналар жатады:

а) шешімнің субъектісі;

б) шешім қабылдау процесі;

в) саяси шешім саяси іс-қимыл әдісін таңдау шарасы ретінде және шешім қабылдау процесінің түпкі нәтижесі ретінде;

г) тиісті іс-қимыл құралдарын пайдалану жолымен (ен алдымен саяси шешімді мемлекеттік шешімге айналдыру арқылы) саяси шешімдерді жүзеге асыру процесі.

Эмпирикалық әдістер де мәліметтерді жинау және оларды талдау әдістері болып екі топқа бөлінеді. Нақты ақпараттық мәліметтер жинау кезінде бақылаулар, сұрақ-жауап, құжаттарға талдау, тәжірибе жасау жүргізіледі. Бақылау саяси өмірдегі оқиғаны, сондай-ақ ондағы орын алған жағдайларды тура немесе жанап, сонымен қатар тікелей көрсетуге мүмкіндік береді. Тәжірибе арқылы оқиғаға қатысушылар басшылыққа алған себептерді, олардың саяси өмірдің әр түрлі тұстарына деген көзқарастарын анықтайды. Статистикалық және басқа құжаттарға талдау жасау адамдардың саяси іс-қимылдарының объективті нәтижелеріне көз жеткізуге көмектеседі. Тәжірибе жасау адамдардың басқа зерттеу әдістерінің көмегімен анықталған саяси іс-әрекетінің сипатына ықпал еткен факторлар туралы біздің ұсыныстарымызды іс жүзінде тексеру әдісі болып табылады.

Қазіргі заманғы саясаттану философиялық тұрғыда нақты құбылыстар мен жағдайларды қарастыруға, яғни абсолюттік идеяларды, қияли үлгілерді емес, нақты фактілерді зерттеуге ден қояды.

Позитивтік методологияның нұсқалары құрылымдық функционализм, технократизм, технологиялық детерминизм немесе бихевиоризм болып табылады.

Технологиялық детерминизм әрбір саяси құбылыстың пайда болу себебін экономикадан көреді. Мысалы, бұл бағыттың өкілдері саяси демократия еркін нарық принциптері негізінде әрекет ететін жеке меншікке негізделген экономика жағдайында ғана өмір сүре алады деп санайды.

Саясаттану үшін герменевтика – мәтіндерді түсіндіру, тілдің мәнін ұғыну методологиялық роль атқара бастады. Герменевтика тілдің, ойлаудың және дүниенің бірлігін мойындай отырып, тілге талдау жасау арқылы адамзат қоғамында болып жатқан процестерді жете түсінуге ұмтылады. Саяси қызмет белгілі бір тілдердің және ұғымдық жүйелердің шеңберінде жүзеге асырылады, бұлар саяси іс-қимылдар саласын шектейді, себебі әрбір әрекет қандай да бір ұғымның мәніне сәйкес келуге тиіс. Саяси көзқарастарды нақты тұжырымдай және оларды пайдалана білу – саяси биліктің ерекше нысаны. Тілдік құрылым – үлкейткіш әйнек, оның көмегімен дүниені түсінуге де, түсінуге де болады. Бұл бағыт саяси нышандарға (символикаға) ерекше көңіл бөледі.

Саясаттанудағы методологиялық мәнге ие болып отырған елеулі проблема бағалар туралы мәселе болып табылады. Саясаттану ғылым ретінде бағалық тұжырымдардан аулақ болуға тиіс. М.Дюверже бұл жөнінде былай дейді: «Идеологияға негізделетін ұстаным нұсқаларынан (модельдерден) ғылыми зерттеуді айқын ажырата білу қажет. Ғылым да, идеология да қоғамды түсіндіруге тырысады, алайда, ғылым бағалық тұжырымдарды қабылдай алмайды, идеология өзінің жүйесіне негізделеді. Ғылымның міндеті – өзінің жұмысында болмай қоймайтын «идеологиялық бұрмалауға» барынша жол бермеуге тырысу». Саясаттану «социализм – капитализм» терминдерін қолданбайды, себебі әлдеқашаннан-ақ идеологиялық бағалық ұғымдарға айналған, ал егер олардың таза ғылыми мазмұнына келсек, ол ең алдымен қоғамның саяси жүйесіне емес, экономикалық жүйесіне жатады. Көптеген саясаттанушылар «демократия» терминін байқап қолданады, себебі оның да бағалық тұстары бар: демократиялық – оң, прогресті деген ұғымды білдіреді. Сондықтан, Р. Дальдің пікірі бойынша, билік жүйелері демократияға жақын ұғымдар, сондықтан олар полиархия деп аталады. Алайда, саясаттану қоғамда қалыптасқан нақты құндылықтарды зерттеуге баса көңіл бөледі. Саяси шешімдер объективтік факторларға ғана емес, қалыптасқан адами және қоғамдық құндылықтарға және олар жөніндегі тұжырымды көзқарастарға да байланысты болады. Қазіргі қоғамда саяси құбылыстар әдетте үш басты құндылыққа негізделеді. Олар:

- 1) Ұлттық қауіпсіздік және тәуелсіздік;
- 2) экономикалық әл-ауқат жағдайы және даму;
- 3) бостандық және конституциялық тәртіп.



Осы құндылықтар арасындағы өзара байланыстарды нақтылау және олардың мәнін ашу әр түрлі әлеуметтік топтардың мүддесіне және қоғамның әлеуметтік тұрақтылық деңгейіне сәйкес келетін белгілі бір идеологияларды, саяси ұстанымдар мен көзқарастарды бағалау құралы болып табылады. М.Дюверженің танымал әлеуметтік тепе-теңдік формуласы төмендегі үш құрамнан — ЕСИР-ден тұрады, мұндағы Е — техникалық экономикалық деңгей; S — әлеуметтік қауымдастық; И — қауымдастықтар жүйесі; P — саяси ұйым, заң жүйесі. Әлеуметтік топтар мен олардың ұйымдары белгілі бір идеологиялық құндылықтар жүйесі негізінде бірігеді, онсыз қоғам әлеуметтік-саяси тұрғыда тұрақты өмір сүре алмайды.

Саясатты зерттеудің екінші деңгейі — әр алуан көзқарастық жүйелерді (парадигмдер) негіздейтін орта деңгей теориясы, бұл жүйелер саяси процестерді, институттарды және т.б. зерттеудің өзіндік әдістемелері болып табылады.

Орта және методологиялық теориялардың бір-бірінен өзгешеліктері бар, атап айтқанда, сан жағынан біріншісі — көп, екіншісі — аз. Өзінің теориялық тұжырымдарын жан-жақты ғылыми негіздеу немесе біреулердің көзқарастарын ұстану, яғни қандай да бір мектептердің, бағыттардың дәстүрінде жұмыс істеу әрбір саясаттанушының өз кәсібіне деген адалдығының белгісі. Мұны ешкім де айналып өте алмас еді: Таным табиғаты, міне, осындай. М.Дюверже былай деп жазды: «Кез келген ғылым фактілерді таза эмпирикалық (тәжірибеге негізделген) зерттеумен ғана шектелмейді: зерттеуге барлық кезде ғылыми болжамдар, үлгілер, теориялар, жүйелер, яғни зерделі ақыл-ой туындылары бағыт беріп отырады. Жаратылыстану ғылымдарында әңгіме нақты анығына жету жөнінде болмақ, өйткені мұнда фактілер катал, бекем келеді, олар белгілі көзқарастардың ынғайына көнбейді. Әлеуметтік ғылымдарда, керісінше, фактілер көбіне-көп ғылыми болжамдар мен үлгі-нұсқалардың төңірегінде шоғырланады да олар үшін әзірленген теориялар мен жүйелер арқылы тұжырым түріне айналады, бұл белгілі бір мәселеге зерттеуші үміт еткендей ішінара ғана жауап береді». Орта деңгей теорияларының кейбірін мысал ретінде келтірейік. Социалистік елдер тоталитаризм мектебі тұрғысында ойдағыдай зерттелді (З.Бжезинский, Х.Арендт, Г.Нимейер, А.Мейер). Тоталитаризмнің теориясы берік орныққан болатын. Бірақ 60–70-жылдардан бастап қалыптасқан саяси өмірдегі нақты жағдайлар бұл қағида-

ның аясына сыймады. Демократиялық-тоталитаризм қоғамы, бюрократиялық, әкімшілік, авторитарлық, т.б. қоғамдар дейтін басқа да теориялар (қағидалар жүйесі) ұсынылды. Үшінші дүние елдеріне саяси жаңғыру теориясы негізінде талдау жасалынды. Капиталистік елдер жалпыға бірдей ізгілік мемлекеті, бюрократиялық мемлекет, жариялық демократия теориясы, жұртшылық таңдаған мектеп, халықтық капитализм, тұтыну қоғамы сияқты теориялардың шеңберінде қаралды.

Америкалық саясаттану саяси құбылыс пен әр түрлі әлеуметтік күштердің өзара іс-әрекеттерінің нәтижелерін үш негізгі теориялық жүйе – жанжал, келісім және плюрализм арқылы зерттейді.

Саясатты жеке әдістемелерсіз, яғни нақты да дәйекті жұмыстарсыз зерделеу мүмкін емес. Олар нақты саяси құбылыстарды, хал-ахуалды және оқиғаларды айқынырақ түсініп, білуге жағдай жасайды. Осылардың көмегімен эмпирикалық әлеуметтану материалы орта деңгей теориясының саясаттануға талдау жасау үшін пайдаланылады. Саяси ғылым өзіне әлеуметтануды сенімді іргетас етуге тиіс, жеке әдістемелер статистикалық мәліметтерге, халықпен сауалнама жүргізуге (анкета алу және сұхбаттасу), тікелей бақылауға, құжаттарға талдау жасау ұстанымдарын қалыптастырады. Кез келген жағдайдағы нақты саяси жағдайлар төмендегідей ретпен зерттеледі: талдау жасау – себебін анықтау – болжам жасау. Сайлау алдындағы науқандарға, үкімет дағдарыстарына, халықаралық саяси процеске саралап талдау жасау кең тараған әдістердің бірі, оның үстіне бұларда болжамдардың ықтималдық жағы басым келеді.

Г. Лассуэлл нақты саяси жағдайларды зерделеу үшін басты бес сұрақтан тұратын жүйені пайдалануды кеңес етті. Олар:

1. Құндылық ретіндегі бағыттардың қандайын таңдауға болады?
2. Бұл құндылықтарды жүзеге асыруды көздейтін қандай бағыттар бар?
3. Бұл бағыттарға қандай факторлар ықпал етеді?
4. Болашақ дамудың қандай жобасы болуы мүмкін?
5. Бұл құндылықтардың ойдағыдай жүзеге асуын қандай балама саяси бағыттар қамтамасыз ете алады?

Сөйтіп міндеттер айқындалады: максаттар – көзқарастар – жағдайлар – жобалар – баламалар. Ең күрделісі – соңғы екеуі. Ал болашақта болатын саяси өзгерістерді жобалау саясаттанушы үшін ұдайы ақылға салып шешетін міндеттері болуға тиіс,

себебі барлық шешімдер оның болашақты болжай білуіне байланысты болады. Сонымен қатар саясаттанушылар қандай да бір басқару нысанын қолданудың, билікке қатысты қандай да бір саясатты жүргізудің салдарынан туындайтын міндеттер жөнінде ұсыныстар жасауға тиіс.

Американ саясаттанушылары демократиялық қоғам деңгейіне жедел талдау жасау үшін төмендегі жүйені пайдаланады.

Оның бастау желісі – ашықтық, екіншісі – көсемдер ұстанымындағы бәсекелестік. Әрекет желісі қоғамға жақындаған сайын ол демократияшыл бола түседі. Қоғамдық-саяси дағдарыстың өрістеуі теориялық схемалары бойынша жүреді. Мысалы, солардың біреуінің тұжырымдауынша, дағдарыс үш кезеңде өтеді:

1. Турақсыздық.

2. Күштердің ара жігінің ашылуы арқылы жағдайдың айқындалуы (жанжал кезеңі).

3. Жанжалдарды шешу.

Мұндай нақты да өзекті саясаттануды үкімет, саяси жетекшілер мен партиялар аса ықыласпен пайдаланады. Қабылданатын шешімдер мен заңдардағы саясаттану тұрғысындағы сараптама кәсіби саясаттың құрамдас бөлігіне айналады.

Саясаттану біздің қоғам үшін ерекше маңызды ғылым саласы болып табылады. Саяси өмірдің мейлінше серпінді дамуы, мұнда стихиялық және жанжалды жағдайлардың тым көбейе түсуі саяси процесті талдап зерттеу мен болжам жасауға зор маңыз береді. Соңғы жылдарда қабылданған шешімдерді дер кезінде саясаттану тұрғысынан сараптау, сөзсіз, көптеген жанжалды жағдайларға жол бермес еді. Бізде қабылданған шешімдердің орындалуын қамтамасыз етудің саяси тетіктеріне аз көңіл бөлінеді.

Кейде жана билік органдары құрылады, бірақ олар өмір сүріп отырған саяси жүйеден қалай өз орнын табады деген мәселе төңірегінде сөз де болмайды. Немесе мүлде басқа мақсатта қызмет ететін осы жүйенің бір саласына жана міндеттерді үйіптөгумен болады. Алайда, саясаттану, егер біздің елге қатысты айтар болсақ, мемлекеттің қызметіне талдау жасау, саяси оқиғалар мен саяси процестің нәтижелерін күні бұрын болжау үшін тым нашар пайдаланылады. Ұлттық мемлекеттіліктің қалыптасуына байланысты пайда болатын ерекшеліктер саяси күштердің өзара іс-қимылдарын, ымыраласуларын және

келісімдерін зерттеу мен үйлестірудің, тиісті шетел тәжірибесін пайдаланудың жаңа әдіс-тәсілдерін туғызады. Осылардың бәрі саясат теориясы мен практикасы қарастыратын пәнге, саясатты жүзеге асыру өнеріне айналады.

## 2-т а қ ы р ы п

### САЯСИ ІЛІМДЕРДІҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ДАМУЫ: БАТЫС ДӘСТҮРІ

Саясаттануды жете танып-білу ең алдымен оның идеяларының тарихына, олардың пайда болуына, дамуы мен толысуына көңіл бөлуді талап етеді. Бірде-бір білім саласында ешқашанда түп-түзу жолдар болмаған және болмайды да, бұл саясат туралы ғылымға да, әр түрлі саяси теориялар мен тұжырымдамаларға түгелдей әрі толықтай қатысты, бұлардың көптігі әлемдік өркениеттің бір арнасы болып табылатын саяси ақыл-ойдың да өз тарихының негізін салады.

Әңгіме саяси ақыл-ойдың пайда болуы жөнінде болып отыр. Оның түп тамыры сонау тарих түкпірінде, қоғамның тапқа бөлінуінен және мемлекеттің пайда болу кезеңінен бастау алады. Ол ежелгі Шығыс (Мысыр, Вавилон, Үнді, Қытай, Парсы) және Батыс (Греция, Рим) халықтарының тағдырымен байланысты. Өзінің ерте сатысында саяси-құқықтық көзқарас әлі дербес білім саласы ретінде қалыптаспаған еді және, жалпы алғанда, сол кезде өмір сүрген мифологиялық-философиялық дүние танымының құрамдас бөлігі ғана болды.

Саяси көзқарас әр елде өзіндік нұсқада көрінуімен ерекшеленеді, оған саяси-құқықтық ойдың нақты ағымдарымен танысқан кезімізде көз жеткіземіз. Жалпы алғанда, саяси ойдың тарихында Пифагор, Гераклит, Демокрит, Сократ, Платон, Аристотель, Эпикур, Конфуций, Фома Аквинский, Гоббс, Локк, Кант, Фихте, Гегель, Чернышевский, Герцен, Маркс, Энгельс, Ленин сияқты көрнекті философтардың көзқарастарының, сондай-ақ Макиавеллидің, Боденнің, Гроцийдің, Руссоның, Джефферсонның, Пейннің, Констанның және басқа саяси ойшылдардың, зангерлердің, мемлекет қайраткерлерінің көзқарастарының айрықша маңызы бар.

Адамзат баласы талай ұрпақ тынымсыз еңбек етіп, күш-жігер жұмсап қол жеткізген саяси және құқықтық түсініктер түріндегі зор байлыққа ие, бұл бүгінгі ұрпақтан осы құндылықтарды толықтай игеріш, ақылмен пайдалана білуді талап

етеді. Қазіргі саясаттану ғимараты саяси ойдың берік іргетасында бой көтерген. Оның мақсаты — саяси және құқықтық құбылыстардың барлық қыр-сыры көрініс тапқан теориялық тұжырымдарды, идеяларды, қағидаларды, саяси ой жасалымдарын, адамзаттың ақыл-ой қазынасын бізге жеткізу. Орыстың белгілі тарихшысы В. О. Ключевский былай дейді: «Біз тарихты өткенге кеткендігі үшін емес, кетіп бара жатып, ол өзінің салдарларын қалдыруды ұмытпағаны үшін зерттейміз».

Жүзеге аспаған және өмірде қолданыс таппаған идеялардың өмірі аса ұзақ болады, олар бірнеше ғасырдан кейін ерекше өзекті болуы мүмкін. А. Богданов «Идеялар да адамдар сияқты өледі, бірақ олар өлгеннен кейін де барған сайын өмірге сорылып, сіне түседі», — деп дөп басып айтқан. Ал, жалпы алғанда, адамзат басында ескілерін жай тастай салатындай мүлде жана теориялар мен идеялар соншалықты көп емес. «Болмашы ой ұшқынының өзі саған дейін белгілі болған», — деп ұлы Гете әбден дұрыс айтқан.

Ұсынылып отырған тақырыптың мазмұнын біршама толық ашып көрсету соншалықты қиын, бұл жерде тақырыпқа енудің екі әдіс-тәсілі бар екенін айтуымыз керек. Біріншісін шартты түрде сөздіктік әдіс деп атауымызға болады. Оның мәні мынада: мүмкіндігінше есімдерді көп келтіріп, олардың саяси көзқарастарын екі сөзбен тұжырымдау. Екінші тәсілді саралау (іріктеу) деп атауға толық сай келеді, өйткені шексіз ғарыш әлемінен анағұрлым жарық, белгілі жұлдыздарды іріктеп алып, олардың теорияларына біршама нақтырақ тоқталуды ұсынады. Біз екінші жолды таңдаймыз, себебі ол шолу түрінде болса да, олардың ой тәркінінен хабардар болуға мүмкіндік береді.

Ежелгі саяси көзқарастардың дамуы біздің заманымызға дейінгі I-мыңжылдыктан бастап, біздің заманымыздың V ғасырына дейінгі уақыт аралығын қамтиды, бұл Ежелгі Греция мен Ежелгі Римде мемлекеттің қалыптасу, өркендеу және күйреу кезеңімен түспа-түс келеді. Саяси ой-сана ежелгі заман философиясының ажырамас бөлігі болды. Философтар дүние жөнінде ой түйе отырып, адамзат қоғамын және оның бүкіл құрылымдарын айналып өте алған жоқ.

Ежелгі грек философиясының, тиісінше саяси-құқықтық ойдың, ең шарықтап дамыған кезеңі б.з.д. V—IV ғасырлар болды. Ол Демокриттің, софистердің, Сократтың, Платонның, Аристотельдің білімдерінен көрініс тапты. Соңғы екеуіне нақ-

тырақ тоқталмақпыз, себебі олар — ежелгі заманның ғана емес, бүкіл философия тарихының да данышпан ойшылдары.

Платон (б.з.д. 427—347 жж.) текті әулеттен шыққан, жас кезінде Сократтың шәкірті болды. Платон өзінің ұстазы өлім жазасына кесіліп, өлтірілгеннен кейін көп жылдарын жиһанкездікпен өткізеді, ақыры Афинаға оралып, Академ батыр атындағы қаланың көрікті шетінен бір тоғайды сатып алып, осында атақты Академияны құрды, оған өмірінің соңына дейін басшылық етті. Өзінің еңбектерін негізінде өмірде бар немесе ойдан шығарылған философтармен сұхбат түрінде жазды. Саяси ілімі «Мемлекет» және «Заң» деп аталатын сұхбаттарда баяндалды.

Платон — объективті идеалист. Ол үшін ақиқат болмыс — адамның ақыл-ойы жететін, бейтәни (тәндік емес) идеялар. Нақты құбылыстар мен заттар әлемі ақиқат емес. Ол идеялар әлемінің бұрмаланған көшірмесі, көмескі көленкесі ғана. Ақиқатты Платонша тану — бұл идеялар әлеміне логикалық-ұғымдық талдау жасау арқылы оларды тану. Сондықтан ол нақты саясаттың мәнін ашуға ден қоймайды, оған адам дүниесінің болмысының ғажайып сырларын ашу, жай ғана мемлекетті емес, мінсіз мемлекетті түсіну анағұрлым маңызды. Платон «Мемлекет» атты сұхбатында оның түсінуінде жердегі қоғамдық-саяси өмірде, қала-мемлекетте — полисте идеялардың барынша жүзеге асуының көрінісі болып табылатын мінсіз, әділетті мемлекеттің бейнесін жасайды. Платонның әлеуметтік утопиялардың негізін салушылардың бірі ретінде саналуы жайдан-жай емес.

Платон өзінің мінсіз мемлекетін басты екі принципке: еңбек бөлінісіне және тұрмыстың теңдігіне негіздеп құрады. Адам жанының үш бастауына — парасаттылыққа, өшпенділік пен ұмтылысқа мемлекеттің үш бастауы — кенесшілдік, қорғаныстық және іскерлік сәйкес келуге тиіс, бұларға үш қоғамдық топ (сославие) — билеушілер, жауынгерлер мен өндірушілер (кәсіпкерлер мен диқандар) сәйкес келеді. Бәрі өз істерімен айналысуға тиіс және өзгенің ісіне араласпауы керек. Билеушілер философтар болуға тиіс. Жауынгерлердің (күзетшілердің) ортақ меншігі, әйелі және балалары болуға тиіс. Үшінші топтың өмір салтын, мүмкін жауынгерлердің өмір салты бойынша, билеушілер белгілейді.

Аристотель (б.з.д. 384—322 жж.). Платонның әрі шәкірті, әрі сыншысы да болды. Одан: «Платон менің досым, бірақ

шындық кымбаттырақ» деген қанатты сөз қалған. Аристотель Платон Академиясында оқыды, сонан соң оқу орнының негізін салушы дүниеден қайтқанша онда дәріс оқыды. Македон патшасы Филипп II-нің шақыруы бойынша екі жыл бойы оның ұлы Александрды (болашақ Македонскийді) тәрбиеледі. Афины қаласына оралған Аристотель мұнда өзінің философиялық Ликей (лицей) мектебін ұйымдастырды. Саясат тақырыбына Аристотельдің «Саясат», «Афины политиясы» және «Этика» сияқты ірі еңбектері арналған.

Аристотель — дүниеге деген басқаша көзқарасты жақтаушы. Ол нақты шындыққа, соның ішінде саясатқа да тәжірибелік-ғылыми талдау жасауды ұсынады. Ол тарихта алғашқылардың бірі болып саясат туралы ғылымға жан-жақты талдау жасауға тұңғыш қадам жасады, сөйтіп саясатты «барлық ғылым мен өнердің ең бастысы» деп бағалады. Аристотельдің пікірінше, мемлекет — табиғи дамудың жемісі, ол отбасы мен елді мекеннің қарым-қатынасы сияқты өзіндік қарым-қатынас болып табылады. Бірақ мемлекет қарым-қатынастың жоғары нысаны, қалғандарының бәрі мемлекеттің қатысуымен бітеді. Адам табиғатынан саяси тіршілік иесі және оның саяси табиғаты мемлекеттен көрініс табады.

Аристотель «мемлекетті шектен тыс бірегей етпек болған» платондық көзқарасты сынады. Оның пікірінше, «көптеген түрлердің бірігуі нәтижесінде пайда болған құрылыс таңдаулы құрылыс болып табылады». Сонымен қатар жеке адамның, жеке меншіктің және отбасының құқықтарын сенімді қорғаушы да болды. Ол жалпы мемлекеттің заң шығару және сот биліктеріне қатыса алатын тұлға болып табылатын азамат ұғымын айқын түсінуді ұсынады. Аристотель бұдан мемлекет азаматтар қауымдастығының өз мәнінде өмір сүруі үшін жеткілікті құрылым деген қорытынды жасайды. Ол жалпы мемлекеттік лауазымдарды және бірінші кезекте, билеушілердің санына қарай айқындалатын және (бір адам, азғантай топ, көпшілік) жоғарғы билікті ұйымдастыру саласындағы тәртіп жүйесі арқылы мемлекеттік құрылыс ұғымының мәнін ашып, қалыптастырды. Мұнда мемлекеттің дұрыс және дұрыс емес нысандары ажыратылады; біріншіден, билеушілер жалпының пайдасын, екіншіден, өзінің жеке пайдасын, игілігін көздейді. Мемлекеттің дұрыс үш нысаны: монархия (патша өкіметі), аристократия және полития, бұлардан ауытқитын және дұрыс емес үш нысаны: тирания, олигархия, демократия болып табылады.

Платонның мінсіз мемлекетінде өзара байланысты екі жағдай: философтардың басқаруы және әділетті заңдар өрекет етеді. Ал Аристотель адамдар емес, заңның басқаруын дұрыс санайды: билеушілер, тіпті тәуірлерінің өзі, тым әсершіл және ұрдажық келеді, ал заң – «салиқалы ақыл-ой».

Заң және әкімшілік – бұл Ежелгі Римнің саяси ой мен батыс әлемі үкіметтерінің тәжірибесіне қосқан екі ұлы құндылығы. Платон мен Аристотель баяндаған қала-мемлекетте – полисте жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің арасында айқын шекара болған жоқ. Мемлекетті басқару қоғамның бір бөлшегі ретінде көрінді, даралық жалпыға сініп, жойылып кетпеді, адамдар арасында берік байланыстар орнады, осының бәрі шағын аумақта жүзеге асты және соған негізделді.

Республикалық және әсіресе императорлық кезеңдердегі Ежелгі Рим үлкен аумақты, мемлекеттік билік машинасын (әкімшілікті) иеленген, қоғамның үстіндегі билік жүргізетін және жеке тұлғалардан шексіз алыстаған жаңа үлгідегі мемлекетке айналды.

Бұл мемлекеттің ірі саяси қайраткері от ауызды, орақ тілді шешен, және данышпан ойшыл атакты римдік Марк Туллий Цицерон (б.з.д. 106–43 жж.) болды. Оның «Мемлекет туралы» және «Заңдар туралы» атты басты саяси еңбектеріндегі негізгі мәселе – заңдылық мәселесі. Цицеронның түсіндіруінше, мемлекет барлық қоғам мүшелерінің ортақ мүддесі ретінде ғана емес, бұл ежелгі грек дәстүріне тән болған еді, сонымен қатар ол сол мүшелердің өзара келісілген құқықтық қарым-қатынасы ретінде де, жалпы құқық тәртібі ретінде де көрінуге тиіс.

«Мемлекет – бұл Заңның қоғамы», – деп тұжырым жасайды – заңгер, білікті маман, тәжірибелі әкім Цицерон.

Цицерон – заңды түсінудегі табиғи құқық көзқарасын жақтаушы. Оның пікірінше, «Әділетті заң – бұл табиғатпен тіл табысу жолындағы ақыл-ой», сырттан таңылған емес, табиғат берген нәрсе.

Заңның негізінде біздің бір-бірімізді сүйеге деген табиғи ұмтылысымыз жатады. Сондықтан Цицерон енгізген: «Занның күші бәріне қолданылуға тиіс» деген басты қағидасы толықтай шындыққа келеді.

Цицерон мемлекеттік құрылыстың әр түрлі нысандарына – монархияға, аристократияға және демократияға талдау жасауға көп көңіл бөлді. Бұл нысандарға толық сенбеген ол олардың «тенестірілген» жүйесін, яғни аралас құралым жасау жа-



ғында болды. «Әрине, солай болғаны жөн, – өйткені бұл – деп жазды ол – мемлекетте аса көрнекті және патшалық пәрменге ие бір нәрсе болуы үшін, биліктің бір бөлігі таңдаулы адамдардың қатарынан шыққан бедел иесіне бөлініп берілуі, ал кейбір істер халықтың пікірі мен қалауы негізінде шешілуі үшін қажет. Халықтың билігі астам болған жерде ғана еркіндік өмір сүре алады», – деп жазды Цицерон./

Қайта өрлеу дәуірі (Ренессанс заманы (XIV–XVII ғ.ғ.) феодализмнің ыдырап, капитализмнің енді пайда бола бастаған кезеңдер еді. Бұл дәуір өзінің гуманизм идеологиясын ұстанымдық екі жана идеяға бөлді. Біріншісі – Құдайдың орнына Ғаламның түпқазығы болған адамды, рухани жаратылыс иесі ғана емес, оның жемісі де болып табылатын адамды, өзіне, қоғамға және дүниеге деген өзіндік көзқарасы бар адамды ашу. Екінші идея – бұл қоғамға деген көзқарас. Гуманизмнің мемлекет пен құқықты құдайдан жеткен керемет ретінде қарастырған діни ілім теориясынан айырмашылығы – ол дүниені заң негізінде тану дейтінді ұсынды. Ол қоғамның кіндігіне мемлекет пен құқықты қояды және қалған қатынастардың бәрі солардың туындылары деп санайды.

Қайта өрлеу дәуірінің аса көрнекті ойшылы, жана, буржуазиялық саясаттану ғылымының негізін салушы итальяндық Никколо Макиавелли (1469–1527) болды. Ол 14 жыл бойы жоғары лауазымды қызмет – Флоренция республикасының хатшысы болды, бұл оған саясат тетіктерінің қыр-сырын егжей-тегжейлі білуге мүмкіндік жасады. Республикалық үкімет құлатылып, Медичи озбырлығы қайта орнағаннан кейін Макиавелли Флоренциядан қуылды. Қуғында жүріп ол әдеби шығармашылыққа ден қойды, осы кезеңде ол өзінің әлемдік әдебиеттің алтын қорына енген «Патша», «Тит Ливийдің алғашқы онкүндігі туралы ой», «Флоренция тарихы» сияқты тамаша туындыларын жазды.

Макиавелли саяси ғылымның міндеті нақты жағдайды түсіндіру деп білді. Ол саясатты құдайдың жазмышы дейтін орта ғасырлық тұжырымдаманы объективті тарихи қажеттілік – тағдыр идеясымен алмастырды. Бірақ тағдыр – жолындағының бәрін таптап өтетін аяусыз дүлей Күш емес, ол жеке адамның еркін ерік-жігерін мойындайды, адамдарды саясатқа белсенділікпен шығармашылықпен қатысуға бағыттайды.

Макиавелли Жаңа заманның саяси ғылымының басты терминдерінің бірі – мемлекет ұғымын енгізді. Мемлекет –

қоғамның саяси хал-ахуалының көрінісі: билеушілер мен бағыныштылардың қарым-қатынасы, тиісінше берік, орныққан, ұйымдасқан саяси биліктің болуы, заңдардың болуы. Оның үстіне бұл мызғымайтын құрылым емес, керісінше күресуші күштердің арасалмағына байланысты өзгеріп отыратын жағдай.

Макиавеллиге дейін барлық саясатшы-теоретиктер үшін басты мәселе мемлекеттің мақсаты болды. Билік әділеттілікке, ауқатты өмір сүруге, бостандыққа жетудің немесе Құдайдың шарапатына ие болудың құралы делінді. Макиавелли дәлелдеуінше, биліктің өзі мақсат болып табылады және оны қалай алудың, ұстап тұрудың, қолданудың жолдарын ғана қарастырады. Ол билікті моральдан, діннен және философиядан бөледі, сөйтіп мемлекетті басқа бастауларға тәуелсіз дербес құндылықтар жүйесі ретінде көрсетті. Макиавелли ешқашанда бейморальдылықты дәріптемеген, ол жалпы адами құндылықтарды жоққа шығармайды.

Билік пен мораль қағидалары, қалай болғанда да, бір-біріне үйлеспейді. Мемлекет қайраткерлері биліктің моральдан жоғары тұруын көздейді.

Оның патша туралы аттас шығармасында былайша пайым жасайды: «адамдардың көзіне іске тындырымды, тақуа сияқты болып көріну керек, іс жүзінде, солай болу да керек, ал егер қажеттігі туса, мүлде теріс мінездерімен де көрінуге іштей дайын тұру керек», ... патшалар қарамағындағыларға қолайсыз істерді жүктеуге, қолайлыларын өзі орындауға тиіс».

Макиавелли саясатқа талдауды болашақтың бағыттарын айқындау үшін пайдаланады. Өз заманында іргесі сөгіліп, ыдыраған Италияның болашағынан елді біріктіріп, нығайта алатын «жаңа патшаның» дара басшылығының орнауын көрді. Монархиялық диктатураның орнына аралас басқару нысаны – дәйекті республика келеді. Осылайша Макиавелли мемлекеттіліктің дамуын – орталықтандырылған монархиядан абсолютизм арқылы буржуазиялық республикаға өтетінін бірнеше ғасыр бұрын болжай білді.

Макиавелли ілімі – бұл кабинеттік ақылгөйсү емес, катал, қолайсыз, сонымен бірге дұрыс баға да. Бұл саяси ойдағы революция болды, осы төңкерісшіл ой орта ғасырлардан Жана заманға дейінгі ұзақ жолдан өтті.

Жана заман (XVII ғ. – XX ғ. басы) – капитализмнің және оның саяси жүйесінің қалыптасу дәуірі. Ол XVII ғасырдың

канды майдандарында: Отыз жылдық европалық соғыста, ғасыр ортасындағы Ағылшын буржуазиялық революциясында дүниеге келді. Шын мәнінде, жеке адам қаншалықты есепке алынбағанымен, оның маңызы теория деңгейіне дейін көтерілді. Қоғамға барған сайын жеке адамның туындысы ретінде қарай бастады. Жана заманның заңдық дүние танымы екі негізгі көзқарасты: «табиғи құқықтар» мен «қоғамдық шартты» басты көзқарастар етіп нығайтты.

Ағылшын буржуазиялық революциясы экономиканың жедел дамуына серпін туғызды. 1688 жылғы «Даңқты революция» бүгінге дейін сақталып қалған тұнғыш конституциялық монархияның орнауына әкелді. Англия басқа елдердің даму жолына бағыт-бағдар көрсетті, дүниеге идеялар мен жана институттар сыйлады. Революция кезінде және одан кейін-ақ Англияда саяси тақырыпта жазылған көптеген теориялық туындылар жарық көрді, бұл еңбектер саяси ойды айтарлықтай дамытқан еді. Олардың ішінде аса көрнекті ойшылдар – Т. Гоббстың «Азамат туралы», «Левиафан», «Бегемот» және Дж. Локктың «Мемлекетті басқару туралы екі трактат» атты еңбектері бар.

Томас Гоббс (1588–1679) және оның жас жағынан кіші замандасы Джон Локк (1632–1704) философ-материалистер және дәйекті революциялық күштердің жағында ағылшын тарихының буырқанған оқиғаларына қатысушылар болды. Өздерінің табиғи құқық және қоғамдық келісім жөніндегі көзқарастарын әр қырынан дамыта отырып, олардың бірі этатис болды, яғни үкімет атынан әрекет ететін еш тәуелсіз, абсолютті мемлекеттік биліктің болуын қолдады, ал екіншісі халықтың егемендігін және билікті бөлу қажеттігін мойындау керек деген қорытындыға келді.

Т. Гоббс адамның табиғи күшін оның азаматтық қоғамнан тыс жағдайы деп біледі, мұнда мемлекеттік ұйым, жеке меншік болмайды және бұл жағдай «бәрінің бәріне қарсы соғысы дейтіннен басқа ештеңе де емес». «Одан әрі, – деп ойын сабақтайды Гоббс, – өз табиғаты санасын серпілткен барлық адамдар өздерінің жағдайының соншалықты төзгісіз екенін түсініп, бұл қасыретті және сұрқия күйден шығуға ұмтылады. Бірақ бұл ұмтылыс, егер олар өздерінің келісімімен барлық құқынан бас тартқан жағдайда ғана, нәтижелі болады». Жеке адамдар (индивидтер) қоғамдық келісім-шарт жасап, мемлекетке өкілеттіктерді беріп, оған өзінің еркін бағындырады. Мемле-

кеттің билігі ғана адамның табиғи заңдарда көрініс тапқан ақылға қонымды табиғатын жүзеге асыра алады. Азаматтық заңдар табиғи болуға, бірақ олар басының беделі мен мемлекеттің күшімен нығайтылуға тиіс. Гоббс үшін мемлекет аса бағалы құндылық, оған қол сұғуға ешкімнің құқығы жоқ. Бұлай болмаған жағдайда қоғам өзінің баяғы табиғи күйіне түсер еді. Мемлекеттік билік күшті, орталықтандырылған болуға тиіс. «Билікті бөлу — оны күйрету деген сөз, өйткені бөлінген билік өзара бірін-бірі жояды». Әңгіме мемлекеттің қандай түрі және нысаны жөнінде болса да, билік тәуелсіз, абсолютті және шексіз болуы керек. Гоббс биліктің бүкіл міндетін бір-ақ қағидамен айқындады: «Халықтың игілігі — ең жоғары заң».

Гоббстың абсолютті және шексіз билік жөніндегі талабын терістей отырып, Дж. Локк мемлекеттің мәнін басқаша тұрғыда түсінуді ұсынады. Ол үшін адамдардың табиғи күйі — бұл гоббстық «бәрінің бәріне қарсы соғысы» емес, меншікке негізделген еркін, тең және өзара тәуелсіз қатынастардың жиынтық көрінісі. Бұл табиғи құқықтарды сенімді қамтамасыз ету мақсатында адамдар қоғамдық келісім-шарт жасайды, саяси қауымдастықты қалыптастыруға, мемлекетті құруға келіседі. Гоббс бойынша, адамдар мемлекетті құра отырып, оған өздерінің барлық құқықтарын берсе, ал Локк адамдар мемлекетке өкілеттіктердің, биліктің көлемін мейлінше дәл өлшеп, аса сараңдықпен деуге болады, беру керек дейді. Мемлекет өзін орнатқан адамдардан басты мақсатқа — меншікті қорғау мен жүзеге асыруды қамтамасыз етуге билік қандай мөлшерде қажет болса, соншалықты алады.

Локк заң мен заңдылыққа үлкен үміт артты. Оның үстіне заң — бұл заң шығарушы органнан берілген кез келген нұсқау-талап емес, ақылды тіршілік иесіне өзінің мүддесіне сәйкес келетін және ортақ игілікке қызмет ететін іс-әрекетпен айналысуды көрсететін акті ғана. Заңға міндетті түрде тұрақтылық және ұзақ қолданыс тән болуға тиіс. Ешкім, ешқандай орган заңға бағынудан тыс қала алмайды. Локк халық егемендігінің ұлы идеясын негіздеді. Мемлекеттегі Жоғары билік иесі Гоббстағыдай үкімет емес, ұлт. Егер үкімет қолданыстағы құқыққа қарсы әрекет етсе, заңды аяқасты етсе, онда қамтуындағы халықтың үкіметпен келісімді бұзуға, және өзін-өзі қорғау құқығын пайдалана отырып, күш қолдану революциясына көтерілуге хақысы бар.

Локк қоғамның басты мақсатына жету және бостандық тәртібін сақтап қалу үшін мемлекеттің билік өкілеттіктерінің арасы айқын белгіленуге (биліктерді бөлу идеясы) тиіс деп санайды. Зандарды қабылдау құқығына (заң шығару құқығы) бүкіл ұлттың өкілетті мекемесі — парламент не болуы керек. Зандарды жүзеге асыру құзыры (атқарушы билік) монархқа, министрлер кабинетіне жүктеледі. Олардың ісін сот, әскери және федералдық билік, яғни шетелдік мемлекеттермен қатынастар саласы жүргізеді. Локк қалыпты басқару құрылымын жекелеген бөліктердің тепе-теңдігі ретінде, орнауы мүмкін деспотизмнің алдын алу үшін заңмен бекітілген тежемелік пен теңгермеліктің жүйесі ретінде көрсетті. Локктың бұл ілімі XVII ғасырда дүниеге келген буржуазиялық конституционализм қағидасына және анағұрлым басымдау либерализм қағидасына негіз болды. Бұл идеяларды француз ағартушылары — идеялық-мәдени қозғалыс — ұлы Француз буржуазиялық революцияның ізашарлары ұстанып, дамытты.

Шарль Луи Монтескье (1689—1775) француз ағартушылық қозғалысының бастауында тұрды. Ол абсолюттік Францияның деспотизмін ымырасыз әшкереледі. Монтескье өзінің «Зандардың мәні туралы» атты белгілі еңбегінде мемлекеттің даму заңдылығын, саясаттың тарихи, географиялық және экономикалық сияқты объективтік негіздерін көрсетуге тырысты. Ол әрбір халықтың имандылық болмысы, заңдардың сипаты географиялық ортаға: ауа райына, топыраққа, жер бедеріне, аумақтың үлкен-кішілігіне байланысты болады деп санады. Оның заңдардың экономикаға байланысты екендігі жөнінде: «Заңдар әр түрлі халықтардың күнкөріс мағынасын табу әдістерімен аса тығыз байланысты болады», — деп керемет тапқырлықпен айтқан еді.

Монтескье басқарудың нысандарына, билік етушілердің санына байланысты болатын үш билік нұсқасының: республиканың, монархияның және деспотияның бір-бірінен өзгешеліктеріне ерекше көңіл бөлді. Ол деспотияға мейлінше теріс көзқараста болды. Монархия саяси еркіндікті қамтамасыз етеді. Еркіндік заң тыйым салмағанның бәрін істеу деген сөз. Еркіндік пен қайырымдылық республикада да бар, Монтескье республиканы демократиялық және аристократиялық деп екі түрге бөледі. Монтескье мемлекеттің нысаны аумақтың көлеміне байланысты болады деп тұжырым жасайды. Оның пайымдауынша, шағын мемлекеттер — республика, орташа

шамадағы мемлекеттер — монархия, үлкен аумақты алып жатқан мемлекеттер деспотия жолдарымен басқарылуға тиіс. Бірақ ол федералдық жолмен ұйымдастырылған ретте үлкен аумақта да республикалар құруға болатынын жоққа шығармайды. Монтескье саяси мұраты конституциялық монархия болды. Монтескье билікті бөлу идеясын тұтас теорияға айналдырады. Бөлудің мақсаты мемлекет пен азаматтардың арасындағы өзара қарым-қатынасты нағыз реттеуші ретіндегі заңдылық принципін, саяси еркіндікті және құқықты қамтамасыз ету болып табылады. Сонымен қатар Монтескье мемлекеттік билік әр түрлі саяси күштер арасында бөлінуге тиіс деп санады. Монтескьенің идеялары Ұлы Француз революциясының барысында қабылданған құжаттарда көрініс тапты. Айталық, мысалы, 1789 жылы қабылданған адам мен азамат құқықтарының Декларациясында былай делінген: «Құқықтарды пайдалану қамтамасыз етілмеген және биліктердің бөлінуі жүргізілмеген қоғамның конституциясы болмайды».

Мемлекет пен құқыққа қатысты анағұрлым батыл көзқарасты ұсақ буржуазияның, қалың халық бұқарасының идеологы Жан-Жак Руссо (1712—1788) ұсынды. Руссо барлық адам тең болатын адамзаттың табиғи ахуалы туралы көзқарасқа қосылады, бірақ Гоббстен айырмашылығы: ол бұл табиғи ахуалды алтын ғасыр деп атайды. Жеке меншік және әлеуметтік теңсіздік бұл кезде болған жоқ. Руссо жеке меншік пен қоғамдық келісім-шарт негізінде пайда болған қоғамның ізінше-ақ құрылған мемлекеттің арасындағы өзгешелікті айқын көрсетіп берді. Бұл табиғи ахуалға теңсіздіктің екі сатысы сәйкес келеді: біріншісі — бұл жеке меншік құқығынан туындайтын мүлік теңсіздігі, екінші сатысында мемлекеттік билік экономикалық теңсіздікті саяси теңсіздікке дейін ұшықтырды.

Адам қоғамдағы басқа адамдармен біріге отырып, өзінің табиғи құқықтарын жоғалтпайтындай және еркіндікті сақтап қала алатындай саяси құрылысты қалай табуға болады?? Бұл сұраққа Руссо өзінің халық егемендігі туралы ілімінде жауап берді. Бұл идея бұрында белгісіз болған еді. Руссо халық билігі — бұл билік жеке тұлғаның қолына берілмейтін ұжымдық құрылым: бұл жалпының еркімен жүзеге асырылатын билік, ол бөлінбейді деп тұжырым жасай келіп, бұл идеяны одан әрі дамытты. Руссо Монтескьенің халық өкілдігі идеясын да сынады. Ол бұл идеяға балама ретінде тура халық билігі идеясын ұсынады. Жалпының еркін өкілдер білдіре алмайды. Заңдар —

жалпының еркінің көрінісі, оларды халықтың өзі тікелей қолдауға тиіс. Бірақ үлкен аумақты елдерде қалай болғанда да халық өкілдігінің болатынын айта келіп, Руссо бәрі бір депутаттар — халықтың қызметкерлері және олардың қаулылары халық референдуммен бекіткеннен кейін ғана заңға айналады деп атап көрсетті.

Руссо саяси құқықтар мен бостандықтарды мемлекеттік құрылыс қана емес, ең алдымен шектен шыққан мүлік теңсіздігі жоққа шығара алады деп санады. Сондықтан заңды теңсіздікті толық көлемінде негіздеумен қатар, ол белгілі бір деңгейде іс жүзіндегі теңдікті мойындауға шақырды; сөйте тұра, Руссо толық мүліктік теңдікті орындамайтын арман деп санады және жеке меншікке қарсы күрескен жоқ. Руссо халықтың ешкім айыра алмайтын тиранға (өзбыр билеушіге) қарсы шығу, революция жасау құқығы туралы өте көп және аса күштарлықпен жазды. Руссоның жалынды демократизмі оны француз революциясын оның ең биік сатысына — якобиндік диктатураға жеткізген күштердің бірегей тұлғасына айналдырды.

Ұлы Француз революциясы бүкіл Еуропаның әлеуметтік-саяси және рухани ахуалына үлкен ықпал етті. Ол әрбір елдің капиталистік дамуға байланысты туындаған өз проблемаларын сыртқа шығарды.

XVII ғасырдың соңы XIX ғасыр басындағы Еуропаның біршама келелі ой иелері бұл жолдың мәнін зерделеп, түсіндіруге тырысты. Бұл уақыт әлемге адамзат ақыл-ойының қайталанбас ғажайып үлгісін сыйлаған немістің классикалық философиясының толысып, танымал болған шағы еді. Философия саясат мәселесін де айналып өткен жоқ.

Кенигсберг университетінің философия профессоры Иммануил Кант (1724—1804) Германияда алғашқылардың бірі болып либерализмнің — буржуазияның идеялық бағдарламасын жүйелі түрде негіздеуге кірісті. Кант көзқарасының түп бастауы — ерік автономиясы деп аталатын қағида, яғни бұл әрбір адам аса биік ар-намыстың, абсолютті құндылықтың иесі дегенге саяды.

Адам — имандылық сананың субъектісі. Оның ақыл-ойы «қатаң императив шеңберінде өзі үшін өзінің ақылға қонымды тәртібін өз қолымен жасайды. Индивид — өзіне өзі қожа». Мемлекет жалпыға бірдей міндеттілік сипат беретін құқықтың түпкі мақсаты — жеке тұлғаға ол өзін ойдағыдай көрсете алатындай әлеуметтік кеңістіктің болуына сенімді кепілдік беру.

Канттың мемлекеттің шығуы жөніндегі пайымдауы Руссоға, оның қоғамдық келісім теориясына жақын. Биліктердің бөлу идеяларын дамыта отырып, ол Локк пен Монтескье сияқты заң шығарушы және атқарушы биліктерді бөлумен ғана шектелмейді, оған үшінші билікті – сот билігін қосады (аталған авторлар сотты атқарушы билік нысаны ретінде қарастырған болатын). Канттың пікірі бойынша, бұл үш биліктің мәртебелік құзырлары және олардың өзара келісімді қызмет етуі деспотизмнің жолын кеседі. Және халықтың берекелі өмір сүруіне кепілдік береді.

Кант сыртқы саясат мәселесіне ерекше көңіл бөлді. 1795 жылы ол өзінің «Мәңгілік бітімге барар жол» деген тамаша өсиетнамасын жазды, бұл еңбек қазір де өзінің көкейтестілік және ақылмандық мәнін жойған жоқ. Кант дүниенің ахуалы табиғи ахуал емес деп жазды. Бұл ахуал орнатылуға тиіс. Ол сөйтіп мемлекеттер арасындағы мәңгілік бітім туралы шарттың қандай баптардан тұратынын алдын ала көрсетеді. Солардың ішінде, мысалы, мынадай баптар бар: Бірде бір бітім шарты егер оның жасалуы кезінде болашақ соғыстың негізі құпия түрде сақталған болса, онда ол бітім шарты деп саналмайды. «Бірде-бір дербес мемлекетті басқа мемлекет сатып алуға тиісті емес», «Тұрақты армия уақыт өте жойылуға тиіс», «Мемлекеттік қарыздар сыртқы саяси істер үшін пайдаланылмауға тиіс...» және т.б.

Кант халықаралық құқық идеясын өзінше түсіндіреді. Ол көптеген бір-біріне тәуелсіз көрші мемлекеттер бөлек өмір сүруі керек деп санайды. Бұл басқаларға үстемдік ететін және жалпыға бірдей монархияға алып баратын мемлекеттердің бір тұтас державаға бірігуіне қарағанда жақсы, өйткені басқару саласының аясы кеңеюіне байланысты заңдар барған сайын өзінің күшін жоя түседі және қатыгез деспотизм ізгілік өскіндерін жойып, ақыр түбінде анархияға айналады.

Мемлекет пен құқық мәселелері Гегельдің (1770–1831) ұдайы қызығушылығын туғызды. Бұл мәселелер оның философиялық дүние бейнесінің ажырамас бөлшегіне айналды. Гегельдің «Саяси шығармалар» деп аталатын туындысы тұтас кешенді дүние, ал атакты «Құқық философиясында» мемлекет пен құқық туралы ілім анағұрлым тұтас және жүйелі түрде баяндалған. Бұл объективті рухтың толық ашылуының аса күрделі көрінісі, оның көрінуі, абсолюттік рухтың да, философияда бейнеленетін құқық болып табылады. Гегель жазғандай, құқық



философиясы «мемлекеттің болуға тиіс нобайын құрастыру емес, мемлекетті іштей ақылға қонымды нәрсе бейнесінде көрсетуге әрекет жасау болып табылады».

Гегельге дейін көптеген ойшылдар «азаматтық ахуал», азаматтық қоғам деген ұғымдарды өз ойларына арқау еткен, бірақ Гегель ғана соңғы ұғымға жан-жақты түсінік берді. Гегель азаматтық қоғам мен саяси мемлекетті бөліп қарастырады. Азаматтық қоғам отбасы мен мемлекет арасындағы ахуал болып табылады. Оның құрылымында үш сословиеден: 1) субстанциялықтардан (жер иеленушілер — дворяндар мен шаруалар); 2) өнеркәсіпшілерден (фабриканттар, саудагерлер, кәсіпкерлер); 3) жалпыға бірдейлерден (шенеуніктер) тұрады. Азаматтық қоғамда міндетті түрде тұтынымдар жүйесі, сот әділдігінің жүзеге асуы, полиция және корпорация болады. Әрбір индивид мұнда өзінен-өзі құндылық, бірақ сонымен қатар оның айналасындағылармен байланысы болмаса, ол түкке де тұрмайды.

Гегель үшін саяси мұрат — конституциялық монархия, ол биліктердің заң шығарушы, үкіметтік және патша билігі болып бөлінуіне негіздеген. Ол монарх құзырының сипатын түсіндіре келіп, іргелі конституциялық монархияда мемлекеттік істің бүкіл объективтік тұстары заңмен белгіленеді, ал монархқа оған өзінің «Мен мынаны қалаймын» дейтін субъективтік тұжырымын қосу ғана қалады. Үкіметтік билік — бұл айрықша салалар мен жекелеген жағдайларды жалпыға бірдей ететін билік. Заң шығарушы билік жалпыға бірдей жағдайларды анықтап, заңмен белгілейді.

Гегельдің саяси ілімі саяси-құқықтық ойдың одан әрі дамуына үлкен ықпал етті. Бүкіл XIX ғасыр ішінде гегельшілдік категорияларында немесе оның ілімін сынау барысында көптеген қоғамдық-саяси ағымдар қалыптасты.

XIX ғасырдың бірінші жартысында Батыс Еуропадағы капиталистік өркениет өзінің саяси жүйесін қалыптастыруды одан әрі жалғастырды. Қабылданған кодекстер мен конституциялар құқықтар мен бостандықтардың өмір сүруін нығайтты. Буржуазиялық партиялардың қызметіне кең өріс ашылды. Саяси өкілетті институттардың құрылуына байланысты өкілетті мемлекет (конституциялық монархия, республика) пайда болды. Либерализм буржуазиялық саяси-құқықтық идеологияның басты бағытына айналды. Танымдық-методологиялық тұжырымдамаларда жаңа үрдістер көріне бастады. Осы кезде позитивизм сияқты философияның аса ықпалды бағыты пайда бол-

ды, ол мемлекеттің мәнін (Гегель) танудан бас тартты және кез келген ғылымды құбылыстардың бір мәнді қатар өмір сүруін (статистика) және бір ізділік (динамика) күйін ғана сипаттау ретінде тануға шақырды.

Позитивизмнің негізін салушы – француз ойшылы, философ және әлеуметтанушы Огюст Конт (1798–1857). Ол Сен-Симонның хатшысы және шәкірті болды, бірақ ұстазының социалистік идеяларына қосылған жоқ. Конт позитивтік методология негізінде ғылымдарды жіктеу жолдарын жасады. Жіктеудің негізгі бөліктерін күрделілік деңгейінің өсуіне қарай орналастырылған «жалпы немесе абстрактілі, теориялық-ғылымдар» математика, астрономия, физика, химия, биология және, ең соңында, әлеуметтік физика немесе әлеуметтану (терминді енгізген О.Конт) құрайды. Әлеуметтану өзіне әр түрлі білім салаларын, соның ішінде саясат, мемлекет, экономика және мораль туралы білімдерді қамтиды. Нақты саясатты зерттеумен қолданбалы ғылым – позитивтік саясат айналысады. Конттың пікірінше, ғылымның міндеті: «Болжам жасау үшін білу және нендей бір істі істеу үшін болжай білу».

Конт қоғамның, оның экономикалық және әлеуметтік-саяси өмірінің дамуын сананың жетілу эволюциясымен, дүниені танудағы басты үш көзқарастың: 1) теологиялық (діни ілім); 2) метафизикалық; 3) позитивтік (ғылыми) дүние танымның алмасуымен байланыстырады. Үшінші саты – Конт бойынша, қазіргі дүние – өнеркәсіп дәуірінің өркендеуі. Оған өзінің әлеуметтік-саяси жүйесі – «социократия» сәйкес келеді.

Социократияда таптар әулеті үстемдік етеді. Материалдық байлық «патрициаттардың» (жер иеленушілердің, фабриканттардың, саудагерлердің, банк иелерінің) қолына шоғырланады. Банк иелері экономиканы басқарып қана қоймайды, олардың қолына саяси билік те беріледі. Рухани билік философ-позитивистердің және басқа да ғалымдардың қолында болады. Олар билеуші-банкирлерге кеңес береді және жас ұрпақты тәрбиелеумен айналысады. Жұмысшылар («санның бытыранқы күшін») бағынышты орынды иеленеді.

Конт социократияның негізгі заңын былай тұжырымдады: «Махаббат принцип ретінде, тәртіп негіздеме ретінде» танылуы керек. Осындай ахуал ынтымақтастықты қамтамасыз етеді. Конт өзінің ынтымақтастық теориясының арқасында саяси ғылымда елеулі із қалдырды. Конт бойынша, ынтымақтастық тұтас нәрсе және оның бөліктері ретіндегі «саяси ассоциация-

ның» үйлесімді бірлігінен, әр түрлі таптардың келісімдерінен көрінеді. Ынтымақтастықтың жоғалуы қоғам мен мемлекеттің күйреуіне әкеп соқтырады.

Конттың социократияға катысты басқа да көзқарастары өз замандастарынан да, кейінгі зерттеушілерден де қолдау таппады. Бұл ең алдымен Конттың жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын мойындамауына катысты. Бұлардың орнына ол «әлеуметтік міндет» дейтін ұғымдарды енгізді. Мысалы, Конттың пікірінше, жеке меншік – бұл міндет, парыз емес. құқық, қажетті әлеуметтік міндет.

Ағылшын философы Герберт Спенсердің (1820–1903) мемлекеттің органикалық теориясы кең тарады. Оның ілімі мемлекетті биологиялық организммен ұқсастыруға негізделді, мемлекет («саяси агрегат», «саяси қоғам») туылады, көбейеді, картаяды және өледі. Организмдегі сияқты мемлекетте де белгілі бір қызмет атқаратын өзінің органдары болады. Үстем тап – сыртқы (қорғаныс, шабуыл жасау), құлдар табы ішкі (тамақ өнімдерін өндіру бүкіл қоғам өмірін қолдау) міндеттерді орындайды; үкімет аппараты реттеуші жүйе болып табылады және тірі дененің нерв-бұлшық ет аппараты сияқты қызмет атқарады. Спенсер мемлекет дамуының екі сатысын және тиісінше оның екі түрін бөліп көрсетеді. Олар: 1) қарапайым немесе әскери, тағылық; 2) жоғары және индустриалдық. Мемлекеттің қарапайым түрінің айналысатын басты ісі – соғыс – оның бүкіл құрылымын белгілейді: деспоттық органдар; «үкіметтің жіті көзі»; әскери міндетті орындауға мәжбүр ету; шатырлық тәртіп; билікті іске асыруда төменнен жоғарыға дейін бұйрық беру әдісін қолдану; мемлекеттің жеке адамды толықтай басып-жаншуы. Мемлекет жаппай әскери ұйым болып табылады. Мұндағы әскер – бұл жаппай әскерге алынған еңбекке жарамды халық, ал халық – үйлеріне босатылған әскер.

Мемлекеттің индустриалдық түрі бейбітшілікке, бостандыққа, теңдікке, ерікті жолмен жасалған келісімге және кооперацияға негізделеді. Мұнда жеке адам негізгі бастау, ал мемлекет – туынды құрал ғана.

Людвиг Гумплович (1838–1909) – Австрияның мемлекеттік құқық профессоры, ал 1895 жылдан бастап Париждегі Халықаралық саясаттану институтының вице-президенті, ол мемлекет теориясын жасады, бұл теория бойынша, саяси биліктің шығуы және басты негізі басқыншылық, зорлық-зомбылық,

құлдықта ұстау болып табылады. Оның теориясы саяси ойдың тарихына күштеу теориясы ретінде енді.

Ғасырлар тоғысындағы тұлғалы ойшылдардың бірі неміс әлеуметтанушысы Макс Вебер (1864—1920) болды. Батыста оны Карл Маркстің буржуазиялық ұлы терістеушісі, «Буржуазияның Марксі» деп жиі атайды. Веберлік әлеуметтанудың методологиялық принциптері, ол енгізген «мінсіз тип (адами нұсқа)», «әлеуметтік іс-әрекет» сияқты категориялар ғылымның дамуына үлкен ықпал етті.

Вебер тұтастай алғанда ешқандай да қоғам, қандай да ұжымдастық нысандары іс-әрекеттер субъектілері ретінде қаралмауға тиіс, мұндай субъектілер жекелеген индивидтер ғана бола алады деп санады. Индивид іс-әрекетінің себептерін рационализм, дәстүр, көңіл-күй әсерлері арқылы түсіну әлеуметтанудың басты міндеті, бұл Вебер сөз еткен «әлеуметтік іс-әрекет» категориясы болып табылады. Вебер бұдан өз еңбектерінің басты тақырыбын табады, яғни батыс өркениетінің тағдыры ретінде, түптеп келгенде, осы заманғы бүкіл адамзат баласының тағдыры ретінде парасаттандыру (рационализациялау) проблемасын көтереді. Мысалы, Вебер капитализм дамуының негізгі және басты себебі, оның шаруашылық этикасымен қоса алғанда протестантизм деп санайды.

Веберлік билік әлеуметтануы да, заңды үстемдік ету түрлері, яғни оның саяси ғылымға қосқан елеулі үлесі болып табылатын билік туралы ілімі оның әлеуметтік іс-әрекет категориясымен тығыз байланысты болды. «Үстемдік ету» — деп жазды Вебер, — белгілі бір бұйрыққа бағынуды көру мүмкіндігіне ие болу болып табылады». «Бағыну себептері» негізінде Вебер үстемдік етудің таза үш түрін көрсетеді.

Үстемдік етудің бірінші түрі — заңды үстемдік. Мүддеге қатысты көзқарастар ымырашылдыққа себепші болады. Билік етудің мұндай түріне осы заманғы европалық мемлекеттер жатады, бұлар жеке тұлғаларға емес, заңға бағынады. Заңды мемлекеттің сипаты жағынан ең таза түрі бюрократия болып табылады. Үстемдік етудің екінші түрі — дәстүрлі билік, ол белгілі бір іс-әрекетке қатысты өнегелілік пен әдет-ғұрыптарға негізделеді. Бұған патриархалық билік мысал бола алады. Үшінші түрі «харизматикалық үстемдік» болып табылады. Харизма грекше «жаратушының сыйы» деген ұғымды береді, индивидтің оны басқа адамдардан ерекше етіп көрсететін бірегей қабілеті. Наполеон, Иса пайғамбар және Шыңғысхан осындай қасиетке ие тұлғалар.

Вебер харизманы дәстүрлі қоғамдардың құрылымын өзгерте алатын «ұлы революциялық күш» ретінде қарайды.

Батыста, бірінші кезекте ГФР-де 70-жылдардан бастап Веберге деген қызығушылықтың күрт артқаны, веберлік қайта өрлеу байқалады. Ол жана идеялардың жаршысы, сонымен қатар ХХ ғасырдағы әлеуметтану мен саясаттану ғылымдарының көрнекті тұлғасы ретінде қаралып жүр.

## ХХ ғасырдағы шетелдік саясаттану

Қазіргі заманғы саясаттану, сәулет өнерінің туындысымен салыстырып айтар болсақ, аса қуатты тарихи іргетасқа тұрғызылған сан қырлы және күрделі ғимарат болып табылады. Батыс саясаттануын зерттеудің көптеген жолдары бар, мысалы, оны елдер бойынша зерттеуге болады. АҚШ-тың, Францияның, ГФР-дің саяси ғылымының дамуы және оның қазіргі жағдайы терең зерттелінді. Мысалы, Р.Даль, Г.Лассуэл, М.Дюверже сияқты ірі саясаттанушылардың ғылыми шығармашылығы зерттелуде.

Бүгінгі таңда проблемалық зерттеулер ең нәтижелі бағыттардың бірі болып табылады. Әр түрлі проблема, мысалы, биліктер, лидерлік, саяси тәртіптер, партиялық жүйелер зерттелуде. Сондай-ақ ірі саяси бағыттарға, ағымдарға, мектептерге және теорияларға қатысты зерттеулер де жемісті. Саяси жүйелермен қатар қоғамның әлеуметтік негіздері саясаттанудың аса маңызды мәніне айналып отыр. Қазіргі замандағы мемлекеттік-монополиялық капитализм әлеуметтік реттеудің дамуымен сипатталады. Таптардың карама-қарсылығы жөніндегі ашылыстарды әлдеқашан белсенді мемлекеттік саясат негізінде басқарылып отыратын әлеуметтік ынтымақтастық ауыстырды, жанжалдар жойылған жоқ, бірақ олар реттеліп отырады.

Бұл жаңа үрдістердің көпшілігі ХХ ғасырдың бірінші жартысында Француз зерттеушісі Л.Дюгидің (1855–1928) ынтымақтастық деп аталатын ілімінде баяндалды, бұл ілім өзінің көптеген қолдаушыларын тапты. Л.Дюги белгілі француз әлеуметтанушылары О.Конт пен Э.Дюркгейм идеяларына сүйенді. Оның теориясындағы қоғамдағы адамдарды біріктіретін байланыс көзі олардың арасындағы ынтымақтастық немесе өзара бір-біріне тәуелділік болып табылады. Әрбір тап өзінің міндетін, өзінің қызметін орындайды, Конттан кейін Дюги

құқықтар мен бостандықтар ұғымын міндет, борыш категорияларымен алмастырды. Ол жеке меншікті жалпы игілік мүдделері үшін жүзеге асырылатын әлеуметтік міндет ретінде көрсетті.

Дюги халық егемендігі теориясын сынап, оған жаңа саяси жүйе ретіндегі өзінің «синдикалдық феодализм» дейтін теориясын қарсы қойды. Жеке адамдардың жалпыға бірдей сайлау құқығын партиялардың және ең алдымен кәсіптік одақтардың іштей үлестік өкілеттерімен алмастыруды ұсынды. Қоғам кәсіп салалары бойынша синдикаттарға топтастырылуға тиіс, ал олар аталған іштей өкілеттерді жүзеге асырады. Синдикаттарды федерацияға біріктіру саяси биліктің орталықсыздануына, ыдырауына, саяси плюрализмге алып келеді.

Ынтымақтасу ілімі корпоративизм теорияларында жалғасын тауып, одан әрі дамытылды. Дюги теориялары жүйесінің жиынтығы болып табылатын корпоративизм 60-жылдары осы заманғы элиталық сипаттағы батыс қоғамдарына негізделген тұтас бағыт ретінде қалыптасты. Корпоративизм саяси және мемлекеттік элита өкілдерінің және бірнеше ең ықпалды элита көсемдерінің қатысуымен қоғамдық саясатты жасауға арналған институттардың жүйесі ретінде қаралады. Бұл, әдетте, бизнес пен кәсіподақтар элиталарына қатысты. Мемлекет – бизнес – кәсіподақтар түріндегі бекем үш бұрыш қалыптасды. Корпоративизм теорияшыларының пікірінше, ол ең алдымен әлеуметтік-экономикалық саясатты жасау жөніндегі монополиялық құқыққа ие болады. Мемлекеттік элита жоғары өкілеттіліктерге ие үстемдік етуші топ болып табылады. Бизнес пен кәсіподақтар элиталары – бағынышты элиталар, бірақ олар мемлекет жасайтын кейбір шектеулердің орнына өз корпорациясының барлық мүшелерінің мүддесін білдіретін монополиялық құқыққа ие болады.

Корпоративизм әр елде әр түрлі сипатта көрінеді. Ол АҚШ-та Батыс Еуропаға қарағанда әлсіздеу, себебі мемлекет те, негізгі корпорациялық ұйымдар – бизнес пен кәсіподақтар да – соншалықты орталықтандырылмаған және бәрін бірдей қамтымайды. Ұлыбританияда, Швецияда, Норвегияда, ГФР, Австрияда, Нидерландыда және Швейцарияда бизнес пен кәсіподақтардың өкілдері ұлттық деңгейде экономикалық саясаттың жалақы мөлшерін анықтау, жұмыс аптасының ұзақтығы, кәсіподақтардың басқаруға қатынасуы сияқты маңызды мәселелерін бірлесіп шешеді.

Корпоративизмнің теорияшылары корпоративизм мен демократияның арақатынасы туралы елеулі мәселені қояды. Олар плюралистік демократия және элитаризм теориясының өкілдерімен бірлесуді көздейді. Демократия теориясы — шетелдік саясаттанудағы ең кең тараған теориялардың бірі. Себебі Батыста саяси жүйені, азаматтардың құқықтары мен міндеттерін ұйымдастыру және олардың жұмыс істеу принциптері негізіне либералдық демократияның жалпы теориялық қағидалары алынған. Саяси теориялардың міндеті — демократияның қалай әрекет ететінін түсіндіру.

Плюралистік демократия немесе саяси плюрализм теориясының жетекші өкілдері белгілі саясаттанушылар Г.Ласки, М.Дюверже, Р.Дарендорф, Р.Даль болып табылады. Бұл теория бойынша, қоғамдағы әрбір әлеуметтік жік (страта) өзінің мүдделерін көрсету, білдіру және жүзеге асыру үшін тиісті «мүдделі топтарды» немесе «қысым көрсету топтарын»: кәсіпкерлердің ассоциациясын, кәсіподақтарды, діни пацифистік, мәдени және басқа да ұйымдар құрады. Демократиялық қоғамда мұндай топтар өздерінің мүдделерін еркін білдіреді, бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып, саяси өмірге ашық ат салысады, қоғамдық пікірді қалыптастырады. Осындай жағдайларда саяси шешімдер қабылдау өзара бірлесіп іс-қимыл жасаудың, «еркін ойынның» нәтижесі болып табылады, мұнда әр түрлі топтар бәсекесі, саяси билік үкіметтік және үкіметтік емес мекемелер арасында бөлінеді. Мемлекеттің үлесіне әр түрлі топтардың мүдделерін келістіру, бәсекелесуші топтар арасында бейтарап төреші болу ролі тиеді.

Элиталар теориясы халықтың мемлекетті басқаруға жаппай қатысу мүмкіндігіне күмән келтіреді. Оның негізін салушылар италян саясаттанушылары Г.Моска (1856—1941) және В.Парето (1848—1923) болды. Бұл теорияға сәйкес саясат қарама-қарсы «екі таптың»: билеуші азшылықтың (элита) және билікті орындаушы көпшіліктің (халықтың) күрес орны болып табылады. Элитаның барлық кезде саны аз, қолына саяси билікті шоғырландырады, әкімшілік, әскери, діни, экономикалық, моральдық басшылықты жүзеге асырады. Г.Моска демократияны утопия, сағым деп санады. В.Парето (ғылымға «элит» терминін енгізген де осы болатын) саяси өмір элиталардың күресі мен кезектесуі, алмасуы деп санады. Оның пікірінше, қоғамды барлық кезде элита басқарады.

Р. Михельс (1876–1936) элита тұжырымдамасын саяси партияларды зерттеуге қолданды. Оның тұжырымдауында, барлық партиялар ұранға айналдыратын демократия олигархияға алып келеді. Бұл – «олигархияның темір заңы» деп аталатын кез келген ұйымның даму заңдылығы.

Партияның жай мүшелері (бұқара) басқаруға қабілетсіз және олар басқару ісіне өзінің басшыларын ұсынады. Басшылар қатардағы мүшелерден алыстайды, аппарат өзіндік мәнге ие болады.

Бүгінгі таңда саясаттанудың ең ықпалды бағыттарының бірі – неоэлитизм. Оның өкілдері Г. Лассуэл, Дж. Сартори, Т. Дэй, Х. Зиглер, Г. Моска мен В. Паретоның көзқарастарына қосыла отырып, бостандықтар мен ілгерілеушілікті қамтамасыз ету үшін элита қажет деп санайды. Шын мәнінде, халық билігін орнатуға жасалған әрекет атаулының бәрі сәтсіздікке ұшырады, бұл сүреңсіз билікке, демагогияға және ақыр соңында диктатураға алып келеді. Демек, қоғамды билікті элита басқаруға тиіс. Элитаризмді плюралистік демократия элементтерімен алмастыру «плюралистік элитизм», «демократиялық элитизм» тұжырымдамалары болып табылады. Олардың негізгі қағидалары төмендегідей.

Қазіргі заманғы капиталистік қоғамда бір емес, бірнеше элита әрекет етеді. Элиталар арасында еркін бәсеке жүзеге асырылады. Элиталарды жалпыға бірдей сайлау құқықтарының көмегімен халық бұқарасы бақылайды. Азаматтар элиталардың біріне ықылас білдіреді. Барлық адамдар үшін элитаға жол ашық. Демек, қазіргі заманғы демократия – элиталардың демократиялық басқаруынан басқа ештеңе де емес. Г. Дэй мен Х. Зиглер бейнелеп айтқандай: «Демократия – халық билігі, ал демократияны сақтау элиталарға жүктелген». Демократия кереғарлығы да осында жатыр: «халықтың билігі жан сақтау» үшін элиталар ақылмен билік жүргізуге тиіс.

Демократияның плюралистік теориясы 60–70-жылдары неғұрлым ықпалды болды және ол саясаттанушылардың басым көпшілігіне, сондай-ақ Батыстың қалың жұртшылығының қолдауына ие болды. Қазір бұл теория дағдарысқа ұшырап отыр. Енді жетекшілік мәртебесіне демократияның элитарлық теориясы ұсынылуда. Билеуші топтардың неоконсервативтік саясаты еңбекшілер бұқарасының хал-ахуалын әбден нашарлатты, плюралистердің әрбір әлеуметтік топ өздерінің мүдделерін қорғай алады деген қиялын күйретті.



Американ экономисі Л. Туроу «кой да аман, қасқыр да тоқ» болатындай саясатты жүзеге асыру мүмкін емес екенін атап көрсетті. Шын мәнінде, плюралистердің өздері де енді барлық маңызды шешімдерге, саяси процеске бұқара кеңінен қатысуы керек дейтін негіздемеге карамастан, топтар немесе партиялар көсемдерінің қатысуымен қабылдануға тиіс деген мәселе жөнінде элиташылармен келісіп отыратын болды.)

Элитаризм көп жағынан корпоративизммен үндесіп жатты, ол барлық корпорациядағы пәрменді элитаны бөліп көрсете отырып, корпоративизм қағидасын толықтырып, нақтылады.

Демократияның плюралистік теориясының дағдарысқа ұшырауына байланысты оны жақтаушылар, олардың арасында Липсет, Хантингтон, Дарендорф сияқты көрнекті саясаттанушылар бар, элитаризмнің негізгі қағидаларын қабылдады.) Басқа бір бөлігі олардың қатарында Р. Даль, Ч. Линдблом бар, плюрализмнен солға қарай ойысып, партисипаторлық демократия (қатысу демократиясы) теориясына жақындады.) Бұл теорияның туы астына Батыс Европадағы солшыл және либералдық күштер бірікті және оларды социал-демократтар қолдады.

Партисипаторлық демократия теориясын жақтаушылар неғұрлым ықпалды бостандықтар мен теңдікке жету жолында күресті, кедейлердің саяси өмірге қатысуына кең мүмкіндіктер беруді талап етті, олардың жалпы мәдени және білім деңгейін көтеруге шақырады, бұқара халық дербес білікті шешімдер қабылдауы үшін саяси мәдениеттің негіздерін біліп, түсінуге тиіс деп көрсетті. Партисипаторлық демократияны жақтаушылардың пікірі бойынша, көзі ашық бұқараның саяси процеске кеңінен қатысуы шешімдердің қабылдануына бақылау жасауды қамтамасыз етеді және саяси ойдың бұқаралық сипатқа ие болуына қол жеткізеді. Партисипаторлық демократия теорияшыларының плюралистер мен элитаристерден өзгешелігі мынада: олар әлі еш жерде демократиялық саяси жүйе қалыптаспаған: оны ұйымдастыруға апаратын бірден-бір жол — саяси шешімдерді қабылдау процесіне қалың бұқараны тарту деп санайды. Қазіргі өкілетті демократия жағдайында бұл талапты жүзеге асыру өте қиын, ал тікелей демократиялық билікті енгізу мүмкін емес. Саясаттанушы К. Макферсон тікелей және өкілетті демократияның элементтері үйлесім табатын саяси ұйымның аралас нысанын жасау жөнінде қызықты идея ұсынады. Үлкен қоғамдарда қатысу демократиясы «түп негізі

тікелей демократиядан тұратын және жоғары негіздің әрбір деңгейінде делегаттар демократиясы болатын пирамидалық жүйе ретінде ұйымдастырылуға тиіс» деп санайды ол.

Партисипаторлық демократияны жақтаушылар өздерінің теорияларын адамдардың саяси процеске жаппай қатысуын индивидтер мен топтардың мінез-құлықтары деңгейінде зерттеу сияқты қуатты негіздемеге сүйеніп жасады; бұл зерттеу бихевиорлық бағыт шеңберінде орындалатын-ды. Саясаттану әлеуметтік-саяси тұрақтылыққа жету жолдарын іздеу барысында мемлекеттік органдардың, партиялық жүйелер мен конституциялық нормалардың жұмыс істеуін зерттеумен ғана шектеліп қалмай, адамдар қауымдастықтары мен топтарының терең байланыстарын да зерттеуге тиіс екені белгілі болды. Ғылымның зерделейтін дүниесі жай ғана тірі адам, оның бүкіл адами қасиеттері мен сезім ерекшеліктері, саяси ұстанымы болуға тиіс.

50–60-жылдарда АҚШ-та «бихевиорлық революция» дейтін ағым кең өріс алды, ол бихевиоризмнің ғылыми бағыты мен методологиясының негізін салған еді. Осы уақытқа дейін саяси ғылым дәстүрлі және жаңа – бихевиористік бағыт болып екіге бөлініп келеді. Мемлекеттің институттық құрылымын зерттейтін дәстүрлі саясаттанудан бихевиоризмнің айырмашылығы: – ол жеке адамдар мен топтарға нақты тәжірибелік (эмпирикалық) талдау жасаумен айналысады.

Бихевиоризм саясаттың психологиялық жақтарына баса көңіл бөледі. Оған сандық әдістермен зерттеу тән. Осы тұрғыда бұқараның саяси белсенділігі жөнінде статистикалық зерттеулер, анкеталық сауалнамалар, зертханалық тәжірибелер жүргізіледі. Бихевиоризм саясаттануды «пәнаралық қозғалыстың» жол тоғысына келтіріп, аралық пәнге айналдырды, өйткені адамның мінез-құлқын зерттеумен басқа да көптеген ғылымдар, мысалы, психология, антропология, әлеуметтану және т.б. айналысады. Енді саясаттану бұқаралық қозғалыстар мен сан қырлы әлеуметтік процестерді жан-жақты зерттеуге қолайлы мүмкіндіктерге ие болды. Бихевиоризм жалпы саяси процестерді салыстыра зерттеу тұрғысынан алғанда компаративтік (салыстырмалы) саясаттанудың дамуына мол үлес қосты.

Бихевиоризм сан сауалдарға жауап бере отырып, тиісінше көптеген сұрақтарды да туғызды. Қолданыстан қала бастаған дәстүрлі саясаттанудан кейінгі бүкіл саяси кеңістіктің орнын

толтыруды көздеген бихевиоризм іс жүзінде оның болмашы бір бөлігін ғана қамти алды, яғни ол институттардың макро деңгейі (дәстүрлі саясаттану пәні) мен жеке адамның мінез-кұлқымен байланысты саясаттану (бихевиоризм пәні) макро деңгейі арасындағы айырмашылықтарды айқын ашып көрсетуге ғана қол жеткізді. Бұл айырмашылықтардың негізінде маңызды проблемалар жатқан болатын, бұған дәстүрлі де, бихевиористік те саясаттану қандай да бір толық жауап бере алмайтын еді. Бұл, мысалы, мына проблемалар: әлеуметтік-саяси нысаны бойынша бірдей институттар неге әр елде әр түрлі әрекет етеді немесе бір елдерде қандай да бір институттар неге өмір сүруге қабілетті, ал екінші елдерде ол неге қолдануға жарамсыз болады. Бұл сұрақтарға жауап беру мәселеге кешенді көзқарас тұрғысынан келуді талап етеді, ол теориялық және тәжірибелік зерттеу салаларын біріктіруге негізделуге тиіс.

Мұндай көзқарасқа американдық саясаттанушы Г.Алмонд 50-жылдардың соңында қалыптастырған «саяси мәдениет» тұжырымдамасы қарсы шықты. 60-жылдарда бірқатар елдердің саяси мәдениетіне арналған бірнеше елеулі еңбектер жарық көрді. Саяси мәдениет көзқарасы саясаттанудың дербес бағыты ретінде 70—80-жылдарда берік орнықты. Оны жақтаушылардың ортақ көзқарасы әрбір қоғамдық-саяси жүйеде және елде ерекше саяси мәдениеттің болуы олардың мойындауынан көрінді, ал саяси мәдениеттен, өз кезегінде, белгілі бір мазмұн мен бағытқа ие саяси өмір бейнесі көрініс табады. Саяси мәдениет қандай да бір саяси объектілерді нысана еткен кешенді — даралық және топтық — ұстанымдардың кешені ретінде қарастырылады. Ол ондаған жылдар мен ұрпақтар қалыптастырған саяси дәстүрлерден, саясат тәжірибесінде қолданылып жүрген нормалардан, идеялардан, тұжырымдамалар мен көзқарастардан тұрады. Жеке адамның саяси мәдениетіндегі ең маңызды нәрсе — оның саяси көзқарасы.

Саяси мәдениет қағидасы ауыр сынға ұшырады, соған қарамастан оған төтеп беріп, аяғына нық тұрып кетті. Мұнда негізінен елдер мен дәуірлерде қалыптасқан саяси мәдениеттің нұсқаларын әзірлеуге, сондай-ақ нақты саяси мәдениеттерді танып-білудің тәжірибелік маңызын көрсетуге қатысты кең ауқымды теориялық ізденістер жүзеге асырылды. Бұл орайда американдық саясаттанушылар ағылшын-американдық мәдениеттің басқа мәдениеттерге қарағанда аса демократия-

шылдығы және артықшылығы жөніндегі өздерінің ойларын айтып та үлгерді.

Біз осы заманғы шетелдік саясаттанудың ең ықпалды бірнеше теорияларын ғана қарастырдық. Нақ осы теорияларға қарап ғылымның басты назарында болып қана қоймай, батыс қоғамының саяси белсенділігіне елеулі ықпал еткен көзқарастар мен проблемалардың қаншалықты әр алуан болғанын көреміз. Бірде-бір теория жеке дара ақиқатқа иелік ете алмайды. Олардың жүйеленіп, біріктірілген жиынтығы ғана нақты дүниенің біршама объективті бейнесін бере алады. Әрбір теория дағдарыстар мен сәтсіздіктерден өтіп, жетістіктерге жетеді, самғау биіктерден көрінеді, кейде керісінше де болады. Методологиялық тұрғыдан алғанда олардың бәрі бірдей мәнді факторлар жүйесін тек адам тұрғысынан ғана қарастырған дәстүрлі позитивизмнен бас тартып, дүниені адамның субъективті көзқарасы арқылы зерттеуді ұстанады. Адамның дүниені түсініп білуінің өзі де өзгерді, 50–60-жылдардағы позитивтік технократтық теория «технологиялық адам» тұжырымдамасының дамуына түрткі болды. Ал қазір технократизмнің орнын техникалық дамуды терістеушілер, техникалық және экологиялық түңілушіліктер басты, тіпті бұл технологиялық үрей, құбыжық дәрежесіне дейін жетті. Осының бәрі, түптеп келгенде, «биологиялық адам» дейтін теорияның пайда болуына жағдай туғызды, бұл теория жеке адамның жетілу факторларын «адамның мәңгі, өзгермейтін табиғаты» деп біледі. Белгілі австриялық ғалым К. Лоренц былай деп жазды: «Өмір мен өркениеттің тепе-теңдігі әр түрлі физиологиялық және психологиялық құбылыстардың қызметіне байланысты болады, осылардың ең жоғары деңгейде бірігуі биік адамгершіліктің бастауы болып табылады».

### Қазақстандағы саяси ой

Қазақстанда саяси ойдың дамуы осы кезге дейін жан-жақты зерттелген жоқ.

Ол әр түрлі бағыттар мен мектептер арқылы дамыды, ең алдымен саяси-құқықтық ойларды зерттеуге бағытталды.

Аса көрнекті саяси ойшылдардың бірі, ұлы ғалым-философ, математик, астроном Әбу Насыр әл-Фараби (870–950) болды. Ол Отырар (Фараби) қаласында туды. Әл-Фараби математика, физика, астрономия, медицина, әлеуметтану, философия және

т.б. ғылым салаларын терең зерттеп, жүзден астам ғылыми еңбектерді мұра етіп қалдырды.

Әл-Фарабидің ілімінде қоғамдық құрылыс және мемлекетті басқару мәселелері ерекше орын алады. Ол өз зерттеулерінде ғылым мен білімнің ролін және оларды игерудің әдістерін негіздеді. Ұлы ғалым қоғамды білімді, әділетті және биік ақыл-парасат иесі басқаруға тиіс деп санайды. Демек, қоғамды басқару және нормативтік басқару актілері мен заңдардың болуына негізделуге тиіс.

Ол өзінің ілімінде халықтардың бейбіт қатар, соғыссыз, өзара түсіністік жағдайда өмір сүруінің саяси-әлеуметтік мәнін ашып, ғылыми тұрғыда негіздеді, философия мен құқық мәдениетінің өзара байланысы, адамның биік адамгершілік сапасы мазмұнды өмірге қол жеткізу мүмкіндіктерінің бірі деп білді. Жалпы алғанда, әл-Фараби көптеген еңбектерінде саяси ғылымның түпкі мәнін ашып, негіздеді және оның ғылыми негіздемелері Орта Азияның ұлы ғұламалары саналатын Әбу Әли ибн Сина (980–1037), Әбу Райхан әл-Бируни (973–1050) Жүсіп Баласағұни (1021–1075), Махмут Қашқари (1030–1090), Қожа Ахмет Йасауи (1093–1157) сияқты саяси ойшылдардың ғылыми көзқарастарының қалыптасуына ықпал етті. Жүсіп Баласағұни өзінің «Кұдатғу білік» атты еңбегін саясатқа, философия проблемаларына және халықтардың діни сенімдеріне арнады. Сондай-ақ мұнда мемлекетті басқарудың жүйесі және билеуші мен бағыныштылар арасындағы өзара қарым-қатынасты реттейтін әдістер мен заңдар қаралып, зерделенген.

Махмут Қашқари өзінің еңбектерінде түркі халықтарының шығу тектері жөнінде баяндай келіп, олардың саяси өмірі мен тарихына баса назар аударады.

Қазақ халқының саяси және мәдени даму тарихы ауыр да азапты жолдан өтті, бұл тарих тағылымдарының елімізде саяси ойдың қалыптасуында елеулі маңызы болды. Бұл орайда қазақ хандығының пайда болуы халқымыздың саяси өмірінде елеулі із қалдырған тарихи оқиға. Қазақ хандығының қалыптасу кезеңінде ел басқарған Қасым хан (1511–1532 ж.ж.), Есім хан (1598–1623 ж.ж.) және Тәуке хан (1680–1715 ж.ж.) сияқты аса ірі қайраткерлер [жақша ішіндегі жылдар – хандық құрған кезеңдері: – Авт. ескертуі] мемлекет ісін білікті ұйымдастырушылар, көреген саясаткер көсемдер ретінде танылған тұлғалар. Олар өз заманының заңгерлері де болған еді. Олардың заңи туындылары – «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі

жолы», яғни қазіргі кезде Тәуке ханның «Жеті жарғысы» аталып жүрген заңдар жинағы сан ғасырларды артқа тастап, рухани құндылығымыз ретінде бізге жетіп отыр.

Қазақстанда саяси ойдың одан әрі дамуы ХІХ ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген Ш. Уәлиханов (1835–1865), Ы.Алтынсарин (1841–1889) және А.Құнанбаев (1845–1904) сияқты ағартушы-демократ ғалымдардың есімдерімен тікелей байланысты.

Саяси ойдың, әсіресе Қазақ мемлекеттілігі дамуының мүлде жаңа кезеңі 1917 жылдан басталады. Қазақ интеллигенциясының Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов және т.б. сияқты дара тұлғаларының саяси өмір сахнасына шығуы Қазақстанда саяси құрылыстың орнығып, нығаюына елеулі үлес қосты. Олар қазақ даласында тұңғыш дербес саяси партия – «Алаш» партиясын құрды. Бұл партия халықтың алдыңғы қатарлы бөлігінің – ұлттық интеллигенцияның көзқарасын білдірді. Негізінен ағартушылық, саяси оқиғаларды және олардың халық өміріне әсерін түсіндіру жұмыстарына баса көңіл бөлді.

Олар жаңа мемлекеттің идеялық ұстанымдарын негіздеді, жаңа Ресей мемлекеті құрамына Қазақстанның кіруінің шарттары мен ерекшеліктерін нақтылап көрсетті. «Алаш» партиясының бастамасымен 1917 жылғы желтоқсанда Орынбор қаласында Бүкіл қазақтардың ІІ съезі өтті. Съезде ұлттық Алаш мемлекетін орнату, уақытша халық кеңесінің «Алаш Орда» үкіметін құру жөнінде шешім қабылданды. Бұл тарихымызда қазақтардың екінші мемлекеті (Қазақ хандығынан кейінгі) болды.

«Алаш» партиясы қайраткерлерінің тағдыры қайғылы аяқталды. 1928–1929 және 1932 жылдары «Алаштың» басшылары тұтқындалып, атылды, көпшілігі жер аударылып, одан қайтып оралмады. Бірақ олардың қоғамдық-саяси мұраты мәңгі өлмейді. Соның дәлеліндей, 1990 жылдардың басында қазақ халқы тәуелсіздікке қол жеткізіп, қоғамның қоғамдық-саяси өмірін түгелдей қайта құруға кірісті, бұл жөнінде келесі тақырыптарда сөз болады.

## САЯСАТТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ САЯСИ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ СУБЪЕКТИЛЕРІ

### 3-т а к ы р ы п

#### САЯСАТТАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ МҮДДЕЛЕР. ЖАНЖАЛДАР МЕН ПӘТУАЛАСТЫҚ (КОНСЕНСУС). САЯСИ СУБЪЕКТИЛІК

Адамдар ерте кезден-ақ қоғамның саяси өмірін ой елегінен өткізіп, саяси құбылыстарды, саяси ұйымдар мен биліктің мән-мазмұнын түсінуге және басқаларға түсіндіруге ұмтылды. Қоғамның әлеуметтік-таптық құрылымы жайлы білмей тұрып, саяси қатынастарды бар қырынан жете біліп, зерделеу мүмкін емес. Сондықтан саясатты зерттей отырып, тиісінше әлеуметтік құрылымдарды бөлек қарастыру керек, бұл құрылымдар саяси қоғамда саяси билікке қол жеткізу жолындағы өз мүдделері үшін ұйымдастырылады. Саясат – қоғамдық прогрестің негізгі бағыттарын жүзеге асыруды көздейтін әлеуметтік мүдделердің, олардың талаптарының жиынтық көрінісі. Саяси биліктің екі жағы – үстемдік етуші әлеуметтік мүдделерді қанағаттандыратын және барлық әлеуметтік топтардың ортақ мүдделерін қанағаттандыратын – саяси процесте қарама-қайшылықты түрде көрінеді және осы заманғы демократия институттары іс-қимылдарында олар жеткілікті дәрежеде үйлесім таппайды.

Қоғамдағы саяси билік, бір жағынан, қандай да бір әлеуметтік қауымдастықтардың әлеуметтік үстемдігі болып табылады. Және бұл үстемдік материалдық-өндірістік қызметтің, яғни меншік нысанының қоғамда артықшылық жағдайларға ие болуынан көрінеді. Екінші жағынан, бұл – негізгі мүдделер топтары арасындағы саяси билікке ие болу жолындағы күрестің нәтижесі. Сонымен қатар негізгі экономикалық мүдделердің топтасуы, түптеп келгенде, саяси процеске ғана ықпал етеді. Аса күрделі саналатын күштердің орналасуы, артықшылық беру, көзқарастар сияқты факторлар саясатта орын алады. Экономикалық жүйеде жетекші жағдайдағы адамдар тобының мүдделері саяси биліктің әлеуметтік негізін қалайды. Саясат пен биліктің өзіндік ерекшеліктерін зерттеу үшін қоғамның әлеуметтік-таптық құрылымын егжей-

тегжейлі білу қажет. Кез келген саяси институт әлеуметтік мүдделердің көрінісі, олардың саяси ұйымының нысаны ғана болып табылады. Ал мемлекеттік биліктің өзіндік ерекшелігі — оның жетекші салаларының бірі әлеуметтік жағынан үстемдік етуші таптың мүдделерін біріктіру жолында қимыл жасау. Сонымен қатар, әдетте, мемлекет басқа әлеуметтік топтардың да негізгі мүдделерімен санасуға мәжбүр болады.

Әлеуметтік үстемдік экономикалық саяси және идеологиялық түрлерде көрінеді. Экономикалық үстемдік өндіріс құрал-жабдықтарына, еңбек процесінің өзіне және еңбек өнімін бөлуге бақылау орнатудан көрініс табады. Саяси үстемдік үстемдік етуші экономикалық мүдделерді қорғау мақсатында мемлекеттік билікті қолдануға бақылау жасаудан тұрады. Ол тікелей және жанама түрде жүзеге асырылады. Идеологиялық үстемдік өмір сүріп отырған саяси тәртіптің әділеттілігін айғақтайтын идеологиялық көзқарастар жүйесіне толықтай иелік ету болып табылады. Идеологиялық үстемдік білім деңгейін, бос уақыттың болуына және идеяларды таратудың материалдық құралдарына бақылау жасау деңгейін айқындайтын бірқатар шарттарға негізделеді, үстем тап бірден-бір үстемдік етуші тап бола алмайды, себебі оның құрылымында барлық кезде топ ішіндегі әр түрлі мүдде қайшылықтары болады. Мысалы, буржуазиялық қоғам жағдайында саяси билік жолындағы күресте әскери және азаматтық, өндіріс, монополияландырылған және монополияландырылмаған салаларымен айналысатын ірі меншік иелері арасында бәсекелестік пайда болады, соңғы онжылдықтар ішінде менеджерлер мен меншік иелері арасындағы мүдделер теке тіресі жиі байқалып жүр.

Қоғамдағы мүдделер бөлінісі саяси процестер мен құрылымдарда саяси плюрализм, яғни мүдделерді білдірудің сан түрлі заңды саяси нысандары және олардың мемлекеттік билік органдарында өкілеттілікке ие болу жолындағы күресі түрінде көрінеді. Саяси плюрализм проблемасы белгілі бір саяси жағдайларда шешіледі, бұл жағдайлар қоғамдық қатынастарды мемлекеттендіруді жоюға, құқықтық мемлекетті қалыптастыруды, әр түрлі әлеуметтік-саяси күштер мен олардың ұйымдарының жоғары мәдениетті саяси қарым-қатынасын, қоғамда әлеуметтік топтардың сан қырлы мүдделерін тауып, есепке алу тетіктерінің болуын қамтамасыз етуге тиіс.

Саяси плюрализм тақырыбы азаматтық қоғам мен мемлекет арасындағы қатынас тақырыбымен байланысты. Құқықтық



мемлекет пен плюралистік азаматтық қоғам арасындағы байланыстырушы буын бүкіл қоғам мүшелерінің ортақ мүддесі болып табылады, бұл мүдде қоғам мүшелерінің, ұлттың өмір сүруінің жалпы жағдайларын бір тұтас құндылық ретінде сақтау мен дамытуға ұмтылысынан туындайды. Құқықтық демократия жағдайында мемлекеттік билік өкілеттіктерін шектеу қоғам мүшелерінің ортақ құндылыққа қатысты терең түсінігі жағдайында ғана мүмкін болады. Сондықтан плюралистік демократия жағдайында саяси күштердің жалпыға бірдей және тең сайлаулар арқылы билікке қол жеткізу жолындағы күресі қандай да бір саяси күштердің ортақ мүдделерге қатысты талаптарының заңдылығына халық толық көз жеткізген жағдайда ғана нәтижелі болады. Бұл азаматтық қоғам мен мемлекет арасындағы терең қарым-қатынас негіздеріне нұсқан келтірмейді, сөз болып отырған негіздер мемлекеттің жеке адамның бостандығы үшін жағдай жасауынан тұрады. Жеке адамның бостандығы адам өмірінің ортақ құндылықтарына қатысты жалпыға бірдей түсініктің болуын көздейді. Азаматтық қоғамға өмір сүрудің демократиялық нысаны тән және ол неғұрлым жетілген сайын, мемлекет те солғұрлым демократияшыл бола түседі.

Азаматтық қоғам адамдардың материалдық-экономикалық өмірінің саласы болып табылады, яғни ол мемлекетпен қатынасында адамдар тобы мен жеке адамдардың мүдделері мен құқықтарын білдіретін және оны қорғауды көздейтін дербес ассоциациялар түрінде көрінеді. Сондықтан ассоциациялар бостандығы азаматтық қоғамның жетілуінің маңызды белгісі болып табылады. Мемлекет бүкіл қоғамның саяси ұйымы ретінде дербес ассоциациялардың плюрализміне негізделеді, қоғамдық өзін-өзі басқаруды ескеріп, онымен санасып отырады, оған жалпы жағдайлар жасайды және, егер ол басқа ассоциациялар мен жеке адамдардың бостандықтары мен құқықтарын бұзбаса, оның ісіне араласпайды, жалпы алғанда, плюрализм дамыған азаматтық қоғамда мемлекеттік билік мүдделерді үйлестіруші, оларды келістіруші тетік және қоғам мүдделерінің көрінісі болып табылады.

Мемлекеттік билік пен азаматтық қоғам арасындағы мұндай қатынас біз үшін алыс болашақ екені белгілі. Ал қазіргі кезде біздің қоғамға тән нәрсе — мүдделердің, пікірлердің және бұлардан туындайтын қалың жұртшылыққа қатысты мақсаттардың қарама-қарсылығы. Осы өздігінен жүріп жатқан

объективті (субъективтік араласулар да болуы мүмкін) процес-тер белгілі бір топтық, саяси, экономикалық, ұлттық және басқа да мүдделер жүйесін білдіруші ретінде әрекет ететін қоғамдық-саяси күштер егестерінің тууына себепші болады. Осылайша, саяси қатынастардың мазмұны қоғам дамуының белгілі бір кезеңдерінде пайда болатын түрлі ірі әлеуметтік топтардың, олардың қажеттіктерінің, мүдделерінің, алдағы күтулерінің және мақсатты ұмтылыстарының арасындағы қайшылықтарды қалыптастырады. Саяси процестің қозғаушы күші ретіндегі карама-қайшылықтар — бұл нендей бір жағдайлар мен құбылыстардың даму барысында көрініс табатын өзара карама-қарсы, өзара бір-бірін жоққа шығаратын көзқарастар, бұл көзқарастар өзара байланысты және біріне-бірі еніп, қабысады, сөйтіп олар дүниенің, саяси қарым-қатынастардың да, өздігінен қозғалыс жасауы мен объективті дамуының бастау көздеріне айналады. Карама-қайшылық, демек, — барлық мүмкін болатын жағдайлар мен құбылыстардың, қоғамдық өмірдің бүкіл көріністерінің міндетті түрде болмай қоймайтын белгісі. Қоғамдық еңбек бөлінісі процесіндегі қандай да бір әлеуметтік топтың немесе таптың объективтік жағдайы қажеттіктер мен мүдделерді туғызады. Қоғамдық қатынастар жүйесінде алатын орнына қарай жекелеген әлеуметтік топтардың қоғам өндірген материалдық игіліктерді тұтыну мен бөлу саласына қатынасы да әр түрлі болады.

Үлкен әлеуметтік топтардың немесе таптардың арасындағы қайшылық антагонистік немесе антагонистік емес сипатта болуы мүмкін. Бірінші жағдайда, бұл қайшылықтар бір тапты екінші таптың қанауына және үстем таптың өндіріс өніміне иелік етуіне негізделеді. Алайда өндіріс құрал-жабдықтарына партикулярлық (әскери емес, азаматтық жолмен) билік етудің нәтижесінде мүмкін болатын еңбек өніміне кез келген иелік ету каналушы таптың саясаттан шектелуіне әкеп соқтырады. Антагонистік қатынастарды антагонизмдердің себептерін жою жолымен ғана түбегейлі жоюға болады (марксизм көзқарасы тұрғысынан — революция жолымен).

Антагонистік қоғамдық (таптық) қайшылықтар саяси тәжірибе мен саяси жүйенің нысанына үлкен ықпал етеді. Олардың пайда болуы билеуші тапты өздерінің артықшылықтарын сақтап қалу үшін қоғамдық күш қолдану құралдарын пайдалануға итермелейді. Өз кезегінде еңбекшілер табы өзінің саяси институттарын құрады, қоғамдық және саяси шеттеу

жағдайын жою, яғни адамды адамның қанау құралын кирату үшін өздерінің саяси тәжірибесін қалыптастырады. Антагонистік қоғамдық қатынастарды тойтарудың басты құралы, дүние жүзілік саяси дамудың тәжірибесі көрсеткендей, әлеуметтік мемлекетті қалыптастыру болып табылады.

Антагонистік қоғамдық қатынастар іс жүзінде кез келген қоғамда болуы мүмкін. Бір жағынан, олар ескі қатынастардың қалдықтары ретінде, тарихи сарқыншақтар ретінде әрекет етеді. Екінші жағынан, егер жекелеген топтар мен қоғамдық жіктердің өмір сүруіне басқа жіктердің немесе таптардың есебінен қолайлы жағдайлар жасалатын болса, онда қайшылықты қатынастар пайда болуы мүмкін. Бұл жерде әңгіме жемқорлық, қоғамдастырылған өндіріс құрал-жабдықтарына бақылау жасауды иелену, басшылық лауазымдарды асыра пайдалану және т.б. жөнінде болып отыр. Осылардың бәрі қоғамдық қатынастарда антагонистік қайшылықтарды туғызады, яғни қоғамдық және саяси шеттетудің және адамдардың өзін-өзі шеттетуінің қосалқы тетігі іске қосылады.

Антагонистік қайшылықтармен қатар қоғамда антагонистік емес қайшылықтар да болады. Антагонистік емес қоғамдық қайшылықтар талаптардағы, мүдделердегі әр түрлі әлеуметтік топтар, таптар және ұлттар арасындағы айырмашылықтарды көрсетеді. Алайда, тарихи тәжірибе көрсетіп отырғандай, қайсы бір жағдайларда антагонистік емес қайшылықтар антагонистік қайшылықтар сипатына ие болуы, егер оларды дер кезінде шешпесе, оның ақыры жанжалдарға ұласуы мүмкін. Әлеуметтік қайшылықтардың күшеюінің қандай себептері бар?

Қазіргі заманғы қоғамға тән сипат – сан қырлы, көбіне қарама-қайшылықты мүдделердің барған сайын көбеюі. Қоғамдық өмір майданында өзінің мүдделерін айқын танып, сезінген және оны қорғай алатын мүлде жана әлеуметтік күштер бой көрсетуде. Мүдделердің тиімді және әділетті тепе-теңдігіне тіпті де қол жеткен жоқ, мүдделердің ажырауы олардың бірігуіне қарағанда әлдеқайда тез жүруде. Топтар өз қазығының төңірегінен аса алмайды, олардың өзара байланыстары нашар, мүдделері үйлестірілмеген. Жанжалдар өршіп, бірін-бірі ушықтырып, ырыққа көнбейтіндей жағдайға әкеледі. Жанжалдарға апаратын себептер экономикалық (экономикада тепе-теңдіктің шектен тыс бұзылуы, нарыққа өтудің қиындықтары), саяси (басқару билігіндегі дағдарыс, бұл кезде билікке көбіне көпшілік ие болады немесе ешкім де ие болмайды), ұлттық және психо-

логиялық болуы мүмкін. Үкіметке қойылатын талаптар көбейеді, ол, әрине, барлық талаптарды қанағаттандыра алмайды.

Күрестің ушығуы жұртшылықтың жедел саясаттануына алып келеді. Билік қатынастары саласында демократизм мен монополизм арасындағы қайшылықтар күшейе түседі. Кәсіпорындарындағы ереуіл және жұмысшы комитеттері, еңбекшілердің одақтары, жұмысшы клубтары мен партиялар, өзін-өзі басқару органдары қосарлас билік құрылымдарын құрып, төменгі әлеуметтік жіктердің және іс жүзінде билігі жоқтардың мүддесін қорғай бастайды. Қоғамдық (саяси) жанжалдар – бұл саяси процестерге қатысушылардың, мысалы, бір-біріне қарсы әлеуметтік жіктердің немесе таптардың ой-санасын және олардың іс-әрекетінің сипатын білдіретін қайшылықтардың, сондай-ақ нендей бір таптардың өздерінің талаптары мен мүдделерін жүзеге асыру үшін құрған институттары арасындағы қайшылықтардың көрінісі. Саяси жанжалдар әр түрлі салада және әр түрлі нысанда болуы мүмкін.

Көптеген теорияшылар саяси жанжалды әр түрлі саяси күштердің қандай да бір мәселеге қатысты бір-бірімен егесі деп түсіндіреді. Бұл көзқарас тұрғысынан алғанда, жанжал жекелеген ірі әлеуметтік топтардың саяси мүддесін білдіретін жекелеген институттардың батыл саяси ықпал етуі болып табылады. Жанжалдың өзі саяси белсенділік мүмкіндіктерін толықтай дерлік пайдалану, саяси іс-қимылға қалың жұртшылықты барынша кеңінен тарту ретінде, біртұтас қоғамдық өмірдің қызметін бұзушы фактор ретінде түсіндіріледі.

Билеуші топтар жекелеген саяси әрекеттерді қоғамдық-саяси күштердің егесіне жеткізбеуге, қарсылас бағыттарды өзара келістіру және саяси талаптарды шектеу жолдарымен жанжалға апаратын жағдайларды сабаға түсіруге тырысады. Бұл орайда, жанжалды жағдайларды шешу жолдарын табу, антагонистік күштердің ашық егесін алдын ала болжау жөніндегі көзқарастар көбіне жалпы қайшылықтарды тойтару мүмкіндіктері ретінде, таптық күресті (марксизм) жоққа шығару көзқарасы ретінде қаралады.

Саяси жанжал – бұл екі немесе бұдан да көп әр бағыттағы күштердің қалыңысы, бұл жағдай осы күштердің өз мүдделерін жүзеге асыру мақсатына теке тірес келуінен және бір-біріне қарсы әрекеттер жасауынан туындайды. Жанжалдың субъектісі – жеке адамдар (индивидтер), саясаттандырылған әлеуметтік қозғалыстар, экономикалық және саяси қысым жасау топта-

ры, белгілі максатты көздеген қылмысты топтар түрінде ресми емес негізде пайда болған бірлестіктер. Ресми түрде әлеуметтік бірлестіктерге (саяси, экономикалық, ұлттық және т.б.) ұйымдасқан шағын және ірі топтар, жеке тұлғалардың, топтардың, әлеуметтік құрылымдардың қызметіндегі әр қилы объективтік және субъективтік көзқарастардың кактығысы нәтижесінде белгілі бір ішкі қызмет саласына үстемдік ету және пайда табу жолындағы идеялардың, теориялардың, мектептердің арасындағы егестер ретінде пайда болады.

Агонистік (бітімге келетін) және антагонистік (бітімге келмейтін) жанжалдар болады. Шешу мүмкіндігі пайдаланылмаған агонистік жанжал бітпейтін ұзақ дауға, тіпті антагонистік жанжалға айналады. Кейде, керісінше, өзара бітімгершілік жолдарын іздеу ушыққан антагонистік жанжалдың өршуіне жол бермейді, ал одан әрі — бітімгершілік іс-қимылдың тереңдеуі барысында өршіген дауды агонистік арнаға түсіруге қол жетеді; өзара мәмілеге келу саясатының жалғасуы немесе сыртқы жағдайдағы оң өзгерістер, өз кезегінде, жанжалды өзара тиімді жолдармен шешуге мүмкіндіктер туғызады.

Жанжал тақылеттес оқиғалар да жиі кездеседі, бұлар идеологиялық, саяси, моральдық қысым жасау түрінде көрінеді. Әдетте, мұндай жағдайларды алдамшы жанжалдар деп атайды, алайда, тараптар арасында тайталас пайда болып, олардың бірінің мүддесіне қауіп төнетіндей жағдай болса, алдамшы даушаралар шын мәніндегі нақты жанжалға ұласуы мүмкін.

Шын мәніндегі жанжалда оған қатысушылар жанжалдасушы жақтар ретінде қимыл жасайды және қандай да бір көзқарас-ұстанымды жүзеге асырушылар болып табылады, бұл іс-қимыл адамдардың шамшыл мінездерінен көрінеді. Нәтижесінде мұндай қатынастар адамдарда жанжалдың зардапты салдарлары жөнінде дұрыс тоқтам жасауға кедергі келтіретін теріс түсініктер туғызады, бұл теке тірестің ауыр зардаптары қарсыласынан үстем еткен жеңістің (думанды жеңіс) шырғаланы мол нәтижелерінен әлдеқайда асып түсуі мүмкін.

Объективтік тарихи процеске жанжал әлеуметтік құбылыс ретінде дұрыс, нәтижелі және, керісінше, белгілі бір жағдайларда теріс, дамуды тежеуші және субъектілерге — тайталасқа қатысушыларға қатысты іріткі салушы болуы мүмкін. Жанжалдың пайда болуының нақты жағдайлары алдын ала оның даму және ұласу нысандарын жасырын немесе ашық түрде көрсетеді.

Жанжалда, еге жөнінде болса, қа арасында жүреді. жанжал жеке ада көрінетін қоғамды қактығыстармен қ әлеуметтік және с гейде — басқа құр органдар мен оған арасында, лидерле болады. Жанжалдардың нақты көрінімдері мен өзгешеліктері көп болған ретте оларды ортақ белгілері біріктіреді: әлеуметтік жіктелудің негізінде жаңа топтардың пайда болуы, өзара бір-бірін шеттету, саналы түрдегі теке тірес пен тайталастың шығуы.

Қоғамның әлеуметтік және саяси құрылымында жанжалдың сипаты оның деңгейіне, ауқымына, өткірлігіне және пайда болған саласына және басқа көрсеткіштеріне байланысты болады. Саясаттану тұрғысынан алғанда, анағұрлым мәнді жанжалдар бір мезгілде әлеуметтік және саяси құрылымдардың барлық деңгейін қамтиды, нақты жағдайларда өзіне мүмкіндігінше көп қатысушыларды тартады және мұндай жанжалдар (жалпыға бірдей жанжалдар) жалпы жұртшылықтың мүддесіне қатысты болады. Мұндай сипаттағы кең ауқымды жанжалдар билікті сақтап қалу немесе құлату, оны нығайту немесе ыдырату мәселелеріне байланысты қоғамдық қатынастар саласында өтеді, яғни саяси сипатта болады. Төмен мәнді жекелеген жанжалдар әлеуметтік құрылымдардың бір бөлігін ғана қамтиды, бірақ белгілі бір жағдайларда (саяси өмірде тұрақсыздықтың орын алуы, шиеленістің күшеюі) олар жалпыға бірдей жанжалдарға айналуы мүмкін.

Әр түрлі қоғамдық өмір саласында болатын жанжалдар, егер олар халықаралық, таптық, этносаралық, ұлтаралық қауымдас-тықаралық, діни, демографиялық, аймақтық немесе оқшау қатынастарға байланысты болса, саяси мәнге ие болады. Жанжалдар бір қарым-қатынас саласында пайда болады да, басқадай бір қайшылықтар туғыза отырып, қалған салаларға тарайды. Саяси тұрғыда «жанжал» ұғымы әр түрлі күштердің революция және контрреволюция, мемлекеттер мен мемлекет одақтары арасындағы тайталас, соғыстар, партизандық қозғалыстар сияқты ірі ауқымдағы қактығыстар жөнінде сөз болғанда тұрақты қолданылады. Жанжалдар болмысы өзіндік күшке ие.

Бұл күштер жанжалды жағдайларда пайда болалы, жанжалды жағдайлардың өрістеуі барысында тайталастың негізгі қатысушылары пайда болған қайшылықтардың мәнін ой елегінен өткізіп, зерделейді. Егер қарсыласушы жақтар өзара талаптарды қанағаттандыру жолымен қайшылықтарды жойса, жанжалды жағдайлардың жанжалға ұласуы міндетті емес. Саяси сипаттағы жанжалды жағдайларды саяси да құралдармен реттеуге, сондай-ақ олардың көмегімен жеке адамдар мен топтардың арасында егестің шығуына, олардың жанжалдасушы топтарға бірігуіне және одан әрі өздеріне қарсы тұрған басқа жеке адамдар мен топтарға деген дұшпандық көзқарастың қалыптасуына алып баратын әлеуметтік шиеленістерді болдырмауға да болады. Егер жанжалды жағдайлар жанжалға айналса, онда ол өрши келіп, ең ушығу шегіне дейін жетеді, сонан соң бірте-бірте бәсеңсіп барып, басылады. Бірінші жанжалдың басылу сәті екінші жанжалдың, соның ішінде басқа қатынас салаларында да басталуы мүмкін. Жанжалдардың бір-біріне жалғасқан тізбекті құбылысы осылайша пайда болады. Жанжал басылады, бірақ оның салқыны көпке дейін сақталып қалады: бұрынғы жанжалдасушылар бір-біріне іштей ширығып, дұрдараз жағдайда жүреді. Басылған егеске қатысты бағалаулар мен пікірлердің бір жерден шықпауы жалғаса береді. Жанжалдан кейінгі жағдай егер қатынастар ушыға берсе, басқа деңгейде және қатысушылар құрамы жана екінші жанжалдың бастауына түрткі болуы мүмкін. Жанжалдар әр түрлі жағдайда басылған ретте оларды аяқталу және шешілу белгілері бойынша — толықтай немесе ішінара шешілген жанжалдар деп және тараптардың өзара қол жеткізген нәтижелері бойынша — табысқа қол жеткізу, ымыраласу, жанжалды болдырмау және жеңіліс түрінде топтастыруға болады.

Адамзат баласының ең жана саяси тарихы халықаралық, блокаралық қатынастарды, ірі ауқымды жанжалдарды саяси ымыраласулардың көмегімен, қабылдаған міндеттемелердің орындалуына өзара бақылау жасау жүйесін жасау жолымен шешуге болатынын дәлелдеп отыр. Оң саяси шешімдермен баянды етілетін баянды қауіпсіздік және қарсыластарда өзара сенімнің пайда болуы жанжалды жағдайлардан пайда болатын үрей мен күдік бұлтын сейілте алады. Сондықтан да қоғамымыздың қазіргі даму жағдайында пәтуаластық жүйесі әр түрлі жанжалды жағдайларды болдырмау жолында шешім қабылдаудың анағұрлым демократияшыл және тиімді жүйесі болып табылады.

Пәтуаластық жүйесі — бұл қоғамдық мәселелерді шешудегі жаңа қадам. Оны мемлекет ішіндегі, халықаралық та проблемаларды шешуде саяси белсенділіктің барлық нысандары еркін дамуы және олардың өзара үйлесімді іс-қимыл жасауы үшін осы заманғы қоғамдық сананың талаптары объективті түрде өмірге келтірген әмбебап демократиялық принцип ретінде қараған жөн. Пәтуаластық саяси термин ретінде әр түрлі әлеуметтік-саяси топтардың елдегі саяси жағдайды және келешектегі проблемаларды шешу жолдарына қатысты белгілі бір ортақ көзқараста болуы дегенді білдіреді.

Пәтуаластық пікір — орташа жас және орташа өсудің болатыны сияқты, орташа пікір, басты қоғамдық пікір де болады, ол келісімге келу жолымен көрініс табуы мүмкін. Пәтуаластық деңгейі сол нақты жағдай ортақ пікірге қаншалықты сәйкес, яғни жақын келетінін көрсетеді. Басты қоғамдық пікірге тән сипат — оған ешкім де қарсы шықпайды. Одан әрі тараптардың мүдделері бөлінеді. Бұл орайда, егер қоғамдағы шешім қабылдау әдісі келісімге келу әдісіне айналса, онда пәтуаластық деңгейі өсу бағытында болады.

Аралық бағыттағы саясат қоғамда әрекет ететін күштердің өзара бір-біріне тәуелділігі өсу үстінде екендігін дәлелдеп отыр. Қандай да бір қоғамдық топтардың талаптарына немқұрайлы қарау қоғамның ішкі үйлесімінің бұзылуына, үкіметтің көпшілік қолдауын жоғалтуына әкеп соқтырады. Заң тұрғысынан алғанда, пәтуаластыққа қол жеткізу жұртшылықтың білдірген еркі ретінде нақты заңның қалыптасуына алғы шарт жасайды.

Елдегі ішкі саяси тұрақтылықты жалпы саяси, экономикалық, әлеуметтік-психологиялық, ұлттық және басқа факторлар жиынтығы айқындайды. Пәтуаластықты жетекші саяси күштер арасындағы елді өркендетудің біркатар маңызды мәселелеріне, бір-бірінің саяси іс-әрекетінің ережелері туралы келісімге келуіне қатысты белгілі бір деңгейдегі өзара түсіністікке қол жеткізуі деп түсінуге болады. Пәтуаластық қозғалыссыз, абсолютті құбылыс емес, керісінше, салыстырмалы, өзара түсіністік деңгейінің жоғарылау немесе төмендеу жақтарына қарай да, әр түрлі саяси күштер арасындағы қол жеткен келісімнің мазмұны бойынша да өзгеріп отыратын құбылыс болып табылады. Пәтуаластықты қамтамасыз ету проблемасы көптеген елдер үшін, әсіресе бұрынғы КСРО күйрегеннен кейін пайда болған елдерде айрықша өткір мәселеге айналып отыр. Бұл проблема таяу шетелдерге ғана қатысты емес,



ол жөнінде халықаралық деңгейде де аз айтылып жүрген жоқ, себебі келісімге келу көптеген елдердің мүддесіне қатысы бар маңызды мәселе болып табылады. Мысалы, Кавказдағы немесе Тәжікстандағы оқиғалар Ресей мен Таяу Шығыс елдері арасындағы өзара қарым-қатынастың жалпы қандай жағдайда екенін көрсетіп отыр. Қайшылықтардың жанжалға ұласуға дейін ушығуына және оларды күреспен шешуге жол бермеу шараларын жасау билеуші элиталар мен таптардың үстемдігі мен өктемдігін тіпті де жоя алмайды. Жанжалдың жолын кесу шаралары елдердің нарықтық қатынастарға негізделген экономикаға көшу және оны тұрақтандыру кезеңіндегі жанжалды жағдайлардың барлық субъектілері үшін тиімді болатын ымыраласу жолдарын іздестіруге бағытталуға тиіс. Қоғамдық пәтуаластыққа жанжалсыз қол жеткізу біздің еліміз үшін маңызды мәселе болып табылады. Шығыс Еуропа елдерінің жана қоғам құруы процесін саяси жағынан қамтамасыз ету тәжірибесі мынандай қорытындыға әкеледі: бір жағынан, қоғамдық қажеттерді табу мен саралау тетіктерін ұдайы жетілдіріп отыру, екінші жағынан, антагонистік емес қайшылықтардың антагонистік қайшылықтарға және жанжалдарға ұласуына жол бермейтін тетіктер жасау қажет. Алайда, бұл проблеманы шешудің ұсынып отырған нақты жолдары мейлінше әр алуан, тіпті кейде бір-біріне тікелей қарама-қарсы болып келеді.

Бір жағдайларда плюралистік жүйені қалыптастыру қағидасын ұсынады. Бұл қауымдастыққа кіретіндердің бүкіл мүддесін тең құқықты және бірдей құндылықты деп тану жөніндегі талаптарды туғызады. Нәтижесінде дамудың ерекше бағыттарын қамтамасыз ететін институттар керек болмай қалады. Олардың ролін ұлттық келісім институттары, қоғамдық кеңесу және қоғам өмірінің барлық саласында мейлінше азаматтық өзін-өзі басқару жүйелері атқара алар еді.

Екінші көзқарас саяси жүйенің жұмыс істеп тұрған институттарын қоғамдық құрылымның барлық элементтерінің еркін үйлестіру шараларын жүзеге асыру және сонымен қатар аса көп қоғамдық топтар мен бірлестіктердің ортақ жауапкершілігін арттыру жолымен жана қоғамдық топтар мен жіктердің мүдделері мен талаптарын білдіретін элементтермен толықтыру қажет деп санайды.

Сонымен қатар жұмыс істеп тұрған өкілетті институттарды, қоғамдық өзін-өзі басқарудың барлық нысандарын, сон-

дай-ақ олардың жұмыс істеу әдістерін жетілдіруді, партияның ролін күшейтуді және мемлекеттік жүйені ұйымдастыруды жетілдіру ұсынылады. Қоғамдық және саяси қайшылықтар мен жанжалдарды шешудің жекелеген тұжырымдамаларынан әр түрлі қоғамдық мүдделер көрініс табады. Демек, қоғамның қайшылықтар мен жанжалдарды шешудің қандай жолын таңдауы саяси бағыт-бағдардың ықпалына және саяси тәртіптің нысандарына байланысты болады.

Саяси қайшылықтар мен жанжалдарға байланысты негізгі проблемалардың бірі таптық үстемдік болып табылады. Өндіріс құрал-жабдықтарына иелік ететін тап оларды өзінің меншігіне айналдырады да (экономикалық үстемдік) қоғамның үстем жігіне айналады. Оның басымдылығы артықшылық жағдайларымен ғана емес — қоғамдық жүйені барлық басқа элементтермен салыстырғанда — сондай-ақ экономикалық құралдарды сол артықшылық жағдайларды орнықтыруды қамтамасыз ететін саяси институттар құру үшін (саяси үстемдік) және басқа таптар мен әлеуметтік жіктерде өмір сүріп тұрған қоғамдық тәртіп дұрыс және қолайлы деген көзқарасты қалыптастыру мақсатында идеологиялық жұмысты ұйымдастыру үшін (идеологиялық үстемдік) пайдалану мүмкіндіктерінен де көрінеді.

Жаңа демократиялық институттарды енді ғана қалыптастыра бастаған біздің қоғамымызға өзгенің тәжірибесін зерделеп, оның пайдалы жақтарын қажетке жаратудың еш ағаттығы жоқ. Бұл орайда пәтуаластық қағидатын баянды етіп, одан әрі жетілдіру демократияның қалыптасуына да, қоғамның адамгершілік қағидатының нығаюына да қолайлы жағдайлар жасайды. Демек, саяси тәртіптің аса тиімді түрі демократия болып табылады. Оған саяси плюрализм, көп партиялық, саяси мінез-құлықтың өркениетті нормаларының дамуы жатады. Бұл режимнің маңызды атрибуты пәтуаластық, яғни өзара сенім, өзара әрекеттестік және келісім болып табылады. Пәтуаластық саяси жүйенің заңдылығы мен тиімділігін қамтамасыз етеді, ол демократиялық талаптар мен саяси іс-қимыл үрдістерін қолдап, ерікті түрде қабылдауды және оларды жүзеге асыруды мейлінше жеңілдетеді. Бұл жерде саяси сенімге, ынтымақтастық ниетке, тұрақтылыққа кең өріс ашылады. Пәтуаластық шиеленіскен алауыздықтарды болдырмауды, олардың ашық жанжалға айналуына жол бермеу, ал егер мұндай жағдай болған ретте, оны мәмілеге келу және өзара ымыраласу жолымен

бейбіт жағдайда шешуді көздейді. Ол үшін пәтуаластықтың рухани негізін, оған саясаттың жетекші субъектілері саяси мәдениеттерінің ортақтығын, сондай-ақ өмірлік маңызы бар құндылықтар жүйесін қоса отырып, жете зерттеп, кенейту және оларда пәтуаластықтың негізін құрайтын түпкі рухани ортақтықты қалыптастыру қажет, ал саяси субъектілердің саяси қызметі және оны қалың жұртшылықтың қолдауы осы пәтуаластық негізінде жүзеге асырылады.

Саясат — әлеуметтік мүдделердің жиынтық көрінісі деп жоғарыда атап айтқанбыз. Бұл мүдделер адамдарды әлеуметтік қызметке тарта, қайшылықтар мен жанжалдарды туғыза отырып, оларды қозғалысқа келтіреді. Аталған қайшылықтар мен жанжалдардан шығудың жолы, көріп отырғанымыздай, пәтуаластық жолымен мүдделерді үйлестірудің онтайлы жолдарын іздеу болып табылады. Мынандай сұрақтар туады: әр түрлі немесе тікелей карама-қарсы мүдделер мен жанжалдардың артында кім және қандай күштер тұр; жанжалды жағдайдың барлық субъектілері үшін онтайлы пәтуаластық ұстанымын жүзеге асырудың тұтқасы кімдердің қолында, басқаша айтқанда, әлеуметтік құбылыс ретінде саясат дегеніміз не?

Саясат күрделі әлеуметтік құбылыс ретінде өзара әрекеттес тұрақты екі өлшемнен — субъективті және объективті жағдайлардан тұрады. Әрине, адамдар арасындағы қатынастар және олардың өмір сүру жағдайлары — саясаттанудың негізгі мәселелерінің бірі. Оның мәнін дәл ашып көрсету мүмкін емес. Бір мамандар саясаттың мәні оның субъектілерінің психологиясында, адамдар жанының терен «сыр сандығында» жатыр деп санайды. Ал адамдардың өзі қандай болса, саясат та сондай болады. Енді бір саясаттанушылар саясатты мазмұны таптардың, ұлттардың және мемлекеттердің іс-қимылдарынан көрінетін объективті қоғамдық қатынас ретінде қарастырады. Бұл жағдайда жеке адам біртұтас дүниенің бір бөлігі ғана болып табылады. Егер осы бірін-бірі жоққа шығаратын жағдайларға талдау жасасак, олардың өзара тығыз байланысты екеніне көз жеткізуге болады. Сөйтіп, әңгіме, бір жағынан, саясаттың мәнін психологиялық тұрғыдан түсіндіруге басымдық беру жөнінде, екінші жағынан, жеке тұлғаның мәнін жете бағаламау, әлеуметтік, таптық мәселеге баса мән беру жөнінде болып отыр. Қазіргі замандағы саясаттану осы кереғарлықтарды жойып, әр түрлі: таптан тыс, тұлғалық, топтық және таптық көзқарастарды біріктіруге ұмтылуда. Кейбір ғалымдар

М.Вебердің идеясына сүйене отырып, бүкіл саяси жүйені мемлекетке саяды. Т.Парсонстың көзқарасын ұстанған енді бір ғалымдар саясатты белгілі бір міндеттермен айналысатын жеке адамдардың жиынтығы ретінде немесе проблемалардың шешімін табу жолында бірлесіп әрекет ететін жеке адамдар мен институттардың жиынтығы ретінде қарастырады. Бірқатар шетелдік саясаттанушылар саясат бір қоғамның ішінде адамдардың әр түрлі топтары болатындықтан өмір сүреді деп санайды, ол бір топқа басқа топтың есебінен бірдеңеге ие болуына көмектеседі, жанжалдарды реттеуге қызмет етеді. Американдық саясаттанушы Г.Лассуэл саясаттағы басты нәрсе – бұл адамдар арасындағы құндылықтарды (билік, білім беру, байлық) бөлу деп біледі, бұл жерде кім не алады деген мәселенің басын ашу маңызды, яғни, басқаша айтқанда, саясаттың субъектілері туралы мәселе туады. Сонымен қатар әлеуметтік субъектілердің еркін білдіретін саяси жүйенің заңдылығы, тұрақтылығы және пәрменділігі елеулі маңызға ие болады. Саясаттың субъектісі мен объектісі адамдар, белгілі бір міндеттер атқаратын олардың бірлестіктері болып табылады. Адамдар әлеуметтік билік етуді ұйымдастыру мен оның ұстанған бағытына сыни тұрғыдан қарауға – оны қолдауға немесе қарсы болуға қабілетті.

Субъекті сөзінің тура және тікелей мәні саналы түрде әрекет ететін және өзінің әрекетіне жауап беретін тұлға болып табылады. Бұл термин саясатты жасайтын, оған өзінің қызметін берік дәйекті істерге бағыттай отырып, оған саналы түрде қатынасатын адамға қатысты. Алайда, әңгіме саяси процесс жөнінде болғандықтан, субъекті ұғымын оны жеке-тұлғалық тұрғыда түсіндірумен ғана шектеу дұрыс болмас еді. Сонымен қатар тұлғадан жоғары тұрған кез келген әлеуметтік құрылымға, мысалы, әлеуметтік топқа қолданылатын субъекті ұғымы біршама басқа мәнге ие болады. Топ, егер оның мүдделері ортақ болса, мақсатпен әрекет етсе, яғни ол тұтас нәрсе болып табылса, субъекті бола алады. Топ түріндегі субъектінің жеке тұлға субъектісінен (яғни жеке адам субъектісі) айырмашылығы – топты әлеуметтік субъект ретінде қарауға болады, ал әлеуметтік субъектіге қандай да бір әлеуметтік топ, тап, әлеуметтік-тарихи қауымдастық, ұлт, халық жатады. Басқаша айтқанда, басқа да көптеген әлеуметтік субъектілер болуы мүмкін. Саяси істі ірі әлеуметтік топтар, таптар жүргізеді, ал тікелей субъекті жеке тұлға болып табылады. Адамды «эконо-

микалық, шаруашылықпен айналысатын адам» және азаматтық және саяси адам» деп бөліп қарауға ұмтылыс бұрыннан-ақ байқалған. Бұл жеке адамның бостандығы мемлекеттің әкімшілік қызметін шектеуін талап етіп отырған бүгінгі таңда да маңызды, өйткені мемлекеттің билік аясы тарылған және адамның өзін-өзі танытуға мол мүмкіндік болған жағдайда ғана адам өзін-өзі көрсете алады. Маркстің сөзімен айтқанда, мемлекеттің адамға «ауысуы» жүруі қажет. Алайда, біздің мемлекетімізде Маркстің ойлағанынан керісінше болып шықты: азамат мемлекетті өзіне «ауыстырған» және оны өзіне бағындырған жоқ, керісінше, мемлекет азаматты өзіне бағынышты етті. Демократияландыру басқару тетігін дұрыс бағытқа бұруға, мемлекетті басқару қызметтерін қатардағы азаматтардың қолына беруге жасалған алғашқы қадам болып табылады. Әрине, елді өркениетті даму жолына түсіру әлемдік саяси тәжірибемен жете танысуды, ал кей жағдайларда оны пайдалануды талап етеді. Бұл оп-оңай жүзеге аса алмайды, ол үшін саясаттың субъектілерін, яғни мақсатты іс-қимылдың бастау көздерін дұрыс түсіне білу қажет. Субъекті өзінің табиғатында белсенді әрі іскер.

Саясаттың субъектісі саяси субъектікке ие жеке тұлға, ұйым немесе қоғамдық топ болып табылады, субъектілікке ие болу жеке тұлғаның немесе қоғамдық топтың саясатты жасау, яғни өздерінің мүдделеріне сәйкес саяси өмірге нық әрі біршама дербес қатысу қабілетіне, басқарудың іс-әрекеті мен жағдайына ықпал ету, саяси қатынастарда маңызды өзгерістер жасау қабілетінен көрінеді.

Саяси субъектілік әрекет етудің (саяси күштер құрылымдары жағдай туғызатын және шектеу қоятын және субъектінің жеткен кәмілеттілік деңгейінде) объективті мүмкіндіктері мен субъективтік қабілеттері (мотиві, істей білуі, білімі, іс-әрекеттердің дәйектілігі) арасындағы байланыс негізінде пайда болады.

Субъектілік шартын жеке адам тұрғысынан мейлінше айқын көруге болады, сондай-ақ қоғамдық ұйымдар тұрғысынан да соны айтуға болады. Әрине, ірі қоғамдық топтардың субъектілігі дегеніміз не және оның пайда болуы немен байланысты деген сұраққа жауап беруге тура келеді.

Ірі қоғамдық топ оның ішінде:

1) мақсат ортақтығы және оқшаулануға жол бермейтін берік байланыс;

2) топқа қатысушылар өз жағдайын және ортақ мүдделерді бәрі бірдей түсініп, оны аса берік сеніммен мойындаған және осы сезім туғызған өзгеге ұқсамайтын даралық, достастық және осы топқа жататын, мақсат ұқсастығы, іштей ынтымақтастық пайда болған ретте;

3) басқарушы орталық жекелеген аумақтық топтардың, ағымдардың, адамдардың жас шамасы және кәсібі бойынша бөлінетін категорияларының іс-қимылын ұйымдастырса, яғни үйлестіріні отырса субъекті бола алады.

Маркстік емес теорияларда, әдетте, саясаттын бірден-бір нақты субъектісі жеке адам (индивид) деп білетін индивидуалдық көзқарасқа басымдық береді. Ал ірі ұжымдық қызмет нысандары және олардың ықпалы жекелеген іс-әрекеттердің жиынтығы ретінде қаралады. Бұл жерде көрнекті тұлғаларға айрықша роль жүктеледі. Ал бұқара дербес әрекет ете алмайтын күш, статистикалық шама ретінде ғана түсіндіріледі.

Ресми-институциалық тұжырымдамаларда саясаттағы шешуші рольді ресми саяси ұйымдар мен институттарға (мемлекет органдарына, партиялар мен бірлестіктерге, сондай-ақ саяси элиталарға, жетекші топтарға) береді. Бұл тұжырымдамаларға сәйкес, саяси ұйымдар ірі қоғамдық топтардың пісіп-жетілуінің және өзін-өзі ұйымдастыруының нәтижесі болып табылмайды, керісінше, бұл топтардың байланысы мен сана-сезімі ұйымдардың, басшылардың қызметінің нәтижелерінде қалыптасқан. Бұл теорияларда бұқараны саясаттағы стихиялық фактор немесе тіпті тиісінше белгілі бір саяси күштерге әсер ететін зат, көрнекті тұлғалардың іс-қимылына, қызметі мен шешімдеріне мүлде ықпал ете алмайтын дәрменсіз нәрсе, институттар тарапынан реттеліп отыратын объекті ретінде қарастырады.

Маркстік теория саясатты және онын субъектілерін бұлайша пайымдауды теріске шығарады. Ол жеке тұлғалар мен институттардың тікелей орындаушылар ретіндегі, әлеуметтік топтардың іс-қимылына дем беруші, оны ұйымдастырушы және бағыттаушы критерий ретіндегі ролін мойындайды. Марксизм жеке адамдар мен ұйымдардың қызметі мен ықпалының қоғамдық маңызын барлық кезде үлкен топтардың өзін-өзі тануы мен ұйымшылдығының белгілі бір деңгейінің нәтижесі мен көрінісі, олардың интеграциясы, тікелей әрекет етуші адамдардың басқа үлкен топтармен байланысы және олардың (таптардың, жіктердің және ұлттардың) арасындағы күштердің ара-

салмағы ретінде қарастырады. Саясатта елеулі роль атқара алатын (өзінің жеке ұмтылысы, қабілеті мен талантының арқасында) жеке адамдар арасында белгілі бір ірі қоғамдық топтардың өкілі болып табылатындар, оның қолдауына ие болғандар және сол топтан іс-қимыл жасау, билік және өкілдік ету құқықтарын алғандар ғана саясатқа, шын мәнінде, ықпал етуі мүмкін. Саясатшының немесе идеологтің маңызы мен саясатқа ететін ықпалы нендей бір таптың немесе жіктің мүддесіне қаншалықты қызмет ете алатындығына байланысты болады, ал, өз кезегінде, аталған таптың немесе жіктің өзінің де жеткілікті күші болуымен қатар, ол саясатшының қызметіне мүдделі де болуға тиіс.

Саясатта тікелей әрекет ететін жеке адамдар мен ұжымдардың қызметі ірі қоғамдық топтардың қажеттіктері мен мүдделерінің сипатына, олардың сана-сезімі мен бірігу деңгейіне байланысты болады, бұл факті жалпы заңдылық болып табылады. Саясатшылар мен идеологтер атқаратын міндеттер ірі қоғамдық топтардың мүдделері мен талаптарынан туындайды.

Жеке адамның саясаттағы ролі неге байланысты болады?

Біріншіден, оған қоғам сеніп тапсырған немесе өзі жеңіп алған, бірақ жұртшылық мойындаған құқықтылық пен өкілеттілік көлеміне байланысты болады.

Екіншіден, саясатшының (немесе идеологтің) ықпалы жұртшылықтың материалдық және моральдық және т.б. қолдауына (енжар және ең алдымен белсенді) ие бола алуына байланысты болады.

Үшіншіден, саясатшының (идеологтің) өзінің ролін орындауы, сақтауы немесе көтеруі ірі қоғамдық топтың тарапынан оған жасалатын бақылауға байланысты болады. Мұндай бақылау әр түрлі сипатта, тиімділікте болуы мүмкін, бірақ ол шешуші сөзді топ айтатынына барлық кезде кепілдік береді.

Саяси ұйымдар мен олардың органдарының, ұжымдар мен жеке адамдардың субъектілігі ірі әлеуметтік топтардың субъектілігіне қарағанда екінші, туынды болуы заңды, солай болады да. Ол өзін, ірі әлеуметтік топтардың мүдделері тұрғысынан алғанда, саясат субъектілерінің белсенділігі мен дербестігі анағұрлым тиімді әрі нәтижелі болған ретте ғана сақтап қала алады. Әйтпесе, саясаттан аулақтай бастайды.

Саясат субъектілерінің саяси өмірдегі маңызы мен орны бірдей емес. Таптардың, жіктердің, халықтардың, мемлекеттің,

саяси партиялар, кәсіптік одақтар, қоғамдық қозғалыстардың басшылығы, саяси көсемдер, қатардағы азаматтар саясатта мәні мен нысаны жағынан әр алуан міндеттер атқарады.

Демек, қоғамдық өмірдің әр түрлі деңгейдегі ұйымдарына (ірі топтарға, институттарға, шағын топтарға, жеке адамға) жататын субъектілердің ролін ғана емес, бір деңгейде әрекет ететін күштердің субъектілігі әр деңгейде болатынын да ескеру керек. Тым әлсіз қоғамдық топтардың, жетекші және бағынышты топтардың, аса ықпалды және төмен ықпалды, дербес және дербес емес ұйымдардың, беделді немесе беделі төмен жетекшілердің болатыны белгілі.

Саясат субъектілері арасынан бастапқы және екінші кезекті субъектілерді ажырата білу керек. Бастапқы субъектілерге біртұтас ұйымдасқан, ортақ мүдделері мен ұмтылыстары біріктірген ірі қоғамдық топтар жатады; екінші кезекті субъектілер әр түрлі күштер болып табылады.

Әр түрлі күштер қоғам өмірінде елеулі немесе елеусіз роль атқаруы мүмкін, бұл қоғамның негізгі таптарының күресі мен ынтымағына, олардың арасындағы күштердің арасалмағына ғана байланысты болады. Өз кезегінде, екінші сипаттағы субъектілер қосалқы субъектілерден (ұйымдар мен институттар), сондай-ақ тікелей субъектілерден (не ұйымдардың атынан, немесе дербес әрекет ететін шағын топтар, жеке адамдар) тұратынын атап көрсеткен жөн.

Әр түрлі қоғамдық таптар мен жіктерде жүретін бөліну процестері, саяси партиялардың ыдырауы, саяси жетекшілердің беделден айырылуы және басқа да осы тәріздес құбылыстар анағұрлым маңызды субъектілер белгілі дәрежеде өзінің маңызын жоятынын, ал кейбір туынды субъектілер маңызға ие болып, маңызды субъектілермен теңесетінін көрсетіп отыр. Саясаттың негізгі субъектілері үлкен әлеуметтік топтар болып табылады, себебі барлық негізгі таптар мен жіктердің мүддесін ескере отырып, солардың ішінде ең болмағанда біреуінің мүддесіне артықшылық бермейтін, оның қолдауына тәуелді болмайтын саясаттың болуы мүмкін емес.

Ірі қоғамдық топтар саясаттың бастапқы субъектісі болып табылады, өйткені олардың ішкі және өзара байланысы, даралануы, өзін-өзі танытуы, өзін-өзі ұйымдастырып, мақсатты іске жұмылдыра білуі нендей бір саяси ұйымдардың, қоғамдық институттардың, мемлекеттік органдардың пайда болуына алғышарттар жасайды. Олардың мүдделері саясаттың негізгі ба-



ғыттарынан, егестер мен ынтымақты қадамдардан, іс-қимылдар мен биліктердің тоғысқан тұстарынан айқын көрініс табады. Олардың талаптары мен қажеттіктері көрініс тапқанда ғана саяси партиялар, олардың сара бағыттары, бағдарламалары, жетекшілері, ұйымдасқан нысандары, қызмет әдістері тиімді жұмыс істей алады. Қоғамдық тірегінен айырылған ұйымдар мен идеологтердің тағдыры бұған нақты дәлел бола алады.

Екінші кезекті субъектілер шығу тегі жағынан да (өйткені олар ең алдымен белгілі бір топтардың сұранысына жауап ретінде пайда болады), атқаратын міндеті жағынан да (өйткені олар ірі қоғамдық топтарға қатысты қызметтік және атқарушылық міндет атқарады) басқы субъектілермен салыстырғанда туынды субъектілер болып табылады. Өздерінің міндеттерін жүзеге асыру әдісі бойынша олар бір-бірінен дербестігіне, белсенділігіне және тиімділігіне қарай ерекшеленеді. Осы тұрғыдан да олар екіншілік сипатқа ие болады (өйткені олардың білдіретін басқа топтың мүддесі қандай түрде жүктеледі немесе ол қандай жағдайда жүзеге асырылады деген мәселе туынды, екінші кезекті мәселе болып табылады).

Саясаттың екінші кезекті субъектілері жанама және тікелей субъектілер болып екі категорияға бөлінеді.

«Саясаттың жанама субъектілері» анықтамасы күрделі макро-қоғамдық құрылымдарға, әрекет аясы жалпыға бірдей әр түрлі институттарға (мемлекеттік органдарға, насихат институттарына, шіркеулерге және т.б.), сондай-ақ қоғамдық-саяси және тар өрісті саяси ұйымдарға (ең алдымен саяси партияларға), бұлардың ішінде әсіресе бұқаралық сипатқа ие болғандарына қатысты. Бұл жерде кейбір ұйымдар халықаралық деңгейде әрекет ететін қоғамдық қозғалыстардың құрамында жұмыс істеуі мүмкін.

«Саясаттың тікелей (тура) субъектілері» термині қоғамдық құрылымдарды (шағын топтар мен ұжымдарды, соның ішінде қоғамдық ұйымдар мен институттардың буындарын), сондай-ақ жеке адамдарды (индивидтерді) білдіреді. Шағын топтар мен жеке адамдар ғана қоғамдық оқиғалардың нақты қатысушылары және нақты іс-қимылдарды тікелей орындаушылар болып табылады. Кей жағдайларда олар ұжымдық әрекеттердің, бұқаралық іс-қимылдың дем берушісіне, ұйымдастырушысына және басқарушысына айналады.

Саяси ұйымдар мен институттар саясаттың жанама субъектілері болып табылады, өйткені олар таптар, жіктер, эт-

никалық топтар және т.б., сондай-ақ жеке адамдар мен ұйымдар арасын байланыстырушы, делдал ролін атқарады. Партияның, шіркеудің және армияның арқасында ғана жеке адамдар мен шағын топтар өздерінің ірі қауымдастықтармен байланысты екенін сезінеді. Осы институттар арқылы олар өз қауымының немесе басқа қауымдастықтың мүшелерімен қарым-қатынас орната алады.

Осы жанама байланыстар арқасында ірі қоғамдық топтар ұйымдасқан біртұтас құрылым және қауымдастық ретінде өмір сүреді, топ мүшелері белгілі бір билік орталықтарының төңірегіне топтасады, бұл жанама субъектілер адамдардың өзін қандай да бір қауымдастыққа жататынын сезінуіне, олардың мейлінше жұмыла, ынтымақты әрекет етуіне жағдай туғызады. Қарастырылып отырған ірі қоғамдық топтардың шағын топтардан айырмашылығы мынада: ірі топтар жеке адамдармен тікелей, ашық байланыс орнатады. Бұған саяси партиялардың міндеттері мысал бола алады.

Қоғамдық-саяси және саяси ұйымдар сондай-ақ аталған топтар мен басқа да қауымдастықтар арасында өзара қарым-қатынасты қалыптастыруда да делдалдық қызмет атқарады. Бұл ұйымдар таптарға, жіктер мен қауымдастықтарға олардың мүдделері мен мақсаттарын білдіру үшін ғана емес, таптар мен басқа да қоғамдық топтар арасында байланыстар орнату, ымыраластықтарға қол жеткізу үшін де қажетті құрал болып табылады.

Ірі қоғамдық топтар өздерінің мүдделері мен мақсаттарын жанама түрде – өзінің төңірегіне және қатарына осы топтың мүшелерін ғана емес, басқаларды да біріктіретін нақты мерзімге және белгілі бір шартпен өкілеттілік жүктелген ұйымдар арқылы жүзеге асырады. Бұл топтың мүдделерін тиімді қорғаудың шарты – ұйымның стратегияға, тактикаға және жұмыс әдістеріне қатысты қызметіне шек қойылмауға тиіс. Өз кезегінде, мұндай ұйымның пайдалы болуының негізгі шарты топ тарапынан ұйым жұмысына бақылау жасау болып табылады, ал ұйымның өзінің өкілеттігін өзгерте алу қабілеті де оның пайдалылығын көрсетеді.

Басшылық жасайтын топтар – саясаттың тікелей субъектілерінің ерекше түрі. Іс-қимылдың мақсатын осылар айқындайды, қызметтің нысандары мен құралдары туралы шешімдер қабылдайды, ұжымдық іс-қимылды «іске қосады», сондай-ақ өздері де кейбір қызметтерді жүзеге асырады (әсіресе билікке

катысты). Басшылық жасайтын топтар қандай да бір әлеуметтік топтардың өкілдері мен өкілетті адамдары белгілі бір дәрежеде бақылау жасап отыратын мүдделер мен максаттарды білдірушілер болып табылады. Олардың субъектілігі оған қожайынның – негізгі субъектінің қаншалықты дербестік бергеніне байланысты. Олар үшін өзінің қалауын (еркін) іске асырудың шарты – бастама көтеруі, тандау, ұжымдық іс-қимылды үйлестіру, өзінің еркін өзгелерге мойындата білу, оны жүзеге асыру.

Белгілі бір нысанда басшылық міндет атқаратын әлеуметтік топтардың, саясаттың тікелей субъектілерінің үш түрін бөліп көрсетуге болады:

1) Әлеуметтік қозғалыстардың және үлкен топтарға қарайтын ресми институттардың, мысалы, саяси партиялардың басшылық жасау орталығы;

2) саяси элиталар (соның ішінде билік басындағы жұртшылыққа аса танымал және саны жағынан көп элиталар);

3) азаматтық мүдделерді қолдайтын (қорғайтын) топтар.

Субъектінің басшылық қызметі объектіге бағытталады. Бұл топтардың, жіктердің және адамдардың саяси қызметінің саласына кіретін ерекше зат. Объекті субъектінің қызмет тынысын өзіне қабылдайды, ол соған мойынсұнады, бірақ өзара іс-қимылда енжар жағынан көрінбейді. Саясаттың объектісі мен субъектісі өзара әрекетке түседі, қайшылықтарды шешеді, өзінің мүдделері мен максаттарын жүзеге асырады. Басқару саласында басқарушылар мен басқарылатындар, яғни субъектілер мен объектілер болады. Көбіне басқарылатындар саясаттың субъектілеріне бақылау жасау құқығына ие болады. Ал саясатта көбіне екі шешуші күш әрекет етеді. Олар: мемлекеттің, партияның ұйымдасқан күші және халық бұқарасының стихиялық күші.

Саяси партиялар, мемлекет, халық бұқарасы, әлеуметтік топтар мен қозғалыстар қандай маңызды роль атқарса да, түптеп келгенде, басты субъекті жеке адам болып табылады, себебі осы топтардың, қозғалыстардың, партиялардың және басқа да ұйымдардың өзі нақты тұлғалардан тұрады және олардың мүдделері мен ерік-жігерлерінің өзара бірлесіп әрекет етуі арқылы ғана саяси процестің мазмұны мен бағыт-бағдары айқындалады. Демек, дамыған біртұтас қоғамдық құрылымның күші қанша қуатты болса да, «тек адам, шын мәніндегі, тірі адам ғана бәрін істейді, бәріне иелік етеді және бәрі үшін күреседі», – деп жазды Ф.Энгельс.

Әрбір адам саяси қызметпен және билікпен тікелей немесе жанама байланысты. Тіпті жеке адам өзін бейсаясатшымын деп санаса да, бәрібір ол саяси биліктің шешіміне көңіл бөлмей және оны орындамай тұра алмайды. Адамдарды саяси өмірге қатыстылығына қарай категорияларға бөлуге болады.

Бірінші топқа өзінің саяси мүдделерін толық түсінбейтін адамдар жатады. Олардың азаматтық белсенділігін, әдетте, сыртқы күштер (саяси институттар, еріксіз таңылған қоғамдық пікір, мәжбүрлеу) айқындайды. Мұндай топты саясаттың субъектісі ретінде тану тым қиын, тегінде, олар – саясаттың объектісі. Тіпті бұқараның, орындаушының роліне бейімделген, өзгенің еркіне бағынатын азаматтар да осы топқа кіреді. Бірақ бұған қарап бұл адамдар айналадағының бәріне немқұрайлы қарайтын жандар деуге болмайды.

Екінші топты өздерінің саяси мүддесін танып, түсінетін адамдар құрайды. Олардың азаматтық белсенділігі мемлекеттік және партиялық институттардың қызметімен тікелей байланысты. Бұлар, сөзсіз, саясаттың дербес субъектілері болып табылады.

Үшінші топ кәсіби немесе соған жақын қоғамдық-саяси қызметпен айналысатын адамдардан тұрады. Олар үшін саясат өмір сүрудің негізгі көзі болып табылады. Бұл топ саяси шешімдерді қабылдау саласында азаматтардың еркін білдіруді мақсат етеді.

#### 4-т а к ы р ы

### ӘЛЕУМЕТТІК ТОПТАР, ЭЛИТАЛАР МЕН ТАПТАР САЯСИ ҚЫЗМЕТТІҢ ОБЪЕКТИЛЕРІ МЕН СУБЪЕКТИЛЕРІ РЕТІНДЕ

Саясатты адамдар жасайды. Адамдардың саясатқа қатысуын олардың әр түрлі қажеттіктері туғызады, атап айтқанда, олар: өзін-өзі баянды етуді немесе мойындауды, қарым-қатынасты немесе өзін-өзі сақтауды, бостандықты қажетсіну немесе қамқорлық жасауды қажетсіну. Мүдделер, мақсаттар мен қисындар айрықша роль атқарады, оларды терең түсіну адамдарды әрекет етуге итермелейді, сонан соң оларды қоғамдық қозғалыстарға алып келеді және аталған мүдделер мен мақсаттардың қанағаттандырылуы немесе қанағаттандырылмауы көбіне адамның саясатқа қаншалықты деңгейде тартылатынына ықпал етеді. Ал адамдардың іс-қимылына дем беретін және оны алға

жетелейтін сансыз көп мақсаттарды, мүдделер мен ұмтылыстарды қалай іске асыруға болады? Бұл даралық (индивидуалдық) сипаттағы әрекеттер бұқаралық сипатқа ие болғанда, даралық әрекеті әлеуметтікке өзінше «теңескен» жағдайда ғана мүмкін болады. Бұл «теңесудің» заңды болуы мынаған негізделген: адамдардың шексіз сан алуан іс-әрекеттеріндегі, ұмтылыстарындағы, мақсаттары мен мүдделеріндегі ортақ, елеулі және тән белгілер мұнда да бар. Бұл ортақ белгілер материалдық қоғамдық қатынастардың пайда болуы нәтижесінде айқын көрінеді, осы қатынастардың негізінде әлеуметтік құрылымдар қалыптасады, ал жеке адамдардың іс-әрекеттері осы құрылымды құрайтын үлкен әлеуметтік топтардың іс-әрекеттерімен байланысып, бірігеді.

Демек, тұлғаның саяси процестің барысына әсер етуінің міндетті алғышарты даралық әрекеттің әлеуметтік әрекетке теңесуі, яғни, әрине, жеке адамдардан тұратын, бірақ олардың өзіне тән даралық, өзіндік ерекшеліктері мен белгілері ұқсамайтын үлкен әлеуметтік топтардың бөлінуі болып табылады. Саяси процесс – барлық жеке адамдар мен әлеуметтік қауымдастықтардың және олардың ұйымдарының, аса көрнекті тұлғалардың да қызметтерінің нәтижесі. Бірақ кімде-кім өзінің қоғамдағы орнын танып-біліп, қоғамдық маңызы бар мақсаттар мен мүдделерді басшылыққа ала отырып, оларды жүзеге асыру жолындағы күреске қатынасқан кезде ғана субъекті денгейіне көтеріле алады.

Саясатты оның субъектілері тұрғысынан талдау осы объективті саяси процеске қатынасатын нақты байланыстарды айқындауға, олардың қалай әрекет ететінін түсінуге, бұлардың әрқайсысының қоғамдық өмірді өзгертуге қосқан үлесін көрсетуге, соның ішінде аса маңызды әлеуметтік өзгерістердің қажеттілігін, мазмұнын, бағытын және қарқынын айқындайтын пәрменді субъектілерді бөліп көрсетуге мүмкіндік жасайды. Субъектінің анықтамасына сүйене отырып, субъектілерді олардың әлеуметтік құрылымдағы орнын және қалыптасу ерекшеліктерін ескере отырып, жүйелі топтастыру керек. Осы белгілеріне сәйкес тұлғаны, әлеуметтік топты және үлкен әлеуметтік топты және қауымдастықты саясаттың субъектісі ретінде көрсетіп қана қоймай, әр түрлі әлеуметтік топтарға да сипаттама беруге болады.

Олардың біріншісіне қоғам дамуының табиғи-тарихи процесі барысында ғана пайда болатын және жойылатын

адамдардың әлеуметтік-тарихи қауымдастығының (әлеуметтік жіктер, таптар, әлеуметтік-этникалық қауымдастықтар) топтары (әр түрлі белгілері мен мүдделері бойынша қалыптасқан) мен әлеуметтік ұйымдар (отбасылары) жатады. Екінші топты адамдардың тұрақты бірлестіктері құрайды, бұл бірлестіктерді олардың мүшелерінің өзі саналы түрде құрады немесе оларға үстем таптар немесе басшылық саласындағы адамдардың тобы құрылтайшылық жасайды.

Саяси процестің әр кезеңіндегі әр түрлі әлеуметтік субъектілердің нақты-тарихи арақатынасын, әрбір субъектінің әлеуметтік ролінің оның қоғамдағы жағдайымен, қажеттіктерімен және мүдделерімен, өзінің қоғамда алатын орнын танып-білу деңгейімен байланысын зерделеу қажет. Тиісінше, халық бұқарасының, таптың саяси қимыл объектісінен оның субъектісіне айналу заңдылығын, сонан соң осының негізінде сапалы іс-қимыл ролінің артуын, саяси процестің кең ауқымды өрістеуін де атап көрсету керек. Бірлескен саяси іс-қимылды жүзеге асыруда стихиялық болмауы үшін жай сана ғана емес, саналылық пен ұйымшылдық, ерік-жігер, табандылық пен дәйектілік қажет.

*Шағын топтар.* Жеке адамдар (индивидтер) тұрақты бірлестіктерге кіреді, олар әр түрлі нысандар мен түрлерде әрекет етеді. Құндылықтары мен мүдделері ортақ, өзара байланысты және әлеуметтік институттармен қатынас орнатқан адамдардың құрамын жеке топ деп атауға болады. Алайда, жеке адамдар өздерінің бүкіл тұлғалық ерекшелерін түгелдей көрсете бермейді. Өзінің осы топтағы әлеуметтік роліне қатыстыларын ғана көрсетеді. Ал топ моральдық және адамгершілік принциптерін айқындайды, бұл принциптер топқа кіргендердің іс-әрекеттерінен көрініс табады. Мысалы, студент өзінің мінезімен, іс-әрекетімен студенттер қауымына лайықты болуға тиіс. Топтық мүдделері мен қызмет ету әдістерін тұлғаның саяси қызмет саласы айқындайды. Бұл тұрғыда топ саясаттын бірінші кезекті субъектісі, ал оның мүшелері екінші кезекті және туынды субъектісі болып табылады.

Қауымдастықтың тәжірибесі мол, танымал тұлғаларын *референттік (кеңесші) топтар* деп атайды. Олар бір мезгілде екі міндет атқарады. Біріншісі – нормативтік, мұнда олар тұлғалардың іс-қимыл нормалары мен дағдыларын таратушылар ролін атқарады, екіншісі – салыстырмалы, бұл міндет арқылы адам өзінің іс-әрекетін топтың жалпы жұмысымен салыстырады.

Демек, референттік жеке тұлға да, әлеуметтік орта да болып табылады. Референттік топ арқылы тап жеке тұлғаларға өзіндік билік орнатады.

*Мүдделері бойынша топтар:* Бұл топтардың мүшелері белгілі бір шешімдерді жүзеге асыру мақсатында ынтымақтасады. Бұл адамдарды немесе жекелеген топтарды біріктіретін ұйымдарды басшылықтың ерікті түрде немесе амалсыздан қабылдаған қолданылып жүрген заңдарына сәйкес ортақ мүдделері мен ортақ қызметтерін терең түсініп, білуі байланыстырады. Саясаттанушылар оларды төмендегіше жіктейді:

1. *Қызмет мақсаты.* Мүшелері тиісті саяси шешімдерді жүзеге асыру жолымен қажетті іске қол жеткізу мақсатында ынтымақтасатын топтарды жіктеу мыналарды қамтиды:

а) экономикалық мүдделері бойынша топтар:

– негізгі емес (кооператив мүшелері, тұтынушылар, шаруалар, ұсақ кәсіпкерлер, еркін кәсіп өкілдері және т.б.);

– жұмыс істеушілер (кәсіптік одақтардың орталықтары);

– концерндердің, трестердің, синдикаттардың өкілдері болып табылатын капиталистер, менеджерлер, бұлардың саяси маңызы мемлекеттен тыс жерлерге де белгілі болады;

б) саяси мүдделері бойынша топтар, бұлар белгілі бір саяси мақсатты көздейтін ұйымдар болып табылады, бірақ олар партиялармен байланысты болмайды (діни, мәдени, гуманитарлық, экологиялық және антиядролық бағыттағы бірлестіктер).

2. *Қызмет орны.* Саяси билік құрылымына күштерді орналастыратын жері бойынша (АҚШ-тың қысым жасау жүйесі, Италия мафиясы, үкіметтік дотацияға қол жеткізетін әрі өзін-өзі басқаратын ұйымдар).

3. *Қызмет түрі.* Топтық мүдделер аймақтардың, діни сенімдердің, жіктердің және таптардың шегінде қалыптасады. Экономикалық және басқа мүдделерді үйлестіру нәтижесінде олар саяси сипатқа ие болады.

4. *Қызмет әдістері.* Бұл топ мейлінше пәрменді, ашық және ресми әрекет етеді немесе ол заңды және ресми емес әдістерді (масондық құпия әрекеттер, террорлық ұйымдар) пайдалана отырып, орталық билік аппаратына қысым жасайды.

*Қысым жасау топтары.* Олар латентті (жасырын) саяси күш болып табылады. Ол қайсыбір жағдайларда тосыннан немесе бірте-бірте аса белсенді факторға айналуы мүмкін. Әдетте саясаттануда мұндай топтарды жеке адамдардың шоғыры ретінде көрсетеді, олар ортақ мүдденің ықпалымен өз талаптарын

білдіреді, қоғамдық өмірдің басқа салаларына қатысты өздерінің қарсы пікірлерін тікелей немесе жанама түрде айтады. Тиісті жағдайда олар саяси күштер, партиялар, саясаттанған қозғалыстар ретінде саяси оқиғалардың алдыңғы легінен көріне алады.

Кейбір кәсіби ұйымдар өз ниеттестерінің қолдап, дем берумен өмір сүріп тұрған билікке қарсы билік құрамын құра алады. Белгілі бір қызмет саласындағы ықпалды адамдардың тобы саясатты жүзеге асыру ісінде мемлекеттік билікпен «жарыстас» болуы мүмкін.

Кәсіподақ күштері қоғамның топтары мен жіктерге белгілі бір бөліну кезеңінде пайда болады. Кәсіподақтар Англияда XVIII ғасырдың соңында пайда болып, өнеркәсібі дамыған елдерде жалдамалы қызметкерлердің еңбек пен тұрмысқа қатысты мүдделерін білдірушілер ретінде бірте-бірте қалыптаса бастады. Кәсіподақтар еңбекшілердің (кәсіподақ мүшелерінің ғана емес) әлеуметтік-экономикалық мүдделерін қорғауды, олардың мәдени деңгейін көтеруді алдарына мақсат етіп қойды.

Кәсіподақтар кей елдерде өзінің қызметінде жұмысшы табына сүйенетін саяси партиялармен ынтымақтаса жұмыс істейді. Бұл орайда қоғам өмірінде аса зор роль атқарады. Кәсіподақтар еңбекшілердің мүддесін қолдап, қорғаса, ал үстем таптар белгілі бір басқару жүйелерін қалыптастыру, әлеуметтік жік ретіндегі элита жетекшілерінің тобын құру жолдарымен өздерінің мүдделерін қорғайды.

Кез келген әлеуметтік құрылымның қажетті құрамдас бөлігі артықшылыққа ие жоғары тұрған жік немесе басқару міндетін жүзеге асыратын жік — элита болып табылады, ол жалпы мемлекеттік шешімдерді қалыптастырады және оларды үстем таптын атынан оның басым бөлігінің, сондай-ақ адамдардың қалған бөліктерінің мүдделері үшін қабылдайды деп дәлелдейтін көзқарастар бар. Үстем таптын билеуші элитаға деген көзқарасы айқын. Олардың арасындағы өзара байланыстың үш негізгі түрі бар:

- 1) түптеп келгенде, саяси процестің мүдделердің әлеуметтік топтар арасында таралуына, үстем таптардың мүдделеріне тәуелді болуы;

- 2) билеуші элиталардың үстем мүдделерінің көзқарасын нығайтуға ұмтылуы;

- 3) үстем мүдделер мен билеуші элиталар тәжірибесі арасында тактикалық мәселелерге де, ұлттың ортақ мүдделер ма-



нызының артуына байланысты да белгілі бір келіспеушіліктің тууы.

Белгілі бір көзқарастар жүйесі ретінде элиталар теориясын Парето, Моска, Михельс тұжырымдады. Олар тарихты белгілі бір элита түрлерінің үстемдігімен сипатталатын әлеуметтік кезеңдердің жиынтығы ретінде қарастырады. Әлеуметтік өмірдің негізі тенсіздік болып табылады. Саяси қатынастардың және ең алдымен үстемдік ету мен бағыну қатынастарының абсолюттігі жөніндегі ілімнің бастау қағидасы, халық егемендігі идеяларын сынау осыдан туындайды.

Билеуші элиталар жөнінде белгілі бір саяси мектептер қалыптастырған бірнеше тұжырымдамалар бар. Олар — макиавеллдік тұжырымдама, элиталардың құндылық теориясы, «элиталардың демократиялық үстемдігі» тұжырымдамасы, элиталардың міндеттілік теориясы. Элиталар сонымен қатар саяси, бюрократиялық, экономикалық, әскери, және идеологиялық болып бөлінеді, бұлар мемлекеттік шешімдер қабылдау процесінде айрықша міндеттер атқарады. Билеуші элиталардың қалыптасуы бірқатар жолдармен: өкілеттік беру, тағайындаулар, қолдаулар арқылы жүзеге асады. Әдетте, билеуші элита — өзіндік мәртебеге ие, психологиясы да өзгеше, мінезқұлқы инабатты адамдардың тұрақты тобы. Сонымен қатар бұл элитаның ұзақ өмір сүруі оның ашықтығына, яғни өзінің қатарына үстем ғана емес, үстем емес те жіктердің аса білікті өкілдерін мемлекеттік шешімдерді қабылдау процесіне қатысуға тарта білу қабілетіне байланысты. Үстем таппен салыстырғанда билеуші элита шалымды, ширақ және реформалық өзгерістер жасауға бейім келеді.

Қоғамның элитарлық құрылымы жөніндегі тұжырымдамалардағы талдамалық және нормативтік көзқарастарды ажырата білу керек және «элиташы» терминін қоғамды элитаға және бұқараға бөлуді мәңгілік әрі табиғи құбылыс ретінде қарайтындарға, элиталық қоғамнан белгілі мұратты көретіндерге қолданған жөн. Миллс қоғамның элита мен бұқараға бөлінуін мойындай отырып, соның негізінде буржуазиялық демократияның сипатын ашып көрсетеді, оның мұраты — антиэлитарлық. Элиташылар элитаның бөліну процесін қоғамның әлеуметтік саяси және мәдени өмірінің тиісінше дамуы, өркениеттің белгісі ретінде көрсетуге ұмтылады.

Элитаның биліктен айырылуын немесе әлсіреуін қоғамның қауіпті дертке ұшырауы, өркениетке төнген қауіп деп біледі.

Элитизмнің қағидаты: адамзат барлық кезде үстем және езілуші таптарға бөлінуге тиіс, көпшілік өздерін кімнің билейтінін таңдаудан басқа келешекте ештеңеге де қол жеткізбейді. Элитизм саяси қатынастармен саяси билік әлеуметтік қатынастардың алғышарты және негізгі жиынтық көрінісі деген қағидаға сүйенеді. Бұл көзқарас тұрғысынан алғанда, қоғамды басқару барлық кезде саяси сипатта болады, басқаруды бүкіл қоғам жүзеге асырмайды, бұл міндетті сөзсіз, тіпті таза техникалық себептермен, билікті азшылық атқарады (Михельс). Бұл азшылық басқару міндетін жүзеге асыра отырып, ең алдымен өзінің жетекшілік жағдайын нығайтады, үстем азшылық ретінде өзінің орнығуын ойлайды. Себебі элита ретінде танылуы бірқатар – мүлдіктік, мәртебелік және басқа артықшылықтарға ие болумен байланысты, осы артықшылықтарды қорғау үшін «таңдаулы азшылық» біршама ірі немесе шағын топ болып бірігеді (билікті жоғалтып алу қорқынышы артықшылыққа ие топтың мүшелерін бір-біріне берік байланыстырады). Элита белгілі бір топтың мінез-құлық нормаларын жасайды, осылайша «артықшылығы жоқтардың» топқа енуіне және олардың құзырына қол сұғуларына жол бермейді. Элитаның басты үстемдік ету құралы мемлекет болып табылады, элитаның өкілдері мемлекеттік органдарда шешуші қызметтер атқарады, сондықтан Москва элитаға «мемлекеттік тап» деген атау берді.

Жекелеген элиташылар осы бағытты одан әрі жалғастыра отырып, элитаны билеуші таппен теңестіреді. Парето, Москва теориялары марксизмге қарсы екендігіне қарамастан, қазіргі элиташылар олардың еңбектерінде маркстік ықпалдың салқыны бар екендігі жөнінде жазып, бұл жүктен «толықтай» арылуға шақырып жүр. Мангейм бұл терминді таптық мазмұнынан «тазартуға» алғаш әрекет жасады, қазіргі заманғы «ұйымдастырушылық» теориясы элитаны басқару міндетін жүзеге асыратын «таптан тыс жік» ретінде қарастырады.

Шумпетердің нарық жағдайындағы демократия жөніндегі тұжырымдамасында элитаны өзінің бағдарламаларын бұқараға «сатуға» алып шығады, ал бұқара (сайлауларда) ол бағдарламаларды сатып алады немесе қабылдамай тастайды деп көрсетеді. Мангейм: демократия элита мен бұқараның қарым-қатынасын жақсартады ма? деп сұрақ бере отырып, демократияның айрықша белгісі – биліктің көзқарасын қолдайтын ашық элиталарға және элита мен бұқараның аса тиімді демократиялық қарым-қатынасына қатысты бәсеке деп жауап береді. Италиян

әлеуметтанушысы Боббио элитизм мен демократия ымыралас, себебі «өзін-өзі басқару мен жоғары халық билігіне тіпті де ұқсамайды» деп көрсетеді. Лассуэлдің «элита» термині «қатарынан лидерлер шығып, саясатқа тартылатын әлеуметтік жікті анықтау үшін» қолданылады және демократия олигархиядан элитаның ашықтық сипатымен» ерекшеленеді дейтін қағидасы кең тараған.

Даль Миллсті сынай отырып, батыс қоғамын элитаның емес, полиархияның үстемдігі орнаған қоғам ретінде қарастырады. Қоғамда мамандандырылған элиталардың кешенді жүйесі өмір сүреді. «Оның үстіне элиталар плюрализмі осы заманғы қоғамдар плюрализмінің» көрінісі болып табылады, алайда элиталардың бәрі бірдей ықпалды емес, оны әдетте «билік етуші», саяси элита деп атайды; ол «стратегиялық элиталар» деген терминді енгізді.

Элиталар плюрализмі теориясы «саяси ықпал жасау» теорияларымен алмаса отырып, өз кезегінде, әлеуметтік биліктің саяси және басқа нысандарының күрделі байланысын есепке алады, саяси шешімдерді ресми саяси құрылымдардан тыс қабылдау (билеуші тап тобы) негіздеріне, көптеген топтардың мүдделері есепке алынатын саясатты жасау процесінің күрделілігіне, лоббизм (қысым жасау) жүйесіне ерекше мән береді.

Элита теориясын әлеуметтік процестің тұтастай мәнін ашып берді деуге болмайды: элитаның бір бөлігі бұқара деп дәлелдей отырып, олар тарихтың қозғаушы күші ретінде «жоғары жікке» баса көңіл бөлді, осының өзі-ақ оларды бір жақтылыққа әкеп соқтырады; ал «бұқаралық қоғам» теориялары дүниені элитарлық тұрғыдан тану тұрғысында қоғамға тұтас жүйе ретінде талдау жасау міндетін орындайды.

«Бұқаралық қоғам» теориясының тікелей ізашары Ницше болған еді, бұдан былай басты рольді бұқара атқарады (ал ол барлық қатардағы жандар алдында бас иеді) деп көрсетті ол. Бұл теорияның алғашқы біртұтас ілімі «аксүйектік» ілім немесе Х.Ортега-и-Гассеттің «Бұқараның көтерілісі» кітабында баяндалған консервативтік нұсқа болды. «Жақсылықты білмейтін» бұқара элитаның соңынан ерудің орнына, басқаруға қабілеті жоқ болса да, билікке ұмтылуда. Элитаны оның дәстүрлі саласынан – саясаттан, мәдениеттен және т.б. шеттеуге тырысуда, бұл ХХ ғасырдағы дағдарыстардың себебі болып табылады.

Бұл теория бірнеше нұсқаларға бөлінді, ақырында «бұқаралық қоғамдық» «позитивтік» тұрғыдан түсіндіру нұсқасы пайда болды, мұнда «бұқаралық қоғам» әлеуметтік қатынастардың белгілі бір түрлерінің үлгісі ретінде, қоғамның әр түрлі жіктері арасында биік мәртебелі келісімге қол жеткізген, ал бұқара элитаның құндылықтары мен идеяларын айтарлықтай деңгейде қабылдаған (Мартиндейл), экономикалық, әлеуметтік және саяси бір тектілікке жету бағытын ұстанған осы заманғы жоғары мамандандырылған (Парсонс) қоғамға тән ұйым ретінде қарастырылады.

«Бұқаралық қоғам» әдетте әлеуметтік жүйелердің байланысы дегенді білдіреді, бұл байланыстың ішінде жеке тұлға әлеуметтік мақсатқа бұқараның элементі ретінде ғана қатысты болады; ұсақталған, өзіндік ерекшелігінен айырылған адамдардан тұратын бұқара мен әлеуметтік мақсат арасында қайшылықтар туады. Бұл қоғамда индивидуализм идеологиясы (еркін бәсеке қоғамына тән) бюрократиялық жалған ұжымшылдық идеологиясымен (этикамен де) алмасады, мұнда бюрократиялық қоғамның дағдылары мен ұстанымдарын қабылдауға дайын, әлеуметтік ізденіске ынтасын жоғалтқан, ымырашыл, тұтыну үшін ғана өмірге келген «көңілді роботтың» өмірлік мұраты үстем болады.

«Бұқаралық қоғамға» «элита» мен онай қармаққа ілігетін «элита еместердің» қоғамы, мұнда жаппай белсенділік өмірлік орталықтарға басып кіруге әкеп соқтырады деп анықтама бере отырып, Корнхаузер қағиданың шын сырын: әңгіме бұқараның саясатқа басып кіруі жөнінде болып отырғанын ашты. Оның бағдарламасы – элита мен бұқараны бір-бірінен оқшаулауды күшейту, олардың арасына «аралық топтардан» тосқауыл қою. «Бұқаралық қоғамға» балама ретінде «плюралистік» қоғам теориясы ұсынылады, бұл қағида бойынша, адамдар көптеген топтарға (әлеуметтік жіктерге, ұйымдарға, одақтарға) бірігеді; буржуазиялық демократияның ғажайып бейнесі жасалады; мұнда әлеуметтік бөлшектенуге жол берілмейді-міс, бұқара оқшау топтардың жүйесі арқылы элитаның жүгенсіздігінен қорғалады, бұқараның әлеуметтік бас көтерулерін туғызатын себептер жойылады, олардың саясатқа тікелей араласу мүмкіндіктерінің әсіресе «көсемдердің бәсекесі» мен элитаның реформа жасау қызметінің өзгеруіне әкеп соқтыратын революциялық қозғалыстардың жолы кесіледі.

«Бұқаралық қоғам» теориясы әлеуметтік құрылым ретінде пайда болады, мұнда жеке тұлға қуыршақ деңгейіне дейін төмендетіледі, бұл қоғамда ол белсенді әлеуметтік субъекті бола алмайды, керісінше, өзін ешкім жауап бермейтін әлеуметтік процестің құрбаны ретінде сезінеді. Екінші жағынан адамдардың мәдени деңгейі, ақпарат көлемі, техникалық жарактануы өседі. Бірінші жағынан, ол әлеуметтік жағдайлардың құлдығына бұрынғыға карағанда анағұрлым көбірек түседі, бұл жағдайлардың алдында өзінің дәрменсіздігін сезінеді де, бұдан шығар жол осы қоғамның талабын мойындап, «ағынмен ыға беру» деп түсінеді, сосын ымыраласа жүріп, қоғам ішінде өз мансабын жасауға ұмтылады.

Қоғамда өзінің алатын орнына, мүддесі мен ұмтылыстарына қарай әр алуан әлеуметтік топтар немесе таптар болатыны қашаннан белгілі. Олардың шығу тектері жөнінде әр түрлі көзқарастар өздерінше түсіндіруге тырысты. Бірқатары олардың шығу көзін адамдардың рухани қасиеттерінен, психологиялық ерекшеліктерінен немесе діни көзқарастары мен дүние танымдарынан, ал екіншілері әл-ауқаттың деңгейінен іздеді. Шын мәнінде, таптардың шығу тектері қандай, олардың түп бастаулары неде жатыр?

Қоғамды жеке адамдардың жай жиыны, олардың әр қайсысы тәуелсіздік құқығына ие дейтін идея ұзақ уақыт үстем болды. Бірақ бұл идея тым қарапайым еді, ол қоғамның шынайы құрылымын ашып көрсете алмады. Қоғамның кейбір түп бастауларын табуға басқа да әрекеттер жасалды. Мысалы, Руссо: «Барлық қоғамдардың ішіндегі ең ежелгісі және бірден-бірі — отбасы», — деп жазды. Оның пікірінше, отбасы саяси қоғамның алғашқы үлгісі болып табылады: «...билеушісі — әке сияқты, халық — балалары, және бәрі де тең және бостандықта дүниеге келген, егер адам өзінің бостандығын біреуге берсе, ол мұны өзінің пайдасы үшін ғана жасайды». Бірақ саяси қоғам, яғни саясат адамдардың қарым-қатынасы мен саяси биліктің саласы болып табылатын қоғам отбасы шыққаннан кейін сан мыңдаған жылдардан соң пайда болды.

Материалистік көзқарас тұрғысынан алғанда, экономикалық, саяси және идеологиялық қатынастардың нақты-тарихи жүйесінің әлеуметтік өкілдері әлеуметтік таптар болып табылады. Белгілі дәрежеде таптар әр түрлі қоғамдық қатынастардың шешуші факторы да болып табылады. Бұдан мынандай қорытынды жасауға болады: таптық қоғамда таптық қатынас-

тардың сипаты қоғам өмірінің барлық саласы мен деңгейін айқындайды, таптар қоғамның саясатына да, идеологиясына да ықпал етеді. Таптарды зерттеудегі материалистік көзқарас таптар мен таптық қатынастарды, олардың құрылымдарын, әлеуметтік міндеттері мен генезисін жан-жақты қарастыруға мүмкіндік береді. Қоғамның әлеуметтік-таптық құрылымы адамдардың тұрақты қауымдастығының жиынтығын: таптарды, әлеуметтік жіктер мен топтарды білдіреді; бұл әлеуметтік қауымдастықтар арасындағы және олардың ішіндегі өзара байланыс пен өзара іс-қимылдар әлеуметтік-таптық қатынастарды құрайды.

«Әлеуметтік-таптық құрылым» ұғымы «таптық құрылымнан» кеңірек ұғым. Өзінің мазмұны жағынан «әлеуметтік құрылым» ұғымы бұдан да кеңірек. Ол өзіне әлеуметтік-таптық, әлеуметтік-этникалық (ұлттық), әлеуметтік-демографиялық, әлеуметтік-кәсіби және басқа құрылымдық шағын жүйелерді де қамтиды.

«Тап» ұғымы «разряд» деген ұғымды білдіреді. Адамдарды тапқа алғаш Рим императоры Сервий Туллий бөлді. Рим тұрғындары адамдардың мүліктік жағдайына сәйкес бес тапқа бөлінді. Кейінірек «тап» ұғымы кең тарай бастады. Бұл ұғым адамдардың үлкен топтарын білдіреді, олардан қоғам бөлінді. Платон мен Аристотель адамдардың билеушілер мен езілушілерге бөлінуін табиғи нәрсе ретінде мойындай отырып, олардың арасындағы күреске көптеген саяси және тарихи процестер мен құбылыстар себепші болатынын көрді.

Қоғам таптарға бөлінген кезден бастап таптық бөліну, таптық қатынастар, таптық тұрғыдан бағалаулар қоғам өмірінде зор роль атқара бастады.

Қоғамның таптарға жіктелуінің негізгі алғышарты екі процестің: өндіргіш күштер мен еңбек бөлінісінің дамуы болды. Бұл екі процестің өзара тығыз байланыстығы соншалық, олар жөнінде сөз болғанда, іс жүзінде, бір құбылыстың өндіргіш күштердің жалпы ілгерілемелі дамуының екі жағы жөнінде айтылады. Адамдардың әлеуметтік жіктерге бөлінуі аталған жалпы дамудың нәтижесі ретінде көрінді, бөліну тереңдеген сайын белгілі бір таптың қалыптасуы да соншалықты жеделдей түсті. Тарихқа белгілі еңбектің алғаш ірі бөлінуі жалпы тайпалар қауымынан мал өсіретін тайпалар бөлінген кезде болды, сөйтіп мал өсірушілер мен диқандар арасында

тауар алмасу басталды, бұл қоғамдық байлықтың молаюына және адамдардың әлеуметтік жіктелуіне жағдай жасады.

Екінші бұдан да ірі еңбек бөлінісі егіншіліктен ұсақ кәсіпшілердің бөлініп шығуы арқылы жүрді. Бұл алмасуды айтарлықтай жеделдетіп, адамдардың экономикалық теңсіздігін тереңдете түсті. Осы бағыттағы келесі қадам ой еңбегінен дене еңбегінің бөлінуі болды. Бұл еңбек түрлерінің арасындағы қарама-қарсылық бүкіл таптық-антагонистік қоғамдардың айқындаушы белгісі болды. Таптардың шығу тегінің түп бастаулары, олардың генетикалық негіздері, міне, осындай.

Қоғамның таптарға бөлінуінің ерекше маңызы мынадан көрінеді: оның негізгі өндіріс құрал-жабдықтарына базистік меншік қатынастары болып табылады. Феодалдық меншік және оған сәйкес келетін рента нысандары феодалдық қоғамды оның негізгі екі табына — шаруалар мен помещиктерге бөлді, олардың қарым-қатынастарының сипатын, қанау нысандарын айқындады. Буржуазиялық жеке меншік қоғамды буржуазия мен пролетариатқа бөлді.

Марксизм қоғам дамуына материалистік көзқарасты, нақты-тарихи жағдайды негізге ала отырып, өзінің таптар теориясын жасады. В.И. Ленин К.Маркс пен Ф.Энгельстің еңбектеріне сүйене отырып, өзінің «Ұлы бастама» деген еңбегінде қоғамдық таптарға: «белгілі бір тарихи қоғамдық өндіріс жүйесіндегі орнына қарай, өндіріс құрал-жабдықтарына қатынасына қарай, еңбекті қоғамдық ұйымдастырудағы роліне қарай, демек, өздеріндегі қоғамдық байлықтан тиісті үлесті алу әдісі мен мөлшері бойынша бөлінетін адамдардың үлкен тобын таптар деп атайды. Таптар — бұл адамдардың мынандай топтары: олардың бірі өздерінің белгілі бір қоғамдық шаруашылық укладындағы орындарының айырмашылықтары арқасында басқанын еңбегіне иелік етеді», — деп анықтама берді.

Таптық қатынастарға талдау жасаған кезде таптар арасындағы айырмашылықтарды ғана емес, таптар ішіндегі айырмашылықтарды да ескеру керек. Тап ішіндегі құрылымды білу таптың өмір сүруінің материалдық жағдайларын, оның мүдделерін, әлеуметтік және саяси іс-әрекеттерін толықтай түсінуге мүмкіндік береді. Сол таптық құрылымдағы кейбір элементтерді құрамы жағынан некен-саяқ деуге болады. Қайсыбір жағдайларда тап ішіндегі қатынастар, түптеп келгенде, әлеуметтік даму үшін негізгі таптар арасындағы қатынастар шешуші болып табылса да, қоғам өмірінде елеулі маңызға

ие болады. Тап ішіндегі құрылымның маңызын асыра көрсету таптар арасындағы қатынастарды дұрыс бағаламауға әкеп соқтыруы мүмкін. Жұмысшы табының құрылымы объективті қалыптасады. Тап ішіндегі құрылымдар көрініс табатын ұғымдар тура мағынасында қолданылуға тиіс. Бұл ең алдымен бөліну (дифференциация) және құрылым сияқты ұғымдарға қатысты, кейде олар синоним ұғымдар ретінде қолданылады. Соған қарамастан оларды ажырата білу қажет. Жұмысшы табының бөлінуін табиғи және әлеуметтік деп бөліп көрсетуге болады. Біріншісі оның табиғи айырмашылығынан (жасы мен жынысына қарай) туындайды.

Таптық қоғамда табиғи айырмашылықтар әлеуметтік сипатқа ие болады. Қоғамдағы әлеуметтік бөлініс — бұл процесс, осы процестің нәтижесінде өндіргіш күштердің қол жеткен даму деңгейі негізінде белгілі бір тап жіктер мен топтарға бөлінеді. Бұл бөліну қоғамдық еңбек бөлінісі, өндірістің күрделенуі, онда барған сайын жаңа салалардың пайда болуы салдарынан күшейе түседі. Қандай да бір таптың әлеуметтік бөлінуін зерттеу арқылы сол тапты құрайтын жіктер мен топтардың сипатын ашып, олардың мүдделерін білуге болады. Бұл тұрғыда таптың, соның ішінде жұмысшы табының да бөлінуі оның құрылымының қалыптасуына негіз болады. Белгілі болғанындай, құрылым жүйе элементтерін бір-бірімен байланыстыратын қатынастардың саны ретінде түсініледі.

Әрбір қоғамда таптармен қатар әлеуметтік топтар да өмір сүреді. Олар өздерінің қоғамдық өндіріс жүйесіндегі жағдайына қарай және өздерінің меншікке деген көзқарасы бойынша қандай да бір таптың құрамына кірмейді, керісінше, әлеуметтік жіктерге, сословиелерге, касталарға бірігеді. Сословиелік ұйымның айқын мысалы феодалдық қоғам болып табылады, мұнда адамдар экономикалық және құқықтық жағдайлары бойынша бөлінеді. Мысалы, ірі жер иесі өндіріс құрал-жабдықтарының меншік иесі ретінде таптық, ал дворянин сословиелердің өкілі болып табылады. Сословиелерге тән сипат — томағатұйықтық және олар қатаң иерархиялық құқықтық нормалармен бекітілген қағидат бойынша құрылады.

Қазіргі қоғамның әлеуметтік құрамына негізгі таптармен қатар белгілі бір әлеуметтік топтар да кіреді, бұл топтарға интеллигенция мен қызметшілер жатады. Қоғамның таптары мен басқа да топтары арасындағы шекара салыстырмалы, ауыспалы. Бұл жекелей алғанда әрбір қандай да бір таптың, қандай да



бір әлеуметтік топтың өкілі үшін өзіндік «әлеуметтік қоныс аударуына» мүмкіндік бар деген сөз. Мысалы, интеллигенция қоғамда әр түрлі әлеуметтік жіктерден немесе таптардан қалыптасатыны белгілі. Оның ролі сан қырлы. Ол интеллигенция мақсат-мүддесін қолдайтын белгілі топтың өзін-өзі тануының қалыптасуы барысында, оның идеологиясын жасаудан көрінеді.

Тарихи процестің субъектісі ретіндегі таптың ролі туралы мәселені шешу кезінде таптардың бірінші, яғни экономикалық белгілерімен қатар олардан туындайтын саяси, ал бұдан да тар мағынасында идеологиялық белгілерді де талдау қажет. Тарихты жасаушы кім деген сұраққа сана-сезім, ұйымшылдық, ерік-жігер, ынта, күш-қайрат сияқты факторларды есепке алғанда ғана дұрыс жауап беруге болады.

Таптың қалыптасуында субъективті фактор: таптың өзінің түпкі мүдделерін жете түсінуі және олардың өздерінің ұйымдарын, саяси партияларын құруы елеулі роль атқарады. Әлі өзінің мүдделерін толық танып-білмеген тап – бұл өз ішіндегі тап. Өз мүдделерін танып-білген және ұйымдасқан ол «өзі үшін» тапқа айналады. Бұл таптың дамуы ол өзін-өзі тану деңгейіне көтерілуге тиіс дегенді білдіреді, яғни ол өзін тап – басқа тапқа қарсы тұра алатын күш ретінде тануға тиіс.

«Өз ішіндегі тап» және «өзі үшін тап» ұғымдарында олардың әлеуметтік-тарихи ролі және басқа таптар мен әлеуметтік топтарға қатынасы айқын көрінеді.

«Өз ішіндегі» тап ұғымы таптардың тарихи дамуының таптық бүкіл объективтік белгілері айқын көрінген, бірақ ол әлі өзінің мүдделерін және басқа таптардың мүдделерімен қайшылықтарды жете түсінбеген сатысын көрсетеді. Оның әлі қалыптасқан идеологиясы, дербес қоғамдық-саяси бағдарламасы, саяси ұйымы, басшы кадрлары және т.б. жоқ. Тарихи даму барысында толықтай қалыптасып болған, өзінің мүдделерін танып-білген, белгілі бір дәрежеде ұйымдасқан және тап күресіне дайын болған кезінде ол «өзі үшін» күресетін тап ретінде көрінеді. Марксизм үшін жұмысшы табының тарихтың субъектісі ретінде, ал оның ең таңдаулы өкілдері жұмысшы табының саяси партиясында қалыптасуы тарихи қажеттікті тану үшін шешуші фактор болды. Мысалы, «Коммунистік партияның манифесінде» пролетариатты тап ретінде ұйымдастыру оны саяси партияға ұйымдастырумен тікелей байланысты деп атап көрсетілген, «жұмысшы табы айрықша саяси партияға ұйымдасқанда ғана тап ретінде әрекет ете алады». Маркстік

теорияға сәйкес, тап күресінің негізгі үш нысаны бар. Олар — экономикалық, саяси және идеологиялық күрестер. Тарихи жағынан біріншісі қаналушы таптардың біршама стихиялық күрес нысаны экономикалық күрес болып табылады, яғни бұл ең алдымен еңбек жағдайын жақсарту жолындағы күрес болды. Ол барлық кезде де еңбекшілердің қалың бұқарасын камтиды және олардың саяси белсенділігін оята және таптық сана-сезімнің өсуіне өріс аша отырып, қалың бұқараға тап күресінің бастауыш мектебі ретінде қызмет етеді. Экономикалық күресте ғана таптың өздерінің мүдделері мен мақсаттарын тікелей танып-білуі жүреді, оның ұйымының нысаны қалыптаса бастайды, таптық ынтымақтастық, намыс, ар-ождан және жауапкершілік сезімдері жетіледі. Алайда, күрестің бұл нысаны көксеген бостандыққа қол жеткізбейді, өйткені бұл, шын мәнінде, қаналушы бұқараның экономикалық жағдайларын ішінара жақсарту жолындағы ғана күрес болып табылады. Сондықтан ол қанауды туғызатын жағдайлардың өзін жоюға қол жеткізе алмайды.

Күрестің басқаша бір нысаны саяси күрес болып табылады. Ол негізінен бөлінбей, бір майданда бірігіп күресетін жұмысшы табына тән күрес. Сондықтан да ол анағұрлым таптық жоғары ұйымдасуымен ерекшеленеді. Осы ұйымдасуы барысында жұмысшы табы сана-сезімінің және оның ұйымшылдығының өсуіне қарай жұмысшылардың тұңғыш таптық бірлестіктері — кәсіптік одақтар қалыптасады, ал оның ең жоғары таптық ұйымы саяси партия болып табылады. Саяси таптардың экономикалық талаптарының ерекшелігі мынада: олар қанау негіздерінің өзіне — меншік пен саяси билік мәселесіне қатысты болады. Жұмысшы табының партиясы өзінің тап күресі бағдарламасын, стратегиясы мен тактикасын жасайды.

Идеологиялық күрес тап күресінің экономикалық және саяси нысандармен қатар өмір сүреді. Оның мақсаты — жұмысшы табының сана-сезімін буржуазиялық идеологиядан азат етіп, социалистік идеологияға бұру.

Қазір қоғамның таптық құрылымы мен таптық қатынастарына өткен ғасырдың деректеріне сүйеніп жасалған марксистік талдау бізді қанағаттандыра алмайды.

Экономикалық жүйелер мен байланыстардың күрделілене түсуі әр түрлі әлеуметтік таптар мен жіктердің сипатына, құрамына және қарым-қатынастарына сөзсіз әсер етеді, ал бұл, өз кезегінде, қоғамның саяси өмірінен көрініс таппай тұра алмай-

ды. Әр алуан әлеуметтік күштерді, олардың іс-қимыл үрдістерін, әрекет қисындарын, олардың қалаулары мен мүдделерін нақтылы зерттеудің қажеттігі пісіп жетілді, алайда, бұл социалистік ойдың, бірінші кезекте, марксизм теориясының жетістіктерін тіпті де жоққа шығармайды.

Бұрынғы социалистік елдерде үстем болған таптық құрылымның маркстік теориясына балама ретінде әлеуметтік құрылымның басқа да теориялары бар. Мысалы, батыс әлеуметтануында негізінен *әлеуметтік жіктелу* (стратификация) теориялары жасалынды. Бұл теорияларға сәйкес, қоғам топтар мен страталарға (жіктерге) бөлінеді. Бұл орайда әлеуметтанушының міндеті мынадай: қоғамның аталған жіктерге бөлуін — қоғамның жіктелуін және адамдардың жіктер *ішінде* және сол адамдар арасындағы қозғалыстарды — әлеуметтік араласуларды зерттеу. Әр түрлі жіктердің бөлінуі қандай шарттарға негізделеді? Бұл жөнінде кесімді бір пікір жоқ. Ал өндіріс құрал-жабдықтарына көзқарас қоғамның тапқа бөлінуінің басты белгісі болып табылады дегенге бәрі бір ауыздан қарсы. Олар экономикалық критерийді де ұсынады, бұл жағдайда бөлу саясатын (кірістердің мөлшерін), саяси көзқарастарды және т.б. алады. Бұл жерде олар *бір өлшемдік* жіктеуді бөліп қарайды: мұнда топ қандай болса да бір ғана белгісімен, *көп өлшемді* жіктеуде белгілердің жиынтығымен анықталады. Мысалы, М.Вебер экономикалық, әлеуметтік және саяси саланы қоғам өмірінің әр түрлі дербес «өлшемдері» дей отырып, әлеуметтік бөлінуді осы өлшемдердің әр қайсысы тұрғысынан жеке қарастыруға болады деп санайды. Осындай жолмен онда бірнеше жіктелу нысаны пайда болады: экономикалық өлшемде адамдар таптарға бөлінеді, әлеуметтік те — мәртебелердің жүйесі қалыптасады, саяси да — партияларға бөліну пайда болады. Әлеуметтік жіктелу теориясы әлеуметтік араласу тұжырымдамаларымен тығыз байланысты, бұл көзқарас бойынша, адамдардың арасында теңсіздік сөзсіз болмай қоймайды және адамдардың белгілі бір дәрежеде еркін алмасуы олардың жеке қабілеттеріне және күш-жігер жұмсауларына сәйкес әлеуметтік жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз етеді және бұл тап күресін «артық нәрсеге» айналдырады.

Қазіргі заманғы батыс қоғамында орта тап барған сайын елеулі маңызға ие болуда дейтін теория кен тарайды. Бұл теория қызметшілердің, интеллигенцияның, менеджерлердің өсуі және ұсақ буржуазияның едәуір бөлігінің сақталу фактісіне

негізделеді. Бәріне ортақ, бірыңғай орта тап бар дегенді ұстанады бұл көзқарасты жақтаушылар, олар орта тапқа жататын халық топтарының өмір сүруі мен таптық жағдайының экономикалық негіздегі принципті айырмашылығын жоққа шығарады. Орта таптың құрамы кіріс, білім, өмір салты, қоғамдық мәртебесі, адамдардың өзінің осы тапқа жататындығына баға беруі сияқты белгілері бойынша анықталады. Осы негізде «орта тап революциясының» шабуылы жарияланады, бұл орта тап пролетариаттың да, буржуазияның да көпшілік бөлігін өзіне сіңіреді, нәтижесінде тапсыз қоғам пайда болады.

Орта тап теориясының тағы бір түрі Реннер ұсынған және Дарендорф дамытқан қызметші табы деп аталатын теория, қызметші — билеушілер мен билікті орындаушылар арасындағы орта буын; оған қатысу дәрежесі мен нысанына қарамастан билікті жүзеге асыруға қатысушылардың бәрі жатады. Қызметшілер табы қазіргі қоғамда барған сайын елеулі роль атқаруда және ол индустриялық және одан кейінгі қоғамдарда негізгі тап болады.

XX ғасырдың ортасында технократиялық теория пайда болды. Технократтар дәстүрлі басқару құрылымдарына сайлаусыз ену құқығына ие және оларда жетекші орын алатын өзіндік жаңа тап болып табылады. Ғылыми-техникалық революция (ФТР) ықпалымен қалыптасқан жаңа тап идеясы экономикадағы өзгерістерді кәсіби құрылымдардағы өзгерістермен және қоғам дамуындағы жалпы саяси, әлеуметтік және мәдени бағыттармен байланыстыру жолындағы әрекет ретінде дүниеге келді. Батыстың көпшілік ғалымдары *жаңа тапты* табатын табысы алған білімдерін қолдана білуіне, кәсіби шеберлігіне және ізденіс қабілеттеріне байланысты болатын, жеке меншігі жоқ, жоғары білімді мамандар деп түсінеді. Жаңа тап немесе жаңа әлеуметтік қауымдастық идеясы, сондай-ақ капиталистік қоғам құрылымындағы интеллигенцияның ролін зерделеу өзіне көптеген әлеуметтанушылардың назарын аударды. Қазір орын алып отырған жеке меншіктен басқарудың оқшаулануы әлеуметтануда жаңа тап ретіндегі менеджерлер туралы түсініктің пайда болуына түрткі болды, менеджерлер — қоғамды басқарудың бүкіл нақты билік тармақтарын өз қолдарына шоғырландырған және бұл істе капиталистік табын толықтай ығыстырып шығарған жаңа таптық құралым. Кейбір әлеуметтанушылар менеджерлерді қоғамның негізгі революциялық күші

деп көрсетті және қазіргі дәуір — менеджерлер революциясының дәуірі деп жариялады.

60-жылдарда постиндустриалдық қоғам тұжырымдамасы менеджердің орнына алдыңғы қатарға ғалымды шығарды. Белл бұл топты жаңа постиндустриалдық қоғамдағы жана тап болу бағытындағы жана әлеуметтік қауымдастық ретінде көрсетті. Интеллигенцияны жаңа тап ретінде қарайтын осы заманғы тұжырымдамалар екі бағытта — жаңа консервативтік және радикалдық бағыттарда дамуда. Жаңа консерваторлардың алғашқыларының бірі Д.Мойнихен жана тап идеясын одан әрі дамытты, ол интеллигенцияны жана тап ретінде бөлудің негізінде олардың сана-сезімінің, идеологиялық ұстанымдарының және құндылықтар жүйесінің ортақтығында жатыр деп санайды. Гоулднер интеллигенцияны тап ретінде айқындау үшін қосымша екі жана көрсеткішті: мәдени құндылықты және сыни ой айту мәдениетін бойға сіңіру қабілетін енгізді. Сонымен қатар жана таптың аса маңызды сипатты белгісі оның мәдени ұстанымы болып табылады. Дж. Киркпатрик атап көрсеткендей, жана тап әлеуметтік-экономикалық жағдайының қаншалықты ортақтығымен емес, мәдениетке деген қандай көзқараста болуымен сипатталады. Белл жаңа тапқа әлеуметтік құрылыс тұрғысынан қарауға болмайды, оның таптық сипаты қоғамның белгілі бір бөлігінің мәдени көзқарасы арқылы көрінеді деп санайды.

Әлеуметтанушылар интеллигенцияны ұстанған бағыт-бағдарына қарай: ғылыми-техникалық және гуманитарлық немесе интеллектуалдар деп бір-бірінен өзгеше екі топқа бөледі. Бұл топтар қызмет саласы бойынша ғана емес, әлеуметтік-психологиялық ұстанымдары, әр түрлі әлеуметтік мақсаттарға бағдар ұстауы бойынша да өзара ерекшеленеді. Ғылыми-техникалық интеллигенцияның қызметі негізінен экономика саласына қатысты, ол бұрынғы капиталистер табымен тығыз байланысты және статус-квоның (қалыптасқан жағдайдың) сақталуын көздейді. Гуманитарлық интеллигенция бойында қиратуға бейім тұратын күш басым. Әлеуметтанушылардың пікірлері бойынша, қазіргі мәдениетке тән сипат — қоғамдық құралым атаулыға қарсылық, бар жүйені мүлде мойындамау. Негізінен мәдениет саласында еңбек ететін интеллектуалдар өмір сүріп тұрған әлеуметтік жүйемен терең қайшылықта болады. Бұл қайшылық олардың қоғам өмірінде болып жатқан жағдайларды катал сынауы арқылы көрінеді.

Қоғамның әлеуметтік құрылымындағы басты және негізгі құрылым болып табылатын әлеуметтік-таптық құрылымды, сондай-ақ әлеуметтік-демографиялық топтар толықтырады, бұлар адамдардың жасы, жынысы және басқа да демографиялық белгілері бойынша сараланатын бөліктерімен байланысты.

Демография — халықты және оның өсіп-жетілу заңдылықтарын зерттейтін қоғамдық ғылымдардың бірі. Демографияда халықтың көбеюін, оның санының, құрамының өзгеруін және табиғи қозғалыс ықпалымен (туылуы, өлуі) орналасуын, халықтың көшіп-қонуы мен алмасуын зерттеу басты орын алады.

Халық белгілі бір аумақта тұратын (мемлекет, облыс, аудан, қала, ауыл және т.б.) өзінің өмірлік қызметін нақты әлеуметтік қауымдастықтар шеңберінде жүзеге асыратын адамдардың жиынтығы болып табылады. Халық — қоғам өмірінің көптеген жақтарымен экономикалық, саяси, әлеуметтік, демографиялық, экологиялық және басқа салаларымен өзара тығыз байланысты объект.

Маркске дейінгі халық саны жөніндегі теория биологизаторлық көзқарастан арыла алмады, яғни демографиялық процесті әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларға тәуелсіз табиғи-биологиялық құбылыс ретінде қарауға ұмтылыс басым болды. Солардың ішінен Мальтустің халық саны теориясы аса ерекшеленеді. Ол халық санының мәңгілік және табиғи өсу заңын барлық қоғамдық экономикалық формацияға ортақ заң ретінде көрсетуге тырысты. Бұл заң бойынша халық саны әр 25 жылда екі еселеніп, геометриялық прогресспен өседі, ал тіршілік етуге қажетті материалдық игіліктер арифметикалық прогресспен көбейді. Құнарлы топырақтың жойылу теориясы өз бастауын осы заңнан алды, құнарлы топырақтың жойылуының салдары — аштық, қайыршылық, ал олар, өз кезегінде, жұмыссыздық пен соғысты туғызады, демек, Мальтустің пайымдауынша, соғыс мәңгілік, тіпті қажетті құбылыс. Бұл қолайсыз салдарлардың себепшісі — адамның өзі, оның еселей өсуге қабілеттілігі. Мальтустің жасаған тұжырымдарын оның ілімін қолдаушылар соғысты қажетті құбылыс ретінде ақтауға пайдаланды. Жалпы алғанда, олардың пікірінше, індет, аштық, қайыршылық атаулының бәрі «игілікті іс» болып табылады, яғни бұлар жердің өзі асырай алмайтын оның тұрғындарының санын қысқартады.

Белгілі бір әлеуметтік жүйеде және ең алдымен өндірістік қатынастар негізінде қалыптасқан халықтың саны, оның өсу

карқыны, тығыздығы және елдің аумағы бойынша орналасуы қоғамдық өндірістің ауқымы мен даму қарқынына, ұлттық табыстың көлеміне және аумақтарды игеруге үлкен ықпал етеді. Сонымен қатар халықтың саны, өсу қарқыны мен тығыздығы өндірістің даму деңгейіне, еңбектің бөліну дәрежесі мен оның өнімділігіне байланысты болады. Осы құбылыстардың бәрі саясатпен тікелей байланысты.

Дүние жүзі халық санының ахуалы мен өсу қарқынына жасалынған талдау егер ол сол қоғамның қоғамдық қатынастарының бүкіл жүйесімен тығыз байланысты жүргізілгенде ғана жемісті болады. Мысалы, Маркс «Капиталдың» бірінші томында капиталистік қоғамдағы халық санының проблемасын, капиталдың жинақталуына және оның әр түрлі топтар мен әлеуметтік топтарға ықпалына талдау жасау негізінде қарастыра отырып, кез келген «тарихи қалыптасқан ерекше өндіріс әдісінің шын мәнінде өзіне тән тарихи сипаттағы ерекше халық санының заңдары болады» деп қорытынды жасады. Бұл қорытындының, К.Маркстің көзқарасы тұрғысынан қарағанда, халық саны заңдарын тану үшін елеулі методологиялық маңызы бар. Бұдан әрбір қоғамдық-экономикалық формацияға тек қана сол өндіріс әдісіне тән өзінің ерекше халық санының заңдары сәйкес келеді деген қорытынды шығады.

Демек, халық санының өсу барысы мен қарқыны қоғам өмірінің барлық жақтарына не оң, немесе теріс әсер етеді. Демографиялық көрсеткіштер ғана (халықтың саны мен құрамы, демографиялық өзгерістер бағыты және т.б.) түптеп келгенде, өндірістің көлемін, құрылымын және қарқынын, әлеуметтік саланы қаржыландырудың ауқымын анықтайды. Дүниежүзілік демографиялық проблеманы шешу түбегейлі әлеуметтік-экономикалық және мәдени өзгерістерді жүзеге асыруды, елдердің кедейшілігін жоюды, жанталаса қарулануды тоқтатуды және әскери шығындарды даму мақсаттарына пайдалануды көздейді.

Қорыта келгенде, мынаны атап айтуымыз керек: әрбір нақты қоғамда саяси қызметтің субъектілері алуан түрлі, ал қоғамның әлеуметтік құрылымы саясат субъектілерінің негізі болып табылады. Әлеуметтік құрылымды құрайтын оның топтары. Олар өздерінің әлеуметтік негізінде де, әлеуметтік-демографиялық, әлеуметтік-этникалық және басқа өзгешеліктері бойынша да пайда болады және қоғамның әлеуметтік-саяси ұйымының субъективтік көзқарасы, оның субъектілерінің жүйесі ретінде көрінеді. Ал объектіге келетін болсақ, ол субъектінің

белсенді саяси қызметінің көздеген нысаналы бағыты, субъекті мақсаттарын жүзеге асырудың құралы мен заты болып табылады. Бұл орайда, саяси қызметтің ең ортақ объектісі қоғам және оның бүкіл процестерінің жиынтығы болып табылады.

## 5-т а к ы р ы п

### ӘЛЕУМЕТТІК-ЭТНИКАЛЫҚ ҚАУЫМДАСТЫҚТАР ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ САЯСАТ

Адамдар ежелден-ақ белгілі бір нақты қауымдастықтар қамтуында өмір сүріп, еңбек етіп келеді, ал осы қауымдастықтардан адамзат қоғамы қалыптасады. Ал адамзат баласының тарихы мейлінше бай, себебі бұл адамдардың әр алуан әрі бір-бірімен өзара қатынастағы түрлі тарихи қауымдастықтарының тарихы. Адамдардың ұлыстар, этникалық топтар, ұлттар сияқты әр түрлі қауымдастықтары шеңберінде қоғамның даму заңдары өзіндік сипатта көрініп, әрекет етеді. Сондықтан адамдар қауымдастықтары тарихи нысандарына қатынасты проблеманың өзінің, олардың қоғам өміріндегі орны мен ролінің даму сипаттарының, олардың арасындағы қатынастардың, яғни ұлттық қатынастардың саяси процесті түсіну үшін елеулі маңызы бар.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев Қазақстан халықтары Ассамблеясының бірінші сессиясында сөйлеген сөзінде былай деп көрсетті: «Ұлтаралық қатынастар біздің бүгінгі таңдағы зерттеулеріміздің өзекті проблемалары болады және болуға тиіс те. Қоғам бұл салада тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл дүние жүзінде өтіп жатқан процестердің айқын да дәл сипатын білуге мейлінше зәру болып отыр... Адамзат баласының өркениеті — бұл халықтар мен мемлекеттер пайда болып, көркейіп, сосын тарих сахнасынан кетіп жататын үздіксіз өрісті құбылыс. Бұл процесс көбіне ғаламдық сипатта болады».

Ұлттық қатынастарды және олармен байланысты ұлттық мәселенің ерекшелігі бұл қатынастардың субъектісі әлеуметтік-этникалық қауымдастықтар: этникалық және ұлттық топтар, ұлттар мен ұлыстар болып табылатындығынан көрінеді. Егер жер шарында ұсақ тайпалардан бастап, сан миллиондық ұлттарға дейінгі 2000-нан астам әр түрлі халық бар екенін, ұлттар мен ұлыстардың 90 проценті көп ұлтты мемлекеттердің (планетада 200-ге жуық мемлекет бар) құрамына 327 халық пен



ұлыс қана саны жағынан көп екенін (олар планетада тұратын 5 миллиард халықтың 1 миллиардтан астамы) есепке алар болсақ, ұлт мәселесінің ең күрделі мәселелердің бірі екенін түсінуге болады.

Жоғарыда жер бетінде 2000-нан астам ұлттық-этникалық қауымдастық өмір сүрді дедік, осы фактінің өзі-ақ олардың арасында белгілі бір қатынастар болатынын көрсетеді, бұл ұлттық (ұлтаралық) қатынастар болып табылады. Ұлттық қатынастар проблемаларын қарастыру кезінде біз көбіне ұлттық саясатты ғана талдаумен шектелдік, ал әлеуметтік-этникалық процестерді саралау назардан тыс қалып жатты.

Сонғы кезде ғана әлеуметтік фактор ретінде этносқа көңіл бөліне бастады.

Этникалық қауымдастық дегеніміз белгілі бір аумақта тарихи жағынан қалыптасқан түпкі тегі бір адамдардың тұрақты жиынтығы, олар осы сияқты құрылымдардан ортақ белгілермен ғана емес, біршама тұрақты мәдени (тілді қоса алғанда) өзгешеліктермен, сондай-ақ өздерінің түбінің бірлігін танып-білумен де ерекшеленеді. Этникалық қауымдастықтың өзі түгелдей немесе оның едәуір бөлігі әлеуметтік организм, яғни саяси құрылым дейтінге кірген жағдайларда (тайпа — алғашқы қауымдық құрылыста, мемлекет — таптық қоғамда) ерекше «қоспа» құралым пайда болады. Мұндай құралымды анти-әлеуметтік организм деп атау ұсынылған. Этникалық қауымдастықтарға оның негізгі этникалық шағын бөліктерімен қатар субэтностар (этностын өзіндік бөлігі) және бірнеше халықты қамтитын метаэтникалық қауымдастықтар да жатады.

Этнос — көне термин. Ол белгілі бір дәрежеде ұлттық деген сөзге сәйкес келеді, яғни ұлт қай аумақта тұратындығына қарамастан бір ұлтқа жататын адамдардың жиынтығы болып табылады. Сосын «ұлт» пен «ұлттық» деген ұғымдарды ажыратып алған жөн. Ұлттық — этникалық категория, ол этникалық жағынан ұлтты білдіреді, бірақ ұлттың тек өзін ғана білдірмейді. Ұлттық қасиеті жоқ ұлт болмайды, бола да алмайды. Ұлттықтың өзі бір аттас ұлтқа жатады дегенді білдірмейді. Этностын бірлігі сол этносқа тән мәдениеттің, сана-сезімнің, өзіндік ерекшеліктің ортақтығымен тығыз байланысты.

Этностын өзін этникалық тұрғыда толық тануы «біз» — «олар» деген ұғымдарды міндетті түрде ажырата білуден көрінеді. Батыс әдебиетінде «этнос» ұғымы адамдардың шағын ғана тобына қолданылса, ал біздің ғылымымызда «этнос»

ұғымы саны аз халықтарды ғана емес, сандаған миллиондық қауымдастықтарды да: орыстарды, казактарды, татарларды және т.б. білдіреді.

Шашырай орналасқан кейбір этникалық қауымдастықтарды (еврейлер, гректер, ұйғырлар және т.б.) көбіне «аз ұлттар» деп атайды. Сондай-ақ негізгі бөлігі басқа елдерде, өздерінің этникалық аумағында тұратын халықтардың бөлігі осылай аталады, олар өз халықтары тұрғысынан да, өздері тұратын елдер халықтарының тұрғысынан да «аз ұлттар» болып табылады. Алайда, «аз ұлттар» терминін кейде ұлттық теңсіздік ұғымына саяды. Сондықтан ұғымда айқындық болу үшін ұлттық немесе этникалық топтар терминдері қолданылады. Республикалардың этноұлттық құрамының өзгеру бағыты бұрынғы КСРО аймағының бәрінде бірдей деңгейде дамыған жоқ. Мысалы, Қазақстанда казак емес халықтардың үлес салмағының артуы байқалды. Этностардың бір бөлігі ұлттық болып құралуға, аумақты бөлуге ұмтылады. Бұл жерде этнос ұлттық нысанға онда саяси, мәдени, экономикалық және психологиялық жағынан өзін-өзі билеуге ұдайы қажеттілік туған жағдайда ғана ие болатынын атап айту керек.

Ұлт — саяси, мемлекет болып ұйымдасқан халық, оның мәні осында. Демек мемлекеттендірілген этнос ұлт болып табылады. Ұлтқа анықтама берудегі мұндай көзқарас жекелеген халықтар мен елдердің ұлттық өмірінде жүріп жатқан процестерге қайшы келеді. Этникалық проблемаларды терен зерттеген белгілі ғалым Л.Н.Гумилев әлеуметтік-этникалық қауымдастық қоғамдық дамудың қажетті нысаны ретінде бірқатар сатылардан: рулық-тайпалық қауымнан — ұлыс, ұлыстан — халық, халықтан — біртұтас адамзат ретінде қалыптасу кезеңдерінен өтеді деп санайды. Қазіргі жағдайда әлеуметтік-этникалық қауымдастықтың ең жоғары дамыған сатысы — ұлт.

Қауымдастықтың адамға тән тұңғыш нысаны алғашқы қауымдық сатының орнына келген, қоғам дамуында зор роль атқарған рулық ұйым болып табылады. Ру — қандас туыс болып келетін, яғни бір атадан тараған адамдардың біршама шағын тобы. Рулық құрылыстың соңғы сатысында рулардың одағы — тайпа пайда болады.

Тайпа енді толықтай дербес құралымға айналды. Оның негізінде тайпалардың одағы пайда болады. Рулық-тайпалық құрылыстың ыдырауы, қоғамның байлар мен кедейлерге бөлінуіне әкеп соқтырған қауымдастар арасында мүліктік

тенсіздіктің пайда болып, оның барған сайын өрістеуі салдарынан қандас туыстық байланыс өзінің бұрынғы маңызын жоғалтты. Оның орнын таптар арасындағы қатынас басты. Адамға енді белгілі бір ру немесе тайпа ретінде емес, ең алдымен қандай да бір тап ретінде қарайтын болды. Бұрынғы рулық-тайпалық алауыздық таптар күресіне орын берді.

Өзара таптық мүдделері бойынша бөлінген, бірақ өндірістік процестің ортақтығы, тілдің, аумақтың, мәдениет ерекшеліктерінің, салт-дәстүрлерінің ортақтығы негізінде өзара байланысты қанаушылар мен каналушылар адамдардың жаңа, анағұрлым күрделі және саны жағынан көп қауымдастығы — ұлысты тарих сахнасына шығарды.

Ұлыстық қауымға негізделген елге тән белгі — жекелеген шаруашылық аймақтарының экономикалық жағынан бытыранқы болуы. Өндіргіш күштердің одан әрі дамуы бұл бытыранқылықты жоюды және елдің шаруашылығын біртұтас құрылым ретінде біріктіруді талап етті. Адамдардың анағұрлым жоғары тарихи қауымдастығы — ұлттың объективті негізі осылай қаланды.

Маркстік әдебиетте ұлтқа анықтама беруде қазірге дейін сталиндік тұжырымның салмағы басым, сондықтан «ұлт» термині екі мәнде қолданылады:

мемлекет азаматтарының жиынтығы, тілі мен мәдениеті ортақ адамдардың қауымын құрайтын, мемлекеттік ұйымдарға біріккен жоғары мәдени деңгейге қол жеткізген халық;

тілінің, аумағының, экономикалық өмірінің және мәдениетінің ортақ болуына байланысты қалыптасатын психикалық дағдысының ортақтығы негізінде пайда болған адамдардың тарихи қалыптасқан орнықты қауымдастығы.

Ұлт анықтамасының бірінші мәні батыс әдебиетінде, екіншісі отандық әдебиетте қолданылады. Ұлт тіпті олар ұлттық мемлекеттігінен айырылған кезде де өмір сүре алады. Ұлттық мемлекеттерге тән үлгіде құрылатын көп ұлтты мемлекеттер де бар. Мысалы, АҚШ-та ұлтты мемлекетпен теңестіреді және мұнда «ұлт» термині мемлекетті де, оның адамдарының жиынтығын да білдіреді. КСРО-да бұрынғы елдің барлық азаматтарына қатысты, олардың орыстар, украиндар, қазақтар және т.б. екеніне қарамастан, «кенес халқы» деп аталды.

Көп жағдайда ірі этникалық қауымдастықтарды міндетті түрде ұлтқа жатқызу қалыптасқан. Мұндай көзқарасты аса дұрыс деуге болмайды. Өйткені қазіргі өмір сүріп жатқан

ұлттардың көпшілігі өзінің ауқымы жағынан елеулі екені белгілі, соған қарамастан дүниеде саны небары бір-екі жүз мыңнан аспайтын, кейде бірнеше ондаған мың немесе тіпті бірнеше мың адамнан тұратын шағын этностар бар, бірақ кейбір көрсеткіштері жағынан олардың ірі ұлттық қауымдастықтардан еш айырмашылығы жоқ.

Ұлт пен ұлыс саясаттың субъектілері болып табылады, олардың мүдделері, мәдениеті мен тілінің дамуы саяси өмірде зор роль атқарады. Ұлттың саяси маңызы мынаған негізделген:

1) бұл тарихи-мәдени мұраның иесі болып табылатын өте орнықты, сан ғасырлық тарихы бар қауымдастық;

2) ол жеке адамда маған тіл берген, туған жермен байланысты еткен, ұрпақтардың тарихи сабақтастығынан өз орнымды тапқызыған үлкен қауымдастықтың жамиятымын деген асқак сезімді қалыптастырады;

3) қауымдастық мүшелері арасында ынтымақтастық және басқалардан оқшаулану ниетін туғызады.

Осылардың бәрі ұлтты жаппай қозғалыстардың және пәрменді идеологиялардың бастау көзіне, қозғаушы күшіне айналдырады.

Басқа да жолдар бар ма? Иә, бар. Бұл орайда О.Бауэрдің көзқарасында зерделі ой бар, ол «ұлт – тағдыр ортақтығы байланыстырған ортақ сипатты адамдардың бүкіл жиынтығы. Осы тағдыр ортақтығы негізінде пайда болған белгі ұлттық мәдениет ортақтығын интернационалдық ортақтықтардан: кәсіби, таптық, мемлекетті құрайтын халықтық – бір сөзбен айтқанда, тағдыр ортақтығы емес, түп негізін бір тектілік құрайтын осындай барлық ортақтықтардан бөліп тұрады... Ұлттық сипат – сол ұлт тарихының таңбасы, одан басқа ештеңе де емес». Ұлттық сақтау саясаты консервативті, себебі оның мақсаты – ол мәні жағынан қандай болса да, ұлттық ерекшелікті сақтау. Ол «оны үстем және мүлік иесі таптар, өмір сүріп тұрған қоғамдық тәртіптің сақталуына мүдделілердің бәрі барлық кезде қорғайтындыктан» да консервативті деп санайды.

Ұлттың мәніне қатысты мұндай көзқарастарды Н.А.Бердиев те айтқан болатын. Ол ұлттық болмысты тіл де, дін де, аумақта, мемлекеттік егемендік те, бұл белгілердің де ұлттық болмыс үшін елеулі маңызы болса да, толық айқындай алмайды. Кім ұлтқа тарихи тағдырдың бірлігі ретінде анықтама берсе, соның көзқарасы мейлінше дұрыс. Осы бірліктің санасы ұлттық сана да болып табылады. Қан жаңғырығы, нәсілдік түйсік

ұлттардың тарихи тағдырында жойылмай, сақталып қалады деп жазды.

Егемендік мемлекетке ғана тән және солай болуға тиіс те, соған қарамастан жекелеген ұлттық-мемлекеттік және аумақтық құралымдар өздерін егеменді деп жариялайды. Ұлттық егемендіктің өзіндік ерекшелігі бар және ол, атап айту керек, мемлекет емес, ұлттың саяси-құқықтық ерекше белгісі болып табылады, сондай-ақ дербес құралымдардың түрлі нысандары түрінде көрінеді.

Ұлт (тарихи қауымдастық ретінде) капитализмнің пайда болуына байланысты қалыптаса бастады. Француз революциясы жариялаған «Бір халық – бір ұлт» ұраны ұлттың қалыптасу процесінің басты қағидаты болды. Бұл қағидат жүз жылдан астам өмір сүрді, ал ХІХ ғасырдың соңында көп ұлтты мемлекеттердің пайда болуына байланысты ескіріп, қолданыстан қалды. Ұлттық езілуден азат болудың жолы ретінде ұлттың өзін-өзі билеу ұранын ұсынды, өкінішке орай, сол кездің өзінде-ақ көптеген адамдар бұл ұранды бөлінумен теңестірді. Егер бөліну болмаса, өзін-өзі билеу де болмайды деп түсіндірді олар.

Өркениетті демократиялық қоғам жағдайындағы ұлттық бөлінудің барлық кезде аса ауыр салдары болады, атап айтқанда, қалыптасқан экономикалық, саяси және мәдени байланыстар үзіледі, бұрынғы біртұтас мемлекеттің бөлінген халқына да, басқа халықтарға да теріс әсер етеді. ХVІІІ ғасырдан басталған дезинтеграция процесі қазіргі кезде де жалғасуда. Оның басты себебі – қосылған аумақтардың халықтарына қатысты империялық отаршылдық саясаттың жүргізілуі, біртұтас мемлекеттің шеңберінде олардың дербес, тәуелсіз дамуына жағдай жасаудың мүмкін еместігі. Кейбір елдерде этносты езіп-жаншу апартеид (өрескел нәсілдік кемсітушілік) деңгейіне дейін көтерілді немесе азамат соғысына ұласып жатты. Енді саяси қолданыста адамдарды шығу тегіне қарай жою немесе қудалау деген ұғымды білдіретін «геноцид» термині пайда болды, бұл кейбір этностарды ұлттық өзін-өзі билеу жолына түсуге, өздеріне аумақтың бір бөлігін бөліп беруді талап етуге итермеледі. Дүние жүзіндегі барлық мемлекеттер халқының этникалық құрамы күрделі, соған қарамастан олар тағы бір «өзінің ұлттық мемлекетін құру үшін» ұлттық өзін-өзі билеу мәселесін көтеріп отырған жоқ.

Егер ұлттардың өзін-өзі билеу қағидаты (принципі) қазіргі кезде Қытай, Индия, Нигерия сияқты мемлекеттердің конституциясында көзделінген болса, этникалық сепаратизмнің салдарынан ертең-ак ол мемлекеттердің өмір сүруіне қауіп төнер еді. Мәселе мынада: ұлттың өзін-өзі билеу жолындағы қозғалысы ұлттар арасынан тумайды және ұлттық мемлекетті құратын олардың өздері емес. Керісінше, ұлт идеясы егеменді азаматтық қауымдастықтар құрудың саяси бағдарламасы ретінде халықтардың арасында пайда болады. Сонан соң барып мемлекеттер ұлттарды, яғни ұлттар мемлекеттерін қалыптастырады. Соңғысы, өз кезегінде, ұлттық мемлекеттерден құрала алмайды, ал олардың азаматтары ұлттарға бөлінеді. Мұндай мемлекеттер, әрине, күштеу мен диктатураға сүйенбесе, жалпы өмір сүре де алмайды, мұндай жағдай Кеңес мемлекетінде болды. КСРО-ның орнына ұлттық мемлекеттер емес, 15 саяси тәртіп (мемлекеттік құрылыс) пайда болды, олар халқының құрамы көп этносты ұлттар-мемлекеттеріне айнала алады.

Ұлтаралық жанжалдардың күрт өршуі олардың себептері туралы сұрақтарды алға тартады. Жанжалдар неден шығады? Оларды шешуге немесе болдырмауға бола ма? Ұлтаралық қатынастардағы дау-жанжалдың деңгейі ұлттың наразылығын туғызатын себептер мен жағдайлардың жиынтығымен анықталады. Ол ұлт наразылығын қандай да бір нысанда білдіретін және қазіргі құрылысты өзгертуге ұмтылатын әлеуметтік-саяси күштердің болуын қажет етеді. Өз халқының немесе басқа халықтың, не басқалардың әлеуметтік жағдайларын салыстыру нәтижесінде ұлттың саналы наразылығы пайда болады. Аталған салыстырудан әрбір ұлт өкілі өз халқының қаншалықты зардап шегіп отырғанын көреді, бұл жанжалдың шығуына жағдай әбден пісіп жетілгенін білдіреді. Нәтижесінде ол өмірдің бүкіл сипатының өзінен өз халқына деген кемсітушілік қозғарасты, оның құқығына қысым жасалып отырғанын жете түсініп, сезінеді. Стихиялы түрде пайда болған (немесе әдейі ойластырылған) наразылық белгілі бір саяси күштердің (партиялардың, қозғалыстардың) күш-жігер жұмсауымен өзінің бағыт-бағдарын айқындап, іс-қимыл бағдарламасына ие болады. Елдегі экономикалық жағдайдың нашарлауы да түрлі ұлт өкілдері арасында шиеленісті жағдайлардың қалыптасуына себепші болады. Ұлт саясатын жүзеге асыруда жіберілген қателіктер, орталық басқару билігінің жағдайды тұрақтандыруға қабілетсіздігі де жанжалға түрткі болатын себептердің қатарына жатады.

Жалпы халықтың санасында қалыптасқан ықпалды көңіл-күй әсерлерінің, наным-сенімдердің, сiнiстi болған дағдылардың ролi ерекше зор. Адамдардың көпшiлiгiнде қайсы бiр ұлт өкiлдерiне деген жек көрушiлiк сезiмi болады. Бұл әрбiр адамда тұрмыстық қарым-қатынас тәжiрибесi негiзiнде және өндiрiсте қалыптасады. Бiр ұлттың екiншi ұлтқа деген терiс көзқарасының түп негiзiнде көбiне ежелден келе жатқан ұлттық дағдылы түсiнiктер жатады және оған басқа халықтардың мәдениетi мен салт-дәстүрлерiн жете бiлмеу ықпал етедi, мұндай терiс көзқарас ұлтаралық дау-жанжалдардың (шиленiстердiң) шығуына түрткi болады. Сөйтiп олар белгiлi бiр дәрежеде күнделiктi ұлтаралық қарым-қатынастардың сипатына әсер етедi.

Қазiргi кезде ұлттық мүдденi жүзеге асыруға бұқара халық барған сайын көптеп ат салысуда, оларға өздерi ғана ұлт мүддесiн қорғаушы ретiнде көрiнгiсi келетiн және басқа халықтардың мүдделерiне онша мән бермейтiн жаңа ұлттық-демократиялық қозғалыстар (майдандар) мен партиялар басшылық етуде. Мұндай қозғалыстарға халықтың шын қамын ойлаудан аулақ, бiрақ оның кез келген наразылығын өздерiнiң жеке мүдделерiне пайдалануды көздейтiн күштер де қосылады. Қазiр экологиялық проблемалардың жиi этноұлттық сипатқа ие болып жататыны тектен-тек емес. Ұлттық интеллигенцияның, әсiресе оның кәсiби жағынан қоғам өмiрi, мәдениет және өнер проблемаларымен айналысатын бөлiгiнiң ұлтаралық қатынастар саласындағы оқиғалардың дұрыс бағытта өрiстеуi жолындағы ролi де, әрине, жауапкершiлiгi де айтарлықтай артты.

Жанжалдардың шығуы барлық кезде проблемаларды, қайшылықтарды ұлттық мүдделердi жете түсiнiп, сезiнуге байланысты болады. Бұл түсiну қандай да бiр теориялық тұжырымдама шеңберiнде қалыптасып, санада орнығады, басқаша айтқанда, ұлтаралық жанжалдардың өзiндiк идеологиясы болады. Бүгiнгi таңда ұлттар арасындағы қақтығысқа әкеп соқтыратын ұлттық шиеленiстi ушықтырушы, кез келген әдiспен, күш қолдану жолымен де, өздерiнiң мақсаттарына жетудi көздейтiн ұлтшылдық, сепаратизм, неофашизм сияқты құранды теориялар мейлiнше қауiптi. Олардың ықпалымен жанжалдар аса дұшпандық сипатқа ие болып, мәмiлеге келу жолдарын iздеудi мейлiнше қиындатады. Бiз зорлық-зомбылық жасау бағытын ұстанатын ұлтшылдықтың уақытша салтанат құрып тұрған кезiнде өмiр сүрiп отырғанымызды да ұмытпауымыз керек.

Жанжалдардың кен тараған түрі саяси-құқықтық сипаттағы жанжал. Мұндай жанжалдар, әдетте, республикалардың өздерінің егемендігін орнату жолындағы күрес барысында туындайды. Ұлттық-аумақтық құралымдардың толық дербестікке ие болуға ұмтылысы республикалар ішіндегі аз этностардың қарсы әрекетін туғызады. Мұндай жанжалдар елеулі оқиғаларға әкеп соқтыруы мүмкін.

Саяси-құқықтық жанжалдардың енді бір түріне этноаумақтық жанжалдар жатады. Саяси-әкімшілік шекаралар этникалық қауымдастықтар орналасқан шекаралармен үнемі сәйкес келе бермейді. Тарихи жағынан бұл шекаралар талай рет өзгерген, сондықтан қазіргі кездегі кейбір айтыс-тартыстардың шығу себептері тым тереңде жатыр. Алайда, мұндай шекараға қатысты даулар көбіне ұлттық-аумақтық құралымдар шекараларын орталықтың әкімшілік билеп-төстеу жолымен қайта-қайта белгілеуінен туды. Бүгінгі таңда мына нәрсе айқын болып отыр: шекаралар сиямен жазылғанымен барлық кезде қанмен қайта жазылады екен.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Уақыт және қайғылы оқиғалардың тәжірибесі қалайда бізді көпшілік елдерге тән әр түрлі этностардың қатар өмір сүруі жағдайында мемлекеттік шекараларды этностардың орналасқан шептеріне сәйкес белгілеуге әрекет жасау жас мемлекеттердің өзінің өмір сүруіне қауіп төндіретінін түсінуге мәжбүр етті.

Адал ниеттен туған тәуелсіз мемлекеттер шекараларының қолсұғылмайтындығы мен аумақтық тұтастығы – бұрыннан қалыптасқан шекараны сақтау, оның барлық кемшіліктеріне қарамастан, қанды қырқыстан тиімдірек дейтін сындарлы ойдан бастау алған тәуелсіз мемлекеттер шекараларының қолсұғылмауын және аумақтық тұтастығын көздейтін көзқарас бірте-бірте пәрменді бола түсуде. Сондықтан да егемендіктің сабақтастық ұстанымы, яғни шекараларды мызғымайтын қасиетті нәрсе ретінде қабылдауға және оларды күш қолдану жолымен қайта белгілеуден бас тартуға баламалар жоқ», – деп дұрыс ой түйеді.

Ұлттық қатынастар – ұлттық-этностық даму субъектілері – ұлттар, ұлыстар, ұлттық топтар және олардың мемлекеттік құралымдары арасындағы қатынастар. Бұл қатынастар тең құқықты, үстемдік ету мен бағыну, басқа субъектілерді жоюды көздейтін қатынастар болып үш түрге бөлінеді.



Әлеуметтік қатынастардың бүкіл жиынтығы ұлттық қатынастардан көрініс табады.

Әлеуметтік өмір саласында екі бағыт айқын көрініп отыр. Олар – даму және интеграция бағыттары. Әрбір ұлттың әлеуметтік құрылымын жетілдіру мемлекеттік деңгейлерде ұлттық үлгідегі құрылым қалыптастыру дегенді білдіреді. Бұл жерде мынаны ескеру керек: ұлттыққа қарағанда таптық айырмашылықтар әлдеқайда тез жойылады. Тиісінше таптық айырмашылықтардың жойылуына байланысты адамдардың өмір салты мен рухани дүниесіндегі ортақ белгілердің одан әрі дамуында таптық емес айырмашылықтар, соның ішінде ұлттық-тілдік айырмашылықтар барған сайын айқын көрінеді. Бірақ бұл, әрине, әлеуметтік-таптық факторлар этноұлттық процесстер үшін өзінің маңызын жою салады дегенді тіпті де білдірмейді.

Оларға экономикалық және саяси фактор елеулі ықпал етеді. Әсіресе саяси мәселелер негізгі және шешуші болып табылады. Бұл ең алдымен ұлттың, ұлттық және таптық-әлеуметтік проблемалардың ішкі байланыстарының қалыптасуы мен дамуының маңызды факторы ретіндегі мемлекеттің маңызына байланысты. Ұлттардың өзін-өзі билеуі, ұлттық және интернационалдық мүдделерді үйлестіру, ұлттардың тең құқықтылығы, ұлттық тілдер мен ұлттық мәдениеттердің еркін дамуы үшін жағдайлар туғызу, ұлттық кадрларды даярлау мен олардың билік жүйелерінде өкілділік етуі және басқалар сияқты ұлттық қатынастардың мәселелері тікелей саясат саласына жатады. Сонымен қатар саяси ұстанымдардың, саяси іс-қимылдың, саяси мәдениеттің қалыптасуына ұлттар мен ұлыстардың тарихи жағынан қалыптасқан салт-дәстүрлері, әлеуметтік сезімдері мен көңіл-күйі, географиялық және мәдени-тұрмыстық жағдайлары елеулі әсер етеді.

Алайда, бұл жерде ұлттық қатынастар ұлттық және саяси мәселелердің біте қайнасқан бейне бір берік балқымасы екенін ұдайы есте ұстаған жөн. Ұлттық қатынастардағы басты мәселелер – бұл тең құқықтылық немесе бағыныс мәселесі; бұл экономикалық және ұлттық даму деңгейінің теңсіздігі туралы мәселе; бұл ұлттық негізде ұлттар арасындағы туатын дұрда-раздықтар, зорлық-зомбылықтар, өшпенділік пен күдіктенулер туралы мәселе.

Ұлт мәселесін қарастырған кезде екі жағдайды: жалпы тарихи және нақты тарихи жағдайларды айыра білу қажет. Мар-

ксизм көзқарасы тұрғысынан карағанда, ұлт мәселесі — бұл этностықтан гөрі әлеуметтік-саяси проблема, ұлт мәселесін ен алдымен өз шеңберінде ұлттар мен ұлыстар тарихи жағынан пайда болып, дамыған қоғамның экономикалық, әлеуметтік-саяси және идеологиялық жағдайлар туғызады. 1917 жылғы Октябрь революциясына деген теріс көзқарастар болуына карамастан, ол Ресей империясындағы көптеген өзекті ұлт мәселелерін шешуге жағдай туғызғанын мойындауымыз керек. Бірақ КСРО-да ұлт мәселесі толықтай шешілді деп 60-жылдарда жасалған қорытынды, сөзсіз, негізсіз еді. Қазіргі жағдайда Германияның бірігуін де германдық ұлт мәселесінің түбегейлі шешілуі делініп жүр. Тегінде, мұндай пайымдау жалпы тарихи көзқарас тұрғысынан негізсіз, себебі оның мәні мынада: ұлт өзін-өзі билеуге қол жеткізіп қана қоймай, ол өзін құрайтын барлық әлеуметтік қауымдастықтардың тең және еркін дамуына мүмкіндік туғыза да білуі керек.

Барлық кезде нақ осы мүмкіндік тұрғысында ұлт мәселесі туындайды, себебі, диалектикалық тұрғыда, ұлт мәселесі барлық салалары мен әлеуметтік өлшемдері бойынша толық және түбегейлі шешілуі мүмкін емес. О. Бауэр ұлттың теңдігі мен тең құқықтығы туралы мәселені араластыруға болмайды: абсолютті теңдік болмайды, теңдіктің айырмашылығын мойындау сол теңдіктің негізі болып табылады, ал ұлттың тең құқықтығын жүргізілетін ұлт саясаты қамтамасыз етуге тиіс деп дұрыс ой түйеді.

Ұлтшылдық — сан қырлы және алуан түрлі. Оның дұрыс жақтары да, теріс жақтары да бар. Дұрыс жақтары: ұлттың өзін-өзі тануы, ұлттық мақтаныш, өзін-өзі тазартуға жол ашатын ұлттық абырой, ұлттың өзін-өзі дамытуға, тең құқықтылыққа қол жеткізуге ұмтылысы. Теріс жақтары: ұлттық астамшылыққа бой ұру, өз ұлтын басқа ұлттарға қарсы қою, басқа халықтардың мүдделері есебінен өз ұлтының артықшылыққа ие болуын қамтамасыз етуге ұмтылыс, ұлттық нигилизм, өмірдегі қиындықтар мен сәйкессіздіктерден («босқындардан», «жидмасондардан», «діні басқалардан» және т.б.) кінәлілерді іздеу.

Осы теріс пиғылдардың бәрі жинала келіп, ұлттық ұлтшылдықты туғызады. Алайда, көпшіліктің түсінігінде ұлттық пен ұлтшылдық ұғымдарын тым жиі шендестіреді.

Қазіргі кезде бұрынғы Одақтың барлық республикаларында этноұлтшылдық саяси бағдарлама ретінде басымдылыққа ие болды. Ол ұланғайыр әлеуметтік саяси кеністікті жаулап алды,

себебі әрбір ұлттың өз аумағында «өзінің» мемлекеттігін орнауға тиіс дейтін идеялар ондаған жылдар бойы айтылып, халықтың санасына сіңісті болған еді. Ұлтшылдық белгілі бір сан салалы іс-қимылдарды жүзеге асырудан, саяси идеяларды үйлестіруден, қоғамдық қозғалыстан тұрады. Ұлтшылдық патриотизм мен өз ұлты үшін құрбандыққа барудан бастап, шектен шыққан экстремизм және ашық жауласуға дейінгі әр түрлі нысанда көрінеді. Ұлтшылдықтың негізгі идеялары — аса қастерлі құндылық ретінде өз ұлтының дара қасиеттері мен ерекшеліктерін мойындау, өз ұлтының артықшылықтарын бөлек көрсету және оған тарихи міндетті (таңдаулы ұлт болу) жүктеу. Соған қарамастан ұлтшылдық қозғалыстар соңғы ғасырлар тарихында аса маңызды роль атқарды. Ұлтшылдық саяси ұстаным ретінде көптеген ұлттық мемлекеттерде империяның күйреуіне және метрополиялардан колониялардың бөлінуіне жағдай туғызды. Бұл қағидат (принцип) тым оншыл да, аса солшыл да бағыттардағы (нәсілшілдікпен тікелей ынтымақтаса отырып) кез келген бұқаралық қозғалыстардың нақты саясатының негізі бола алады. В.С.Соловьевтің пікірі бойынша, ұлтшылдық идеологиясы «Халықтың жөнсіз аңсауларының туы» болып табылады, бұл қазірде де әлемдік қауымдастықтың өмірлік құбылыстарының бірі болып қалып отыр.

Ал қазіргі күрделі жағдайларда ұлт саясатын жасап, жүзеге асырудың ғылыми-негізделген қағидаттары қандай?

Бірінші қағидат — бұл біздің елдегі және шетелдердегі ұлт саясатын жүзеге асырудың тәжірибесіне ғылыми талдау жасау және оны жасампаздықпен зерделеу. Ұлт саясатының негізгі түйінді қағидалары — халықтардың тең құқықтығы, өзара тиімді ынтымақтастық, барлық халықтардың мүдделері мен құндылықтарын өзара құрметтеу, ұлтшылдыққа ымырасыз болу, басқа халықтардың мүдделеріне нұқсан келтіру есебінен өз халқына қолайлы жағдай жасауды көздейтін адамдарды, әлеуметтік топтарды саяси және моральдық тұрғыдан айыптау.

Осы заманғы ұлт саясатын қалыптастырудың екінші қағидаты ұлттық-мемлекеттік құралымдардың аумақтық шекараларының тұрақтылығы. Өкінішке орай, онсыз да ширғып тұрған қазіргі өмірде аумақтық топтар барған сайын аса қауіпті факторға айналып отыр.

Жанарған ұлт саясатының үшінші қағидаты — экономика, саясат, рухани және ұлт мәселесі салаларында жүзеге асыры-

латын реформалардың өзара байланыстылығы мен өзара әрекеттестігін есепке алу. Ұлттық қатынастар қоғамдағы экономикалық, әлеуметтік-мәдени және саяси жағдайларға, халықтың әлеуметтік хал-ахуалына байланысты болады. Ұлттық қатынастардың негізі қалыпты жұмыс істеп тұрған экономика мен тұтыну нарығы, ақша айналымы, теңдестірілген республикааралық алмасу болып табылады. ТМД мемлекеттері арасындағы еңбек бөлінісінің тереңдігі соншалық, олардың бірдебірі мемлекетаралық тауар тасымалынсыз мемлекет ішіндегі тұтыну қажетін қанағаттандыра алмайды. Бұрынғы одақтас республикалардың көпшілігі үшін өндіру мен тұтыну мөлшеріне қатысты тасымал үлесі 24-тен 29 пайызға дейін құрайды. Бұл үлес Ресей, Украина сияқты ірі мемлекеттерде 14 пен 18 пайыз аралығында. Егер қазір дүниежүзілік бағамен мемлекетаралық тауар алмасуын жүргізсе, онда бұл бұрынғы одақтас 11 республика үшін (дүниежүзілік нарықта бағасы біршама жоғары мұнай, газ, кара және түсті металдар қорларын иеленіп отырған Ресейді, Украинаны, Белоруссияны, Әзірбайжанды қоспағанда) аса тиімсіз болар еді.

Егемендікке қол жеткізген ТМД мемлекеттерінің бұл қағидатты қаперге алмауы аталған елдер экономикасының әбден тұралауына, әлеуметтік шиеленістің пайда болуына алып келді.

Төртінші қағидат – бұл ұлт саясатының біртұтастығы, оның барлық салаларының өзара байланыстылығын есепке алу. Жаңарған ұлттық қатынастардың стратегиясы нарықтық қатынастардың дамуы, шаруашылықты жүргізу мен еңбекке ақы төлеудегі, кадр саясатындағы, рухани өмірдегі, бұқаралық ақпарат құралдарының жұмысындағы өзгерістер әрбір адамның ар-ожданы мен қадір-қасиетін құрметтеуге, бүкіл қоғам әлеуетінің барынша толық ашылуына бағытталуын өзіне мақсат етуге тиіс.

Бесінші қағидат – саны аз халықтар экономикасының, мәдениетінің дамуына, өмір сүріп жатқан ортасының сақталуына көмек көрсету.

Алтыншы қағидат – ұлтаралық қатынастар этикасын қалыптастыру, ұлтаралық қатынастардан әділетсіздік пен зорлық-зомбылықтың барлық нысандарын толықтай жою.

Ұлт саясаты түгелдей ұлттық және ұлтаралық қатынастарды реттеуге бағытталуға тиіс. Бұл орайда елдегі барлық ұлттардың мүдделерін айқындап, үйлестіру міндеті жүктелген саяси жүйе институттары белсенді жұмыстар жүргізуі керек. Мұның елеулі практикалық маңызы бар. Халқының саны аз немесе

елдің аты берілген халыққа жатпайтын ұлттық топтардың мәртебесін айқындайтын арнайы конституциялық тұжырымдама қажет (соның ішінде олардың заң шығарушы және атқарушы органдардағы өкілдіктері, олардың ана тілінде білім алу құқығы, ұлт мәдениетін дамыту және т.б. туралы). Әр түрлі ұлттар өкілдіктерінің тең құқықтылығын баянды етуге, құқықтық кепілдіктерді қамтамасыз етуге және кез келген ұлттық жанжалдардың жолын кесуге бағытталған конституциялық ережелерді және соған сәйкес заң актілерін әзірлеудің ұлт мәселесін онтайлы шешуде елеулі маңызы бар.

Президент Н.Ә.Назарбаев қоғамның белсенді саяси, топтас-тырушы күші болуды мақсат ететін Қазақстан халықтарының Ассамблеясын құру идеясын ұсынды. Бүгінгі таңда ол құрылды және барлық міндеттерді шешуге, ұлт саясатын, соның ішінде мемлекеттік басқару мен реттеу деңгейінде, одан әрі жетілдіруге барынша пәрменді ат салысуға тиіс. Осыған байланысты ассамблеяға Президент жанындағы, ал оның облыстық бөлімшелеріне әкімшілік басшылары жанындағы ұжымдық орган мәртебесі берілді.

Бұдан былай қоғамдық проблемалардың, әсіресе ұлт саясатының барлық салалары бойынша жүзеге асырылатын мемлекеттік шаралар ассамблеяның пікірі ескеріле отырып және оның тікелей қатысуымен қабылдануға тиіс.

Аталған шаралардың әр қайсысы елдегі барлық халықтардың мүдделері ескеріле отырып, сараптаудан өтуге керек.

Ұлттық саясат — бұл ұлттық мүдделерді жүзеге асыруға, ұлттық қатынастар саласындағы қайшылықтарды шешуге бағытталған ғылыми негізделген шаралар жүйесі.

Этносаясат нақты саяси тәжірибеде көрініс табуға тиіс. Қоғамдық институттардың (экономика, құқық, отбасы) дағдарысы жағдайында этнос өзін жеке адам (индивид) үшін мейлінше сенімді топ ретінде көрсетеді. «Байырғы ұлт», «орыс тілді халықтар» деген сөздер азаматтардың арасына тек қана жік салады. Оларды түсіндіру мүмкін де емес. Сонда азаматтардың шыққан тегін үнемі көрсетіп отыру керек пе? Біздіңше, бұл дұрыс емес. Адамдардың нақты сана-сезімін және оларды тәрбиелеудің объективті жағдайларын есепке алатын ұлтты анықтау тәжірибесі анағұрлым демократияшыл болуға тиіс. Тегінде, сауалнамаларда ұлт туралы бағанның болуы тіпті де міндетті емес сияқты. Қандай жағдайда да, үнемі демесе де, тіпті бүгінде аталған баған көрсетілген құжаттардың бәрінде бірдей

ұлтты көрсету өзін ештеңемен де ақтап жүрген жоқ. Мүмкін, азаматтардың шыққан тегін көрсетуден бас тартып, тек «Қазақстан азаматы» деп көрсетіп төлқұжат беру керек шығар, өйткені бүгінгі таңда өзіміз де солай болып отырмыз ғой.

Кез келген ұлттың, тіпті халқының саны аз ұлттық қауымдастықтардың да, ұлттық даму мүмкіндіктерін шектеуге болмайды, өйткені бұл интернационализмнің бүкіл жүйесін бұзды. Адамдар арасындағы қарым-қатынаста да қандай да бір ұлтты өз қалауыңша кесіп-пішіп, қайта жасауға тырыспай, ол қандай болса, сондай қалпында қабылдау керек.

Интернационализмнің ең күлкілі көрінісі – бүкіл халық барлық жағынан бір халыққа ұқсас болуы керек дейтін түсінік.

Ұлтаралық қатынастар саласындағы шиеленіс әрбір азамат өз санасында ұлтқа және ұлттық құндылыққа құрметпен қарау көзқарасын қалыптастырғанда, басқа халықтардың мұң-мұқтажын өзінікіндей сезінуді үйренген кезде ғана жойылады. Ата мекенінен тыс аймақта өмір сүретін халықтардың байырғы халықпен бірдей құқыққа ие болып қана қоймай, оның мәдениетіне, тұрмысына, тарихи құндылықтарына құрметпен қарауға да, мемлекеттіліктің нышаны болып табылатын халықтың тілін мойындауға да міндетті екенін есте ұстау керек.

Аталған принциптерді ескере отырып жасалған ұлт саясаты ғана ұлттар мен ұлыстарды топтастыруға, пайда болған қақтығыстар мен егестердің жолын кесуге қабілетті бола алады.

## **Б-Т А Қ Ы Р Ы П**

### **ЖЕКЕ АДАМ САЯСАТТЫҢ СУБЪЕКТІСІ РЕТІНДЕ**

Өркениетті қоғамда саясат адам үшін жасалып, адам арқылы жүзеге асырылады. Әлеуметтік топтар, бұқаралық қоғамдық қозғалыстар, саяси партиялар, қоғамдық қозғалыстар, саяси партиялар, қандай елеулі роль атқарса да, түптеп келгенде, оның басты субъектісі жеке адам болып табылады, себебі сол топтардың, қозғалыстардың, партиялар мен басқа да ұйымдардың өзі нақты жеке адамдардан тұрады және олардың өзара бірлескен іс-әрекеті мен ерік-жігері арқылы ғана саяси процестің, қоғамның бүкіл саяси өмірінің мазмұны мен бағыты айқындалады.

Саясаттың субъектісі ретіндегі адамның аса зор ролі туралы идея ежелден-ақ танымал болған.

Дельфахтағы Аполлон храмының кірер маңдайшасына «Өзінді өзін таны» деп ойып жазылған. Бұл ежелден келе жатқан «өзіннің адами болмысыңды және қоғаммен байланысыңды біл» дейтін қағида бүгінде де аса өзекті.

Адам – бірегей құбылыс, ол қоғам өмір сүрген жағдайда ғана өзін таныта алады. Жеке адамның тұлға ретінде жетілуі және өз мүмкіндігін толықтай ашуы оның қоғамдық қатынастардың әр түрлі саласына қатысуына қарай жүзеге асады. Сондықтан Аристотельдің «адам саяси тіршілік иесі болып табылады, оның пешенесіне қоғамда өмір сүру жазылған» деген даналық тұжырымы сан ғасырдан бері өзінің өзектілігін жоймай келеді.

Философияда жеке адам, әдетте, адами жеке тұлға (индивид), қарым-қатынас пен танымның жемісі ретінде, қоғам өмірінің нақты-тарихи жағдайлары қалыптастырған әлеуметтік сапаларды бойында сақтаушы ретінде қарастырылады. Сондықтан жеке адамға қоғамдық қатынастардың дара болмысы деп те анықтама беруге болады. Мұндай көзқарас жеке адамға қатысты бірдей түсініктен тұрады, яғни ол әлеуметтік нәрсе (әлеуметтік қатынастар болмысы) ретінде және даралық нәрсе (олардың даралық болмысы) ретінде көрінеді.

Жеке адамда қоғамдық қатынастар болмысы адамның қоғамдық манызы бар құндылықтарды иеленуі арқылы, қалыптасқан нормалар мен дағдыларды бойына сіңіруі арқылы қалыптасады. Сонымен қатар әрбір жеке адамның қажеттіктері мен іс-қимыл қисындарынан сол адам өсіп-жетілетін және әрекет ететін мәдениеттің қоғамдық-тарихи бағыт-бағдары көрініс табады.

Жеке адамның даралық болмысы адамның ішкі рухани ұстанымы, тұлғалық мәнділіктер жүйесінің қалыптасуы арқылы қалыптасады, осының негізінде адам өзінің дүниетанымын, өзінің идеологиясын құрады. Адамның ұстанған идеологиясы мен зерделенген дүниетанымы оның саналы тұлға ретінде жетілгендігін білдіреді. Бірденені айтып, басқа бір нәрсені ойлайтын, үшінші нәрсені істейтін адам тұрлаусыз адам болып табылады (бұл терминді Ресейде Ф. Достоевский енгізді). Адамның кісілік бейнесі жақындары, ұжым, ел, адамзат душар болған қиындықтарға үнемі жаны ауырып қиналудан, жеке адамға қойылатын талаптар тұрғысынан «Мен кімін?» деген сұраққа жауапты өзінен іздеуден көрінеді. Адамның белсенді әлеуметтік ұстанымы болғанда ғана тұлғаға айналады.

Саяси ойда жеке адамның саясаттағы ролін, демек, тарихи процестегі ролін түсіндіруде екі көзқарас, екі бағыт пайда болды.

Солардың біріншісі сонау ғасырлар қойнауынан бізге жеткен, мейлінше дамыған көзқарас және оны элитаризм теориясы деп атауға болар еді, ол жеке адамның саяси процестердегі ролін тым күшейте, яғни қоғамның тарихын лидердің, көсемнің, билеушінің тарихына сайып, бұл рольді асыра дәріптеп көрсетеді. Кезінде Паскаль егер Клеопатраның мұрны сәл таңқы немесе сүйірлеу болса, адамзат баласының тарихы мүлде басқаша көрінер еді деп бұл бағытты әжуа еткен болатын. Екінші мысал – Ватерлоо түбіндегі ұрыстың нағыз қызған шағында сағат сайын қайталаған қағынды дерттен Наполеон есінен тана беріпті, осы жағдай Европа тарихын түбірінен өзгертті-міс дейді. Бұл көзқарастарды жақтаушылар саясат үшін тарихты көсемдердің, батырлардың, қолбасшылардың, императорлардың және т.б. іс-әрекеттері тұрғысынан көрсетуге тырысты, көп жағдайда оларға киелілер ретінде табынып, іс-қарекеттері қиял-ғажайыпқа айналдырылды. Бұл адамдардың осыншалық биік марапатқа ие болуларының негізінде олардың өзгелерге ұқсамайтын, өздеріне тән ерекше қабілет-қайраты жатқан еді. Олар өздерінің қалаулары бойынша тарихты қайта жасай алады делінді. Бұл жерде Михайлов басқарған халықшылдарға ойша оралуымызға болады, олар «сыни ойлайтын тұлғалар, батырлар және тобырлар» туралы қағиданы ұсынған болатын.

Екінші бағыт, керісінше, жеке адамның саясаттағы, тарихтағы ролін төмендетеді. Бұл бағытты қолдаушылар арасында әр түрлі ағымдар бар. Мысалы, функциялық саяси психологиялар деп аталатын ағым жеке адам саяси жүйенің, ұйымның көптеген элементтерінің бірі ғана, сондықтан ешқандай артық мәні жоқ деп санайды. Осы көзқарас негізінде технократтық саяси ой дүниеге келді.

Енді тоталитаризм мен авторитаризмді жақтаушылардың жеке адамның роліне қатысты көзқарасын қарастырайық: олар адамға өздерінің саяси мансабы мен жобалары үшін қажет материал ретінде, тарих табаны астындағы «адами тозаң» ретінде қарайды. Бұл бағыттан Сталиннің теориясы, «кішкентай бұрандалар» теориясы толықтай көрініс тапқан, мұнда адам күрделі тарих тетігінің «кішкентай бұрандасы», одан басқа түк те емес деп түсіндіріледі.



Жеке адамның тарихындағы ролін анархистер де төмендетеді, олар лидерлердің беделін ғана емес, кез келген ұйымдасқан саяси қызметті де, жеке адамның саясаттағы саналы қызметінің мәнін де жоққа шығарады. Анархистердің пікірі бойынша, түйсіктер революциялық процестің қозғаушы күші болып табылады. Мұның Фрейдтің және оның ізбасарларының көзқарастарымен қандай да бір байланысы жоқ емес пе екен? Әрине, Фрейд көп жағдайда дұрыс әрі ақылман, соған қарамастан біз бұл жерден белгілі бір идеяларды тым қарадүрсіндендіріп жібергенін айқын көріп отырмыз.

Марксизм жеке адамның саясаттағы орнын төмендетпей де, асыра дәріптемей де диалектикалық тұрғыдан қарастырады. Бұл орайда Ф.Энгельстің еңбектеріне жүгінсек те жеткілікті, бұл еңбектердің мазмұнын Г.В.Плеханов, атап айтқанда, «Жеке адамның тарихтағы ролі туралы» атты кітапшасында тамаша ашып берген болатын. Марксизм аса көрнекті тұлғалардың тарихи процестегі және соның ішінде оқиғалардағы аса көрнекті ролін мойындайды, яғни жеке адамдар тарихи процестер мен оқиғаларды не тездете, немесе тежей алады, бірақ оларды тоқтата алмайды, олар тарихтың объективті барысына кедергі жасай алмайды және, әдетте, аса көрнекті тарихи тұлғалар көбінесе тарих дамуының бетбұрыс кезеңдерінде пайда болып, қалыптасады.

Саясаттың өз заңдылықтары бар, оны дерексіз көпшілік емес, өздерінің мақсаттарымен, талап-тілектерімен, ойлары және сезімдерімен белсенді түрде саяси процестерге қатысатын адамдар жасайды.

Сөйтіп, саясаттың субъектісі ретіндегі жеке адам туралы қай тұрғыда айта аламыз? Адам қоғамның саяси өміріне белсенді қатысуы барысында әлеуметтік жағынан жетіледі, өседі және саясаттың субъектісіне айналады. Саясаттың субъектісі болып табылатын жеке адам ұғымы адамның әлеуметтілігі туралы тезисті нақтылаумен тығыз байланысты: адам өзінің табиғатында қоғамдық қана емес, саяси да тіршілік иесі, себебі қоғам өзінің дамуының барлық кезеңдерінде дерлік саяси құралым болып табылады. «Саясаттың субъектісі» термині саясатты жасайтын, өзінің қызметін баянды да шынайы нәтижелерге бағыттай отырып, қоғам өміріне саналы және мақсатты түрде белсенді ат салысатын адамға қатысты. Жеке адам саясаттың ерекше субъектісі болып табылады, себебі ол саясаттың субъектісі ретінде үлкен саяси топтармен, саяси ұйымдармен

немесе олардың жекелеген органдарымен алыстырғанда басқаша мәртебеге ие болады.

Әрбір жеке адам жікке, әлеуметтік топқа, топқа, ұлтқа, мемлекетке жатады және оның белгілі бір объективтік топқа жататындығының өзі сол адамның өмір сүруі мен іс-әрекетіне жағдай туғызады, оны саясаттың «бейсаясат» саласына да тарта отырып, саяси ықпал жасаудың объектісіне айналдырады. Жеке адам топтың, таптың және т.б. өкілі ретінде саясаттың жанама субъектісі болады, бірақ сонымен қатар белгілі бір әрекеттер жасайды және олардың себептерін түсіндіреді немесе сол әрекеттерді басқа жеке адамдардың іс-әрекеттерімен үйлестіреді, немесе біріктіреді, сөйтіп саясаттың тікелей субъектісі ретінде де әрекет етеді. Егер жеке адам әлеуметтік тілек-талаптар мен мүдделер қандай екенін, олардың арасында қайшылықтар неден туатынын, бұл қайшылықтарды іс жүзінде шешудің және жоюдың қандай мүмкіндіктері бар екенін және, бір жағынан, оның тілектерінің, мүдделерінің және ұмтылыстарының және, екінші жағынан, әлеуметтік тілек-талаптардың ахуалы мен мүмкіндіктері арасында қандай байланыс бар екенін білсе, саясаттың субъектісіне айналады. Бірақ бұл жеткіліксіз.

Жеке адам саясаттың субъектісі ретінде қоғамдағы саяси «ойынның» ережелері мен әдістеріне бағдар жасауға, бұл ойында қандай орынға ие болғысы келетінін және ие бола алатынын білуге тиіс.

Осы жағдайларда ғана жеке адам саясаттың толық құқықты субъектісі болады.

Жеке адамның саяси субъектілігінің объективтік факторлары оған қолайлы да (оның саяси белсенділігін қалыптастыра отырып), қолайсыз да (оны саяси өмірге күштеп қоса отырып) әсер етеді. Жеке адам белгілі бір уақытта саясаттан тыс өмір сүре алады, бірақ мұндай оқшаулану жасанды сипатта болады. Нақты саясаттың нәтижелері сол адамға қатысты топтың мүддесіне ғана емес, оның өзінің жеке мүддесіне де қауіп төндірген кезде, жеке адам (тұрлаусыз емес) міндетті түрде саяси қызметке қосылады.

Жеке адамның саяси қызметке нақ қатысуына екі фактор ықпал етеді:

1) Қозғаушы себеп. Мұндағы ең бастылары жеке адамның қабілеті мен амбициясы;

2) әлеуметтік жағдайлардың болуы, мұнда аталған қабілет пен амбиция жүзеге асырылады.

Қандай да бір нақты жағдайларда қабілеті мен сипаттамасы ағымдағы саяси талаптарға сәйкес келетін жеке адам ғана саяси өмірге ықпал ете алады. Жалпы алғанда, «қатардағы» азаматтың саяси ықпалы төмендегі жалпы әлеуметтік сипаттағы факторларға байланысты болады:

жеке адамның әлеуметтік мәртебесі (белгілі бір тапқа жататындығы, кәсібі, кәсіби және әлеуметтік өсу сатысындағы орны, өмірлік есею деңгейі);

оның жеке мүдделерінің қандай да бір әлеуметтік қайшылықтармен және егестермен байланысы, орындалатын әлеуметтік рольдердің, дәрежелердің көлемі мен әлеуметтік маңыздылығы және аталған рольдерге қойылатын талаптарды жүзеге асырудың тиімділігі;

саяси қызметті жүргізудегі өзінің қажыр-қайраты мен тындырымдылығы;

жеке адам белсенділігіне кедергі келтіретін әлеуметтік тосқауылдар мен шектеулердің күші (топтық артықшылықтар; әртүрлі шектеулер — мүліктік, білімге қатысты, ұлттық, діни, салт-дәстүрлер талабы және т.б.);

жеке адамның саяси сана-сезімі мен мәдениеті, оның ұстанған саяси бағыт-бағдарлары, діни құндылықтар жүйесі.

Жеке адамның саяси субъектілігін (белсенділігін) дамыту ісінде қоғамдағы құқық жүйесінің зор маңызы бар. Ол саяси белсенділіктің шегі мен тиісті нормаларын айқындайды. Бұлар ресми жарияланған (бірінші кезекте Конституцияда) азаматтық құқықтар мен міндеттерде және олардың кепілдіктер (ресми де, материалдық та) жүйесінде көрініс табады.

Қоғамның демократиялық құрылысы азаматтардың бірігуі, діни сенім және өзінің көзқарастарын білдіру, олардың ашық манифестацияға шығу құқығын, сайлау және сайлану құқығын, депутаттарды шақырып алу құқығын және т.б. жариялайды.

Бұл құқықтарға берілетін ресми кепілдіктер заң және сот практикасы, негізгі материалдық кепілдіктер — құқық тәртібін қадағалайтын саяси және қоғамдық ұйымдар болып табылады.

Азаматтардың саяси қызметі әлеуметтік тұрмыс қағидаттарымен және ұлттық-мемлекеттік мүдделермен (қауіпсіздік, аумақтық тұтастық, мемлекеттік егемендік) шектелген, яғни ол саяси жүйемен жанжалдаспайтындай мемлекеттік құрылыстың негізіне қауіп төндірілмейтіндей етіліп, реттеліп отырады.

Жеке адамның саясаттағы ролінің артуына төмендегідей жүйе қызмет етеді, ол:

1) қоғамға саналы түрде қызмет етуге ниет еткен жеке адамдардың өздерінің іскерлік мүмкіндіктерін жүзеге асыруына ең қолайлы жағдайлар туғызады;

2) индивидтің (жеке адамның) саясатта өзіне ыңғайлы міндеттерді атқаруын қамтамасыз етеді;

3) қоғамның тиімді саяси тәрбие беру жүйесінің аса оңтайлы сипаты мен деңгейін айқындайды (оқу орындары, бұқаралық ақпарат құралдары, мәдени және білім беру бірлестіктері, қоғамдық және саяси ұйымдар);

4) қоғамдық проблемалар, қабылданатын саяси шешімдердің алғы шарттары мен жағдайлары және жүзеге асырылатын іс-әрекеттердің әлеуметтік салдарлары жөнінде қажетінше жария ақпараттың болуын қамтамасыз етеді. Бұл қоғамдық пікірдің қабылданатын шешімдер мен билік қызметіне әсер етуіне жағдай жасайды.

Жеке адамның саясаттағы іс-әрекеті мен роліне баға беру үшін оның саясатқа тартылуын және сонда қызмет етуін қамтамасыз ететін іс-шаралардың сипатын түсіну керек. Бұл процесс саяси әлеуметтендіру деген атауға ие болды. Саяси әлеуметтендіру – бұл адамның саяси санасы мен саяси іс-әрекетінің қалыптасып, жетілу процесі. Саяси әлеуметтендіру туралы қазіргі түсінікке жаңа заман ойшылдарының идеялары күшті ықпал етті. Жалпы алғанда, бұл – адамның қоғамның саяси қатынастары барысында өсуі, оны екі үлгіге (модельге) жатқызуға болады.

«Бағындыру» деп аталатын бірінші үлгі Т.Гоббстің теориясында дамытылған. Ол адам табиғатының ең бірінші сипаттамасы шексіз билікке қол жеткізу, бұл оның мәңгілік арман тілегі болып табылады, ал жеке адам ақылсыз, өзімшіл, өзінің күштарлықтарын ырқына көндіре алмайды, сондықтан оны монополиялы билікке бағындыру анархияның, «бәрінің бәріне қарсы соғысының» бірден-бір баламасы болып табылады.

«Мүддеге» қатысты екінші үлгі А. Смиттің, Г. Спенсердің, У. Годвиннің есімдерімен байланысты. Бұл үлгінің мәні мынада: мүдде – саясатты қозғалысқа келтіретін әлеуметтік-саяси тетік. Бұл жерде адам өзінің мүддесін не деп білсе, тек соны ғана істейді. Сондықтан сан алуан жеке мүдделерді үйлестіру нәтижесінде ғана әлеуметтік және саяси тәртіп пайда болуы мүмкін. Қоғамның дамуы басып-жаншу күшінің көмегімен

мес, индивидтердің ортақ мүдделерден өзіне келетін пайдарды ақылмен жете түсінуі арқылы жүреді.

Қазіргі кезде бағындыру идеясы іс жүзінде түбірлі өзгеріске шыраған жоқ, оның уәжі ғана өзгерді. Д.Белльде, У.Мурда, Л.Липсетте — бұл басқарудың қажеттілігі, Дж. Роулсте, К.Дженксте — үлкен тең құқықтылыққа қол жеткізу, Р.Далье, У.Корнхаузерде — демократияның баяндылығы. Бұлардың ортақ ойларының түп төркіні — саяси реттеуді жеке адамды мемлекетке, ұйымға немесе элитаға бағындыру ретінде үсіндіру. Бұл үлгі әміршілік-әкімшілік социализмде анағұрлым батыл жүзеге асырылды. Қазіргі заманғы екінші үлгіні ерттеушілер адамның мүдделері оны саясаттың белсенді субъектісі ете отырып, саяси процесті алға қозғайды дегенді негізге алады. Бұл жерде әр түрлі билік тетіктері адамның босандығына төнген қауіп ретінде қарастырылады. Сондықтан либерал, жаңа консервативті және солшыл-радикал саясатшылар ұжымшылдықтың, биліктің орталықтануының кез келген нысанына және оған адамның бағынуын мүлде теріске шығарады. Мемлекеттік құрылысты, тәртіпті, билікті, бостандықты олар даралық (индивидуализм) тұрғысынан қарастырады. Осы өзқарас тұрғысында элитаризм мен технократизм сыналанды да.

Бірқатар зерттеушілер саяси әлеуметтендіруді «саяси қолдау», оң бағыттарды қалыптастыру, азаматтардың өмір сүріп тұрған саяси жүйенің саяси мақсаттары мен құндылықтарын бірікті түрде қабылдауы ретінде қарастырады. Мысалы, Д.Истон, Дж. Деннис саяси әлеуметтендіру — бұл даму процесі, мұнда жеке адам өзінің саяси бағыт-бағдарларын айқындайды деп санайды. Саяси әлеуметтендіру өзінің мәні жағынан өмір сүріп тұрған саяси құрылыс құрылымдарының, оған тән қоғамдық-саяси қатынастардың, олардың одан әрі даму бағыттарының қайта жаңғыруы, сондай-ақ бұл қатынастар субъектілерінде — іс жүзінде осы қатынастарды қайта жасайтын, қолдайтын және жүзеге асыратын жеке адамдарда өздерінің өмір сүру процесінде өзіндік жаңа сапалардың пайда болуы болып табылады. Әлеуметтендіру өткенді «болашақпен» байланыстыратын дәнекер ролін атқарады, саяси салада тарихи сабақтасқты ұйымдастыру әдісі болып табылады.

Өзіне тән міндетті жүзеге асыру — дәстүрлі қоғамдық қатынастарды сақтау тұрғысында — әлеуметтендіру бұл жағынан адамды оған дейін қалыптасқан саяси қатынастар жүйесіне

және оның тиісті қызмет нысандарына «еріксіз» тарту түрінде көрінеді, сөйтіп оның әлеуметтік мәні бар өмірлік іс-қаракетін саяси қызметтің осы дайын нысандары мен түрлеріне ғана қатысуы арқылы іс жүзінде «шектеуге» жағдай жасайды. Бірақ бұл әлеуметтендірудің бір ғана жағы, оның өзіне тән сипаты – консервативтік бағытты ұстануы.

Әлеуметтендірудің қатынастардың ілгері дамуына қозғау салатын, әрбір адамның жан дүниесінде мәңгі маздап жатқан зұлымдық пен белсенділік «шоғын» өшірмейтін екінші жағы да бар.

Қазіргі кезде орынсыз ұмытыла бастаған К.Маркстің қағидасын есімізге түсірейік. Ол былай дейді: «Әлеуметтендіру – индивидке еш ойланбастан дайын әлеуметтік қалыпты тигізе салу емес. Әлеуметтендірудің объектісі ретінде әрекет ететін индивид сонымен қатар қоғамдық белсенділіктің субъектісі, қоғамдық нысандарды жасаушы да болып табылады». Сонымен бірге К.Маркс атап көрсеткеніндей: «өндірістің арқасында жаңа сапаларға қол жеткізе, өзін-өзі жетілдіре және өзгерте отырып, жаңа күштер мен жаңа түсініктерді, жаңа қарым-қатынас әдістерін, жаңа қажеттіктер мен жаңа тілді жасай отырып, өндірушілердің өздері де өзгереді».

Басқаша айтқанда, мына жағдайды естен шығаруға болмайды: осындай тіршілік иесін қоғам ғана жасамайды, адам да «қоғамды жасайды», «өзін-өзі және айналадағыларды жасайды». Бұл белсенді жеке тұлғаны, оның саяси «менін» жасау процесі, яғни жеке адамның саясатқа араласуы саяси жүйе индивидті өз аясына тартып, өзінің жақтастарын топтастырған кезден, сондай-ақ оларды қарапайым саяси міндеттерді орындауға үйретіп, жай саяси қызмет дағдысын қалыптастырған кезден басталады. Саясат пен жеке адамның бұл өзара әрекеттестігінің нақты тарихи сипаты бар. Әрбір саяси жүйе саяси әлеуметтендірудің өзіндік тетіктерін жасайды. Ал бұл тетік таптық қоғамның дамуымен ғана байланысты, яғни күл иеленуші қоғамнан бастап пайда болады. Алайда оның дамыған нысандары таптық күштердің орналасуы жеке адамдардың саяси рольдерін, мүдделері мен құндылықтарын елеулі түрде айқындайтын жерде, капитализмнен бастап, пайда болады.

Саяси әлеуметтендіру тетіктері бірнеше деңгейде жұмыс істейді.

1. Әлеуметтік деңгейде (Жалпы қоғам деңгейінде). Саясатқа тартудың аса маңызды қолайсыз тетіктері: жұмыссыздық, сатып алу, зорлық-зомбылық, террор.

Бүгінгі таңда жалпы жұртшылықты саясаттандыру үшін планетаның ғаламдық проблемалары — ядролық соғыстың қаупі, экологиялық қауіп, демография және азық-түлік проблемасы және т.б. аса тиімді.

2. Әлеуметтік-психологиялық деңгейде. Таптық сана мен әлеуметтік қауымдастық деңгейінде ғана емес, шағын топ деңгейінде де ықпал жасау. Жеке адамдар арасындағы ықпал жасау сананы уландыру, сендіру, бірдейлестіру, үйрету, еліктеу арқылы жүзеге асырылады.

3. Жеке адамның өз деңгейінде, яғни қажеттіктерді, уәж-кисындарды, құнды бағыт-бағдарлар мен мақсаттарды есепке алу.

Әр деңгейде атқарылатын іс-шаралардың бәрі жеке адамды саясатқа тарту үшін жасалынады, әрине, бұл бірден жүзеге асырыла салмайды. Жекелеген адамдармен, жеке тұлғалармен олардың даралық нақты ерекшеліктерін есепке ала отырып, мақсатты жұмыстар жүргізіледі.

Жеке адамның саяси институттармен өзара іс-қимылы нәтижесінде сол индивидтің саяси санасы мен іс-әрекет дағдысы, яғни жеке адамның белгілі бір мұраты, азаматтық табандылығы, саясатқа деген қызығушылығы мен белсенділігі, оның саяси санасы мен бірдейлестігі, яғни саяси партияларға, топтарға, ұйымдарға жататындығы қалыптасады.

Осы заманғы қоғамдарда саяси әлеуметтендірудің екі негізгі проблемасы үлкен маңызға ие болып отыр:

1. Жалпы алғанда халыққа саяси тәрбие беру (еліктіру) қалай жүзеге асырылады?

Шартты түрде мұны саяси әлеуметтендірудің макродеңгейі деп атаймыз.

2. Жекелеген тұлғаны нақты саяси жағдайларға тарту; оның ролі мен іс-әрекетінің сипаты. Бұл микродеңгей.

Яғни біз саяси әлеуметтендіру деп жеке адамның саяси санасы мен іс-әрекетінің қалыптасу процестерінің бүкіл жиынтығын, саяси міндеттерді қабылдауы мен орындауын, саяси белсенділігінің көрінуін түсінеміз. Бұл ұғым саяси тәрбие беру ұғымына қарағанда кеңірек.

Егер саяси әлеуметтендіру адамның саяси санасы мен іс-әрекетінің даму процесі болып табылса, онда бұл процестің бірнеше кезеңдерден тұратыны белгілі. Жеке адамның азаматтық және саяси қалыптасу процесі тым жас кезден басталып, өмір бойына жалғасады. Индивид басқы кезеңде белгілі бір

үкіметке деген көзқарастардан да көрінеді. Саяси бағдар белгілі дәрежеде саяси іс-әрекеттің сипатын айқындайды, өйткені ол адами қажеттіктерді жүзеге асыру жолдарын белгілеудің басқы материалы болып табылады.

Жеке адамның саяси әлеуметтану процесіне қандай факторлар ықпал етеді?

Біріншіден, тұтастай алғанда қоғамның имандылық және идеялық-саяси ықпалы (саяси жүйе, әлеуметтік-таптық құрылым, саяси мәдениет, бұқаралық ақпарат құралдары, мәдениет пен өнер).

Екіншіден, индивидтің (жеке адамның) биопсихологиялық ерекшеліктері (қызу кандылығы, ой-өрісі, ерік-жігері).

Үшіншіден, жеке адамның әлеуметтік тәжірибесі: әлеуметтік тәжірибесі мол болған сайын, өзгеріп жатқан әлеуметтік-саяси жағдайда саяси бағдарды қайта өзгерту анағұрлым күрделі әрі қарама-қайшылықты жағдайда өтеді, ал кейбір жағдайларда саяси бағдарда тіпті де өзгеріс болмайды.

Төртіншіден, жеке адамның әлеуметтік мәртебесі.

Егер он сипатты мәртебе ұзақ уақыт өзгеріске ұшырамаса, онда жеке адамның саяси санасында орнығу жүреді, тандалған саяси іс-қимыл бағытының дұрыстығына сенімі күшейеді.

Егер саяси бағдар әлеуметтік мәртебемен қайшылыққа түссе, бұл жағдайда саяси сана мен іс-әрекет нығая түсуі де, саяси бағдар түбірінен қайта өзгеруі де мүмкін.

Саяси әлеуметтендірудің алғашқы кезеңінде саяси бағдардың өзгеруі анағұрлым тиімді, себебі бұл кезде саяси білім жиынтығы мен көзқарастар әлі толықтай берік сенімге айналмайды. Сондықтан да қоғамды реформалауға жастар ғана белсенді әрі пәрменді түрде қатыса алады, негізгі үміт лайықты түрде соларға артылады.

Жеке адамның саяси қатынастар процесіне қосылуы, оның саясаттағы дүние танымының, сана-сезімінің, іс-әрекетінің қалыптасуы әлеуметтік саланың ықпалымен жүреді. Бұл жерде әлеуметтік саланың саяси да, саяси емес те факторларының елеулі маңызы бар.

Саяси емес факторларға отбасын, мектепті, замандастар тобын, жұмысшы ортасын, мешітті, мәдениетті, өнерді, әдебиетті, бұқаралық ақпарат құралдарын жатқызу керек. Бұған биік мәдениет, сондай-ақ өмір салты, ұлттық дәстүрлер сияқты дәстүрлі емес салаларды да қосқан жөн.



Әлеуметтендірудің саяси факторлары: мемлекеттік құрылыстың сипаты мен түрі, саяси тәртіп, саяси институттар, партиялар, ұйымдар, қозғалыстар. Олар индивидтің саяси қатынастарға тартылу процесінде зор роль атқарады.

Нақты өмірде саяси және саяси емес факторлар мейлінше біте қайнаскан, олардың жеке адамға ететін әсері күрделі келеді. Еңбектің сипаты, жеке адамның табиғатқа деген көзқарасы және т.б. сияқты факторлардың да елеулі маңызы бар.

Жеке адамның саяси құрылымы осы заманғы әлеуметтік психологияда жеке адамның үш кіші құрылымына, үш деңгейіне бөлінеді, олар – биологиялық, психологиялық, әлеуметтік.

### 1. Жеке адамның биологиялық деңгейі.

Жеке адамның биологиялық сипаттамасы оның саяси іс-әрекеті мен санасына қалай әсер етеді? Ол үшін жеке адамның тұқым қуалаушылығы мен қажыр-қайраты, жынысы, жасы, денсаулық жағдайы сияқты көрсеткіштеріне талдау жасау қажет. Бұл фактор жеке адамның саяси белсенділігін айқындайды.

Жас. Тарихи бетбұрыстар жасалатын дәуірлерге – революцияға, дағдарыстарға – анағұрлым лайықтысы жастар. Мысалы, Наполен, Робеспьер, Сен-Жюст, Ф.Кастро. Жастың психологиялық ерекшеліктері бар, бұл адамның ой дүниесіне, мінез-құлқына, ескі әдеттерге адалдығына, көзқарасына, дағдысына өз ізін қалдырады. Жастарға айналадағы шындықты тез қабылдау, өткір ойлылық, батыл әрекет ету тән.

Қызу қандылық, бұл нерв жүйесіне тән қасиет, ол белгілі бір адамның саяси іс-қимылына өзгеше даралық сипат береді. Қызу қандылық саяси міндетті өзіндік орындау әдісінің құрамына кіреді.

Денсаулық, төзімділік, күш-қайрат, ширақтық, жұмысқа қабілеттілік – тәни сапалар. Бұлар кейде тұқым қуалаудан қалады, көбінесе жаттығу арқылы келеді. Мысалы, А.Суворов. Жігер күшінің үлкен мәні бар. Мысалы, Рузвельт сал болып қалған-ды, Кеннеди бала кезінен дәмкәс еді, ал А.Линкольн күш-қайраттың иесі болатын.

2. Жеке адамның психологиялық деңгейіне сезім әсерлері, ерік-жігер, жады, қабілеттілік, ойлау, тұтастай алғанда мінез-құлық сияқты элементтер кіреді.

Саясаттағы сезім әсерлері: үрей, қуаныш, тәнті болу, жеккөрушілік, қызғаныш – өте күшті себепші факторлар, олардың жақсы да, жаман да әсері болуы мүмкін.

Ерік-жігер — жеке адамның аса саналы психологиялық элементі. Ерік-жігерсіз адамның кез келген қызмет саласында, әсіресе саясатта мақсатқа қол жеткізуі мүмкін емес. Саясаттағы ерік-жігер бұл көздеген мақсатқа жету үшін алған беттен қайтпау ғана емес, бойдағы жігерді ақыл таразысына салып әрекет ету де. Саяси ерік-жігер үлкен мақсаттарға жету үшін олардың ұсақ, жеке, топтық мақсаттардан жоғары тұруын көздейді. Онсыз адамның әдетке айналған, тіпте де пайда-сыз түсініктер мен дағдылардан, ой енжарлығынан арылуы онайға түспейді.

3. Саяси ой, жеке адамның аса маңызды әлеуметтік элементі болып табылады, ол адамның ой-өріс, білім, бойға сінген шеберлік деңгейінен, оның ой өрбіту ерекшелігінен, сондай-ақ саясат саласындағы өзінің тәжірибесі мен теориялық қызметінде ұстанатын категорияларының мазмұнынан (бұл *менталитет* деп аталады) тұрады. Саяси білімдердің болуы, хабардарлық — жеке адамның саяси зерделілігінің аса маңызды көрсеткіші.

Жеке адамның саяси ойының мазмұнын оның мақсаттары, бағыт-бағдары, құндылықтары, дүние танымы айқындайды. Осылардың бәрі қосыла келіп, жеке тұлғаның әлеуметтік деңгейін жасайды. Демократияның азаматтардың қоғамның саяси өміріне қатысуы, бейбіт қатар өмір сүру, әлеуметтік әділеттілік пен теңдік сияқты құндылықтары өзінің бағыты бойынша дарашылдық, құлқынқұмарлық, гегемонизм, шовинизм және ұлтшылдық принциптеріне мүлде қарама-қарсы.

Жеке адамның әлеуметтік құрылымының ең биік белесі дүние таным болып табылады. Бұл жеке адамның қалыптасуында біршама кейінірек көрінетін сапа. Тұлғаның дүние танымы қалыптасу үшін (егер оның мүмкін эволюцияларын ескерер болсақ, ол өмір бойына жалғаса береді) адамға сыртқы әлеуметтендіру факторларының әсер етуі жеткіліксіз, сонымен қатар оған сол адамның өз құлшыныстары, ерік-жігері мен еңбегі қажет.

«Дүние танымы» ұғымының көптеген анықтамасы бар. Жеке адам құрылымы тұрғысынан алғанда, дүние таным оның дамуының маңызды деңгейі екенін атап айтуымыз керек.

Ол жеке тұлғаның биологиялық және психологиялық деңгейлерінің бүкіл көрінімдерін (мінез-құлықтың, қызу қандылықтың көрінуі) өзіне сіңіре отырып, адамның бүкіл қызметін бағындырады. Мазмұн тұрғысында — жеке адамның дүние та-

нымы жүйелі бағыт-бағдар, білімдер, қатынастар, сезімдер мен іс-әрекеттер болып табылады. Бұл орайда олардың бір-біріне байланысты, жүйелі, өзара тәуелді болатынын атап көрсеткен маңызды. Оның үстіне әр жеке адамдағы мұндай жүйенің өз бедері, өз ой қисыны болады.

Яғни саяси қайраткерлер бірдей көзқарасты ұстана отырып, жалпы саяси қызметке өзінің ерекшелік үлесін қосады. Жеке адамның саяси тәжірибеге араласу жағдайы, оған қатысу ауқымы (әсіресе билікті жүзеге асыруда), атқаратын саяси міндеттерінің көптігі мен мәнділігі оның саяси белсенділік қарымының сырттай көрінуі болып табылады. Ежелгі фило-софтар үш құндылықты – ақиқатты, ізгілікті, сұлулықты бөліп көрсетті, адам белсенділігінің жүзеге асуы осы құндылықтарға негізделеді. Ақиқат – бұл танымдық ізгілік – тәжірибелік, сұлулық – көркем-шығармашылық қызметтің нәтижесі. Демек, бір жағынан, қоғамда саяси белсенділік пен таңдауға мүмкіндіктер мол болған сайын, екінші жағынан, жеке тұлғаның өз саналылығы мен белсенділігі жоғары болған сайын, оның қоғамның саяси өміріндегі ролі де (бұл жерде оның тұлғалық қабілеттері мен тындырымдылығы есепке алынуы керек) соншалықты зор болады.

Саяси белсенділіктің төмен болуы қоғамдық белсенділіктің төмендігін білдірмейтіндігін де атап айту керек. Ал егер қоғамдық белсенділіктің бағалау критерийіне жалпы саяси белсенділікті алу керек болса, онда адамдарды 4 түрге бөлуге болады:

1. Өмірдің барлық саласында, соның ішінде саяси салада да, белсенді адамдар. Олар аса қайратты келеді, өздерінің мүмкіндіктеріне толық сенімді болады, өзінің атак-абыройына кір келтірмейді, мақсатты ұмтылысынан үнемі тегеуірінділік көрініп тұрады.

2. Саяси емес салаларда белсенді, бірақ саясатта енжар жандар. Бұған мынандай себептер жағдай туғызады: а) адам өзінде саяси қызметке қажетті сапалықтар жоқ деп санайды; б) қызметтің басқа түрлерімен (спортпен, өнермен, ғылыммен) айналысуы бүкіл негізгі уақытын жұтып қояды; в) адам өмір сүріп тұрған саяси жүйені қолдамайды, бірақ оны жойғысы да келмейді.

3. Белсенділігі саяси емес салаларда төмен, саясат салаларында жоғары адамдар. Мұндай жағдайда оның негізгі уақыты саясатқа арналады, мұндай адамдарды саясаткерлер деп атайды.

4. Өмірдің барлық саласында енжар жүретін жандар. Әдетте мұндай адамдар табансыз, өзіне сенімсіз және күртек келеді, өзінің қабілеті мен ой-өрісін жетілдіруге не қажет екенін сезінбейді.

Демек, жеке адамның саяси әлеуметтенуі оның қоғамдық қатынастардың сан қырлы саласына, әр түрлі практикалық қызметтерге ат салысуы арқылы жүреді.

Саяси қызметке қатысты да адамдарды төмендегідей түрлерге бөлуге болады:

1. Белсенді. Ол өзінің саясатқа қатысуын оң бағалайды, саясат саласынан анағұрлым толығырақ хабардар болуға ұмтылады, төңірегіне өзінің пікірлестерін топтастырады.

2. Білікті қадағалаушы. Өзінің саясатқа қатынасуына бейтарап қарайды, бірақ оған барынша қызығады, саясаттан жақсы хабардар болады.

3. Білікті сыншы. Өзінің саясатқа қатысуын қолдамайды, бірақ оған мейлінше қызығады, саясаттан жақсы хабардар келеді, билік өкілдерін сынағанды қалайды.

4. Енжар азамат. Саясатқа қатысуға бейтарап көзқарасты ұстанады немесе оны теріске шығарады, саясатқа тым қызықпайды, хабардарлығы да төмен болады.

5. Бейсаясатшы адам. Саясатқа қатысуға қарсы, оған қызықпайды, саяси ақпаратты ішінара ғана біледі.

Адам саяси қызметке өзінің тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты да, билікті жүзеге асыруда өзінің мүмкіндіктерін нақты бағалай отырып та қатыспайды. Алайда қазіргі өмірдің өзі адамның мінез-құлқын тез саясаттандырады, кейде оны еріксіз саяси қызметке араластырады. Қызмет саласы қаншалықты ауқымды болған сайын, саяси әлеуметтендіру де соншалықты тез және тиімді жүреді, адам өзін қоғамда соғұрлым сенімдірек сезінеді.

Жеке адамның әлеуметтік құрылымының маңызды құрамдас бөліктері болып табылатын мүдделердің, қажеттіктер мен қисындардың мәнін ашпай тұрып, оның саяси қызметіне талдау жасау толық және жеткілікті болмас еді.

Себептілік проблемасы. Бұл субъективтік детерминация, іштей құлшыныс, саяси іс-әрекетті қозғалысқа келтіруші, жеке адамның қызметі, алға қойған мақсаттарға жету. Бұл жерде себептер ізгілікті, биік адамгершілікті, альтруистік те (әділеттілік, азаматтық және саяси бостандық жолында, кедейшілік пен қайыршылыққа қарсы күрес), сондай-ақ

адамгершілікке қарсы, эгоистік, құлқынқұмарлық түрінде де (билік, байлық, атакқұмарлық пен данқұмарлық) болады.

Себептердің психологиялық міндеттері арасынан қозғау салатын, бақылау жасайтын, қорғаныштық және мәнділікке ие ететін міндеттерді бөліп айтқан жөн. Мысалы, а) бейбітшілік және жан сақтау жолындағы күреске қозғау салатын себеп ядролық және экологиялық апаттар жөніндегі үрей болып табылады; б) кәсіподақтар қозғалысына қатысуға қорғаныштық сипаттағы экономикалық, саяси және әлеуметтік себептер итермелейді. Жүгенсіз озбырлық пен заңсыздықтан бірлесіп, ұжымдасып қана қорғануға болады; в) мәнділікке ие ететін себептілік қызметі мынадан көрінеді: мұнда саяси қызметке белгілі бір тұлғалық мән беріледі. Мысалы, Америка президенті Л.Джонсон өзінің АҚШ-та елеулі лауазымда отырып, биліктің рахатын көруді ансайтын атакқұмар адам емес екенін айтқан болатын. «Мен барлық кезде, — дейді ол, — өзім істеген кез келген істі — мен үшін елеулі іс деп санадым. Ал Джон Кеннеди бұл жөнінде мүлде басқаша пікірде, яғни «президенттік міндет маған ғана лайықты, бұл рольді менен артық ешкім де орындай алмас еді», — дейді. Бұдан бір факторға, яғни президенттік қызметті атқаруға қатысты бір-біріне қарама-қарсы екі пікірді, екі субъективтік қисынды ойды айқын көріп отырмыз. Демек, жеке адамның қабілеті мен мансабы оның саясатта белгілі бір рольді атқаруы үшін қажетті шарт қана болып табылады, сондай-ақ қабілет пен мансап жүзеге асырылатын әлеуметтік қатынастар мен нақты жағдайлардың жай-күйі жеткілікті шарт болады, яғни нақты жағдайда қабілеті мен адамның сипаты ағымдағы әлеуметтік талаптарға сай келетін тұлға ғана саяси өмірге ықпал ете алады. Түптеп келгенде, мұның саяси өмірді ұйымдастырудың барлық деңгейіне қатысы бар.

Адамның саясаттың субъектісі ретінде жетілуінің түпкі нәтижесі жеке тұлғада белгілі бір саяси мәдениеттің қалыптасуы болып табылады, бұл — оның өмір сүріп тұрған саяси қатынастарға өзіндік жолмен бейімделуіне қол жеткізген сапалық белгісі.

Сонымен бірге әлеуметтендіру процесі оның барлық бағыттары мен түрлерінде жүре отырып, адамның өзінен де, жалпы қоғамның да саяси мәдениетіне тікелей ықпал етеді, бұдан саяси қатынастардың және өмір сүріп тұрған билік пен басқару институттарының сапалық деңгейі көрінеді. Саяси әлеуметтендіруді екі жақты процесс ретінде қарастыру керек, бір

жағынан, бұл процесс индивидті саяси ақпаратпен және саяси біліммен қаруландырады, оны өмір сүріп тұрған саяси құндылықтарға, бағдарларға тартады, қоғамдық қатынастар қалыптастырған жүйеге ену арқылы ол әлеуметтік тәжірибені, нормаларды, рольдерді және дағдыларды бойына сіңіреді және шеберлігін шыңдайды, екінші жағынан, бұл процесс жеке адамның бір күйде ұдайы қайталануы емес, өмір сүріп тұрған қоғамдық қатынастар жүйесінің оны одан әрі дамытып, жетілдіруі де болып табылады. Жеке адамды саяси әлеуметтендіру процесінде қоғам шешетін міндеттері төмендегідей түрде болуы мүмкін: а) индивидтер қоғамдық міндеттерді орындауы үшін олардың қажетті қабілеттері мен қасиеттерін қалыптастыру; б) индивидті жеке тұлға өзін-өзі таныта алатын қоғамдық-саяси жүйеге енгізу; в) әлеуметтік-саяси қатынастар жүйесінде жеке адамдардың әлеуметтік міндеттерді (көзқарасы) орындауы; г) өмір сүріп тұрған қоғамдық, ең алдымен саяси қатынастарды дамытып, жетілдіру.

Саяси нормалар мен құндылықтарды бойға сіңіру және белгілі бір әлеуметтік-саяси міндеттерді жүзеге асыру жолында адамда қалыптасқан нысаналы бағыттар, дағдылы іс-әрекеттер сол адамның бойында саясат саласындағы іс-қимылдың біршама тұрақты үлгілерін жасайды. Бұл процеске тән белгі — алынған нәтижені, енжар ғана түйсіну емес, оны белсенді түрде қабылдау, оны өзгерту, яғни өмір сүріп тұрған саяси қатынастардың дамуы, олардың жаңа кезеңге өтуі түрінде өзіндік қайтарым жасау. Демек, егер қоғам саясат саласындағы әлеуметтендіру процесінде адамды азамат ретінде «жасаса», ал әлеуметтенген индивид өмір сүріп тұрған саяси құрылымдар мен қатынастардың дамуына жасампаздықпен ықпал ете отырып, қоғамның өзін өзгертеді.

## САЯСИ БИЛІК ПЕН ҚОҒАМНЫҢ САЯСИ ЖҮЙЕСІ

### 7-т а к ы р ы п

#### САЯСИ БИЛІК.

#### БИЛІК ТҮСІНІГІ, ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ МЕН МӘНІ

Саяси билік саясаттың аса маңызды проблемасы болып табылады. Билік — адамзат қауымдастығының, адамдар өмірінің негізгі бастауларының бірі. Қоғам бар жерде биліктің де болатындығы дәлелсіз шындық. Бұған басқа тұрғыда көз салсақ — билік жүргізу үшін сол билікке мойын ұсынатын қоғам қажет.

Алғашқы билік нысандары сонау ғасырлар қойнауынан қылаңдап көрініс береді де, өз тамырын отбасындағы, ру мен тайпадағы өзара қарым-қатынастардан алады және де ол өндірістің дамуына да байланысты болады.

**Еңбек бөлінісі.** Биліктің отбасылық-рулық түрі көшпелі халықтар арасында біздің дәуіріміздің алғашқы ғасырларында көрініс бере бастады. Отырықшылықтың дамуына байланысты бірте-бірте тайпалық билік қалыптасты. Солардың арасынан неғұрлым күштілері, ақылдылары, айлакерлері мен қабілеттілері дараланып көзге түсе бастады. Қоғамдық өндірісті бөлу мен жеке меншіктіліктің пайда болуына байланысты аймақтық билік қалыптасты. Сөйтіп рулық-тайпалық байланыстың күйреуіне орай жария билік орныға бастады. Уақыт оза келе басқарудағы өз құқығын жариялаған және егіншілер мен малшыларды өзіне күшпен бағындырған жария билік қоғамнан іргесін аулақ сала бөлінді. Бұл мемлекетсіз қоғамның мемлекеттік қоғамға өтуіне негіз қалады да, енді билік саяси мәнге ие болды.

Билік қоғамдық көрініс ретінде қалыптасады да нақты табиғи-тарихи дамудың нәтижесі ретінде пайда болады. Сөйтіп саясат өрісі билік пен соған қатысты барлық жүйелер арқылы анықталады. Билік міндетті түрде саясатты жүзеге асырудың құралына айналады.

Билікке таласу, оған ие болу үшін күресу (бейбіт жағдайда – сайлау өткізу, тағайындау, немесе жаулап алу яки басып алу), оны қолда ұстап тұруға ұмтылу – қоғамның саяси өмірінің негізгі қырларының бірі. Саясат билікке жетудің себебі болса, ал билік – саясаттың себебіне айналады.

Сондықтан саясат пен билікті әлдебір себептерге орай бір-біріне тәуелді түрде шеңберлене байланысып жатқан көрініс ретінде қарастырған дұрыс секілді. Билік жүргізбейтін және күш жұмсамайтын адамзат қауымдастығы болды дегенді біз әлі күнге дейін тарихтан кездестіре қойған жоқпыз. Билік қоғамның тұтастығын, басқаруға икемділігі мен бейімділігін сақтайды, ұйымшылдық пен тәртіпті орнықтырады, яғни қоғамның өміршеңдігін қамтамасыз етеді.

Биліктің нәтижесінде қоғамдық қатынастар мақсатты түрде алдағы нысанаға қарай бағытталады, басқару мен бақылау байланыстарының дұрыс сипатын қалыптастырады, ал адамдардың бірлесе өмір сүруі аса ұйымшыл және тәртіпті болады. Билік ұғымы арқылы саяси институттарды, саяси қозғалыстарды, саясаттың өзін ой елегінен өткізіп, мәнін білуге мүмкіндік туады. Билік әлеуметтік қатынастарды ретке келтіруді әр түрлі: сендіру, ынталандыру, ырықсыз көндіру мен күш көрсету секілді құралдары арқылы жүзеге асырады.

Сонымен, билік дегеніміз бұл – қоғамның беделінің, ерік-жігерінің, күш көрсетуінің көмегімен бір адамдардың басқа біреулердің ұстанған бағыт-бағдарына немесе қызметіне шешуші дәрежеде ықпал етуі.

Билік – басқа адамдарға жасалатын ықпал арқылы белгілі бір мақсатқа жету; белгілі бір тәсілдерді, атап айтқанда, күш көрсетуді қолдану мүмкіндігі; Басқарушы мен Басқарылушының және іс-әрекетке қатысушы ерекше тұлғалардың арасында өзгеше бір үлгідегі қатынастар арқылы сипатталады. Бұлар басқа адамдардың іс-әрекеттерін өзгерту мүмкіндігіне, белгілі бір тәсілдерді – күш көрсету тәсілін қолдану мүмкіндігіне негізделеді.

Бір адамдардың екінші бір тұлғаларға бағынуының маңызды әлеуметтік себебі мынада – бұл ретте билік көзінің екі жаққа бірдей тең бөлінбегендігі бірден байқалып тұрады.

Кең мағынасында алғанда жеке тұлғаның немесе адамдар тобының басқаларға ықпал етуі үшін пайдаланылатын амал-



шарғылардың барлығы билік ресурсы деген түсінікті білдіреді. Ал тар ауқымда бұл — өз мақсатына жетуі үшін субъект пайдаланатын амал-шарғылардың тұтастай жиынтығы.

**Билік көзі объекті үшін маңызды құндылықтар** (акша, тұтыну заттары) болуы немесе адамның жеке тұжырымдары арқылы ішкі әлемге ықпал ететін құралдар (теледидар, баспасөз және басқалар) болуы, немесе адамды қандай да болмасын әлдебір құндылықтардан — өмірінен айыруға септігін тигізетін құралдар (аспаптар — қару, тұтастай алғанда жазалау органдары) болуы мүмкін.

Билік көздері биліктің аса маңызды негіздерінің бірі болып табылады. Олар ынталандыру, жазалау немесе сендіріп иландыру үшін пайдаланылуы мүмкін. Билік көздері: экономикалық, әлеуметтік, саяси-күш көрсетушілік, мәдени-ақпараттық және демографиялық болып бірнеше түрге бөлінеді.

**Экономикалық** — бұл қоғамдық өндіріс пен тұтынуға қажетті материалдық құндылықтар (акша, өндіріс құрал-жабдықтары, құнарлы жерлер, пайдалы қазбалар, азық-түлік өнімдері және т.т.).

**Әлеуметтік** — билігі барлар пайдаланатын әр түрлі артықшылықтар: кадр саясаты, медициналық қызмет көрсету, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету және басқалар, яғни бұлар әлеуметтік жағдайлардың, дәрежелердің (рангілердің) ролін арттырады немесе төмендетеді.

**Саяси күш көрсетушілік** — бұл күшпен ырықсыз көндірудің құралы мен аппараты, осы мақсат үшін арнайы дайындалған адамдар. Мемлекетте олардың негізін әскер, сот, прокуратура, қауіпсіздік қызметі құрайды. Биліктің осы түрін өдетте билік жүргізудің өте тиімді көзі деп есептейді, өйткені оны пайдалану адамды аса жоғары құндылықтардан — өмірінен, бостандығы мен дүние-мүлкінен айыруға ықпал етеді.

**Мәдени-ақпараттық** — білім мен ақпарат, сонымен бірге ақпараттарды тарату құралдары — бұқаралық ақпарат құралдары, ғылым мен білім институттары.

**Демографиялық ресурстар** — адамның өзі биліктің болып табылады. Адамдар — бұл басқа да көздерімен көп салалы ресурстар. Адам тұтастай алғанда билік көзі ғана емес, сонымен бірге оның суғаруы мен қорғанысы.

Билік көздерін пайдалану билік механизмдерінің нәтижесінде оның бүкіл

Мәр  
Үлгісі  
Оали-

Билікке таласу, оған ие болу үшін күресу (бейбіт жағдайда – сайлау өткізу, тағайындау, немесе жаулап алу яки басып алу), оны қолда ұстап тұруға ұмтылу – қоғамның саяси өмірінің негізгі қырларының бірі. Саясат билікке жетудің себебі болса, ал билік – саясаттың себебіне айналады.

Сондықтан саясат пен билікті әлдебір себептерге орай бір-біріне тәуелді түрде шеңберлене байланысып жатқан көрініс ретінде қарастырған дұрыс секілді. Билік жүргізбейтін және күш жұмсамайтын адамзат қауымдастығы болды дегенді біз әлі күнге дейін тарихтан кездестіре қойған жоқпыз. Билік қоғамның тұтастығын, басқаруға икемділігі мен бейімділігін сақтайды, ұйымшылдық пен тәртіпті орнықтырады, яғни қоғамның өміршеңдігін қамтамасыз етеді.

Биліктің нәтижесінде қоғамдық қатынастар мақсатты түрде алдағы нысанаға қарай бағытталады, басқару мен бақылау байланыстарының дұрыс сипатын қалыптастырады, ал адамдардың бірлесе өмір сүруі аса ұйымшыл және тәртіпті болады. Билік ұғымы арқылы саяси институттарды, саяси қозғалыстарды, саясаттың өзін ой елегінен өткізіп, мәнін білуге мүмкіндік туады. Билік әлеуметтік қатынастарды ретке келтіруді әр түрлі: сендіру, ынталандыру, ырықсыз көндіру мен күш көрсету секілді құралдары арқылы жүзеге асырады.

Сонымен, билік дегеніміз бұл – қоғамның беделінің, ерік-жігерінің, күш көрсетуінің көмегімен бір адамдардың басқа біреулердің ұстанған бағыт-бағдарына немесе қызметіне шешуші дәрежеде ықпал етуі.

Билік – басқа адамдарға жасалатын ықпал арқылы белгілі бір мақсатқа жету; белгілі бір тәсілдерді, атап айтқанда, күш көрсетуді қолдану мүмкіндігі; Басқарушы мен Басқарылушының және іс-әрекетке қатысушы ерекше тұлғалардың арасында өзгеше бір үлгідегі қатынастар арқылы сипатталады. Бұлар басқа адамдардың іс-әрекеттерін өзгерту мүмкіндігіне, белгілі бір тәсілдерді – күш көрсету тәсілін қолдану мүмкіндігіне негізделеді.

Бір адамдардың екінші бір тұлғаларға бағынуының маңызды әлеуметтік себебі мынада – бұл ретте билік көзінің екі жаққа бірдей тең бөлінбегендігі бірден байқалып тұрады.

Кең мағынасында алғанда жеке тұлғаның немесе адамдар тобының басқаларға ықпал етуі үшін пайдаланылатын амал-

шарғылардың барлығы билік ресурсы деген түсінікті білдіреді. Ал тар ауқымда бұл – өз мақсатына жетуі үшін субъект пайдаланатын амал-шарғылардың тұтастай жиынтығы.

Билік көзі объекті үшін маңызды құндылықтар (акша, тұтыну заттары) болуы немесе адамның жеке тұжырымдары арқылы ішкі әлемге ықпал ететін құралдар (теледидар, баспасөз және басқалар) болуы, немесе адамды қандай да болмасын әлдебір құндылықтардан – өмірінен айыруға септігін тигізетін құралдар (аспаптар – қару, тұтастай алғанда жазалау органдары) болуы мүмкін.

Билік көздері биліктің аса маңызды негіздерінің бірі болып табылады. Олар ынталандыру, жазалау немесе сендіріп иландыру үшін пайдаланылуы мүмкін. Билік көздері: экономикалық, әлеуметтік, саяси-күш көрсетушілік, мәдени-ақпараттық және демографиялық болып бірнеше түрге бөлінеді.

**Экономикалық** – бұл қоғамдық өндіріс пен тұтынуға қажетті материалдық құндылықтар (акша, өндіріс құрал-жабдықтары, құнарлы жерлер, пайдалы қазбалар, азық-түлік өнімдері және т.т.).

**Әлеуметтік** – билігі барлар пайдаланатын әр түрлі артықшылықтар: кадр саясаты, медициналық қызмет көрсету, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету және басқалар, яғни бұлар әлеуметтік жағдайлардың, дәрежелердің (рангілердің) ролін арттырады немесе төмендетеді.

**Саяси күш көрсетушілік** – бұл күшпен ырықсыз көндірудің құралы мен аппараты, осы мақсат үшін арнайы дайындалған адамдар. Мемлекетте олардың негізін әскер, сот, прокуратура, қауіпсіздік қызметі құрайды. Биліктің осы түрін әдетте билік жүргізудің өте тиімді көзі деп есептейді, өйткені оны пайдалану адамды аса жоғары құндылықтардан – өмірінен, бостандығы мен дүние-мүлкінен айыруға ықпал етеді.

**Мәдени-ақпараттық** – білім мен ақпарат, сонымен бірге ақпараттарды тарату құралдары – бұқаралық ақпарат құралдары, ғылым мен білім институттары.

**Демографиялық ресурстар** – адамның өзі биліктің өзіндік көзі болып табылады. Адамдар – бұл басқа да көздері тудыратын көп салалы ресурстар. Адам тұтастай алғанда – тек биліктің көзі ғана емес, сонымен бірге оның субъектісі және объектисі.

Билік көздерін пайдалану билік жүргізу әдістері мен механизмдерінің нәтижесінде оның бүкіл компоненттерін қоз-

ғалымға келтіреді. Билік жүргізудің әдістері: **демократиялық, авторитарлық, тоталитарлық, конституциялық** (заң шеңберінде басқару), **деспоттық** (зорлық-зомбылық пен басынушылыққа сүйену), **либералды** (жеке адамды құрметтеу) және басқа да болуы мүмкін.

Әңгіме тұтастай алғанда қоғам жайында болса, онда билік механизмінің ролін мемлекеттік органдар, құқық пен саяси жүйе атқарады.

Билік негізге алынатын ресурстарды саралайтын болсақ — билік **экономикалық, әлеуметтік, рухани-ақпараттық, күштеп қондіру және саяси салаларға бөлінеді.**

**Экономикалық билік** — бұл дегеніміз экономикалық ресурстарға бақылау орнату. Әртүрлі материалдық құндылықтарға деген жеке меншіктілік.

**Әлеуметтік билік.** Егер экономикалық билік материалдық игіліктерді бөлуді өз иелігіне алса, әлеуметтік билік — әлеуметтік құрылымдардағы адамдардың жағдайын, статустарын, лауазымдарын, жеңілдіктері мен артықшылықтарын реттеп бөлуді қарастырады.

**Рухани-ақпараттық билік** — бұл ғылыми білім мен ақпараттың көмегі арқылы жүзеге асырылатын адамдарға билік жүргізу тәсілі. Білімге сүйенбей билік тиімді бола алмайды. Білім мемлекеттік шешімдерді дайындау, адамдардың санасына әсер ету (БАҚ, мектептер мен басқа да білім беру ассоциациялары) үшін пайдаланылады.

**Күштеп қондіру билігі** — күш көздеріне сүйенеді және күш қолдану арқылы адамдарға бақылау жасауды білдіреді.

Субъектілерге байланысты билік **мемлекеттік, партиялық, армиялық, отбасылық және басқалар** болып бөлінеді.

Саяси билік биліктің өзіндік бір үлгісі болып табылады. Ал мемлекеттік билік саяси биліктің ұйымдасқан түрлерінің бірі болып саналады. **Саяси билік** — белгілі бір таптың, жеке адамның саясатта, саяси және құқықтық нормаларда көрініс тапқан өзінің еріктілігін жүзеге асырудағы нақты қабілеті. Саяси билік мемлекеттік аппаратты пайдалануға байланысты жүзеге асырылады. Ұйымдасқан түрде күштеп қондіру механизмін пайдалана отырып, белгілі бір адамдардың билік өкілеттілігін мемлекеттік аппаратқа жататын басқа адамдарға тапсыруы (беруі) да өмірде жиі кездеседі. Саяси билік мемлекетпен үздіксіз байланыста болады. Тарихи тұрғыдан алғанда, ол екеуі

кабаттаса бірге қалыптасады. Таптардың саяси билігі мемлекет арқылы жүзеге асырылады. Саяси билік кез келген уақытта мемлекеттік сипатқа ие бола бермейді.

Дамыған құқықтық жүйе қалыпты жұмыс істейтін азаматтық қоғам жағдайында идеологиялық және саяси плюрализм, жеке адамды еркін дамытуға арналған белгілі бір алғышарттар жасалынады. Саяси билік мемлекеттік-саяси және қоғамдық-саяси билік түрінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік-саяси билік мемлекеттік аймақтың шеңберінде барлық жерде бірдей жүргізіледі және елдің барша халқы оның объектісі болады. Біздегі секілді демократиялық мемлекеттерде биліктің ара-жігін бөлу заң, атқару және сот билігі арқылы анықталады.

Осы аталғандардың барлығының әрқилы жеке-дара билік емес екендігін, бар болғаны бір ғана жоғарғы биліктің «бұтақшалары» екендігін атап өткен жөн.

Қоғамдық-саяси биліктің ерекшелігі мынада – ол нақты саяси ұйымның (қозғалыстың) мүшелеріне ғана қатысы болады және сол ұйымның мүшелері шеңберінде жүзеге асырылады. Бұл нақты саяси ұйымдардың (саяси партиялардың) билігі.

### **Билік құрылымы**

**Билік құрылымы** дегеніміз оның құрамы мен қозғаушы күші: биліктің субъектісі, объектісі, құралдары (ресурстары) мен белгіленген мақсатқа жету үшін осының барлығын қозғалысқа келтіруші үрдістер.

Әлеуметтік немесе ұлттық қауымдастықта таптар, жеке адам немесе топтар, мемлекет, үкімет және басқалар саяси биліктің субъектісі болып табылады.

Биліктің объектілері – жеке адамдар, олардың бірлестіктері, топтар мен қауымдастықтар, таптар, қоғам, яғни жоғарыда тұрған саяси субъектінің іс-әрекеті бағытталатын адамдар мен органдар.

Билік қатынасының мәні мынада – субъект нұсқау береді де объектіге билікті орындауды міндеттейді, яғни бағынуды талап етеді.

Саяси билікке тән сипат – ол егемендікке ие болу. Ол әр түрлі саяси бағыт ұстанған субъектілер арасында бөлініске түсуі мүмкін емес. Егер елде көп партиялық парламент пен коали-

циялық (үкімет) жұмыс жасайтын болса, онда билік келісім, ымыраласу негізінде жүзеге асырылады. Алайда олар бұл ретте бір ғана бағыт ұстануы керек. Екінші бір сипаты – оның заңға сәйкестігі (заңдылығы) болуы шарт. Адамның ниет-пиғылының заңға ауып тұратындығы аркасында басқарылатындар билікке сенуі қажет. Билік жариялы және заңға сәйкес болуы керек – сонда бұл тұғыры берік билік бола алады; билік жариялы болғанымен, бірақ заңға сәйкес келмесе – онда бұл солқылдақ билік болғаны. Заңда билік әділ билік болып сипатталады. Халық қолданылып отырған тәртіпке сенеді. Жария биліктің дағдарысқа ұшырайтын кездері де кездеседі, алайда ол әлеуметтік жүйе ауысқан кезде пайда болады. Өткен жүз жылдықтың 80–90-жылдарында КСРО мен Европаның бірқатар елдеріндегі ықпалды топтар өздерінің үкіметтеріне сенімсіздік білдірді және оны қолдаудан бас тартты. Осы елдердің саяси режимдері заңды, мемлекеттік басқаруды өзгертуге, экономиканы қайта құруға дәрменсіз екендіктерін байқатты. Коммунистік саяси режимдер күйреді.

Тағы бір ерекшелігі – билікке ерік-жігер мен күштеп көндіру әдісі тән. Жоғарыда айтылған сипаттар саяси билікті тиісті механизмдері бар қуатты және әрекетшіл күшке айналдыра алады. Билік жүргізу үрдісі биліктің арнайы механизмінің – ұйымдастыру жүйесінің, олардың құрылым нормалары мен іс-әрекетінің нәтижесінде тәртіпке келтіріледі және реттеледі. Бұл ретте: **үстемдік, басқару, басшылық, ұйымдастыру мен бақылау** маңызды рөл атқарады.

**Үстемдік** – қоғамды басқарушылар мен басқарылатындарға бөлуге негізделген.


**Басқару** – бұл атқарушы өкімет органдарының шешімдер талқылап жасауы мен оларды қабылдауы және оны өмірге енгізуді ұйымдастыру.

**Басшылық** – бұл әкімшілік аппараты мен өкіметтің органдары арқылы жүзеге асырылады.

**Ұйымдастыру** – бұл жекелеген адамдардың, топтардың, таптардың, ұйымдар мен мекемелердің өзара байланысын келісу, реттеу, қамтамасыз ету.

**Бақылау** – бұл қоғамдағы адамдардың, топтардың қызмет ережелерін қамтамасыз ету, сақтау.

Саяси билік кестеде былайша бейнеленеді:



Мемлекеттік биліктің нақты өзі жөнінде әрқилы теориялар айтылып жүр, алайда оған бір мағыналы жауап әлі табыла қойған жоқ.

Әлеуметтік-биологиялық теорияны жақтаушылар күшті, қабілетті адамдар билікті жеңіп алады деп есептейді.

Психологиялық теорияның өкілдері болса, билікті психологиялық сапаға ие болғандар – ерік-жігердің күштілігі, ұйымдастыру мен өзін-өзі ұйымдастыруға қабілеттілер жеңіп алады деген тұжырым жасайды.

Таңдаулылар теориясының авторлары, білімдарлар – билікті тек таңдаулылар, кәсіби шеберліктің иегері ғана жүзеге асыра алады деп есептейді.

Марксистік теория мемлекеттік биліктің мәнін әлеуметтік-экономикалық факторлар мен қоғамның әлеуметтік құрылымы арқылы түсіндіреді.

Либералды-демократиялық теориялар биліктің қайнар көзі – халық деген тұжырымдама жасайды.

Шын мәнінде, мемлекеттік билік дегеніміз осы мемлекеттік билік кімнің қолында болса және ол кімнің мүддесін қорғаса (монарх, хунта, демократиялық жолмен сайланған органдар) және билік қандай әдістер мен тәсілдер арқылы жүзеге асырылса, міне, оның негізгі мәні де осында. Мемлекеттік биліктің тұрақтылығы билікті демократиялық үлгіде және осындай әдіспен жүргізгенде ғана қамтамасыз етіледі.

### **Қазақстанда мемлекеттік биліктің орнығуы мен нығаюы**

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан соң социалистік мемлекеттік биліктен кейінгі қалыптасу кезеңі басталды. Бұл үрдіс өте ауыр жүрді, қарама-қайшылықтар болды, аса зор шығындарға душар етті.

Не қоғамды, не мемлекетті қайта жаңғыртудың ғылыми негізделген бағдарламасы болмады.

Бұрынғы және жаңадан құрылып жатқан мемлекеттіліктің арасында тарихи мұрагерліктің нышандары сақталмады, өткендегінің барлығы да толық мансұқ етілді. Жаңа жүйе аса ауқымды еді, оның буындары жаңа байланыстармен нашар бекітілді, мемлекеттік органдар жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен жеткіліксіз түрде, өзара сенімсіз әрекет етті. Мемлекеттік аппаратты құрудың ғылыми тұрғыда негізделген кадр саясаты болмады. Билік басына өмірді білмейтін көптеген жалған демократтар келді және де олар нағыз күмәнді тәжірибелерді іске асырудан да қашқақтамайтын еді.

Бұдан кейінгі өнеркәсіп пен ауыл шаруашылық өндірісінің қиай құлдырауы, халықтың тұрмыс дәрежесінің төмендеуі Қазақстан өкіметінің экономикалық және әлеуметтік негізін елеулі дәрежеде күйретті, мемлекетті басқаруды босаңсытты.

Қазақстанда мемлекеттік билікті нығайту кезек күттірмейтін және аса қажетті міндетке айналды. Бұған қоғам да, барлық партиялар да, қозғалыстар да, қоғамдық ұйымдар мен билік басындағылар да мүдделі болды. Тек қуатты мемлекетте ғана адамдар өз мүдделерінің жүзеге асатындығына, елдің экономикалық дағдарыстан шығатындығына сенім арта алады. Осыз нарықтық экономика болмайды, қазақстандық ғылым, мәдениет қайта жаңғырып түлемейді, өділдік пен парасаттылық та орнықпайды.



Тек қуатты мемлекеттік билік қана қылмыспен ымырасыз күрес жүргізіп, Қазақстан азаматтарының қауіпсіздігі мен тыныштығын сақтай алады. Соңғы жылдары елімізде, тұтастай алғанда қоғамда ірі өзгерістер болды. Атап айтқанда, мемлекеттік билік жетілдірілді.

Қазір Қазақстан Республикасы жаңа мемлекет болып саналады. Ол 2001 жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 10 жылдығын атап өтті.

Республика Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің он жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзінде былай деген еді: «Белгіленген бағдарламаларды дәйекті жүзеге асыру экономикамызды терең құрылымдық реформаларға бастады...

Экономика мен мемлекет ретке келе бастады. Адамдар ауыр ұйқыдан оянғандай, өткеннен бойын аршып, жаңа өмірге ықылас қоя бастады...

Біз өзіміздің қазіргі тарихымызда тұңғыш рет тұрлаулы, қалыпты ертеңгі тіршілігіміз турасында, бір кездегідей бұлыңғыр мақсатымыз бен келешегіміз ретінде емес, іске асқан мұрат, үмітімізді ақтаған уақыт ретінде ауызға ала бастадық.

Біз бүгінгі таңда мақтан тұтатын: бостандық, ашықтық, ырықты саясат пен экономика сынды дүниелерге жүздеген және ондаған жылдардың өнбойында демократия дегенді білмеген, еркін ой-пайым атаулы аяусыз басып-жанышталып келген елде қол жетіп отыр».<sup>1</sup>

Қазіргі Қазақстанның нақты мәнінің саяси сипаттамасы мен билік ерекшеліктері Қазақстан Республикасының Конституциясында одан әрі тұжырымдалған еді. Қазақстан Республикасы Конституциясының 3-бабында осы жайлы былай делінеді:

«1. Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық.

2. Халық билікті республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырады, сондай-ақ өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға береді.

3. Қазақстан Республикасында билікті ешкім де иемденіп кете алмайды. Билікті иемденіп кетушілік заң бойынша қудаланады».

Аталған жағдайларға сәйкес биліктің әр түрлі тармақтарының жұмыс істеуін ашып көрсететін басқа да заңдар белгіленеді. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік биліктің

---

<sup>1</sup> Егемен Қазақстан. 2001, 17 желтоқсан.

нысандары туралы Қазақстан Республикасы Конституциясының 2-бабында біздің еліміздегі басқарудың президенттік басқару нысаны жөнінде былай делінген еді: «Қазақстан Республикасы — президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет».

Конституцияның 3-бабының 4-тармағында бұл былайша тұжырымдалады: «Республикада мемлекеттік билік біртұтас, ол конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылады»<sup>1</sup>.

Қазақстан Республикасы Конституциясының III-VIII бөлімдерінде ҚР Президенті (40-48 баптар) туралы, ҚР Үкіметі (64–70-баптар) туралы, Конституциялық Кеңес (71-74 баптар) туралы, сот билігі (75–84-баптар) туралы және жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару (85-89 баптар) туралы айтылады.

Қазақстан Республикасының Президенті — мемлекеттің басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін ең жоғары лауазым иесі. Ол халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі; мемлекеттік биліктің барлық тармағының келісіп жұмыс істеуін және өкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Республика парламентінің кезекті және кезектен тыс сайлауын тағайындайды; Парламенттің бірінші сессиясын шақырады және оның депутаттарының Қазақстан халқына беретін антты қабылдайды; Парламенттің келісімімен Республиканың Премьер-Министрін қызметке тағайындайды, оны қызметтен босатады. Премьер-Министрдің ұсынуымен Республика Үкіметінің құрылымын белгілейді, оның мүшелерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады, сондай-ақ Үкімет құрамына кірмейтін Республиканың орталық атқарушы органдарын құрады, таратады және қайта құрады; ... Парламенттің келісімімен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасын қызмет-

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасының Конституциясы. — Алматы: Жеті жарғы, 2000.

ке тағайындайды, оны қызметтен босатады; Парламент Сенатының келісімімен Республиканың Бас Прокурорын және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын қызметке тағайындайды, оларды қызметтен босатады; Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің төрағасын және екі мүшесін бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды; республикалық референдум өткізу жөнінде шешім қабылдайды; келіссөздер жүргізеді және Республиканың халықаралық шарттарына қол қояды; бекіту грамоталарына қол қояды; Республика Қарулы күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы болып табылады; Конституция мен заңдар негізінде және оларды орындау үшін Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші бар жарлықтар мен өкімдер шығарады.

Қазақстан Республикасының Парламенті заң шығару қызметін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғары өкілді органы болып саналады. Парламенттің өкілді мерзімі – төрт жыл... Парламент тұрақты жұмыс істейтін екі Палатадан: Сенаттан және Мәжілістен тұрады. Сенат әр облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және Қазақстан Республикасының астанасынан екі адамнан, тиісінше облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және Республика астанасының барлық өкілдері органдары депутаттарының бірлескен отырысында сайланатын депутаттардан құралады. Сенаттың жеті депутатын Сенат өкілеттігі мерзіміне Республика Президенті тағайындайды.

Мәжіліс жетпіс жеті депутаттан тұрады. Алпыс жеті депутат Республиканың өкімшілік-аумақтық бөлінісі ескеріле отырып құрылатын және шамамен сайлаушылардың саны тең бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша сайланады. Он депутат бара-бар өкілдік жүйесі бойынша және біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша партиялық тізімдер негізінде сайланады.

... Парламент, Палаталардың бірлескен отырысында Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынысы бойынша Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар енгізеді; конституциялық заңдар қабылдайды; оларға өзгертулер мен толықтырулар енгізеді; республикалық бюджетті және Үкімет пен Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің бюджеттің атқарылуы туралы есептерін бекітеді, бюджетке өзгертулер мен толықтырулар енгізеді; ... Премьер-

Министрдің Үкімет бағдарламасы туралы баяндамасын тыңдап, бағдарламаны мақұлдайды немесе қабылдамай тастайды.

... Соғыс және бітім мәселелерін шешеді.

Сенаттың ерекше қарауына мыналар жатады: Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуымен Республиканың Жоғарғы Сотының Төрағасын, Жоғарғы Сот Алқаларының төрағаларын және судьяларын сайлау және қызметтен босату, олардың анттарын қабылдау;

Республика Президентінің Республиканың Бас Прокурорын және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын тағайындауына келісім беру;

Республиканың Бас Прокурорын, Жоғары Сотының Төрағасы мен судьяларын оларға ешкімнің тиіспеуі жөніндегі құқығынан айыру...

Мәжілістің ерекше қарауына мыналар жатады: заңдардың жобаларын қарауға қабылдау және қарау;

Республика Парламенті қабылдаған заңдарға Қазақстан Республикасы Президентінің қарсылықтары бойынша ұсыныстар әзірлеу;

... Республика Президентінің кезекті сайлауын хабарлау және оның кезектен тыс сайлауларын тағайындау...

... Үкімет Қазақстан Республикасының атқарушы билігін жүзеге асырады, атқарушы органдардың жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылық жасайды.

... Қазақстан Республикасының Үкіметі: мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады;

Парламентке республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы есепті ұсынады, бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді;

Мәжіліске заң жобаларын енгізеді және заңдардың орындалуын қамтамасыз етеді;

Мемлекеттік меншікті басқаруды ұйымдастырады;

Республиканың сыртқы саясатын жүргізу жөнінде шаралар әзірлейді;

Министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне басшылық жасайды...

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі: Үкімет қызметін ұйымдастырып, оған басшылық жасайды және оның жұмысы үшін дербес жауап береді.

Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады.

Сот билігі сотта іс жүргізудің азаматтық, қылмыстық және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы жүзеге асырылады.

Заңмен құрылған Республиканың Жоғарғы Соты және Республиканың жергілікті соттары Республиканың соттары болып табылады.

Сонымен, Қазақстанда нақты демократиялық институттар жұмыс істейтін қоғам құрылды.

Қазақстанда мемлекеттік құрылым мемлекеттік биліктің біртұтастығы мен оның заң шығарушы, атқарушы, сот тармақтарына бөлінуінің демократиялық принципіне негізделеді. Басқарудың Президенттік нысаны бекітілді және жұмыс істеуде. Елдің Бірінші Президенті — Қазақстанның барлық халқы бірауыздан сайлаған Н.Ә.Назарбаев.

## 8-т а к ы р ы п

### ҚОҒАМНЫҢ САЯСИ ЖҮЙЕСІ МЕН САЯСИ ӨМІРІ

Қазіргі тандағы саясаттануда «Саяси жүйе» түсінігі маңызды орын алады, өйткені ол сан қырлы саяси байланыстарды зерттейді, қоғамда қалыптасқан қатынастарды, билік қағидаттары мен әр түрлі институттарды қарастырады. Саяси жүйе қоғамның саяси тыныс-тіршілігіндегі билік жүргізу негізін ұйымдастырудың қайнар көзі болып табылады.

Саяси жүйе — саясатпен айналысатын субъектілердің өзара әрекет етуінің нақты тарихи нысаны. Ол субъектілер арасында саяси қатынастарды белгілі дәрежеде жинақтап ұйымдастырады, саяси қызметті өз үстемдігі арқылы тәртіпке келтіреді, олардың ара-жігін анықтап, шекараларын белгілейді.

Саяси жүйе — саяси билік арқылы орталықтан басқарылатын қоғамның тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін, біртұтас организм ретіндегі күрделі құрылым.

Отандық және шетелдік саяси әдебиеттерде саяси жүйе түсінігіне байланысты әр түрлі көзқарастар айтылып жүр.

Қоғамның саяси жүйесі жөнінде де бірқатар теориялар бар. Олардың қатарына американдық ғалым Д.Истонды, американдық саясаттанушы Г.Алмондты, Т.Парсонстың теориясын, К.Доичтың теориясын (кибернетикалық теория), Ресейлік саясаттанушылар М.Г.Анохинның, Ф.М.Бурлацкийдің, Р.А.Матвеевтың және басқалардың теорияларын жатқызуға болады. Американдық ғалым Д.Истон саяси жүйе теориясының негізін қалаушы болып есептеледі. Ол саяси жүйені ресурстар мен құндылықтарды бөліп беретін қоғамдық билікті қалыптастырушы және жұмыс істететін механизм деп қарастырады. Тағы бір американдық саясаттанушы Г.Алмонд саяси жүйені бір жағынан, тұрақтылықты қолдау кезінде қоғамдағы жаңғыртуды жүзеге асыруға көрсетілетін қабілеттілік, ал екінші жағынан, элементтердің өзара байланысының жиынтығы деп сипаттайды. Бұл ретте әрбір элемент бүкіл жүйеге қажетті маңызды қызметтерді атқарады (мемлекет, партия).

Ресейлік саясаттанушылар қоғамның саяси жүйесін зерттеуде әртүрлі тәсілдерді қолданады.

К.Доичтың теориясы (кибернетикалық теория) саясатты адамдардың алға қойған мақсатына жету жолындағы қайрат-жігерлерін басқару мен үйлестіру үрдісі ретінде түсіндіреді, яғни саяси жүйені кибернетикалық құрылым ретінде қарастырады.

Американдық әлеуметтанушы Толкотт Парсонс қоғамды күрделі жүйе ретінде қарастырған еді. Оның пікірінше саяси жүйе интеграцияны, ортақ мақсатты талқылап жасау мен тарауды қамтамасыз етуі тиіс екен.

Алайда біздің заманымызда әлем күрделене түсті, ал күтпеген дағдарыстар мен алапат апаттардың кез келген уақытта пайда болатындығы ақиқатқа айналды. Қоғамды дамыту үрдістерінің күрделі екендігін түсіну шиелене түсті, оларды реттеуді қамтамасыз етудің қажеттілігі туды. Саяси ұстанымдардың бірі – тұтастықты, бірлікті қамтамасыз ету болғандықтан, саяси жүйе әлеуметтік интеграцияның құралы болуы керек. Ол қоғамдық организмнің құрамдас бөліктерінің қызмет істеуіне әлеуметтік әрқилылықтың теріс әрекет етуіне тосқауыл қоюы тиіс.

«Саяси жүйенің» тұжырымдамасы Ресей мен Қазақстан қоғамтанушыларының күшімен таяуда ғана жасалынды.

«Саяси жүйе» термині үш ғылыми түсінікті білдіреді: олар — «жүйе», «саясат», «қоғам».

Біріншісі — жүйелік сипаты бар, белгілі бір тұтастықты көздеген қоғамдық көрініске көңіл аударуды мақсат тұтады. Оның құрамындағы элементтер өзара байланысты, бір-бірімен өзара әрекеттеседі. Жүйе түсінігінің өзі қоршаған ортамен үздіксіз бірлікте болудың қажеттілігін, олардың арасындағы өзара тәуелділікті білдіреді.

«Саяси» деген сөз зерттеліп отырған жүйенің сипатын көрсетеді. Сонымен саяси жүйе дегеніміз қоғамдық өмірдің саяси жүйесімен оның тығыз байланыста болатындығын білдіреді. «Қоғам» түсінігі саяси жүйенің деңгейін көрсетеді.

Саяси жүйе — бұл әлеуметтік топтардың қажеттіліктері мен мүдделерін анықтайтын институционалдық білімнің жиынтық кешені, ол тиісті аймақта жария билікті жүзеге асыру жөніндегі өзара іс-әрекетті қалыптастырады және ұйымдастырады.

Саяси жүйе — аса қажетті механизм. Тек соның тікелей әсер етуі арқылы ғана толық билік пен халықтың егемендігі жүзеге асырылып, қамтамасыз етіледі.

Басқаша айтсақ, саяси жүйе — адамдар қарым-қатынасының тұрақты түрі. Тікелей соның қатысуы арқылы сол бір қоғам үшін беделді-биліктік шешім қабылданады және жүзеге асырылады. Саясат, саяси қарым-қатынастар, саяси билік атаулының барлығы осы айтылғандардың негізі етіліп алынады. Саясат саяси жүйенің өмір сүруі мен қызмет етуінің негізгі құралы болып саналады.

Саяси жүйе қоғам мен мемлекет арасындағы қатынасты ұйымдастырады, саяси үрдістерді, саяси қызметтің жағдайларын, саяси ілгерілеу мен ұмтылыстарды сипаттайды. Саяси қызметтің бір түрі болып саналатын саяси жүйе саясат субъектілерінің өзара іс-қимылы нәтижесінде пайда болатын жағдайлардың мән-мазмұнын ұйымдастырушы ролін атқарады. Саяси жүйе саяси үрдістерді реттеудің қалай жүріп жатқанын, саяси биліктің құрылуы мен қызмет істеу жағдайын көрсетеді, өндіріс пен мемлекеттік билікті пайдалану негізінде әлеуметтік қатынастар арасында игіліктерді бөледі. J

Қоғамның саяси жүйесі бірқатар құрылымдық элементтерден немесе негізгі жүйешелерден тұрады.

Қоғамның саяси жүйесінің негізгі элементтері мыналар: саяси қарым-қатынас; саяси принциптер мен құқықтық нор-

малар; саяси институттар; саяси сана; саяси мәдениет пен оған саяси тұрғыда қатысу.

Саяси қарым-қатынас — бұл саяси және мемлекеттік билікті қалыптастырып құру мен оның қызмет етуін реттеу жөніндегі саяси өмірдегі субъектілер арасындағы қарым-қатынастар. Саяси принциптер мен құқықтық нормалар — қолданылып отырған саяси жүйе шеңберінде саяси қарым-қатынастарды тәртіпке келтіре отырып, оларды реттейді. Саяси институттар — саяси мекемелер болып саналады, яғни бүкіл саяси жүйенің материалдық негізін құрайды.

Саяси сана — бұл саяси қарым-қатынастар мен мүдделердің көрінісі, белгілі бір түсініктер, идеялар, көзқарастар, теориялар түрінде баға беру: ол әлеуметтік ақиқатты сипаттайды; оқиғаларды сезініп қабылдайды, қоғамдағы әлеуметтік және саяси өзгерістердің болашақтағы мүмкіндіктерін саралайды.

Саяси мәдениет — саяси танымның, нұсқаулар мен аса құнды бағыт-бағдарлардың, дәстүрлер мен саяси іс-әрекеттер рәміздерінің қоғамға арналған неғұрлым қарапайым үлгілерінің біртұтас жиынтығы. Ол сонымен қатар саяси жүйенің тұрақтылық факторы секілді рольді де атқарады.

Саяси тұрғыда қатысу — саяси жүйені қолдаудың белгілі бір дәрежесін немесе азаматтар тарапынан оған оппозиция болуды көрсетеді.


Қызмет түрлерінің жиынтығы — саяси жүйенің аса маңызды тұғыры болып саналады. Қызмет түрлерінің жиынтығы дегеніміз, жүйенің тұрақтылығы мен өміршеңдігін қолдауға бағытталған кез келген іс-әрекеті. Саяси жүйенің атқаратын қызметі қоғамға саяси басшылық жасау міндеттерін шешеді. Шындығында да қоғамды дамытудың мақсаттары мен бағдарламалары, жеке адамдар мен топтардың мүдделерін анықтау мен келісу, олардың талап-тілектерін білдіру міндеттері — саяси деңгейде талқыланып жасалады және айқындалады.

Адамдарды әлеуметтік-саяси қызметке тарта отырып және оларды үстем мұраттар мен құндылықтарға бағыттау арқылы саяси жүйе қоғамдық қатынастарды қайта жасаудың құралына айналады, әлеуметтік-қайта жаңғыру міндеттерін орындайды. Шындығында да, билік пен саяси тұрғыда қатысудың көмегімен ескірген нысандар мен ұстанған бағыттар жойылады да, оның орнына қоғамды алға бастыруға арналған қолайлы жағдайлар жасалынады.

Саяси жүйенің атқаратын қызметтері 2-кестеде келтірілген.



## Саяси жүйенің атқаратын қызметтері



Қоғамның саяси жүйесінде мемлекетке жетекші орын беріледі.

Тарихи тұрғыдан қарастырсақ, мемлекетті алғашқы саяси ұйым деп есептеуге болады. Мемлекет өзінің барлық азаматтарының өкілетті тұлғасы болуы, олардың арасындағы өзара қарым-қатынасты реттеуі керек. Бұл ретте ол күш қолданудың заңды құқықтарын пайдалана алады. Мемлекеттің шешімдері өктемдік сипатқа ие болады және ол барлық адамдар үшін міндетті болып саналады.

Мемлекет – бұл қолында белгілі бір құрылымы, саяси биліктің ұйымдасқан жүйесі мен белгілі бір аймаққа әлеуметтік үрдістерді басқаратын күш-қуаты бар саяси қауымдастық. Мемлекет билік пен ресурстарды өз қол астына шоғырландырады да, солар арқылы әлеуметтік өзгерістерге ықпал етеді.

Қоғамның саяси жүйесінде саяси партиялар да елеулі роль атқарады. Партия дегеніміз бұл өз идеологиясы, бағдарламасы мен жарғысы бар, саяси билікке ие болу және оны пайдалану үшін күресетін қоғамдық ұйым.

Саяси партиялар жекелеген таптардың, әлеуметтік топтар мен бұқараның мүдделері мен еркін білдіреді және оны жүзеге асырады. Бір жағынан, осы аталған элементтерді, екінші жақтан, мемлекетті байланыстыратын буын ретінде әрекет жасайды.

Атқаратын қызметтерінің сипаттары бойынша толық саяси қозғалыс деп танылмағанымен, бірақ оларды да қоғамның саяси жүйесінің элементтерінің тобына жатқызуға болатын басқа да көптеген ұйымдар бар. Мәселен, кәсіподақтар, жастар, кооперативтік және басқа да ұйымдар. Олар да экономикалық, әлеуметтік, мәдени және басқа міндеттерді шешуге ат салысады. Алайда, олар қандай да болмасын әйтеуір бір нысанда мемлекеттік және қоғамдық қызметтерге қатысады. Сондықтан да олар қоғамның саяси жүйесі құрылымының элементтері болып саналады.

Әлемде осы заманға лайық аса көп және әркілы саяси жүйелер өмір сүруде. Нақтырақ айтар болсақ, әлемде екі жүзден астам саяси жүйелер бар. Сондықтан қазіргі таңдағы саяси жүйелердің типологияландырылуын қарастырған жөн секілді.

Типологияландыру әркілы негіздер: қоғамдық құрылыстың, қоғамның саяси билігі мен саяси режимі бойынша анықталады.

Типологияландырудың мәні мынада: ол саяси жүйелер үшін қажетті жағдайдың қаншалықты жеткілікті дәрежеде жасалынғандығын, саяси билікті олардың қамтамасыз ете алатындығын және өздерінің саяси ролін орындаудағы мүмкіндіктерін анықтауға көмектеседі.

Американдық ғалымдар саяси жүйелердің барлығын қуатты және әлсіз деп бөліп келген еді. Олар егер заңдылық, ұйымшылдық пен тұрақтылық біртұтас болса, онда сол жерде саяси жүйе де қуатты болады, ал бұл жоқ жерде — ол қуатынан айрылып, әлсірейді дегенді алға тартады. Ал енді басқа бір ғалымдар соның негізі етіп оларда өмір сүріп тұрған қоғамдық құрылысты, капиталистік, социалистік және дамушы елдердің қоғамдық құрылымын алуға тырысады. Саяси жүйенің типологиясы билік сипаты мен қоғамның саяси өмірін ұйымдастыру қағидаты бойынша аса кең тарағаны рас. Бұдан басқа тоталитарлық

литарлық, авторитарлық және демократиялық саяси жүйелер де өзінше ерекшеленеді.

Тоталитарлық саяси жүйелер былайша сипатталады: басқару қатан орталықтандырылады және бірыңғай билік орталығының бақылауында болады;

– саяси істерге қатысуы, демократиялық іс-әрекеттері (процедуралары) көбінесе формальды сипатқа ие болады;

– билік құрылымдарының механизмі жеке-дара басқаратын жетекшісі (лидер) бар бір партиялық негізде құрылады;

– билік құрылымдары билеуші партияға және оның лидеріне бағынады;

– әлеуметтік-мәдени жүйеде таптық, ұлттық немесе аймақтық құндылықтарға ие болады;

– экономикалық өмір біртұтас орталықтан реттеледі;

– плюрализмнің, оппозицияның, барлық нысандарының жойылуы азаматтардың жеке өміріне араласуы;

– біртұтас ресми идеологияны күштеп тықпалайды, жат пікірдегілер мен сынға қысым жасалады;

Авторитарлық саяси жүйенің негізгі сипаттары мыналар:

– барлық саяси билікті бірыңғай орталыққа шоғырландыру;

– азаматтардың саяси бостандығын шектеу, оппозицияны басып-жаншу;

– атқарушы өкіметтің құзырын мейлінше кеңейту;

– басшы кадрларды жоғары биліктің қалауы бойынша орналастыру мен олардың халық алдында есеп бермейтіндігі;

– өкілетті органдардың сайланымдылығын жою және басқалар.

Демократиялық саяси жүйеге тән сипаттар:

– қоғамды көпшіліктің басқаруы, азаматтарды саясатқа көптеп тарту;

– үкіметті сынау мен оған оппозицияның болу бостандығы;

– халықтың саясатқа қатысуының бәсекелес түрі және басқарудың көп партиялық нысандары;

– басқарудың парламенттік нысаны;

– заң шығарушы органдардың төменнен жоғары қарай сайлануы мен есеп берушілігі;

– демократиялық саяси мәдениет.


Саяси жүйелердің типологиясы осы аталған үш түр арқылы шектеліп қалмайды. Үкіметті саяси партиялар арқылы құруға байланысты қазіргі таңдағы саяси жүйелердің типологиясы да кен түрде белгілі бола бастады. Осындай белгілер бойынша

қоғамның бір партиялық, қос партиялық және көп партиялық саяси жүйелері болады.

Белгілі бір әлеуметтік-экономикалық және саяси құрылыстан екіншісіне өткен кезде пайда болатын ауыспалы саяси жүйе туралы да сөз етуге болады. Оған Қазақстан, Ресей Федерациясы мен бұрын КСРО-ның республикалары болған басқа да мемлекеттер мысал бола алады.

Осы айтылғандарды тұжырымдай келіп, қоғамның саяси жүйесі құрылымының төмендегі үлгісін ұсынуға болады.

3-кесте



1991 жылы басталған Кеңестік саяси жүйені қайта құрып жаналаудың нәтижесінде Қазақстан Республикасының саяси жүйесі пайда болды. Жаңа Конституция, сайлау жүйесі қабылданды, Президент пен парламент сайлаулары өткізілді. Қабылданған заң актілеріне сәйкес демократиялық саяси жүйе жұмыс істей бастады. Саяси жүйе аса ауыр жағдайларда қалыптасты, Реформалау жағдайында азаматтық қоғамды қайта жаңғырту бастапқы кезде «жоғарыдан» басталды да, негізінен алғанда мемлекеттік құрылымдар арқылы жүзеге асырылды. Осы жағдайда мемлекеттік аппарат аса қисынсыз мөлшерде ұлғайтылды, оның бюрократиялығы күшейе түсті. Экономикалық проблемалар рет-ретімен жүйелі түрде жүзеге асырылмады, ақыр соңында мемлекетсіздендіру мен жекешелендіру үрдістерінің сыңар жақты жүруі, халықтың табыссыз қалған бөлігінің көбеюі, әлеуметтік топтар мен қоғамдық таптың табыстарының ара жігінің алшақтауы осындай ауыртпалықтарға ұрындырды.

Қоғамның саяси құрылымдылығы жеткілікті деңгейде жүзеге асырылмады, саяси партиялар әлі де әлсіз еді және олардың нақты әлеуметтік нысаналары болмады, қоғамдық-саяси ұйымдардың қатары тым аз еді. Сонымен бірге халықтың саяси мәдениеті де жеткілікті дәрежеге көтеріле қоймады.

Алайда соңғы жылдары демократиялық саяси жүйені қалыптастыруда Республикада белгілі дәрежеде дұрыс ахуал қалыптаса бастады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған салтанатты жиналыста былай деген еді: «... Қазақстан демократияландыру жолымен одан әрі ілгері басады... Нақты демократияның да бірнеше қарапайым ұстамдары бар. Бұлар: дамыған орта таптың, заңнамалық базаның, нақты азаматтық қоғамның болуы, халықтың саяси мәдениеті, тарихи дәстүрлер мен тиісті геосаяси орта... Еліміздің заңдары қоғамдық қатынастарды толығымен өзгертті. Ел халқы мен саяси элита талай мәрте сайлау көрігінен шыңдалып өтті».<sup>1</sup>

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында: «Республика қызметінің түбегейлі принциптері: ... бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму; ... мемлекет

<sup>1</sup> Егемен Қазақстан. 2001, 17 желтоқсан.

өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу» делінсе, 3-бапта: «Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық. Халық билікті тікелей республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырады, сондай-ақ өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға береді... Республикада мемлекеттік билік біртұтас, ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылады»<sup>1</sup> деп тұжырымдалады.

Қазір Қазақстанның саяси жүйесі бірте-бірте әлемдік саяси қатынастар жүйесіне интеграциялануда. БҰҰ-ның, ТМД-ның шеңберіндегі Республика белсенділігінің артуы, арнайы халықаралық ұйымдармен және органдармен (ЮНЕСКО), Шанхай бестігі және басқалармен халықаралық достастығы осының айғағы бола алады.

Жоғарыда айтылғандардың барлығын қорытындылайтын болсақ, Қазақстанның саяси жүйесі қоғамды дамытудың өтпелі кезеңінің міндеттерін жүзеге асыру мен оны аяқтау жөніндегі әрқилы саяси субъектілердің қызметтерін үздіксіз жүргізуде, бір-бірімен байланыстыруды және үйлестіруді қамтамасыз етуде деп айтуға толық негіз бар. Ол қоғамдық қатынастардың тепе-теңдігін орнатуға мүмкіндік береді, Қазақстан халқының әлеуметтік проблемаларын шешуге, тұрмыс дәрежелерін жақсартуға бағытталған жолдарды қарастыруда. Ел Президенті Н.Ә.Назарбаев Республиканың қоғамдық дамуы жолындағы ортақ негізгі мақсаттарды оңды шешуге барлық күштерді жұмылдыруда,

### **Қоғамның саяси өмірі**

Қоғамның саяси өмірі деген түсінік басқару мен саясатты жүзеге асырудың нысандары мен түрлерін, қоғамда болып жатқан өзгерістердің барлығын қамтиды.

Саясат пен саяси билік саяси жүйенің барлық элементтерін қозғалысқа келтіреді, саяси байланыстар мен қатынастарды орнықтырады және барлық саясат субъектілерінің қызметін пәрменді етеді.

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Жеті жарғы, 2000. 6-бет.

Саяси өмір саяси билікпен тікелей байланысты және де ол саяси өмірдің нақтылы материалдық негізін құрайтын саяси байланыстар мен қарым-қатынастар арқылы көрінеді.

Саяси өмірге қашан да болмасын аса көп мөлшерде адамдар тартылады. Саяси оқиғалардың нәтижелі болуы көбінесе осы адамдардың белсенділігі арқылы анықталады. Қоғамның саяси өмірінің дәрежесі көпшілік жағдайда жеке адамдар мен әлеуметтік топтардың саяси сана-сезімі мен саяси мәдениетіне де байланысты болады. Мемлекет пен жеке адамның арасындағы жан-жақты өзара байланыс саяси өмірдің тірегі болып саналады.

Қоғамның саяси өміріне сыртқы фактор ретінде табиғи орта (аумақ, ресурстар, ауа райы), қоғамда үстемдік етуші экономикалық қатынастар, идеология, бұқаралық ақпарат құралдары, дін, нәсілдік-ұлттық қарым-қатынастардың жағдайы және басқалар ықпал етеді. Сонымен, қоғамның саяси өмірі мыналардан: қоғамның саяси өмірінің, оның барлық институттарының жұмыс істеуінен; азаматтарды саяси институттармен байланыстыратын саяси демократиядан; азаматтардың өздерінің саяси құқықтары мен бостандықтарын қорғап, қолдана алуынан, сонымен қатар саяси режимнен және саяси күштердің бір-біріне қарсы тұрып күресуінен көрінеді.

Дүние жүзінің ғалымдары қоғамның саяси өмірінің түп-тамыры оған қандай саяси күштердің қатысатындығында, сол саяси күштердің ту сыртында қандай әлеуметтік күштердің тұрғандығында, саяси және әлеуметтік күштердің қандай экономикалық қатынастар қалыптастыратынында деп есептейді. Себебі экономикалық қатынас қоғамның экономикалық іргетасын қалайды.

Қоғамның саяси өмірінде демократия үлкен роль атқарады. Демократия мемлекеттік билікті ұйымдастырудың нысаны және де адамдарды қоғамның саяси өміріне жаппай тартудың әдісі ретінде әрекет етеді. Біз демократияға мән бере сөз қозғаған кезде, ең алдымен демократияның жеке адамға қатысты құбылыстарына — адам мен азаматтың құқықтары мен бостандығына ерекше көңіл аударамыз.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Жалпыға бірдей адам құқықтары жөніндегі Декларациясында (1948) құқық пен бостандықтың төрт топқа бөлінгендігі айтылған еді.

Бірінші топ — құқық пен бостандықтың қарапайым деп аталатын түрі. Бұған жататындар: өмір сүруге деген құқық, бос-

тандық пен адамның жеке басына қол сұқпау (3-бап), азаптау мен мейірімсіздікке, адамға рақымсыздық жасау мен жазалауға тыйым салу (5-бап), барлық адамдардың заң алдында теңдігі мен заң арқылы бірдей қорғалуы (7-бап) және басқалар.

Екінші топ азаматтық құқықтар. Бұлар баспана табуға құқығы (14-бап), азаматтыққа құқығы (15-бап), некеге отыру мен отбасын құруға құқығы (16-бап), дүние-мүлікке ие болу құқығы (17-бап) және басқалар.

Саяси құқықтары – ой, ар-ождан мен дін еркіндігі (18-бап), бейбіт жиналыстар мен ассоциациялар еркіндігі (20-бап) және басқалар. Бұдан басқа 22–28-баптарда экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар мен еңбек етуге, жұмысты еркін таңдап алуға, білім алуға деген құқықтар келтіріледі.<sup>1</sup>

Демократия арқылы адамдардың мемлекеттік істерге қатысуы жүзеге асырылады, азаматтыққа тәрбиеленеді, бұқаралық сана-сезімі мен саяси мәдениеті қалыптасады, адамның рухани өмірі баии түседі. Кадр саясатын жүзеге асыру ісінде де демократия аса зор мәнге ие болады. Демократияның негізгі принциптерін нақты жүзеге асыра отырып, қоғамның алдында тұрған міндеттерді табысты шешуге болады.

Демократияның принциптері мыналар: халықтың оны биліктің түп дерегі және жүзеге асырушысы деп мойындауы; заң мен сот алдында барлық адамдардың теңдігі; азаматтардың ресми түрде мойындалған, кепілді кен көлемді құқықтары мен бостандығының болуы; мәселені дауыс беру арқылы көпшіліктің шешуі мен азшылықтың оппозицияға құқылы екендігі; барлық азаматтар үшін саяси өмірге қатысуға тең мүмкіндіктердің берілуі; билікті заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлу; мемлекеттік билік органдарының сайланбалылығы, есеп берушілігі, ауыстырмалылығы; мемлекеттік органдардың қызметіне тікелей демократия үлгісі арқылы халық тарапынан бақылау жасау құқығы.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабының 1-тармағында: «Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады; оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп жазылған болатын. Ал осы Ата заңның 3-бабының 1 және 2-тармақтарында: «Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық. Халық билікті тікелей

---

<sup>1</sup> Всеобщая Декларация прав человека. – М., 1995.



республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырады, сондай-ақ өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға береді» делінген еді.

Адамдардың теңдік принципі қазіргі таңдағы демократияның аса зор құндылығы болып саналады. Алайда, бұл адамдардың бірдейлігін білдірмейді. Адамдар нәсілге, ұлтқа, тапқа бөлінеді, алайда олардың барлығының да саналы түрде ойлау қабілеті болады.

Демократия адамдардың таланттары мен қабілеттерінің арасында айырмашылықтардың болатынын мойындайды. Сондықтан да қабілетті адамдардың одан әрі жетіліп дамуы үшін барлық қажеттіліктермен қамтылуын талап етеді.

Сайлау жүйесінің жай-күйі, яғни азаматтардың сайлау үрдістеріне қатыса алу мүмкіндіктері кез келген қоғамда демократияны дамытудың дәрежесі мен жай-күйінің бірден-бір көрсеткіші бола алады. Қазақстан Республикасының Конституциясы халық билігін білдірудің ең жоғары нысандарының бірі — сайлау деп есептейді. Республика Конституциясының 33-бабының 2-тармағында: «Республика азаматтарының мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға, сондай-ақ республикалық референдумға қатысуға құқығы бар» делінген еді.

Қазақстанда сайлау арқылы Қазақстан Республикасының заң шығарушы органдары, жергілікті өзін-өзі басқарудың өкілетті органдары құрылады, Қазақстан Республикасының Президенті мен заңда қарастырылған лауазымды адамдар сайланады.

Азаматтардың сайлауға қатысуы мен сайлануға құқықтылығы — олардың Конституциялық құқығы, қоғамның саяси өміріне олардың қатысуының маңызды құқықтарының бірі.

Қоғамның саяси өмірінде саяси оппозиция белгілі роль атқарады. Кез келген демократиялық қоғамда саяси оппозиция заңды көрініс болып табылады. Ол қоғамның дұрыс өмір сүруі мен дамуына ықпал етеді. Саяси оппозицияның болуы әр түрлі саяси партиялардың, қозғалыстар мен қоғамдық ұйымдардың қызметтеріне тыйым салынбаған алуан түрлі әлеуметтік-саяси өмірдің болуына мүмкіндіктер тудырады. Қоғамда қажетті тежемелік пен тепе-теңдік жүйесі құрылады, бір-бірімен бәсекелес партиялар арасында тепе-теңдікке қол жеткізіледі. Бұл тұтастай алғанда әлеуметтік прогреске ықпал етеді.

Саяси оппозициялардың пайда болуының себептері аз емес. Бұл негізінен алғанда әлеуметтік әділеттілік принциптерін мойындамау және халық пен билік иелері арасындағы дағдарыстың салдарынан пайда болады.

Сонымен саяси оппозиция дегеніміз не? Ғалым В.Д.Перваловтың анықтамасы бойынша оппозиция – бұл іс-қимыл үстіндегі мемлекеттік билікке қарсы әрекет ету, қарсыласу, оны оппозициялық саяси ұйымдарды қанағаттандыратын басқа билік түрімен алмастыру мақсатында жүзеге асырылып жатқан стратегиялық бағытқа қарсы тұру (біз мұны мемлекеттің ішіндегі саяси оппозиция жөнінде айтып отырмыз). Саяси оппозиция мемлекеттік билікпен қандай дәрежеде қарым-қатынас орнатса, соған сәйкес ол да бәсең де байыпты әрекет ететін болады. Бәсең әрекет етушілер – шын мәнінде, бұлар сындарлы-сыни көзқарасты ұстанушылар, олар мемлекетпен ымыраласа әрекет етеді. Ал батыл әрекет ететіндер іс-қимыл үстінде саяси бағытты өздері ұстанған бағыт бойынша өзгертуге ашық түрде көзқарастарын білдіреді.

Оппозиция жария және жасырын түрлерге бөлінеді. Жария оппозиция Конституция мен басқа да заңдар шеңберінде ашық әрекет етеді. Ал жасырын (астыртын) саяси оппозиция құпия түрде әрекет етеді де, кейде өркениетті қоғамда қолданылмайтын әдістерді де пайдаланады.

Саяси оппозиция қоғам өтпелі кезеңнің жағдайында тұрғанда, бүкіл әлеуметтік-экономикалық құрылымда терен өзгерістер жүріп жатқан кезде маңызды роль атқарады. Осындай жағдайда саяси мақсаттарға жету үшін күш көрсетуді пайдалану қауіптілігі де арта түседі.

Қазіргі таңда Қазақстанда аса қуатты оппозиция жоқ. Оның себебі мынада: оппозицияның жан-жақты жасалған, іс жүзінде қолдануға болатын өз бағдарламасы болуы шарт және де олар әлеуметтік дамуды алдын-ала болжап білуі керек.

**Қоғамның саяси өміріндегі лоббизм туралы.** Лоббизм қоғамның саяси өміріне қажетті элемент болып табылады.

Лоббизм – бұл мемлекеттік билік органдарындағы әлдекімдердің саяси және әлеуметтік мүдделерінің көрінісі.

Бұл – протекционизм. Лоббизмнің пайда болуы үшін мынандай жағдайлар қажет:

а) қоғамның әлеуметтік бөлінуі мен жіктелуінің салдарынан пайда болатын қоғамдағы мүдделердің мейлінше әр алуан болуы;

б) саяси плюрализм мен көп партиялық жүйенің негізінде билікке жетуге мол мүмкіндіктің болуы.

Лоббизмнің барып тұрған теріс әрекеті «протекционизмге», «өзіне тартуға», әлдекімдердің пайдакүнем пиғылдары үшін қоғамдық мүддеге зиян келтіре отырып, «дауысты пара беріп сатып алуға» жақын болады. Оның бұдан басқа да жолдары бар. Мәселен, билік өкілдеріне заңсыз қысым жасау, пара алу, сыбайлас жемқорлық көмегімен жекелеген топтардың мүдделеріне сәйкес келетін шешімдер қабылдау.

Лоббизмнің сонымен қатар бір қатар жақсы жақтары да бар. Атап айтқанда, басқаруға қатысты қабылданатын шешімдердің сапасына ықпал етеді; азшылық мүддесін қамтамасыз етуге мүмкіндік жасалынады және де лоббизмді өкілетті билік пен атқарушы биліктің өзара әрекет етуінің құралы ретінде қарастыруға болады.

Лоббистер саяси өмірдің аса өткір проблемаларына қоғамның назарын көбірек аударады.

Лоббизм әр түрлі мүдделердің ымыраласуына, басқаруға қатысты шешімдер қабылдаған кезде пәтуаластыққа қол жеткізу қызметтерін атқарады.

Солай дегенмен де лоббизмнің бірқатар кемшіліктері де бар: ол ведомстволық, жергілікті, ұлтшыл және басқа да мүдделерге қызмет атқаруы мүмкін, ол халықтық биліктің бастауларын «жария етуге», демократиялық институттарды жекелеген билік құрылымдарының, шенеуніктердің құралына айналдыруға, мемлекеттік биліктің қызмет істеуіне кедергілер келтіруге және басқа да әрекеттер жасауға қабілетті.

Сондықтан лоббизмнің пайда келтіруі үшін экономикалық және саяси тұрақтылық, бұқаралық ақпарат құралдарының бостандығы мен нақты белгіленген, заңдастырылған нормалар қажет.

### **Қоғамның саяси өміріндегі бұқаралық ақпарат құралдарының ролі туралы**

Бұқаралық ақпарат құралдары қоғамның саяси өмірінде аса маңызды элемент болып саналады. БАҚ әрбір қоғамның рухани құндылықтарын нығайту мақсаттарында халық арасында саяси ақпараттарды үзбей таратып отырады, халыққа идеологиялық, мәдени және саяси ықпал етеді. Бұлар – мерзімді басылымдар, радио, теледидар, дыбыс жазбалары, бейне жазба-

лар, интернет жүйесі, акпараттарды оңдеу, тарату және қабылдап алу мен басқа да тәсілдер.

Бұқаралық акпарат құралдары бірқатар қызметтерді атқарады: 1) әлемді бақылауға алу (акпараттарды жинау мен тарату); 2) редакциялау (оқиғаларды іріктеу мен оларға түсінік беру); 3) қоғамдық пікірді қалыптастыру; 4) оппозициялық саяси қызметтің маңызды белгісі болып табылады; 5) қоғамның тұрақтылығының немесе тұрақсыздығының қайнар көзі қызметін атқарады; 6) халықтың қалың бұқарасының саяси сауатын ашады.

БАҚ өздерінің репортаждары мен түсіндірме-талдауларында саяси биліктің аса маңызды тұстарына ерекше назар аударады, сөйтіп билікті шектеу мен жаңғырту, сауықтыру ісінде маңызды роль атқарады. Сонымен БАҚ қоғамды нақты саяси акпараттармен және әр түрлі саяси максаттағы акпараттармен қамтамасыз етеді. Негізгі БАҚ, әдетте мемлекеттің бақылауында болады. Солай дегенмен де БАҚ қызметінің сипаттары мен бағыт-бағдары көп жағдайда қоғам мен тиісті заңдардың сипатына да байланысты болады.

Бұқаралық акпарат құралдарының қызметі туралы заңдардың маңызы да өте зор. Олар БАҚ-на иелік етудің ережесін, олардың жұмыс істеуін белгілейді және қоғамдағы акпараттар тасқынының мазмұнына бақылау қояды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 14 қазанда «Баспасөз және басқа да бұқаралық акпарат құралдары туралы» Заңға қосымшалар енгізу туралы», сондай-ақ 1996 жылғы «Авторлық құқық пен аралас құқықтар туралы» Жарлықтары Қазақстандағы БАҚ қызметінің заңды негізі болып табылады. Қазіргі жағдайда БАҚ арасында теледидар жетекші роль атқарады. Теледидар экраны акпараттарды білудің және қоршаған ортаны танудың негізгі көзіне айналды. Өмірді сол өзінің қаз қалпында көру мен көрсету, болып жатқан оқиғалар жөнінде неғұрлым толық акпараттар беру — тележаңалықтардың танымал болуына зор мүмкіндіктер ашты.

Ұдайы берілетін, көбінесе саяси тақырыптардағы соңғы жаңалықтар көп ретте халықтың тиісті саяси көзқарастарын, бағамдарын, бағыт-бағдарлары мен өмірлік құндылықтарын қалыптастырады. Сайлау науқаны кезіндегі теледидардың қаншалықты роль атқаратыны айтпаса да белгілі.

Тұтастай алғанда, өз ойларын теледидар мен басқа да БАҚ арқылы білдіру мүмкіндігіне ие бола алмаса, бірде-бір саяси-қоғамдық топ (институт) саясатта да табысқа жете алмайды.

**Қоғамның саяси өміріндегі саяси элитаның ролі туралы.** «Элита» тіркесі француз тілінен аударғанда — тандаулы, іріктелген, екшеулі ұғымын білдіреді.

Саяси элита — бұл халықтың дербес қиялы тобы, олар ерекше идеологиялық, әлеуметтік, саяси сапаларға ие бола отырып, мемлекеттік билікті жүзеге асыруға тікелей қатысады. Істің мәні мынада: қоғамда адамдар арасында табиғи және әлеуметтік айырмашылық болады және де бұл адамдардың басқару және саяси өмірге қатысуының әр түрлі мүмкіндіктері болуынан көрінеді. Элита адамзат қызметінің кез келген жүйесінде, оның ішінде саясатта да кездеседі. Жекелеген азаматтар мен әлеуметтік топтар әдетте қоғамның саяси өміріне күн сайын тікелей қатыса бермейді. Мұнымен саяси элита айналысады.

Саяси элитаның өміршеңдігінің себептері мыналар: адамдардың психологиялық және әлеуметтік теңсіздігі, олардың бірдей қабілетте болмауы, саясатқа қатысуға мүмкіндігі мен ықпалының болуы; басқарушылық қызметпен кәсіби шеберлік тұрғысында айналысуды талап ететін еңбек бөлінісінің заңы; басқару қызметінің аса жоғары қоғамдық маңыздылығы мен соған сәйкес ынталандырылуы; әрқилы әлеуметтік жеңілдіктер мен артықшылыққа ие болу үшін басқару қызметін пайдаланудың кен мүмкіндіктері.

Саяси элита қоғамды дамытудың мақсаттары мен болашағын қалыптастырады. Сонымен бірге ол стратегиялық, коммуникативтік, ұйымдастыру мен интегративтік секілді бірқатар қызметтерді де атқарады. Оған қоса кадрлар аппаратын, басқару органдарын тағайындайды және саяси лидерлерді ұсынады. Оның ұйымдық қызметі ерекше мәнге ие болады. Талданып жасалған бағытты, саяси шешімдерді тек сол ғана іс жүзіне асыра алады.

Элитаның аса көп түрлері болады. Оған негізінен алғанда мыналар жатады: саяси, экономикалық, әскери, ғылыми-техникалық және рухани-мәдени.

Ғылыми әдебиеттерде элитаны дәстүрлі және қазіргі заманғы деп екіге бөледі. Дәстүрлі элита билік ретінде әдетте дәстүрге, дін мен байлыққа сүйенеді.

Қазіргі заманғы саяси элитаға шенеуніктер тобы, білімді саяси лидерлер, бизнесмендер, ғылыми ортаның өкілдері, технократтар: яғни саяси билікке тікелей болмаса жанама түрде қатыскандар, немесе мемлекеттік шешімдердің қабылдануына

ықпал ете алатындар жатады. Ал заң шығарушы, атқарушы және сот органындағылар жоғары элита болып есептелінеді. «Әкімшілік элитасына» келетін болсақ, олар министрліктерде, департаменттерде және басқа да басқару органдарында жоғары лауазымдарды иеленіп отырған мемлекеттік қызметшілердің жоғары топ өкілдерінен құралады. Бұлар жоғары білімді және тәжірибелі мамандар.

Сонымен саяси элита — бұл билік жүргізу құралына ие болған адамдар тобы. Билік жүргізу дәрежесі арқылы элитаның негізгі түрлерін анықтауға болады. Сонымен бірге өкіметке және оның шешім қабылдауына ықпал ететін биліктік элита деген түсінік те қалыптасқан.

Қазақстанның саяси элитасына сипаттама беретін болсақ, қазір басшылық құрамында қайта құру жылдарында билік басына келгендер жүр. Элитаның бір бөлігі бизнесте, мемлекеттік институттарда, Президент пен Үкіметтің әкімшілік аппаратында отыр.

Элитаны жасақтап құру үрдісінің мәселесі Президент пен оның әкімшілігінің қолына шоғырландырылған. Бүгінгі таңда билік институттарының қызметін тек солар ғана бақылайды. Біздің елімізде элитаның болуы объективті қажеттілік және де олар қоғамның нақты өмірінде Қазақстанның дамуы барысына аса зор ықпал етеді.

## 9-т а қ ы р ы н

### СЯСИ РЕЖИМДЕР

Қазіргі саясаттанудағы саяси жүйенің қызмет істеу тәсілдерін ашып көрсететін негізгі категориялардың бірі — саяси режим (латынның Regimen — басқару деген сөзінен алынған). Ол осы режимнің өмірде нақты қалай қолданылатынын ашып көрсететін биліктің өлшеуіші болып саналады. Ол жалпы көлемде саяси билікті жүзеге асырудың әдістері мен тәсілдерінің жиынтығын, жеке адамдардың демократиялық құқықтары мен бостандықтарының мөлшерін, қоғамның саяси өмірінің бүкіл бітім болмысын қамтып көрсетеді.

Саяси режим түсінігі әлі күнге дейін теориялық тұрғыда даудайлардың өзегі болып келе жатыр. Көптеген ғалымдар саяси режим дегеніміз саяси билікті жүзеге асырудың әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы деген теорияны алға тартады. Мұндай анықтау шектеулі болып табылады, өйткені әдістер мен тәсілдер

саяси күштердің өзара іс-әрекетінің арақатынасына байланыты болады. Олар демократиялық құқықтар мен бостандықтарды жүзеге асырудың мөлшері мен механизмін анықтайды. Сондықтан да кез келген қоғамдағы саяси режим өзгеріске ұшыраған жағдайда қоғамның барлық ішкі және сыртқы саясатының да тез өзгеретіндігін ескерген жөн. Саяси режимді қарастырған кезде «Саяси режимді» «Мемлекеттік режим» түсінігінен айыра білу керек. Мемлекеттік режим мемлекеттік билікті жүзеге асырудың әдістерін сипаттайды, ал саяси режим болса, биліктің сипатын, қоғамның саяси өмірінің, яғни мемлекеттен басқа да әр түрлі саяси партиялардың, қозғалыстардың, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдардың жағдайларын ашып көрсетеді.

Саяси режим мыналарды қамтамасыз етеді: саяси биліктің тұрақтылығын; азаматтардың басқарылуын; саяси мақсатқа қол жеткізуді және билік басындағы элитаның мүдделерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді; билік жүргізуші субъектілер саяси режим арқылы тұтастай халыққа және жеке дара әрбір адамға тікелей ықпал етеді.

Сонымен бірге саяси режим қандай да бір елдегі оның тарихи дамуының нақты кезеңінде қалыптасқан саяси ахуалды сипаттайды.

Сонымен, саяси режим – елдегі саяси өмірдің сипаттамасын анықтайтын, саяси еркіндіктің дәрежесі мен билік органдарының қызметіндегі құқықтық негіздер дәрежесін көрсетіп беретін қоғамның саяси жүйесінің қызмет атқару тәсілі болып табылады. Саяси режим – белгілі бір мемлекет түріне тән қатынастардың жиынтығы. Бұл билік басындағылардың қолданатын әдістері мен тәсілдері, мемлекеттік билік пен қоғамның қалыптасқан қатынастары, үстем идеологияның нысандары, әлеуметтік және таптық өзара қарым-қатынастар, саяси мәдениет пен сана-сезімнің ахуалы.

Саяси режим мыналарды: билік жүргізу механизмдерінің қандай екендігін, мемлекеттік органдардың қызмет атқару тәсілдерін; әр түрлі әлеуметтік күштер арасындағы биліктің нақты қалай бөлінгендігін және саяси ұйымдардың өз мүдделерін қалайша білдіретіндігін; саяси билікті жүзеге асыруды кімнің және қалай бақылайтындығын; билікті заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлу принциптерінің жүзеге асырылуын; саяси билікті жүзеге асыру әдістерінің жүйелері қандай екендігін; халықтың саяси істерге қатысуы-

ның жағдайын: белсенді немесе енжар түрде қатысуын; қоғамдағы құқық пен бостандық ахуалының қандай екендігін; әлеуметтік және саяси жанжалдарды реттеу тәртібінің қандай екендігін; қоғамда қандай саяси партиялардың бар екендігін; олардың мемлекетпен өзара қарым-қатынастары принциптерін; оппозицияның қалай қызмет ететіндігін, оның мемлекеттік билікпен өзара қарым-қатынасын; қоғамдағы армияның саяси-заңдық мәртебесі мен ролін; бұқаралық ақпарат құралдарының саяси және заңдық мәртебесін, цензураның бар немесе жоқ екендігін; қоғамдағы жариялылықтың деңгейін анықтайды.

Саяси режим қоғамның саяси өмір деңгейінің бірқатар өрісті кеңістіктерін қамтиды. Осы арқылы әр түрлі критерийлер бойынша саяси режимдердің сұрыпталу мүмкіндіктерін түсіндіруге болады.

Мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-әрекетінің ерекшеліктерін, мемлекеттік биліктің әлеуметтік өмірдің басқа да салаларына және азаматтардың жеке өмірлеріне ену деңгейін ескере отырып, саяси режимдердің типологиясын жалпы нұсқа ретінде қарастыруға болады.

Осы критерийлерді басшылыққа ала отырып, режимдердің үш түрін: **демократиялық, авторитарлық және тоталитарлық** түрлерін ерекше атап көрсетуге болады. Қазіргі таңдағы саяси режимдердің арасынан демократиялық саяси режимдер аса кең көлемде тарап отыр. **Демократиялық саяси режим** — бұл биліктің бастау көзі ретінде халық мойындаған, олардың мемлекеттік және қоғамдық істерді шешуге қатысуына құқық беретін және азаматтарды кең көлемде, жеткілікті дәрежеде құқық пен бостандық құзырымен қамтамасыз ететін саяси жүйенің қызмет істеуі мен қоғамдық өмірді ұйымдастыру тәсілдері. Демократиялық саяси режим саяси режимнің ең жоғарғы түрі болып табылады. Оның аса маңызды ерекшелігі — халық билігінің жеке адамдардың бостандығымен нақты сәйкес келуі.

Демократиялық саяси режимді қалыптастырып құру мен оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін **саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, сыртқы саяси және діни** секілді бірқатар жағдайлар қажет.

Саяси:

Азаматтық қоғамды дамыту. Саяси биліктің тұрақтылығы. Саяси партиялар мен қозғалыстардың өмір сүруі мен қызмет істеуі.



Экономикалық:	Тұтастай алғанда индустриалды және экономикалық дамудың жоғары деңгейде болуы. Урбанизацияның жоғары дәрежеде жүруі. Экономиканың нарықтық бәсекелестігі. Жекеменшік нысандарының плюрализмі.
Әлеуметтік:	Азаматтардың әл-ауқатының біршама жоғары деңгейде болуы. Әлеуметтік теңсіздіктің тігісін жатқызу. Қоғамда әр қилы әлеуметтік игілікті бөліп беру. Саны көп және ықпалды орта таптың, кәсіпкерлердің болуы.
Мәдени:	Халықтың сауаттылығы – тұтастай алғанда оның білімділігі. Азаматтық саяси мәдениет. Демократиялық дәстүрлер.
Сыртқы саяси:	Тікелей әскери, саяси, экономикалық, мәдени-ақпараттық ықпал ету. Басқа мемлекеттермен тұрақты достық қарым-қатынас орнату, әскери қауіптіліктің болмауы.
Діни:	Жеке адамның бостандығына, теңдікке, еңбек сүйгіштікке негізделген дін, шіркеулік астамшылдыққа жол бермеу (протестантизмге).

### **Демократиялық режимдерге тән сипаттамалар мыналар:**

Билікті заң шығарушы, атқарушы және сот органдарына бөлу принциптерінің жүзеге асырылуы;

негізгі билік органдары мен лауазымды адамдардың сайланбалылығы, олардың сайлаушыларға есеп берушілігі;

тағайындау жолымен құрылатын мемлекеттік органдардың бақылауда болуы мен сайлаушы мекемелер алдындағы жауапкершілігі;

мемлекеттік билік қызметінде саяси емес әдістерге (күш көрсетіп, террор жасау) жол берілмейді, мұнда ымыраға келу әдісі басым болады.

Негізгі демократиялық құқықтар мен бостандықтарды жариялау: барлық азаматтардың заң алдында теңдігі;

көп партиялылық; заңды оппозициялардың болуы;

БАҚ цензурадан азат болады және заң негізінде үкіметті сынай алады, алайда күш көрсету арқылы билікті құлатуға шақыруға хақысы жоқ;

күш құрылымдары ішкі және сыртқы қауіпсіздікті қамтамасыз етеді, олардың қызметі заңмен тұжырымдалады. Олар саясаттан тысқары болады.

Қоғамда пайда болған жанжалдар заңда белгіленген механизм арқылы шешіледі. Идеологиялық плюрализм, әлде қандай ресми идеология болмайды деген сөз.

Алайда қазіргі таңдағы демократиялық режимдер мұраттардан тым алыс. Әлде қандай «төтенше» жағдайлар кезінде билік жүргізудің авторитарлық әдістерін пайдалану мүмкіндігі де жоққа шығарылмайды. Кез келген демократиялық мемлекетте күш көрсетіп бағындыру және билеп-күштеу аппараты сақталады, олар мемлекетке қарсы бұқаралық ереуілдерді басып жаншу үшін қолданылуы мүмкін. Алайда, дамыған демократия жағдайында мұндай билік әрекеттері өте сирек қолданылады.

Тұтастай алғанда осы айтылған демократиялық-саяси режимдердің нақты сипаттары авторитарлық және тоталитарлық режимдерге мүлде ұқсамайды.

Жоғарыда айтылған белгілерді білу саяси билікті жүзеге асырудың әдістері, тәсілдері мен құралдары жүйелерін саралауда дәл таңдау жасауға көмектеседі.

Авторитарлық режимдер — бұл саяси билік нақты бір адам арқылы, оған халық неғұрлым аз қатысқан жағдайда жүзеге асырылатын саяси биліктің басқару жүйесі болып табылады. Мұнда жоғарғы мемлекеттік билік элитаға немесе диктатор мен оның төңірегіндегілерге тиесілі болады. Билік қатан күш көрсету әдістері арқылы жүзеге асырылады. Авторитарлық режим азаматтардың негізгі құқықтарымен және бостандықтарымен санаса бермейді, саяси оппозицияны басып жаншиды, оппозициялық партиялардың қызметіне тыйым салады.

Авторитарлық саяси режимнің негізгі сипаттамалары мыналар: ол орталық пен жергілікті жерлерде бір адамның немесе жекелеген топтардың қолына шоғырланады;

— билікті бөлудің заң шығарушылық, атқарушылық және сот билігі принциптері жоққа шығарылады;

— «Күш көрсету» құрылымдары қоғамның бақылауына алынбайды және олар тек қана саяси мақсаттарға пайдаланылады;

— жеке адам билікпен өзара қатынаста қауіпсіздік кепілдігінен айырылады;

– азаматтар мен қоғамдық-саяси ұйымдардың саяси құқықтары қатан бақылауға алынады;

– мемлекеттік басқару жүйесі көсемнің немесе хунтанын жеке билігіне бағындырылады да басқарушы авторитарлы партияның аппараты төңірегіне шоғырландырылады.

Билеуші авторитарлық партияның лидері өмір бойы мемлекет пен үкіметтің басшысы болып қала береді. Сөйтіп көсемшілдік ресми мемлекеттік принципке айналады. Барлық мемлекеттік және қоғамдық басқару институттары адамдарды тек сайлаусыз толықтыру жолымен тағайындау арқылы басқарылады. Билік ең алдымен өздерінің қауіпсіздігі, қорғанысы мен сыртқы саясаты мәселелерімен ғана айналысады. Өндіріске, білімге, мәдениетке өкімет тарапынан бақылау жойылады.

Тоталитарлық режимдер – әрбір адам мен тұтастай алғанда қоғам өмірінің барлық жағына абсолютті (тотальды) бақылау орнатуға тырысатын саяси режим. Ол саяси режимнің түрі ретінде XX ғасырда пайда болды. «Тоталитаризм» түсінігі алғаш рет 1920 жылы итальяндық зерттеушілер Дж.Амендол мен П.Габбетти итальян фашизмінің лидері Б.Муссолинидің диктатурасына сипаттама беру үшін қолданы. Осы уақыттан бастап Италияда, бұдан соң КСРО-да (сталинизм жылдарында) және гитлерлік Германияда (1933 жылдан бастап) тоталитарлық құрылым қалыптаса бастады.

Осы режим кезінде мемлекет адамдардың саяси билік пен үстем идеологияға толық бағынуы арқылы қоғамдық өмірдің барлық саласында нақты бақылау орнатуды жүзеге асырады. Билікті жабық түрде бір адам немесе билеуші элита арасынан шыққан адамдар тобы жасайды.

Тоталитарлық саяси режимнің сипаттамалары мыналар:

– билікті жалғыз бұқаралық партия өз-иелігіне алады. Оны бір ғана адам–диктатор басқарады, ол мемлекеттік органдарға үстемдік етеді;

– мемлекеттік идеология (ресми) қоғамдық өмірдің барлық саласына енеді;

– ұдайы немесе мезгіл-мезгіл қайталанылып тұратын қуғын-сүргін ішкі саясаттың құралы ретінде пайдаланылады;

– бұқаралық аппарат құралдарына технологиялық бақылау орнатылады;

– экономикаға орталықтандырылған бюрократиялық басшылық жасалынады, мемлекеттік емес меншіктің барлық нысандары дерлік жойылады;

— қарулы күрес жолдарына толық үстемдік орнатады, оппозицияның қарсылықтары жойылады және тіпті оның өзі өмір сүруден қалады.

Тоталитарлық режим кезінде оның саяси партиясы ерекше роль атқарады. Тек бір ғана партия басқарушы партия болып табылады. Билік партиялық-мемлекеттік болып қалыптасады және бір адамның (көсемнің) басшылығында болады және оның төңірегінде жеке адамға табыну тәртібі қалыптасады. Мәселен, фашистік Италияны Муссолини, ұлтшыл Германияны Гитлер басқарса, Сталин КСРО-ның басшысы болды. Тоталитарлық режимге тән сипат — ұйымдасқан террор болып табылады. Құпия полиция мен қауіпсіздік қызметінің аппараты күш көрсету әдісі арқылы қоғамды үнемі үреймен өмір сүруге мәжбүр етеді. Мұндай мемлекеттерде конституциялық кепілдіктер мүлде болмайды немесе олар бұзылады, соның салдарынан адамдарды жасырын түрде қамауға алуға, ешқандай кінә тағылмастан оларды қамауда ұстауға мүмкіндіктер туады.

Гитлердің, Сталиннің заманында адамдар жаппай қырғынға ұшырады.

Саяси режимдердің даму барысын қарастыра отырып, демократиялық режимдердің, атап айтқанда парламенттік және президенттік режимдердің кобеюін атап көрсетуге болады. Бұл ретте демократиялық саяси режимнің маңызды принциптерінің бірі, азаматтардың негізі саяси және әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен бостандықтары — өмір сүруге құқығы, саяси қызметтерге қатысу құқығы конституциялық жолмен және басқа да заңдылықтар арқылы бекітілгені болып табылады. Бұл ретте олардың еңбек етуге және білім алуға, сөз, баспасөз, жиналыс, ар-ождан (дін) бостандығына құқықтары болады.

Нақты өмірде елеулі түрде кемшіліктердің кездесетіндігі жасырын емес. Осы аталған құқықтар мен бостандықтарды өмірде жүзеге асыру ісінде әлі де болса шешімін таппаған жағдайлар өте көп. Еңбек етуге конституция бойынша берілген құқық жұмыссыздықтан сақтаудың кепілдігі бола алмайды. Сөз немесе баспасөз бостандығын пайдалану үшін эфирлік уақытқа немесе баспасөзде мақала жариялауға қажетті қаражат болуы керек.

Демократиялық саяси режимнің жұмыс істеуіне кепілдік беру қажет. Ал оның жұмыс істеуінің кепілдіктері мыналар:

— азаматтық қоғам тарапынан мемлекеттік органдар мен аппараттардың қызметіне бақылау жасау жүйесі;

– билікке не болуға орай артықшылықтарды пайдалану жүйесін жою;

– қазіргі таңдағы азаматтардың саяси акпараттармен толық қамтылуы;

– өкілетті билік органдарында болу мерзімдерін шектеу және депутаттарды қайта шақырып алу мен шенеуніктерді ауыстыру тәртібін жеңілдету.

Қысқаша айтқанда, егер елде саяси тұрақтылық, прогресс пен қоғамның өркендеуі секілді оң көріністер бар болса, онда демократиялық режимнің жұмыс істегені. Қазақстандағы саяси тұрақтылықтың, әлеуметтік-экономикалық жағдайдың жақсаруы нәтижесінде Қазақстанда саяси демократиялық режим ісінде оң өзгерістер пайда бола бастады.

## 10-т а қ ы р ы п

### МЕМЛЕКЕТ ҚОҒАМНЫҢ САЯСИ ЖҮЙЕСІНДЕ

Мемлекет еңбекті қоғамдық бөлудің, жекеменшіктің пайда болуының және таптардың құрылуының нәтижесінде өмірге келді.

Мемлекет саяси жүйенің аса маңызды институты болып табылады. Ол билік пен ресурстарды өз қолына шоғырландырады, бұл оған қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерге тиімді ықпал етуге мүмкіндік береді.

Мемлекет – белгілі бір құрылымы бар, саяси билікті және белгілі бір аймақтағы әлеуметтік үрдістерге басшылық жасауды ұйымдастыратын саяси қауымдастық болып табылады. Анығырақ айтсақ, ол тұтастай алғанда қоғамның өмір тіршілігін ұйымдастыру және жетекші таптың, басқа да әлеуметтік топтар мен халықтың белгілі бір тобының саясаттарын іс жүзіне асыру үшін құрылады.

Тарихи тұрғыдан алғанда мемлекетті бірінші орында тұрған саяси ұйым деп есептеуге болады.

Әр түрлі халықтарда мемлекет әр қилы жолдармен, әр түрлі даму дәрежелерінде, уақыттың әр қилы тарихи аралықтарында пайда болды.

Мемлекет пайда болған күннен бастап оның әр қилы себептері, әр түрлі теориялары да айтыла бастады. Атап айтқанда, **теологиялық теория** — мемлекет дегеніміз құдайдың әмірімен пайда болатын өнім, сондықтан мемлекеттік билік

мәңгі бақи діни ұйымдар мен солардың қызметіне тәуелді өмір сүреді деп есептеді;

**Келісімді теория** – мемлекет келісімнің нәтижесінде пайда болады, бұған дейін «табиғи» алғашқы қауымдық жағдайда өмір сүрген адамдар енді соның құрамына кіреді;

**Органикалық** – мемлекет биологиялық фактордың нәтижесінде пайда болады, яғни күрес пен соғыс (табиғи сұрыптау) үрдісінде әлеуметтік организмде нақты мемлекет қалыптасады, үкімет пайда болады, басқару құрылымы жетілдіріледі;

**Материалистік** – мемлекеттің пайда болуын әлеуметтік-экономикалық себептермен түсіндіреді;

**Күш көрсету теориясы** – әскери-саяси факторлармен, күш көрсетумен, бір тайпаның екінші тайпаны құлдыққа салуымен түсіндіріледі.

Ғылымның басқа өкілдері мемлекеттің құрылуына: этникалық, демографиялық, географиялық және басқа да факторлар ықпал етеді деп санайды.

Міне, осыдан соң мемлекеттің пайда болуын нақты анықтап беретін әлде бір нәрсені ең бастысы деп көрсету екі талай.

Алайда, еңбекті бөлу, нарықтық қатынастардың пайда болуы мен әлеуметтік топтардың, таптардың қалыптасуы кезіндегі дүние- мүліктік теңсіздік, адамдардың жалпы және топтық мүдделерді жете түсінуі негізгі фактор болып қала береді. Олай дейтін болсақ, мемлекет әлеуметтік-экономикалық өмірдің күрделенуі нәтижесінде қоғамның, таптың және жеке адамдардың мүдделерін бірлесе отырып қанағаттандыруды ретке келтіретін құрал ретінде пайда болады және дамиды.

Мемлекет қоғамның негізгі саяси институты ретінде мынандай белгілер арқылы сипатталады, осы белгілер арқылы оны басқа қоғамдық ұйымдардан ажыратуға болады.

**Халықты аумақтық болу.**

Мемлекеттің заңдары мен өкілеттіктері белгілі бір аумақта тұратын адамдарға бағытталып жүзеге асырылады.

Этникалық қауымдастық – мемлекет туыстық белгілер, діни бағыттар бойынша құрылмайды, ол аумақтық, этникалық немесе саяси қауымдастықтар негізінде пайда болады.

**Құқық – халықтан салық пен алымдар жинау.**

Ашық билік – ашық билікті елдің халқына сәйкес келмейтін қоғамнан бөліп тастау (басқару аппараты, бұлар шенеуніктер, армия, полиция, түрме).

## **Мемлекеттің мүшесі болу міндеттілігі.**

Адам өзі туған сәттен бастап мемлекеттің азаматтығын алады.

Занды түрде күш көрсетуге, сол арқылы ықтиярсыз көндіруге иелік ету. Егемендік, өз аумағында басым болу мен халықаралық қатынастардағы тәуелсіздік.

Билік әр түрде: партиялық, отбасылық, діни және т.б. түрлерде өмір сүруі мүмкін. Алайда, шешімдері барлық азаматтар, ұйымдар, мекемелер үшін міндетті болып табылатын жоғары билігі тек қана мемлекеттің қолында болады.

Егемендік дегеніміз аумақтың тұтастығы мен бөлінбейтіндігі, шекараның мызғымауы, ішкі істерге араласпау.

Мемлекет дегеніміз таптарға, этникалық, мәдени және кәсіби топтарға бөлінген қоғамды тәртіпке келтіретін, бірлестіретін өзіндік орган, тетік.

Мемлекеттік егемендіктің экономикалық, саяси және құқықтық негіздері болады.

Мемлекеттік егемендіктің экономикалық негізі аумаққа, белгілі бір меншікке, мәдени игіліктерге және басқаларға иелік ету болып табылады.

Егемендіктің саяси негізі – тұрақты мемлекеттің өмір сүруі, саяси биліктің болуы.

Құқықтық негізі – Конституция, заңдар, декларация, халықаралық құқық принциптері (жалпыға бірдей).

Мемлекетті басқа саяси институттардан ерекшелеп тұратын оның атқаратын бірқатар міндеттері болады.

Мемлекет функциясы – өзінің алдында тұрған міндеттерді жүзеге асыру жөніндегі мемлекет қызметінің негізгі бағыттары.

Мемлекеттің түрлеріне байланысты мемлекет өз функцияларын әр түрлі жолдар арқылы атқарады. Басқару мен басшылық жасау функциялары негізгі функциялар болып саналады. Басқа функциялар ішкі және сыртқы түрлерге бөлінеді.

Сыртқы функция – осы заманғы кең ауқымды проблемаларды шешуге қатысу; ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету; басқа елдермен өзара тиімді достастықты дамыту, халықаралық істерде мемлекет мүдделерін қорғау.

Ішкі функцияларға экономикалық, әлеуметтік, құқықтық, мәдени-тәрбие беру, саяси, білім беру және экологиялық функциялар жатады.

**Экологиялық функциялар** дегеніміз, мұнда мемлекет табиғатты тиімді пайдаланудың құқықтық режимдерін орнықтыра-

ды, салауатты өмір сүретін дұрыс ортаны қамтамасыз ету жөнінде азаматтар алдында міндеттенеді.

**Экономикалық функция** дегеніміз салықтың және несие саясатының, экономикалық дамуды ынталандыру жолдарын құрудың көмегі арқылы экономикалық үрдістерді ұйымдастыру, үйлестіру және реттеу болып саналады.

**Әлеуметтік функция** дегеніміз адамдарды жұмыспен, тұрғын үймен қамтамасыз ету, олардың денсаулығын сақтау, қарттарға мүгедектерге, жұмыссыздарға, жастарға әлеуметтік кепілдік беру.

**Құқықтық функция** құқық қорғауды қамтамасыз етуді, құқықтық нормаларды орнықтыруды қамтиды. Осы аталғандар қоғамдық қатынастар мен азаматтардың іс-әрекеттерін реттейді, қоғамдық құрылысты қорғауды жүзеге асырады.

**Мәдени-тәрбие беру функциясы** халықтың мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне үйрету мақсаттарын көздейді және соларды құра білуге бағытталады.

**Саяси функция** — бұл саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету, билік өкілеттілігін жүзеге асыру, халықтың талабына жауап беретін саяси бағытты белгілеу.

Сонымен, мемлекет қоғамның саяси өміріндегі өз функциясын жүзеге асыра отырып, ерекше құрал ролін атқарады. Осының көмегімен ол саяси билікті жүзеге асырады, жалпы істерге қамқорлық жасауды өз құзырына алады. Аппараттың тікелей қатысуы арқылы өзінің ерік-жігерін жүзеге асырады, саяси жүйенің тұтастығын сақтайды, осылар арқылы өзара іс-әрекет ете отырып, қоғамдағы тәртіптің дұрыс болуын қамтамасыз етеді.

Мемлекет ішкі ұйымдастыру ерекшеліктері бойынша бір-бірінен өзгешеленеді. Бұл «мемлекет нысаны» түсінігі арқылы көрініс береді.

*Мемлекет нысаны* — бұл басқарудың нысанын, мемлекеттік құрылым мен саяси режимдер нысанын қамтитын саяси билікті ұйымдастырудың әдісі. Мемлекеттің нысаны дегеніміз қоғамда кім және қалай басқарады дегенді білдіреді. Ондағы мемлекеттік билік құрылымдары қалай орналасқан және қалай жұмыс істейді, сол аумақтағы халық қалай біріккен, ол мемлекетпен және билікпен қалай байланысқан, бұл ретте қандай әдістер мен тәсілдер қолданылған деген мәселелер қамтылады.



Қоғамдағы саяси өмірдің өзі белгілі бір дәрежеде мемлекеттік нысанға байланысты болады.

Мемлекеттің нысаны – бұл оның құралымы, оған әлеуметтік-экономикалық факторлар сияқты табиғи, климаттық жағдайлар, ұлттық, діни ерекшеліктер, қоғамның мәдени даму деңгейі де ықпал етеді.

Мемлекеттің нысанының элементтеріне мыналар жатады: басқару нысаны, мемлекеттік құрылым нысаны және саяси (мемлекеттік) режим.

Басқарудың мемлекеттік нысаны дегеніміз мемлекеттік басқарудың жоғары органдарының құрылымын, оларды құру мен солардың арасындағы құзырларды бөлу тәртібін немесе жоғары мемлекеттік органдардың қалай құрылатындығын, олардың құрылымының қандай екендігін білдіреді; жоғары және басқа да мемлекеттік органдардың арасындағы өзара қарым-қатынастардың негізіне қандай принциптердің алынғанын анықтайды; жоғары мемлекеттік билік пен елдің халқы арасындағы қарым-қатынастың қалай қалыптасқандығын және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын жоғары билік органдарының қалай қамтамасыз ететіндігі анықталады.

Жоғары мемлекеттік билік мемлекеттің басшысы (монарх немесе президент), заң шығарушы орган, үкімет болып табылады. Мемлекет басшысының жағдайына байланысты мемлекеттік басқарудың басты нысандары монархиялық және республикалық болып бөлінеді.

*Монархия* – мұнда мемлекеттік билік бір адамға – корольге, императорға, сұлтанға, әмірге, шахқа және басқаларға (әдеттегідей мұрагерлікке) тиесілі болады. Монарх – мемлекет басшысы болып саналады.

Оның белгілері – жоғары билік (монархтың билігі) мұрагерлік бойынша беріледі.

Мерзімі шектелмей жүзеге асырылады.

Сайлаушылардың қалауына байланысты болмайды.

Егер билік шектеулі болмаса – онда бұл шексіз монархия болып табылады.

Егер ол шектеулі парламент болса, онда конституциялық монархия деп есептеледі.

Абсолютті монархия – Сауд Аравиясында, Оманда, Брунейде бар. Бұл елдерде монархтар бір мезгілде мемлекет басшысы, Премьер-министр, Қарулы Күштердің Қолбасшысы және

Жоғарғы сот болып есептелінеді. Үкімет король отбасының мүшелерінен құралады.

Конституциялық монархия – Европа елдерінде: Англияда, Бельгияда, Данияда, Испанияда, Лихтенштейнде, Монакода, Люксембургте, Нидерландыда, Норвегияда, Швецияда бар; ал Азияда олар – Бахрейн, Иордания, Кувейт, Малайзия, Непал, Тайланд, Жапония; Африкада – Лесото, Марокко; Америкада – Канада; Океанияда – Австралия, Тонго және де басқа елдер.

Конституциялық монархияның ерекшелігі сонда, оларда мемлекет басшысы (монарх) парламентпен және үкіметпен өзара қарым-қатынаста болады. Заң қабылдау парламенттің ісі болып саналады. Ал Үкімет парламент арқылы құрылады және кері шақырылып алынады.

*Басқарудың республикалық нысаны.* Ол әлемнің жүзден астам елдерінде өмір сүруде. Үкіметті кім құрады, ол кімнің алдында есеп береді және кімнің бақылауында болады, міне, осыған байланысты басқарудың республикалық нысаны президенттік, парламенттік және аралас болып бөлінеді.

*Президенттік республикада* – Президент сайланады. Ол сонымен бірге мемлекеттің және үкіметтің басшысы болып табылады. Бұған тән сипат — Президент парламентке қарамастан сайланады және үкіметті өзі құрады.

Үкімет президент алдында жауапты болады.

Ол парламентті таратып жіберуге құқылы.

Кешірім жасайды.

Төтенше жағдайларды енгізуге құқылы.

Елдің Қарулы Күштерінің Бас қолбасшысы болып табылады.

Парламенттік республикада ең жоғарғы рөл парламентке тиесілі болады.

Үкімет парламент арқылы құрылады және соның алдында жауап береді. Парламент сайлайтын Президент мемлекеттің ресми басшысы болып есептелінеді. Президенттің міндеттері өкілеттілік функциялар арқылы шектеледі. Оған Германия, Финляндия, Италия, Австрия және басқа елдер жатады.

Қазақстан бұрынғы Қазақ ССР аумағында құрылған жаңа мемлекет болып саналады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 2-бабының 1-тармағында «Қазақстан Республикасы – Президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет» деп көрсетілген болатын.

1991 жылғы 1 желтоқсанда алғаш рет Қазақстан Республикасы Президентінің жалпы халықтық сайлауы өткізілді. Сайлауға қатысушылардың 98,78%-ті Н.Ә.Назарбаевқа дауыс берді. 1999 жылғы 10 қаңтарда Қазақстан Республикасында Президенттің екінші сайлауы өткізілді де, онда Н.Ә.Назарбаев таяудағы жеті жылға сайланды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев қолданыстағы конституция бойынша халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі болып саналады.

Қазір Қазақстан Республикасын тәуелсіз мемлекет ретінде әлемнің 120-дан астам елдері мойындады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 40-бабында: «Қазақстан Республикасының Президенті – мемлекеттің басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға» делінген болатын.

Мемлекеттік құрылымның нысаны – бұл мемлекеттің құрамдас бөліктерінің арасындағы өзара қарым-қатынастың сипатын, орталық және жергілікті органдардың, мемлекеттік биліктің арасындағы қарым-қатынасты айқындайтын әкімшілік-аумақтық мемлекеттік құрылым. Ол мынандай мәселелерге жауап бере алады: мемлекеттік ішкі құрылым қандай бөліктерден тұрады; осы бөліктердің құқықтық жағдайлары мен олардың органдарының өзара қарым-қатынастары қандай; мемлекеттің аумағында тұрып жатқан әрбір ұлттың мүдделері қандай мемлекеттік нысанда білдіріледі; орталық және жергілікті мемлекетті басқару органдарының арасындағы қарым-қатынастар қалай құрылады. Мемлекеттік құрылымның нысандары бойынша екі негізгі нысандар ерекшеленіп көзге түседі. Олар – біртұтас және федеративті.

Біртұтас мемлекет – бұл мемлекеттің аумағы әкімшілік-аумақтық бірліктерге (облыстар, аудандар) бөлінетін мемлекеттік құрылымның нысаны. Онда бір үлгідегі Конституция, құқықтың жалпы жүйесі, біртұтас сот жүйесі мен біртұтас азаматтық жүйе жұмыс істейді.

Сонымен бірге мемлекеттік басқару мен билік органдарының бірыңғай жүйесі де жұмыс істейді. Олар – Греция, Пор-

тугалия, Финляндия, Франция, Қазақстан Республикасы (Конституцияның 2-бабы), Өзбекстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Эстония, Латвия, Литва, Болгария, Румыния, Швеция, Дания, Ирландия, Нидерланд және басқалары.

Осыларға тән сипаттамалар мыналар:

тиісті жергілікті органдар арқылы жоғары басшылықты жүзеге асыратын жоғары өкілетті, атқарушы және сот органдары бүкіл ел үшін бірдей және ортақ;

— оларда бір конституция, заң шығарудың бірыңғай жүйесі, бірыңғай ақша жүйесі, бір азаматтық, ортақ салық және несие саясаты әрекет етеді;

— мемлекеттің құрамдас бөліктері (облыстар, аудандар, қалалар) мемлекеттік егемендікке ие емес, оларда жергілікті заң шығарушы органдар, әскери бөлімшелер болмайды;

— мемлекетаралық барлық сыртқы қатынастарды орталық органдар жүзеге асырады;

— бірыңғай қарулы күштері болады.

Федеративті мемлекет — бұл өз құрамында мемлекеттік құралымдары (Республикалары, штаттары, провинциялары, жерлері) бар мемлекет. Мемлекеттік құралымдардың өздеріне тиесілі әкімшілік-аумақтық бөліністері мен заңдары болады.


Федерацияда биліктің екі деңгейі болады, олар — федералдық және республикалық. Федерацияның екі құқықтық жүйесі және екі парламенті болады. Осы палаталардың бірі федерация субъектісінің мүддесін қорғаса, ал екіншісі жалпы ұлттық мүддені қорғайды.


Федеративті мемлекеттерге: Ресейді, АҚШ-ты, Австрияны, Бразилияны, Австралияны, Канаданы, Мексиканы, Аргентинаны, Индияны, Пәкістанды, Нигерияны және басқаларды жатқызуға болады.


Саяси (мемлекеттік) режимдер де мемлекет нысанының элементі болып табылады. Бұл — мемлекеттік билікті жүзеге асырудың әдістері, тәсілдері мен құралдарының жүйесі. Демократиялық және антидемократиялық саяси (мемлекеттік) режимдер бір-бірінен ерекшеленеді.

Сонымен, мемлекет кез келген елдің саяси және қоғамдық өмірінде орын алады, өйткені ол ерекше құралдың, механизмнің ролін атқарады. Осылар арқылы ол өзінің саяси билігін жүзеге асырады. Билікке ие болу — мемлекет үшін ең елеулі нәрсе.

Мұны келесі кестелерден көруге болады.







## ҚОҒАМНЫҢ САЯСИ ЖҮЙЕСІНДЕГІ САЯСИ ПАРТИЯЛАР МЕН ҚОҒАМДЫҚ САЯСИ ҚОЗҒАЛЫСТАР

Қазіргі тандағы қоғамның саяси өмірі — аса күрделі, әр қилы әрі қарама-қайшылықтарға да толы. Оған қатысушылардың (саясат субъектілерінің) саны орасан көп, олардың ішінде ең көрнекті орын саяси партияларға тиесілі. Бастапқы кезде «партия» (бұл — латынның *partus* (бөлік) сөзінен шыққан) өздерінің ұстанымдарын қорғайтын жария топтарды білдіретін. Партия феодалдық қоғамның буржуазияға өту кезеңінде, яғни XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың басында қалыптаса бастаған еді. Феодалдық мемлекетке қарсы әрекеттегі буржуазиялық, жаңа таптық қоғамның өмірге келуі секілді факторлар осы үрдістердің тезірек қалыптасуына ықпал етті.

XIX ғасырда нақты пайда бола бастаған қоғамдық дамудың тенденциялары саяси партиялардың қалыптасуына елеулі ықпал етті.

Қоғамдық дамудың әр түрлі бағыттарына тұжырымдар жасаған қалыптасқан идеологияның нақты түрде көрініс беруі (либерализм, социализм, анархизм) осы істе зор маңызға ие болды. Ал осы идеологияны қалың бұқараға жеткізетін және сол мүддені білдіретін бірден-бір қозғалыс саяси партиялар еді. Шындығында да, демократияның ережелері солардың идеологияларында көрініс тапты. Олар мынандай бағыттар ұстанды: адамдардың келісімінсіз ешкім де оларды басқаруға тиісті емес; өздерінің мүдделерін қорғау үшін азаматтар билік құрылымдарына өздерінің өкілдерін жібере алады; өздерінің саяси ұйымдарын құруға құқылы. Бұдан басқа да бірқатар демократиялық қағидаттар көрсетілген болатын. Осы аса мәнді демократиялық принциптерді өмірге енгізу енді партиялардың қажеттілігі туралы мәселені күн тәртібіне қойды.

Парламенттік, конституциялық, буржуазиялық мемлекеттердің дамуына орай бірте-бірте партиялар өздерінің саяси және құқықтық мәртебелерін нығайта бастады, қоғамның саяси өмірінің аса қажетті элементі екендіктерін танытты.

Алғашқы партиялар өзіндік клубтар түрінде құрылған еді. Олар парламенттік фракцияның немесе әлде бір баспасөз органының, саясаткердің төңірегіне топтасты.



XIX ғасырдың екінші жартысы бұқаралық партиялардың қалыптасуымен сипатталады (негізінен алғанда, социалистік, христиан-демократиялық, ал XX ғасырдың 20–30-жылдары – фашистік).

Партиялардың құрылу әдістері де әр қилы. Негізінен партиялардың құрылуының үш жолы: «жоғарыдан», «төменнен», «бірігу әдісі» туралы айтуға болады.

«Жоғарыдан» – бұл әр түрлі парламенттік топтардың, саяси элитаның, қысым жасау топтарының негізінде құрылған партиялар.

«Төменнен» – бұл қоғамдық қозғалыстар негізінде (кәсіподақ, кооператив) құрылған, яғни этникалық қауымдастықтардың әлеуметтік топтарының мүдделерін қорғау мақсатында ұйымдастырылған партиялар. Мұндай партиялардың мынандай қағидаттары болады: 1) олардың мүшелерінің тәртіптілігі; 2) өз қағидаттары мен өз мұраттарына мейлінше идеялық адалдық.

«Бірігу әдісі» – бұл элиталық адамдар мен қатардағы азаматтардың күш біріктіруі нәтижесінде ортақтасуы (мәселен, әлде бір кандидатты немесе саяси лидерді қолдау жөніндегі парламенттік топтардың азаматтармен бірігуі). Ресейде партиялар XIX ғасырдың ортасы мен XX ғасырдың басында құрыла бастады. Ресейдегі алғашқы бұқаралық партия – бұл РСДРП (1898 ж.) еді. Ресейлік социал-демократиялық жұмысшы партиясы, бұдан соң 1901–1902 жылдардағы социалист-революционерлер партиясы осының негізі болды. 1906 жылы оларды мынандай түрлерге бөлуге болатын еді: 1) қаражүздіктер; 2) октябристер; 3) кадеттер; 4) еңбекшілдер; 5) социал-демократтар. Осы партиялардың әрқайсысының өзіндік әлеуметтік негіздері болды, олар өз табының әлеуметтік тобының мүдделерін білдіруге ұмтылды.

Саяси партияларды зерттеумен айналысатын ғылым қазіргі таңда **партология** деп аталады. Оның көшбасында Дж.Брайс, М. Я. Острогорский және Р.Михельс тұрды. Саяси партиялардың жалпы теориясының негізін француз ғалымы М.Дюверже қалады.

Осы заманғы саяси партия дегеніміз не?

Саяси партия – бұл белгілі бір қоғамдық топтар мен топтардың саяси мүдделері және қажеттіктерін білдіретін, мемлекеттік билікті жеңіп алу жолымен өз мақсаттарын жүзе-

ге асыруды көздісітін және сол билікті жүзеге асыруға ұмтылатын мүдделі адамдардың ұйымдасқан тобы.

Саяси партия — әлеуметтік топтың немесе таптың неғұрлым белсенді және ұйымдасқан бөлігі. Олар саяси билікке қол жеткізу үшін күреседі. Партиялар ұйымдасқан таптар мен әлеуметтік топтардың қажеттіліктерін, мүдделері мен мақсаттарын білдіреді. Саяси биліктің тетіктерінің жұмыс істеуіне белсенді түрде қатысады немесе оған белгілі бір дәрежеде ықпал етеді.

Партияның атқаратын қызметінің тұжырымды мәні мынада: ол халыққа идеологиялық әсер етеді, саяси сананы қалыптастыруда айтарлықтай роль атқарады. Саяси партиялар халықты үкіметпен, азаматтық қоғамды саяси қоғаммен, мемлекетпен байланыстыратын тетік болып табылады. Саяси партиялардың басқа ұйымдардан, қозғалыстар мен клубтардан негізгі ерекшеліктері мыналар — олар саяси билікке, билік тетігіне қатысуға таласады.

Партия саясаттың маңызды құрылымы болып саналады. Қазіргі таңда қоз алдына ең болмағанда бір партиясы жоқ мемлекетті елестету мүмкін емес.

Халық партия арқылы өздерінің топтық талаптарын билікке мәлім етеді, басшылықты сынайды, саяси бағыттың және биліктің өзінің өзгеруіне қол жеткізеді.

Партия топтардың биліктік мәні бар мүдделерін, олардың әркілі мақсаттары мен қажеттіліктерін рәсімдеп, оларды жоғары мемлекеттік институттарға жолдайды.

Сонымен қатар билік құрылымдары өздерінің алдында тұрған міндеттерді шешу барысында қолдауға ие болу мақсатында партияларды халыққа үндеу жолдау үшін де пайдаланады. Сонымен партияның негізгі мақсаттары саяси жүйелерде билікті жүзеге асыруға бағытталады. Осы мақсаттарды негізге ала отырып партияның бағдарламасы жасалынады.

Партияны айқындау кезінде оған қоса тағы да мынандай жағдайлар басшылыққа алынады. Олар: ұйымдардың ұзақ уақыт өмір сүруі, яғни саяси өмірдің ұзақтығы; тұрақты, жергілікті ұйымдардың болуы; партия жетекшілерінің назарын билік жолындағы күресті ұйымдастыруға аудару, оған әлдебір жүйе арқылы ықпал ету; сайлау немесе басқа да әдістердің көмегімен халық тарапынан көрсетілетін қолдауды іздестіру. Партияны басқа ұйымдардан өзгешелейтін негізгі

белгілер — бұл олардың мемлекеттік билік жолындағы күреске ашық шығуға бағыт ұстануы, мемлекеттік саясатты қалыптастыру және мемлекеттік билікті жүйеге асыруға қатысу құқықтары. Саяси партиялардың аса маңызды мәні олардың кандидіі топтардың, қандай әлеуметтік саяси күштердің мүдделерін қорғайтындығынан және солардың атынан іс-әрекет ететінінен, ол қандай мақсатқа жұмыс істейтінінен көрінеді.

Партияның орнын, ролі мен мақсатын толығырақ түсіну үшін саяси партияның қызметі жөніндегі мәсслені терең зерттеп білу қажет. Міне, сондықтан да партияның қызметтері олардың атқаратын іс-қимылдарына, қоғамның саяси құрылымына, оның қандай орын алатындығына және түріне байланысты болады. Мәселен, билеуші партияның үкіметті құру сияқты функциялары болады, ал оппозициялық партияның мұндай функциясы жоқ.

Саяси партияның негізгі функцияларына мыналар жатады:

1. Билік үшін күресу, оны пайдалану немесе соған бақылау жасау;
2. Тиісті әлеуметтік топтардың мүдделерін анықтау, оларды қалыптастыру және негіздеу;
3. Ірі әлеуметтік топтарды белсенділендіру және интеграциялау;
4. Партиялық идеологияны жасау, насихат жүргізу мен қоғамдық пікірді қалыптастыру;
5. Тұтастай алғанда қоғамды немесе оның белгілі бір бөлігін саяси тәрбиелеу;
6. Кадрларды даярлау партия, мемлекеттік құрылымдар және әр түрлі қоғамдық ұйымдар үшін даярлап, ұсыну.

Осы аталған функциялардан мынандай қорытынды шығаруға болады: партия — бұл қоғамның аса бір саясаттандырылған бөлігі, саяси үрдістердің ең негізгі субъектілерінің бірі. Партияның көмегімен жеке саяси мүдделер іріктелініп алынады және олар жалпы мүддеге айналдырылады, осының негізінде саяси бағыт қалыптасғырылып, жүзеге асырылады. Партия аса маңызды мемлекеттік шешімдерді талқылап жасауға және жүзеге асыруға ықпал етеді.

Жоғарыда айтылған міндеттерді жүзеге асырудың ең негізгі тәсілі сайлауда партиялардың өз кандидаттарын мемлекеттік заң шығарушы органдарға ұсынулары және олардың сайлануы үшін күрес жүргізулері болып табылады.

Саяси партиялардың бір-біріне ұқсас міндеттері және белгілі бір ортақ сипаттары болады. Осыған орай саяси партияларды әр түрлі белгілері бойынша – шығу тегі, орны мен саяси жүйедегі ролі, ішкі құрылымы мен қызмет тәсілдері, әлеуметтік негізі мен идеологиясы бойынша сұрыптауға болады.

Партия құрылымдары былайша жіктеледі: 1) партиялық аппарат; 2) партиялық актив; 3) қатардағы мүшелері (партиялық көпшілік); 4) партияның жақтастары.

Партия әлеуметтік негізі бойынша былайша жіктеледі: жұмысшылар, шаруалар, кәсіпкерлер және басқалар. Өзінің құрылымы мен ішкі ұйымдастырушылық жұмысы бойынша партия кадрлық және бұқаралық болып бөлінеді. Саяси билікке қатысуы бойынша: жетекші, үкіметтік, жариялы, оппозициялық, жасырын болып бөлінсе, әлеуметтік жаңаруға қатысты сипаты бойынша: революциялық, реформашыл, радикалды, бір қалыпты, прогресті және реакцияшы; идеологиялық платформасы бойынша: социал демократиялық, коммунистік, либералды, консервативті, ұлтшыл, монархистік, фашистік және нео фашистік деп жіктеледі. Партияның аса кең тараған типологиясы: кадрлық-бұқаралық болып саналады. Кадрлық түрі кәсіби саясаткерлерге, партияны материалдық жағынан қолдауды қамтамасыз етуге ықпал жасайтын финанстық элитаға сүйенеді. Партияның кадр қызметі ең алдымен сайлауға белсенді топты біріктіруге бағытталады. Бұқаралық партиялар өз қатарының көптігі және мүшелерінің тұрақты болуы (коммунистік, социал-демократиялық) арқылы сипатталады.

Елдегі жұмыс істеп жүрген партиялардың саны мен сапасына (түріне) байланысты олардың өзара тәуелділігі, өзара қарым-қатынасы, партия жүйесі жөнінде де нақты тұжырым жасауға болады. Сондықтан олардың құрылымы мен байланыстарының жиынтығы «партия жүйесі» деп аталады. Партия жүйесі қоғамдағы партиялық жүйенің маңызды құрылымдарының бірі ретінде әрекет етеді.

Партия жүйесі – бұл билік жолындағы күреске қатысушы және оны жүзеге асыратын партиялардың біртұтас жиынтығы (билеуші және оппозициялық).

Кез келген елдің партия жүйесінің ерекшеліктері көптеген факторларға байланысты болады: ол – қоғамның саяси сауаттылығының кемелділігінің деңгейі, оның саяси саналылығы мен мәдениеті, тарихи дәстүрлері, ұлттық құрамы, діни жағдайы, әлеуметтік-таптық күштердің арасалмағы.

Партия жүйесіне қолданыстағы заңдар, конституция мен сайлау заңдары ықпал етеді. Партия жүйелері партиялардың санына қарай көп партиялы, қос партиялы және жеке партия жүйелеріне бөлінеді.

Егер саяси аренада үш немесе одан да көп партиялар әрекет ететін болса, олардың әр қайсысы сайлауларда елеулі мөлшерде дауыстарға ие болады. Мұндай жүйе көп партиялы деп саналады. Бұл құрылым қазір әлемнің отыздан астам мемлекеттерінде жұмыс істейді.

Көп партиялы жүйенің сипаттамасы мынада: мұнда әрбір партия сайлауда көпшілік қолдауына ие болу үшін сол партияның идеялық-саяси бағытын бұқараға білдіруге тырысады. Осылайша халықты өздеріне сендіру арқылы басқа партиялардың қисындарын жоққа шығарады. Осыған тән басқа бір сипаттамасы азаматтардың саяси қолдауына ие болуға ұмтылған саяси субъектілердің неғұрлым көп болуы. Бұл плюралистік демократияның негізін жасайды. Саяси мәселелер баспасөзде жан-жақты жарық көреді.

Қос партиялық жүйеде мүшелерінің саны көп екі партия өмір сүреді. Олардың әрқайсысының заң шығарушы жиналыста көп орын алуға, сайлауда жеңіп шығуға немесе атқарушы үкіметте көпшілік дауыс алуға бірдей мүмкіндіктері болады. Оппозициялық партиялардың өмір сүрулері бюрократизмді тізгіндейді. Үкіметті тиімді жұмыс істеуге мәжбүр етеді. Бұл ретте басшылық жасаудың, билікті бас пайдасына пайдаланудың диктаторлық әдістері қатаң түрде шектеледі. Партия ішінде тәртіп пен жауапкершілік қалыптасады. Осылардың барлығы бәсекелестерді жеңіп шығуға қажетті құрал болып табылады. Көп партиялы жүйе кезінде мемлекеттік билікті тек бір партия ғана қолына алады. Алайда, оппозицияның болмауы билік басындағы партияны тоқырауға, бюрократизмге ұшыратады.

Саяси партиялардың қызмет сипатына бұқаралық ақпарат құралдары елеулі ықпал етеді. Олар көптеген саяси институттармен және әр түрлі қоғамдық таптармен тұрақты байланыстар орнатуға ықпал етеді, сөйтіп қоғамдық сана мен қоғамның бағыт-бағдарын қалыптастыруға әсерін тигізеді.

Қазақстанның саяси жүйесінде демократиялық жүйенің элементтері болып табылатын, саяси партиялар аса маңызды роль атқарып келеді. Қазақстанның көп партиялы жүйесін қалыптастырудың қазіргі кезеңіне тән сипат — экономикадағы көп салалықты және еркін тауарлы нарықты дамыту. Қазақ-

стандағы көп партиялық жүйенің қалыптасуына «ресми емес қозғалыстардың», үйірмелер мен клуб түріндегі қозғалыстардың құрылуы негіз болды.

Бастапқы кезде клубтық құрылымдар кезеңі (1986–1989 ж.ж.) – жастардың саяси клубтарын, «ресми емес бірлестіктерді», «жасыл майданды» және басқа да экологиялық топтарды құру арқылы басталған еді. Осыдан соң жалпы ұлттық қозғалыстар (1989–1990 ж.ж.) – «Невада – Семей қозғалысы», «Мемориал», «Әділет», «Желтоқсан», «Қазақ тілі», Тәуелсіз кәсіподақтың «Бірлесу» қоғамдары құрылды. Ал 1990–1991 жылдардан бастап партиялық құрылымдарды құрып қалыптастыру кезеңі басталды; Социал-демократиялық партиясы, «Алаш», «Желтоқсан» партиялары, «Азат» азаматтық қозғалысы құрылды. «Қазақ ССР-дегі қоғамдық бірлестіктер туралы» заңның (1991 жыл) қабылдануы, Қазақстан Коммунистік партиясының саяси аренадан кетуі (1991 жыл), бұдан соң КСРО-ның күйреуі Қазақстандағы көп партиялық жүйенің қалыптасу үрдісін тездетті. 1991 жылғы 21 қазанда алғашқы партиялар: Қазақстан Халық Конгресі, Қазақстан Социалистік партиясы, Қазақстан Республикалық партиясы, (ККП) Қазақстан Коммунистік партиясы, 1993 жылы Қазақстан Демократиялық прогресі (КДПП) партиясы құрылып тіркелді.

1999 жылы Қазақстанның азаматтық партиясы (КАП), Қазақстанның Республикалық Халық партиясы (КРХП), «Азамат» демократиялық партиясы, Қазақстан аграрлық партиясы (КАП), Республикалық «Отан» саяси партиясы құрылды.

Төрт ұйым – Демократиялық партия мен «Қазақстанның Халық бірлігі», «Қазақстан – 2030 қозғалысы» мен Либералдық қозғалыстың «Отан» республикалық партиясына бірігуді ұйғарды (01.03.1999ж.)

Қазір республикада ресми түрде тіркелген 26 партия жұмыс істейді. Алдағы уақытта олардың қатары тағы да көбейе түсуі мүмкін. Қазақстан қуатты және дербес партиялардың болуына мүдделі. Өйткені көптеген партиялар халықтың кең көлемді қолдауына сүйене алмайды. Олардың қызметі формалды сипатқа ие болуда, көпшілігінің бағдарламалары бір-біріне ұқсас және жекелеген партиялардың саясаты олардың жетекшілерінің ұстанған бағыттарымен анықталды. Жекелеген партия жетекшілерінің мемлекеттік қызметтерге ауысуына байланысты олардың қызметтері тоқтап қалды. Күнделікті қызметтерін қамтамасыз ету үшін қаржы және материалдық жабдықтар

жетіспейді. Партия құрылысының қарқыны тым төмен, сондықтан да бұл белгілі бір дәрежеде қоғамның қайта жаңару үрдісін тежейді. Осы мақсатта «Отан» партиясының құрылуы партиялық жүйені реформалау барысындағы аса маңызды қадам болды.

«Отан» партиясының құрылуына баламалы Президент сайлауында Н.Ә.Назарбаевтың кандидатурасын қолдау жөнінде республикалық штат қызметі аса зор әсер етті. Елде реформаны жүзеге асыруға мүдделі, аса зор әлеуметтік топ қалыптасты. Съезд делегаттарының құрамында 300 адам болды. Бұлар — мемлекеттік қызметшілер, бизнесмендер, мұғалімдер, дәрігерлер, өнеркәсіп, аграрлық және басқа да экономика салаларының өкілдері еді. Олардың барлығы әлеуметтік экономикалық жаңғыруға, демократияландыруға және ұлтаралық келісімге арналған бағытты қолдады.

Съезге қатысушылар Н.Назарбаевты бір ауыздан партия төрағасы етіп сайлады. Алайда, Конституция бойынша Президент әлдебір партияға мүше бола алмайтындықтан Н.Назарбаев «Отан» партиясындағы өзінің мүшелігін тоқтатты.

«Отан» партиясы кәсіпкерлікті, шағын және орта бизнесті дамыту мақсатында жұмыс істеп келеді, Азаматтық партия, «Поколение» ұйымы, «Мүгедек — авиаторлар одағы» секілді бір қатар партиялармен, қозғалыстармен қарым-қатынас орнатты, олар бірлесе отырып жаңа жағдайдағы концепция мен идеологиялық қызметті талдап жасауда. «Отандықтар» парламенттегі партиялық фракцияның жұмысын жақсартуға қол жеткізуде. Ал бұл фракцияның құрамында елеулі күш — 27 мәжіліс мүшесі мен 11 сенатор бар. Қазақстан Халық Конгресі партиясы 1991 жылғы қазан айында құрылтай съезінде құрылған болатын. Ол «Невада — Семей» қозғалысы негізінде құрылып жетілген еді. 1999 жылғы күздегі мәжіліс сайлауында олар сайлаушылардың 7 пайыз даусына ие бола алмады, оған сайлаушылардың 2,83 пайызы ғана дауыс берді.

Ал «Алаш» ұлттық партиясы 2,76 пайыз дауыс алды. 1999 жылғы қантарда Қазақстанның Аграрлық партиясы құрылды. Аграрлық партияға сайлаушылардың 12,63 пайызы (үш депутат) дауыс берді. 1991 жылғы күзде 17,75 пайыз дауыс алған Қазақстан Коммунистік партиясы құрылды. Оның үш мүшесі депутат болып сайланды. 1998 жылғы қарашада Қазақстанның Азаматтық партиясы (КАП) құрылды. Оған сайлаушылардың 11,23 пайызы дауыс берді. Үш депутат сайланды.

Сонымен көп партиялы жүйе қалыптасты. Алайда, ол өлі де болса қалыптасу үстінде. Елімізде тұрақты түрде тамыр жая қоймаған көптеген партиялар әлеуметтік топтардың нақты мүдделерін толық қорғай алмағандықтан, келешек саяси аренадан кету жағдайында тұр. Мұндағы ең негізгі кемшілік сол: көптеген саяси партиялар парламентке мүшелер сайлау науқанының шеңберінен аса алмады және Қазақстанның билік құрылымдарының қызмет сипатына елеулі ықпал ете алмады. Бірқатар партиялардың жұмысшылар мен фермерлер арасындағы әлеуметтік базасы тым мардымсыз. Интеллигенция, әсіресе техникалық қызметкерлер саясаттан тыс болуды қалайды. Қазақстанның жаңа саяси партиялары саяси бәсекелестік жағдайында нақты тәжірибе жинай алмай келеді. Партия мүшелерінің саны өлі де болса аз. Жергілікті аймақтарда партиялар мүлде жоқ немесе олардың саны болмашы ғана.

Қазақстандық көп партиялылық «Партиялық демократияда» ең негізгі жүйе болып табылады, бірақ ол қоғам мен билік арасындағы байланыстырушы ролін атқара алмай келеді.

Саяси партиялар мен олардың жетекшілерінің «саясат саясат үшін өмір сүрмейді» деген қағиданың мәнін, яғни жаңа саяси мәдениеттің қажет екендігін толық түсіне білмейді. Саяси қызметті саяси өмірдің ең негізгі орталығы ретінде, көпшіліктің мүдделері мен жауапкершілігіне негізделген демократиялық және плюралистік ұйым ретінде дамыта отырып, басты назарды демократияға, жеке адамның құқығы мен бостандығына аудару негізінде жүргізу қажет. Партияны жаңа кәсіп иелері мен жастар үшін тартымды етудің де маңызы зор.

Халықтың мүдделері мен қажеттіліктерін жақсы түсінетін, қазіргі таңдағы саясаттың бағытын ұстана білетін, тиісті шешімдер қабылдай алатын кадрлар даярлау мен оларды жетілдірудің де маңызы айрықша. Қазақстанның саяси жүйесін тұрақты, тиімді түрде қалыптастыру — болашақтың мәселесі. Партияны дамыту бағыты — саяси партияны нығайтуға және прогресивті бағдарламасы, өзінің дәстүрлері мен құндылықтары бар ықпалды партияларды қалыптастыруға деген сенімді арттыра түседі.

Саяси үрдістерде қоғамдық-саяси қозғалыстар үлкен роль атқарады. Қоғамдық-саяси қозғалыстардың осылайша пайда болу себебін Қазақстанда қоғамдық өмірді қайта құруға байланысты саяси, экономикалық және идеологиялық жағдай-



тардың күрт өзгерістерге ұшырауы арқылы түсіндіруге болады. Сонымен қатар қоғамдық-саяси қозғалыстардың пайда болуына мынандай жағдайлар әсер етті: саяси биліктің қуаттылығына деген сенімнің дағдарысқа ұшырауы; көптеген ресми ұйымдардың дәстүрлі саяси құрылымдардың жұмысындағы формализм; адамның қажеттіліктерін сан кырлы күнделікті әмірде, оның ішінде саяси өмірде де жүзеге асыру, халықтың білім, ақпаратпен қамтамасыз етілу деңгейінің артуы мен Қазақстан халқының этносаралық проблемаларға байланысты пайда болған көп ұлтты құрамы.

Қоғамдық-саяси қозғалыс дегеніміз не? Бұл – өздерінің әлеуметтік, экономикалық, саяси немесе рухани мүдделерін жете түсінген қалың бұқара халықтың қауымдастығы. Қоғамдық-саяси қозғалыстар – бұл мемлекеттік және партиялық құрылымдарға тікелей кірмейтін, алайда саяси өмірге ықпал ететін саяси құрылымдар. Қоғамдық саяси қозғалыстар басқа да ұйымдардан әлде бір белгілері арқылы өзгешеленеді.

– таптық белгісі бойынша – шаруалар, жұмысшылар, фермерлер;

– идеологиялық белгісі бойынша коммунистік, либералдық, социалистік, діни;

– ұлттық белгісі бойынша – интернационалдық, ұлтшыл-патриоттық және басқалар;

– жас және жыныс ерекшеліктері бойынша – әйелдер, жастар, ардагерлер қозғалыстары жатады.

Қоғамдық саяси қозғалыстар – бұл мемлекеттік құрылымдар жанынан құрылатын, саяси шешімдерге тікелей, тура әсер ететін ұйымдар:

– лобби, күш көрсету топтары. Олардың негізгі міндеті – болашақта солардың шешімдеріне ықпал ете отырып, саяси-қайраткерлермен және шенеуніктермен байланыстар орнату;

– ұйымдар – кәсіподақтар, кәсіпкерлер одақтары, тұтынушылар қозғалыстары. Бұлар үшін саяси функция тұрақты болып табылады;

– табиғатынан стихиялы болып табылатын бұқаралық қозғалыстар.

Қоғамдық-саяси қозғалыстардың функциялары мыналар: қоғамдық пікірлерді, қоғамның әр түрлі әлеуметтік топтарының көңіл-күйін білу; әр түрлі билік құрылымдарының қызметіне әлеуметтік бақылау орнату; жеке адамды саяси

әлеуметтендіру; жеке адамның азамат ретінде қалыптасуы; нұсқау беруші органдардың саяси шешімдерді қабылдауы мен жүзеге асыру әрекеттеріне жұртшылықтың қарсылығы, қоғамдық өмірде нақты жеке адам мен әр түрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін жүзеге асыру; саяси шешімдерді жасауда серіктес болу.

Қазақстанда көптеген қоғамдық саяси қозғалыстардың ішінде жастар қозғалыстары мен бірлестіктерінің ролі ерекше. Өйткені жастар қауымдастығы ішкі дағдарыстарды бастан өткізуде. Бұрынғы КСРО-ның комсомол құрылымдары мен жастар ұйымдарының комитеттері таратылды, ал жастар ұйымдарының жана нысандары өздерінің қалыптасу жолдарын іздестіру кезеңінде тұр. Қазақстанның жастар одағының қатары әлі де аз.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 2003 жылға арналған Қазақстан халқына жолдауында саяси-партиялық құрылысты одан әрі жетілдіру үшін тың резервтерге, ең алдымен оның заңдылық негіздеріне назар аударған еді. Ол: «партияның қызметінде саяси экстремизмге жол бермейтін құқықтық нормаларды енгізу, партиялық құрылыста этникалық немесе конфессионалдық принциптерді жою, олардың қызметінде қаржылық айқындықты қамтамасыз ету сияқты мәселелерді шешетін мезгіл жетті», – деді. Сонымен бірге ол партиялық заңды өзгертудің қажеттілігі жөнінде өз көзқарасын білдірді.

## І 2-т а к ы р ы п

### ІШКІ САЯСАТ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

Әлемдік арена саясаттың өзіндік бір өзгеше жүйесі болып табылады. Саяси үрдіс қазіргі таңдағы әлемнің барлық жақтарын, бүкіл әлемдік қауымдастықты қамтиды. Сыртқы саяси қатынастарда халықтар, мемлекеттер, қоғамдық-саяси күштер, қозғалыстар мен ұйымдар іс-әрекет үстіндегі субъектілер болып табылады. Алайда, мемлекет сыртқы саясатты айқындайтын институт болып табылады. Өйткені ол халықаралық аренада белгілі бір аумақ шеңберінде ұйымдасқан өз халқының саяси мәртебесін білдіреді.

Қазіргі таңда әлемдік қауымдастық елеулі өзгерістерді бастан өткеруде. Халықаралық саясат пен халықаралық қатынас-

тарда ірі өзгерістер жүріп жатыр. Геосаяси көзқарас тұрғысынан келсек, Қазақстан аса тиімді жағдайда тұр. Елдің аумағы, оның экономикалық және интеллектуалдық әлеуеті, географиялық жағдайы, шикізат пен ресурстар түрлерінің аса көп мөлшерде болуы Қазақстанды әлемдегі тұғырлы мемлекетке айналдырды. Еліміздің сыртқы саясаты ұлттық мүддені білдіріп отыр. Ұлттық мүддені жүзеге асыра отырып, мемлекет сыртқы саяси қызметін әрі оңтайлы, әрі пайдалы жүргізе алады.

Сыртқы саясат – мемлекеттің басқа мемлекеттермен және халықтармен қарым-қатынасты реттейтін халықаралық аренадағы қызметі. Мемлекеттер мен халықтардың өзара іс-әрекет етуі барысында әрқилы: демократиялық, экономикалық, әлеуметтік, мәдени және ақпараттық қарым-қатынастар қалыптасады.

Бұл ретте халық, мемлекет, мемлекетаралық бірлестіктер, бүкіл әлемдік, аймақтық, саяси, үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдар секілді негізгі субъектілер өзара әрекет жасайды.

Халықаралық қатынастар арқылы анықталатын сыртқы саяси міндеттерді жүзеге асыру мен ішкі саяси бағытқа арналған қолайлы сыртқы саяси жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында кем дегенде екі жақтың, яғни екі елдің өзара қарым-қатынас орнатуы сыртқы саясатқа тән сипат болып саналады. Өйткені қазір әлемде екі жүзден астам тәуелсіз ел бар. Сондықтан қоғамдық-саяси ғылымдарда «сыртқы саясат» түсінігімен қоса «халықаралық саясат», «әлемдік тәртіп» тіркестері пайдаланылады.

Сыртқы саясат: мемлекеттер арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастардың орнауы (немесе олардың мүлде үзілуге дейін төмендеуі);

мемлекеттің халықаралық ұйымдар жанындағы өкілдіктерінің ашылуы немесе соларға мүше болуы;

белгілі бір деңгейлерде мемлекеттердің өкілдіктерімен, партиялармен ауық-ауық немесе тұрақты түрде байланыс орнату арқылы жүзеге асырылады. Сыртқы саясаттың қалыптасуы әлдебір мемлекеттің сыртқы әлеммен белгілі тұрғыда бір өзара қарым-қатынас орнатуға деген нақты қажеттілігінің пісіп-жетілуі нәтижесінде жүзеге асырылады.

Қазақстанның сыртқы саясат концепциясының негізгі қағидаттары мыналар: оның ұлттық мүдделерін, елдің аумақтық тұтастығын сақтауды, өз азаматтарын сыртқы қауіп-қатерден қорғауды, материалдық, саяси, әскери, интеллектуалдық

және елдің рухани әлеуметтік, халықаралық қатынастардағы оның мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету. Қазақстан Республикасы Конституциясы 2-бабының 2-тармағында:

«Республиканың егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды. Мемлекет өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз етеді.» делінген болатын және одан әрі қарай 8-бабында бұл былайша тұжырымдалады: «Қазақстан Республикасы халықаралық құқықтың принциптері мен нормаларын құрметтейді, мемлекеттер арасында ынтымақтастық пен тату көршілік қарым-қатынас жасау, олардың теңдігі мен бір-бірінің ішкі ісіне араласпау, халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу саясатын жүргізеді, қарулы күшті бірінші болып қолданудан бас тартады».

Негізгі, маңызды ұлттық мүдделер мыналар:

— халықтың басым көпшілігінің мүдделерін орындау мақсатында демократиялық реформаларды жүзеге асыру, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құру;

— қоғамның лайықты тұрмыс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұлттық, бәсекелесе алатын экономикасын тиімді дамыту үшін қажетті жағдайлар жасау;

— елдің тәуелсіздігін, егемендігі мен аумақтық тұтастығын сақтау;

— реформаны жүргізу үшін елдің ұлттық сұранысына сай келетін қолайлы халықаралық ахуалды қамтамасыз ету;

— халықаралық қатынастардың осы заманғы жүйесін жаңауға белсене қатысу.

Ал ішкі мүдделері мыналар: саяси тұрақтылықты нығайту; тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету.

Республика Президентінің Қазақстан халқына 2002 жылға арналған жолдауында мынандай міндеттерді жүзеге асыру талап етілді: «Сыртқы саясат пен елдің қауіпсіздігін нағайту жүйесінде бізге мынандай негізгі проблемаларды шешу қажет:

— одан әрі интеграциялауды, Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы рөлін күшейтуді қамтамасыз ету;

— аумақтық қорғаныстың тиімді жүйесін құруға белсенді түрде қатысу;

— әскери реформалауды аяқтау мен осы заманғы Қарулы Күштерді құруды одан әрі жалғастыру;

— шекара және ішкі әскерлерді нығайту;

— барлық өлшемдер бойынша шекараны делимитациялау үрдістерін аяқтау және басқа да трансшекаралық проблемаларды шешуге тиімді шаралар қолдану;

– елді экономикалық-ақпараттық камтамасыз ету жөніндегі жұмысты күшейту».

Одан әрі былай делінген болатын: «... Біз қауіпсіздік жүйесіне аса зор көңіл бөлетін боламыз... жағдайдың өзгеруі мен елдің сұраныстары мынандай бағыттарға аса зор көңіл бөлуді талап етеді:

– аймақтық рыноктарды, ең алдымен Еуразиялық және Орталық-Азиялық экономикалық қауымдастықты құруды тездету;

– ынтымақтастық Шанхай ұйымы шеңберінде достықты кеңейту;

– Каспий аймағында проблемаларды бейбіт жолмен шешу жөніндегі дипломатиялық күш-жігерді белсендендіру».

Қалыптасып отырған жағдай ұжымдық қауіпсіздік, ынтымақтастық Шанхай ұйымы туралы келісімдер секілді халықаралық институттарға сүйене отырып, аймақтық қауіпсіздіктің тиімді жүйесін құруға ерекше назар аударуды талап етеді. Сонымен бірге біз СВМДА-ға да аса зор маңыз береміз.

Осы заманғы Қарулы Күштерді құру жөніндегі күш-қайратты күшейту керек. Өйткені мемлекеттің сыртқы саясаты ішкі секілді сыртқы факторлардың да ықпалы арқылы қалыптасады. Тұтастай алғанда ішкі қоғамдық және халықаралық қатынастардың өзара тығыз байланысы мен өзара ықпал етуі секілді жағдай қалыптасуы қажет.

Халықаралық қатынастар халықтардың, мемлекеттер мен мемлекеттер жүйесінің арасындағы байланыстар мен өзара байланыстардың жиынтығы арқылы сипатталады. Халықаралық қатынастар – бұл саяси, экономикалық, дипломатиялық, құқықтық, әскери және гуманитарлық байланыстардың жиынтығы мен әлемдік қауымдастықтың негізгі субъектілері арасындағы қарым-қатынастары.

Халықаралық саяси қатынастар – бұл мемлекетаралық, ұлтаралық қатынастардың өрісі.

Халықаралық қатынастарға: әлемдік экономикалық жағдай; әскери-стратегиялық жағдай, жекелеген мемлекеттердің әсерлері мен табиғи ортаның және шикізат пен табиғи ресурстардың жай-күйі ықпал етеді.

Әлемдік саясат дегеніміз бұл халықаралық қатынастар жүйесінің бір бөлігі, халықаралық қатынастар жүйесінде пайда болатын проблемаларды шешу кезінде мемлекеттердің өз мүдделерін билік жолымен камтамасыз ету жөніндегі қызметі.

Әлемдік саясаттың мазмұны ұлттық мүддеге – жалпы қауіпсіздікке, қоршаған ортаны қорғауға, артта қалушылық пен қайыршылықты жоюға, соғыс пен бейбітшілік мәселелеріне талдау жасау арқылы ашылады.

Халықаралық қатынастар өзінің түрлері бойынша саяси, әлеуметтік-экономикалық, идеологиялық, мәдени, ғылыми-техникалық, қорғаныстық-құрылыстық болып бөлінеді. Қазіргі таңда халықаралық қатынастардың ішінде әскери одақтарға қосылмау және мемлекеттер арасындағы бейбіт достастық үлкен роль атқарады.

Халықаралық жанжалдар мен дау-дамайларды бейбіт жолмен шешу, халықтардың тең құқықтылығы мен өзін өзі билеуі, мемлекеттердің егемендік теңдігі, мемлекеттердің әр түрлі қоғамдық құрылыстарға бейбіт көзқарастары халықаралық қатынастардың негізгі қағидаттары болып табылады.

Мемлекеттер, халықаралық және мемлекетаралық бірлестіктер, қоғамдық-саяси қозғалыстар халықаралық қатынастардың субъектілері болып табылады.

✓ Халықаралық қатынастардың негізгі әрі неғұрлым бұқаралық субъектісі – мемлекет. Мемлекет — аса қуатты субъект, өйткені халықаралық ахуалға ықпал етудің негізгі құралдары солардың қолында шоғырланған. Халықтар мен ұлттар әлемдік аренадағы өздерінің мүдделерін мемлекет арқылы білдіре алады. Қазіргі таңда әлемде 230-дан астам мемлекет бар. Солардың ішінде экономикасы дамыған және қуатты әскери әлеуеті бар ірі елдер басқаларға өз ықпалын жүргізе алады. Олардың қатарына: АҚШ-ты, Ресейді, Қытайды, Индияны, Бразилияны, Жапонияны жатқызуға болады. Әлемдегі жағдай, әлемдік проблемаларды шешу, ынтымақтастық пен достастықты ұйымдастыру мен дамыту жолындағы аса зор жауапкершілік осыларға жүктеледі.

Халықаралық қатынастың бұдан кейінгі аса ірі субъектісі болып аймақтық және әлемдік деңгейдегі мемлекетаралық бірлестіктер саналады.

Оларды құрудың негізіне соған қатысушы-мемлекеттердің мүдделерінің сәйкес келуі, осы мүдделерді қамтамасыз ету үшін бірлесудің жинақталған күшін пайдалануға ұмтылу сияқты талаптар алынады. Солтүстік-Атлантика одағы (НАТО), Араб мемлекеттерінің лигасы (АМЛ), Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің ассоциациясы (ОШАМА), Америка мемлекеттерінің ұйымы (АМҰ), Африка Бірлестігінің ұйымы болып саналады.

Европалық экономикалық қауымдастық (ЕЭК), 1990 жылға дейінгі Экономикалық Өзара Көмек кеңесі (ЭӨКК), Мұнайды сыртқа шығарушы елдер Ұйымы (МСШЕҰ) және басқалар да елеулі түрде ықпал етеді.

Халықаралық саяси ұйымдар әлемдік саясаттың ірі субъектілері болып табылады. Олардың үкіметтік, үкіметтік емес, бүкіл әлемдік болуы мүмкін. Олардың арасында БҰҰ, Европадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі кеңес (ЕКЫК), Тәуелсіз мемлекеттер достастығы (ТМД), Дүние жүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ), Халықаралық Еңбек Ұйымы (ХЕҰ), Халықаралық валюта қоры (ХВҚ) бар. Қазіргі таңда халықаралық қатынастарға қатысушылар санының өсуі сияқты объективті үрдістер көрініс бере бастады. Тек мемлекет қана емес, сонымен бірге жеке адам да халықаралық қатынастардың іс-әрекет үстіндегі тұлғасы бола алады.

Әлемдік проблемаларды шешуде Біріккен ұлттар ұйымы аса зор роль атқарады. Бұл мемлекеттер арасындағы бейбітшілікті қолдау мен нығайту, ынтымақтастықты дамыту мақсатында құрылған мемлекеттердің халықаралық ұйымы. БҰҰ-ның 1945 жылғы 24 сәуірде қабылданған Жарғысында бейбітшілікті сақтау жөніндегі механизмнің қалай жұмыс істейтіні қарастырылған. Бас Ассамблея, Қауіпсіздік Кеңесі, қамқорлыққа алу жөніндегі кеңес, халықаралық сот пен Секретариат БҰҰ-ның басты органдары болып табылады.

Бас Ассамблея — БҰҰ-ның кеңесші органы. Бас Ассамблеяда бар болғаны қарарлар, яғни құқықтық тұрғыдан алғанда міндетті емес қарарлар ғана қабылданады.

Қауіпсіздік кеңесі — бұл БҰҰ-ның бейбітшілікті қамтамасыз ету жөніндегі қатысушы-мемлекеттерге арналған міндетті шешімдер қабылдай алатын бірден-бір органы.

БҰҰ-ның жүйесіне құқықтық, ұйымдастыру және қаржы саласындағы тәуелсіз, мамандандырылған үкіметаралық 16 мекеме кіреді. Бұлар БҰҰ-ның білім беру, ғылым мен мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымы (ЮНЕСКО), Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ), Халықаралық валюта қоры (ХВҚ), Біріккен ұлттардың азық-түлік және ауылшаруашылығы ұйымы (БҰААҰ), Қоршаған ортаны қорғау (ЮНЕП), Атом энергиясын пайдалануға бақылау жасау (МАГАТЭ).

БҰҰ-ның Жарғысы мен басқа да көптеген құжаттарында басқа мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау негізінде дау-жанжалдарды болдырмауды және әр түрлі ынтымақтастықтар-

ды орнықтыруды қарастыратын халықаралық қатынастардың принциптері: халықтардың тең құқықтылығы мен өзін-өзі билеуі; мемлекеттердің егемендік теңдігі мен аумақтық тұтастығы; күш көрсетпеу мен күш жұмсау арқылы қауіп-қатер төндіреу көрсетілген.

Осылардың негізінде келіссөздер жүргізіледі, әр түрлі байланыстар жүзеге асырылады, келісімдер мен шарттар жасалынады.

Құрамында 30 000 қызметкері бар БҰҰ-ның Секретариаты басқа органдар қабылдаған бағдарламаларды қызмет көрсетуге әзірлеумен және оларды жүзеге асыру ісімен айналысады. 1996 жылдан бастап оны Кофи Аннан басқарады.

Бейбіт қатар өмір сүру негізінде мемлекеттер арасындағы кең түрдегі ынтымақтастық көп жағдайда әлемдік революциялық үрдістің тұрақты болуына ықпал етті. Атап айтқанда «қырғи қабак» соғыстың тоқталуына алып келді, ядролық соғыс пен жалпы соғыстың алдын алуда.

БҰҰ Бас Ассамблеясының 1992 жылғы 2 наурыздағы 46-сессиясында Қазақстан Республикасы бірауыздан БҰҰ-на мүшелікке қабылданды. Осының өзі халықаралық қауымдастықтың Қазақстанды тәуелсіз мемлекет (бұлардың саны 189) ретінде танығанын білдіреді.

БҰҰ-ның құрамында жұмыс істей отырып, Қазақстан өзінің егемендігі мен халықаралық беделін нығайту жолында әрекет етуде. Сонау 1992 жылдың өзінде еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаев БҰҰ мінбесінен сөйлеген сөзінде БҰҰ-ның рухына, аймақтық қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған нақты іс-қимыл болып табылатын Азиядағы өзара қимыл мен сенім шаралары жөніндегі кеңесті (АӨСШК) шақыру туралы бастама көтерген еді. Қазақстан БҰҰ-ның даму бағдарламасының, Халықаралық еңбек ұйымының, ЮНЕСКО-ның, Дүние жүзілік денсаулық сақтау ұйымының, БҰҰ-ның Балалар қорының, БҰҰ-ның Қоршаған орта жөніндегі бағдарламасының әртүрлі жобаларын жүзеге асыруға ерекше мән береді. Қазақстан Дүние жүзілік сауда ұйымымен, Дүние жүзілік интеллектуалдық меншік ұйымымен белсенді түрде ынтымақтасады. Қазақстанның БҰҰ-ның шеңберіндегі аса маңызды жұмыстарының бағыттары мыналар: Қазақстан аумағындағы экологиялық апаттарға байланысты проблемаларды, ең алдымен бұрынғы Семей полигонындағы ядролық сынақ зардаптарын жоюға әлем қауымдастығы тарапынан берілетін көмекті тарту болып табылады.



1997, 1998 және 2000 жылдардағы Қазақстан делегациясының бастамасы бойынша БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы «Қазақстанның Семей полигонындағы халықты және экологияны сауықтыру және экономикалық дамыту мақсатындағы халықаралық ынтымақтастық пен іс-қимылды үйлестіру» жөнінде қарар қабылдаған болатын. Оның негізінде денсаулық сақтау, экология, экономика, гуманитарлық көмек пен ақпараттармен қамтамасыз ету салаларында көптеген жүйелі жобалардан тұратын іс-қимыл бағдарламасы жасалынды. Аймақты сауықтыруға 2002 жылға арналған қаржының жалпы сомасы 26 млн доллар болды.

Америкадағы қайғы-қасірет (2001 жылғы 11 қыркүйек) қазіргі заманғы әлемдік тәртіптің ішкі қайшылықтарын елеулі түрде шиеленістіре түсті, халықаралық терроризмнің аса қауіптілігін ашып берді, БҰҰ-ның күш-жігерін мейлінше толық пайдалану қажеттігін көрсетті. Қазақстан АҚШ-пен және халықаралық терроризмге қарсы коалицияға қатысушылармен ынтымақтасуға мүдделі, ол осы актілерді ұйымдастырушыларды табу жөніндегі БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі қабылдаған шешімдерді қолдайды. Қазақстан қазіргі таңда БҰҰ-да өзінің лайықты орнына ие болды. Бұған еліміздің геосаяси артықшылықтарын дұрыс пайдалану, барлық мүдделі мемлекеттермен ынтымақтастықты дамытуға бағыт ұстау нәтижесінде қол жетті.

2001 жылғы 21 желтоқсанда Вашингтонда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев пен АҚШ Президенті Джордж Буштың арасында екі жақты ынтымақтастықтың негізгі бағыттары анықталған «Жаңа өзара түсіністік» бірлескен мәлімдемесі қабылданды. Құжатта екі елдің ұзақ мерзімді және стратегиялық серіктестікті нығайтуға ден қоюшылығы атап көрсетілген болатын. Демократиялық, саяси, нарықтық қатынастар да, сондай-ақ терроризммен күрес жөніндегі өзара қимылды күшейтуге келісім жасалды. Сонымен бірге тағы да бір жаңа бағытқа — энергетикалық ресурстарды бірлесе отырып дамытуға қол жеткізілді. Жасалған келісім-шарттарға сәйкес, АҚШ компаниялары таяудағы 10 жылда Қазақстан экономикасына 200 млрд долларға дейін салады. Соған қарамастан бұған дейінгі 10 жылдағы инвестиция 14,5 млрд доллар болған еді. Қазір АҚШ пен Қазақстанның тауар айналымы 0,5 млрд доллардан асып түсті. Мәлімдемеде мынандай аса маңызды жолдар бар: Қазақстан мен АҚШ Орталық Азияда қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету

жөнінде әріптестік рухында бірлесе жұмыс істеуді күшейтуді көздейді.

1992 жылғы 19 қаңтарда Қазақстан мен Ұлыбритания арасында дипломатиялық қатынас орнатылған болатын. Британиялық компаниялар біздің еліміздің экономикасына 1.5 миллиардтан астам фунт стерлинг салған еді. «Бритиш газ», «Бритиш Петролеум», «Би-эй-п Системс», «Шелл» секілді компаниялар негізінде қазір Қазақстанда 90-нан астам қазақстан-британ бірлескен кәсіпорындары жұмыс істейді. Европалық одақ мүшелері арасында Ұлыбритания Қазақстанның жетекші сауда әріптестерінің бірі болып отыр. Мұнай мен газ өндіру, энергетика, тау-кен өндіру өнеркәсібі, көлік және коммуникация, денсаулық сақтау салаларында ынтымақтастық орнықты.

Қазақстан мен Қытай арасында дипломатиялық байланыс орнаған сәттен бастап екі елдің қарым-қатынасы жедел дами бастады. Егер 1992 жылы екі елдің арасындағы тауар айналымы небары 370 млн долларды құраса, 2000 жылы ол 1,550 млн долларға өсті. Мұнай өндіру инвестициялық ынтымақтастықтың аса өркенді жүйесі болып саналады. 2000 жылы «Ақтөбе-мұнайгаз» акционерлік қоғамында мұнай өндіру 2 млн 590 мың тоннаға жеткен еді. 2001 жылғы 15 маусымда «Шанхай бестігінің» негізінде «Шанхай ынтымақтастық ұйымы» (Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Ресей мен Қытай) құрылды.

БҰҰ шеңберінде әскери саладағы сенім мен өзара іс-қимыл шаралары талданып жасалды. Сауда-экономикалық салада, гуманитарлық жүйеде, терроризм мен экстремизм қатеріне қарсы әрекет ету жөніндегі ынтымақтастықты дамыту белгіленді. Қытайдың қазір жедел дамып келе жатқан ел екендігі де белгілі.

Қазақстанды Ресеймен Евроазиялық экономикалық қауымдастық, Ұжымдық қауіпсіздік туралы Келісім, Шанхай ынтымақтастық ұйымы және ең алдымен мәңгілік достық пен одақтастық туралы Келісім байланыстыра түседі. Тұтастай алғанда Қазақстанның ТМД елдерімен жүргізетін саясаты – бұл ең алдымен өзара пайдалы, тиімді және жан-жақты қарым-қатынас орнату, бұл аймақтағы саяси тұрақтылық пен тату көршілік ахуалды, біртұтас экономикалық және әскери-стратегиялық кеңістікті орнықтыруды қолдау. Ал бұдан былайғы уақытта әлемнің барлық дамушы елдерімен өзара тиімді қатынастарды дамытуға да көңіл бөлінетін болады. Президенттер Ж.Желев пен Н.Назарбаев Қазақстанның Болгариямен достық және

ынтымақтастық туралы келісіміне 1993 жылғы 30 шілдеде кол қойған еді. 2001 жылы Болгария-Қазақстан арасындағы тауар айналымы 8 миллионнан астам АҚШ долларын құрады. Екі ел арасындағы сауданы 18 фирма жүзеге асыруда. 2002 жылғы 28 ақпанда Алматыда орталықазиялық төрт республиканың – Қазақстанның, Қырғызстанның, Тәжікстан мен Өзбекстанның Президенттері «Орталық-Азиялық ынтымақтастық» ұйымын құру жөніндегі келісімге кол қойды.

Оны құрудың өзіндік себебі де бар еді. Терроризмге қарсы (2001 жылғы 11 қыркүйектегі оқиғаға орай) коалиция құру, экстремизммен күресу қисындарының өзгеруі аймақта тұрақтылық пен тыныштықты сақтауды талап етті. Байланыс ауқымы неғұрлым кеңейген сайын еркін сауда, жұмыс күшінің еркін қозғалуы және отандық өндірісті дамытуға арналған күрделі қаржы да қалыптасуға тиіс.

Жаңа қауымдастық экономика, саясат, гуманитарлық көмек және басқа да жүйелерде ынтымақтастық үшін зор мүмкіндіктер ашады.

Қазір әлемдік қауымдастық елеулі өзгерістерге ұшырауда. Халықаралық саясатта, мемлекетаралық қарым-қатынастардың құрылымдары мен мазмұнында ірі өзгерістер болып жатыр. Әлемдік кеңістіктегі әр түрлі аймақтардағы мемлекеттердің біркелкі дамымай келе жатқандығы жасырын емес. Олардағы интеграциялық үрдістердің бұзылуы анық байқала бастады. Яғни бұл жағдай бірқатар елдердің демократиялық деңгейіне де әсер етуде.

Демократияландыру жолын ұстануға бет бұрған халықтар мен мемлекеттердің қозғалыстары одан әрі белсендендірілді және ол жаңа сатыға көтерілді. Көптеген халықтар осы заманға лайық дамыған азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет құруға кол жеткізді. Бұл нақты саяси плюрализмді, билікті бөлуді, халықтың әл-ауқатын жоғары деңгейде жақсартуды, экономиканы, әлеуметтік және жеке бостандықты қамтамасыз етеді.

Қазақстанның қазіргі әлемдегі жағдайын ойдағыдай деуге әбден болады. Ол ұлттық мүдделерді қамтамасыз етуге бағытталған. Ұлттық мүдделер – бұл ең алдымен саяси тұрақтылыққа кол жеткізу (бұл бізде бар), елдің бірлігі мен тұтастығын сақтау, тұрақты экономикалық өрлеу, қуатты әлеуметтік-құқықтық мемлекет құру.

Осы аталған міндеттерді шешу сөзсіз ішкі саясатты дамытуға және басқа да бірқатар факторларға соның ішінде субъективті факторларға да байланысты болады.

Сыртқы саясат пен халықаралық қатынастар — бұл мүдделер жолындағы күрес. Қазақстанның да алыс және жақын шетелдерде осы бағыттағы өзінің белгілі бір мүдделері бар. Еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ақылман саясаты арқасында біздің бұған қол жеткізе алатындығымызға ешбір күмән жоқ.

2002 жылғы 8-9 сәуірде Алматыда «Тұрақсыздық кезеңінде тұрақтылықтың артуын қамтамасыз ету» деген тақырыпта Евразиялық экономикалық 2002 — саммиті өткізілді. Саммитке орталықазиялық мемлекеттердің, Закавказьенің, Ресейдің мемлекет және үкімет басшылары, халықаралық қаржы институтының, соның ішінде Дүние жүзілік банктің, Еуропалық және Ислам даму банктерінің басшылары, Батыс Еуропа мен АҚШ-тың аса ірі халықаралық компанияларының өкілдері қатысты.

2001 жылғы 11 қыркүйекте АҚШ-та болған оқиғадан соң әлем орталықазиялық аймаққа басқаша қарайтын болды және де тек Ауғанстанға ғана көңіл аударып қоймаудың қажет екенін білді. Бұл аймақ ресурстарға бай, бірақ инфрақұрылымдары нашар дамыған, демек ол кедейшілікпен күресте де, ұлттық экономиканы нығайтуда да көптеген жетістіктерге жетуге тиіс.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Евразиялық экономикалық саммитті ашқан кезде сөйлеген сөзінде:

«Америка құрама Штаттары бастаған халықаралық антитеррорлық коалицияның барлық қатысушыларына Ауғанстанда бейбіт өмірді қалпына келтіріп, Орталық Азиядағы ахуалды сауықтырған операцияларды сәтті жүзеге асырғаны үшін ризалық білдіруге тиіспіз. Мұның өзі нағыз маңызды қадам болып шықты. Бірақ бұл алғашқы қадам еді. Олай болатыны әскери акциялардың артынша осынау соры арылмаған елдің экономикалық жағдайын дұрыстауға бағытталған нақты іс-әрекеттер қолға алынуға тиіс. Азияның кіндігі мүдделер қақтығысының майданына айналып кетпеуі үшін, біздің елдеріміздің халықтары геосаяси ойындардың кепілге алынған адамдар кейпіне түсіп қалмауы үшін бізге айрықша жауапкершілік жүктеледі.

«... Орталық Азияда, тұтастай Азия құрлығында қауіпсіздіктің тиімді жүйесін жасау жөнінде күш-жігер жұмсауды жалғастыра беру керек...

... Шетелдік әріптестерімізбен қарым-қатынастарымызда ұстанар қағидамыз бұлжымайды: қол қойылған шарттардың өзгермейтіндігі әрі тұрақтылығы, әр жақтың экономикалық мүдделерінің берік тепе-теңдігі.

... Саяси лидерлердің алдында тұрған аса маңызды міндет жаһандық және аймақтық ядролық қауіпсіздікті нығайту мәселелерімен байланысты.

... Тек қауымдаса, күш біріктіре отырып, біз өзара пайдалы әріптестіктің тиімді тетіктерін жасап, барлық тап болатын кедергілерді еңсере аламыз»<sup>1</sup> деген еді.

---

<sup>1</sup> Егемен Қазақстан. 2002ж., 9 сәуір.

## САЯСАТТАНУДЫҢ ҚЫСҚАША СӨЗДІГІ

**Абсентеизм** — халықтың саяси өмірге немқұрайды, селкос қарауы, азаматтық міндеттерді орындаудан бас тартуы. Ол әсіресе сайлаушылардың өкіметтің өкілдік бөлімдерін сайлауға қатысқысы келмеуінен байқалады. Оны әркім әрқалай бағалайды. Біреулер адам не істесе де: сайлауға қатысып дауыс берсе де, бермесе де өз еркі деп санайды. Кейбіреулер оны сайлаушылардың саяси шешімдерін немесе сайланушы үміткерді қабылдамағандықтан деп түсінеді. Ал жалпы көпшілік жұрт саяси өмірге осылайша селкостық танытса, билік саласының заңдылығына күмән туады.

**Абсолютизм** — шексіз монархия, мемлекеттік басқару нысаны мұнда саяси билік тұтастай бір адамның — монархтың қолына шоғырланады. Мемлекеттің тым орталықтануымен ерекшеленеді.

**Автаркия** — елдің экономикасын басқа елдің экономикасынан оқшаулауға бағытталған ұлттық мақсат. Бұл шет елдің тауарларын, капиталын және т.б. өз елінің өндірісін ғана дамытуға немесе басқа саяси мақсатқа да пайдалану үшін жасалады.

**Автократия** — бір адамға жоғары өкімет билігін шексіз беру арқылы басқаруды немесе осындай басқару жүйесі орнаған мемлекетті айтады.

**Автономия** — бір мемлекеттің шеңберінде өзін-өзі басқаруға құқық берілген саяси-ұлттық құрылым.

**Авторитаризм** — жеке адамның билігіне негізделген, басқаруда күшке сүйенетін мемлекеттік-саяси тәртіп. Мұнда атқарушы билік үстемдік етеді. Парламент болғанымен ол кеңесші орынға айналады. Тоталитарлық тәртіппен салыстырғанда мұнда көпшілік партия, бірыңғай идеология болмайды және экономика бақылауға алынбайды. Тоталитарлық тәртіптің басқа белгілері негізінен сақталады. Ол көбінесе саяси жағдайға белсене араласатын әскери күшке сүйенеді. Мемлекеттің сайлау жүйесі шектеледі.

**Адам құқығы** — жеке адамның азаматтық бостандығының экономикалық, әлеуметтік, саяси құқығын қамтамасыз ету.

**Альтернативтік басылым** — өзгеше пікірдегі қоғамдық басылым, бұлардың көзқарастары саяси көзқараспен сәйкес келмейді.

**Альтернативтік сайлаулар** — бір адамды қайсыбір органға бір-бірімен бәсекелес екі немесе одан көп үміткерлер ішінен сайлау.

**Альтернативтік қозғалыстар** — дәстүрлі емес қоғамдық-саяси қозғалыстардың түрі, ол әрекеттерінің әдістері бойынша өмір сүріп отырған ұйымдардан айырмашылығы болады және олар жат идеяларға үгіттейді.

**Анархизм** — жеке адамды кез келген мемлекеттік биліктен — экономикалық, саяси, идеологиялық — құтқаруға бағытталған әлеуметтік-саяси ілім мұрат. Оны жақтаушылар күштеу арқылы еріксіз көндіретін органдарды азаматтардың өзін-өзі басқару қауымдарымен алмастыруды көздейді. Оның алғашқы идеялары Платонның еңбектерінде кездеседі.

**Анархия** — 1) мемлекеттік биліксіз әр түрлі қауымдастықтар, бірлестіктер, одақтар арқылы өзін-өзі басқаратын қоғам құруға тырысушылық; 2) үйреншікті өмірде тәртіпсіздікті, жөнсіздікті, заңсыздықты, басшылықтың жоқ екенін білдіреді.

**Анархо-синдикализм** — жұмысшы қозғалыстарының саяси ағымы. Бұл еңбекшілерді кәсіби біріктіруді (синдикаттар) мойындайды еңбекшілерді ұйымдастырудың бірден-бір түрі, қоғамның ең алғашқы ұясы.

**Аномия** — қозғалыстың немесе оның бөлігінің қалыпты күйі, мұнда қабылданған қоғамдық және адамгершілік ұстанымдары орындалмайды.

**Аристократия** — 1) пұрсатты, бай, ерекше құқықтар мен жеңілдіктерге ие аксүйектер тобы; 2) аксүйектер әулеті, билік жүргізетін мемлекеттік басқарудың түрі. Мысалы, мұндай мемлекеттік билік Ежелгі Гректерде болған.

**Азамат** — жеке адам, оның мемлекетке тиістілігі заңмен бекітілген. Ол оны елдегі шет ел азаматтарынан айырмашылығы болатын құқықтармен, еркіндіктермен қамтамасыз етеді және міндеттер жүктейді.

**Әлеуметтік саясат** — қоғамның ең жақсы дамуын қамтамасыз етуге, әлеуметтік мүдделер мен қажеттіліктерді қанағаттандыруға, лайықты өмір салтын орнатуға бағытталған саяси шешімдер мен іс-әрекеттер жиынтығы. Оған ең алдымен халықтың тұрмыс жағдайын жақсарту, жалақыны көтеру, денсаулық сақтау, білімін көтеру, тұрғын үймен қамтамасыз ету және т.б. жатады.

**Билік** — 1) адамдардың іс-әрекетіне, қызметіне, тағдырына белгілі бір адамдардың (бедел, жігер, құқық, зорлықтың) көмегімен әсер ету мүмкіншілігі; 2) адамдарға саяси билік жүргізу; 3) мемлекеттік органдардың жүйесі; 4) мемлекеттік және әкімшілік өкілеттілігі бар қызмет адамдары.

**Билік тармақтары** – демократиялық саяси жүйе ойдағыдай қызмет атқару үшін және билік, субъектілеріне қарай мемлекеттік билік заң шығарушы, атқарушы және сот билігі болып үш тармаққа бөлінеді.

**Биосаясат** – көзқарас, бұл саясаттануда биология ұғымдары мен әдістерін пайдалану мүмкіндігіне жол береді.

**Бихевиоризм** – жеке адамдар мен топтардың іс-әрекеттерін талдауға негізделген ХХ ғасырдың 20–30 жылдарында пайда болған теориялық әдістемелік бағыт. Бұл әдісті жақтаушылар саяси қызметтің барлық түрлерін адамдардың іс-әрекеттерін талдау арқылы түсініп білуге болады дейді.

**Блок партиялар** – бірігіп әрекеттер істеу үшін және ортақ мақсатқа жету үшін саяси партиялардың бірігуі.

**Бойкот** – 1) өзінің экономикалық немесе саяси талаптарын орындату мақсатында жеке адаммен, ұйыммен, мемлекетпен толық немесе ішінара қатынастарды тоқтату; 2) сол мақсатпен міндеттерін орындаудан бас тарту; 3) өкілетті орындарды сайлаудан бас тарту; 4) наразылық ретінде біреумен қарым-қатынасты үзу. Бұл сөздің шығуы Ч.Б.Бойкот деген ағылшын атына байланысты. 1880 жылы ол басқарған имениені жалға алған ирландықтар күрестің бұл түрін бірнеше рет соған қарсы пайдаланған болатын.

**Бонапартизм** – 1) әскер мен бюрократиялық құрылысқа сүйенген диктаторлық тәртіптің түрі; 2) билік үшін талас кезінде әлеуметтік топтар арасында солқылдақ саясат жүргізу. Бұл термин 1799 жылы Францияда әскери диктатура орнатқан Наполеон Бонапарттың есімімен байланысты пайда болды.

**Бюрократия** – 1) әлеуметтік ұйымдардың өзіндік нысаны, оны шенеуніктердің жеңілдіктерге ие бөлігі іске асырады, олар ортақ кооперативтік мүдде бойынша біріккен; 2) нақты басқару иерархиясына тән ұйымдастыру түрі, мұнда іс-әрекеттердің қатан ережелері мен стандарттары белгіленеді, өзіндік еңбек бөлінісі болады.

**Верификация** – тексеру, бақылау, дәлелдеу.

**Волюнтаризм** – саяси лидерлердің қоғамдық өмір жағдайларымен санаспай, өз беттерімен күштеу әдістеріне сүйеніп жүргізген саясаты.

**Геосаясат** – географиялық факторларға (аумағына, ауа-райына, қазба байлықтарына т.б.) байланысты жүргізілетін сыртқы саясат. Бұл теорияның негізін қалаушылар Ф.Ратцель, Х.Маккиндер т.б. қоғамның экономикалық, саяси, әлеуметтік жағдайы мен даму бағысы географиялық ортаға байланысты дейді.

**Геноцид** – адамдарды шығу тегіне, бір ұлттың, діннің өкілі болуына байланысты әдейі қыру немесе қудалау. Мысалы, екінші дүние жүзілік соғысы кезінде фашистік Германия еврейлер мен цыгандарға қарсы осындай саясат жүргізген.



**Геронтократия** — аксақалдардың билік жүргізу принципі. Басқарудың бұл түрі алғашқы қауымдық құрылысқа тән. Мұнда билік аксақалдардың қолында болады.

**Дендеология** — идеологияның әсерінсіз, таза ғылымды жасауға, қоғамдық процесті идеологиядан аластатушылыққа тырысушылық. Оның негізін біздің ғасырымыздың 50–60-жылдарында Р.Арон, Д.Белл, Т.Парсонс сияқты Батыстың ірі әлеуметтанушылары салды.

**Демографиялық саясат** — мемлекеттік немесе жергілікті саясат, бұл халық санының өсуін немесе тежелуін реттейді.

**Демократия** — халықтың билігін, заңдылықты мойындап, азаматтардың теңдігін, құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге негізделген, мемлекеттік органдардың сайланып қойылуын және олардың жұмысы халық бақылауында болуын, сайлау құқығы бәріне тең болуын, адамдардың экономикалық және саяси қорғалуын, шешім қабылдағанда азшылықтың көпшілікке бағынуын, сонымен қатар азшылықтың да пікірі ескерілуін және т.б. көздейтін қоғамның саяси және экономикалық құрылыс түрі. Бұл тарихи ұғым. Адамзат тарихының даму кезеңдеріне сай оның принциптері өзгеріп, байып отырады.

**Деспотизм** — 1) биліктің толық жүгенсіздігіне, қол астындағы азаматтардың құқықсыздығына негізделген мемлекеттік құрылыстың жүйесі; 2) жеке адамның бостандығын мейірімсіз, қатал басып-жаншу тәсілі.

**Диверсификация** — мәселенің әр түрлі, жан-жақты қаралуы, дамуы, саяси қызметтің көп түрлілігі.

**Диктатор** — шексіз билікке ие, мемлекетті күш қолдану жолымен дара басқаратын билеуші.

**Диктатура** — қарулы күшке сүйенетін, заңмен шектелмеген шексіз мемлекеттік билік. Ол көбінесе әлеуметтік-экономикалық дағдарыс, саяси күрестің шиеленіскен шағында, өтпелі кезеңдерде, өкімет басына күшпен келгенде және т.с.с. пайда болады.

**Дискриминация** — нәсіліне, ұлтына, дініне немесе саяси көзқарасына және т.т. байланысты адамдарды құқығынан айыру немесе шектеу. Мысалы, сайлау құқығынан айыру, азаматтық бермеу, жұмысқа қабылдамау не шығару т.т.

**Егемендік** — мемлекеттің, халықтың, ұлттың, адамның саяси тәуелсіздігі. Мемлекеттік егемендік деп шет елдің араласуына жол бермейтін мемлекеттің ішкі және сыртқы істері мен қатынастарындағы саяси тәуелсіздігін және елді басқарудағы, шешім қабылдаудағы, жоғары билік жүргізудегі еркіндігін айтады. Егемендіктің саяси, экономикалық, құқықтық жақтары болады.

**Идеялық** — саяси, ғылыми, көркем шығармалардың, көпшілік алдында сөйлеген сөздің және т.б. мазмұндық ерекшелігі.

**Идеология** – белгілі бір әлеуметтік топтардың, таптар мен партиялардың және т.б. мақсаттары мен мүдделерін білдіретін, үстемдік етіп отырған қоғамдық қатынастарды орнықтыруға немесе оларды өзгертуге қызмет ететін тұжырымдамалардың, пікірлердің, идеялардың жүйесі. Жүйеленген түрде ол партия бағдарламасында, декларация, манифест, жарғыларында, сондай-ақ әртүрлі насихаттық құжаттарда қалыптасады. Ол көпшіліктің саяси санасын қалыптастыруға, саяси өмірде бағыт-бағдар, рухани байлықтар жүйесін анықтауға, саяси іс-әрекеттер жолдарын белгілеу және т.с.с. қызметтерді атқарады, қоғам дамуында зор роль атқарады.

**Иерархиялық жүйе** – төменгі қызметтегі шенеуніктердің жоғарғы орындарға бағыну тәртібінің жүйесі.

**Инновация** – жаңалық енгізу, жаңарту.

**Институализациялау** – саяси қозғалыс немесе құбылыстың тәртіпке келтірген, ұйымдасқан мекемеге айналуы.

**Интернационализм** – 1) ұлттан жоғары мүдделердің қауымдасу концепциясы; 2) мемлекеттердің, ұлттардың, халықтар мен таптардың, әлеуметтік жіктер мен топтардың бірігуіне сүйенетін саясат.

**Коалиция** – бірлестік, одақ, ортақ саяси, экономикалық, әскери мақсаттарға жету үшін мемлекеттердің, партиялардың, кәсіподақтардың және басқа да ұйымдардың келісімі.

**Коммунизм** – доктрина, бұл тапсыз және мемлекетсіз қоғам құруды жариялайды, ол өндіріс құралдарына ортақ меншікке, әлеуметтік-экономикалық теңдік пен жеке адамдардың еркін дамуына сүйенеді.

**Компромисс** – 1) бір-біріне жол беру арқылы пікірлердің әртүрлілігін реттеу; 2) қарсы жақтардың келісімге келу жолымен саяси жанжалдарды шешу әдісі; даудың себебін нақты анықтап алу, ымыраға келу шегін сезіну, қол жеткен компромисс нәтижелерін рәсімдеу арқылы іске асырылады.

**Конвергенция** – ғылыми-техникалық революцияның шарықтап даму нәтижесінде капиталистік және социалистік жүйелер түбінде қосылады деп негіздеуші тұжырымдама. Оның негізін осы ғасырдың 50–60-жылдарында Батыстың Р. Арон, Дж. Гелбрейт, У. Ролтоу сияқты белгілі әлеуметтанушылары салды.

**Консенсус (пәтуаластық)** – ерікті келісімге келу, өзара теңдік негізінде тараптардың пікірін қабылдау арқылы шешім шығару; бағыттардың ортақтығы мен әрекеттердің бірлігінен, көзқарастар бірлігінен көрінеді. Дауды мәселелер бойынша ортақ келісімге келу.

**Консерватизм** – 1) тарихи қалыптасқан саяси және қоғамдық өмірді өзгеріссіз сақтауға тырысқан әлеуметтік-саяси көзқарастар, теориялар жүйесі; 2) консервативтік партиялардың ұстаған бағдарламалық бағыты.

**Конфедерация** – өздерінің кейбір амал әрекеттерін үйлестіріп, белгілі бір мақсаттарды (әскери, сыртқы саясаттағы т.с.с.) жүзеге асыру үшін бірлескен егеменді елдер одағы. Онда жалпы одақтық азаматтық немесе ол одаққа кірген мүшелердің бәріне міндетті заң шығарушы билік болмайды. Оның алған шешімдері оған енген елдердің бекітуінен өтуі керек. Ол өмірде сирек кездеседі. Мысалы, ол 1848 жылға дейін Швейцарияда, 1778–1787 жылдары солтүстік Америка штаттарында болды. Қазір соған ұқсас құрылымды Европалық Одақ құрмақ ойы бар.

**Конформизм** – іштей келіспесе де көпшіліктің ой-пікіріне, көзқарастарына икемделу, әсіресе билік басындағы адамдардың ығына жығылып бейімделу.

**Корпоративизм** – партиядан жоғары тұрған жүйе, ол еңбекті капитал мен үкіметті қамтитын жүйе құрады.

**Корпоративтік** – цехтық, топтық.

**Коррупция** — 1) мемлекеттік және саяси қайраткерлерді, министрлерді, парламент мүшелерін, шенеуніктерді және т. б. параға сатып алу; 2) лауазымды адамдардың жеке басын байыту мақсатында өз қызметін қылмыстық жолмен пайдалануы, паракорлығы, сатылғыштығы.

**Космополитизм** – идеология, бұл жалпы адамзаттық және жалпы азаматтық құндылықтарды мойындаумен ұлттық, саяси, экономикалық, діни, адамгершілік мүдделерден жоғары тұрған «дүние жүзілік мемлекет» құру мен «дүние жүзілік азаматтық» құруға дейінгі мүдделерімен байланыстыратын идеология.

**Көппартиялылық** – мемлекеттің билік үшін күрес барысында бірнеше саяси партиялардың әртүрлі мүдделер мен пікір алалығын пайдалана отырып басқару түрі. Оның жағымды және жағымсыз жақтары бар. Жағымды жақтарында саяси мәселелер жан-жақты каралады, билікті тиімді жұмыс істеуге мәжбүр етеді, бюрократияның өрістеуіне тежеу салады. Бәсекелес партияны жеңу үшін партияның ішінде қажет тәртіп орнатылады. Саяси күресте кездейсоқ емес шын мәнінде талантты адамдар шығып, басқарушы орындарға ұсынылады. Жағымсыз жағы – өмірдегі көп мәселелерге өз партиясының тұрғысынан ғана қарауы.

**Қоғамдық пікір** – көпшілік санасының белсенді түрге айналған қалпы, бұл оның айналасындағы шиеленіскен қоғамдық-саяси, мәдени, экономикалық жағдайларынан қалыптасады, осы жағдайларға адамдардың үлкен тобының қатынасын білдіреді. Ол әлеуметтік іс-әрекеттердің де, мемлекеттің, партиялардың, көпшілік ақпарат құралдарының да нысаналы жұмысының әсерінен пайда болады.

**Көпшілік санасы** – адамдардың үлкен тобының санасы, бұл күнделікті өмір жағдайларымен байланысты болады, өзіне идеялар, рухани, бағалаулар, иллюзиялар, стереотиптер әлеуметтік сезімдерді қамтиды. Ол көпшіліктің әлеуметтік-саяси тәртібін реттеуші болып табылады.

**Қоғамдық-саяси қозғалыстар** — өз мүдделерінің жақындығы мен ортақтығын сезінген адамдардың үлкен тобы, олар әр түрлі саяси мақсаттарына жету үшін саяси әрекеттер жасайды; ол жалпы көпшілік сипатымен, ерікті қатысушылықпен, нақты мүшеліктің болмауымен, жетекшілердің қатаң принциптерімен ерекшеленеді.

**Қоғамдық-саяси ұйым** — алдына қойған ортақ саяси мақсатқа жету үшін өзіндік құрылымы бар, қызметтері айқындалған және жүйеленген адамдардың бірлестігі. Оның ерекшелігі — жеке немесе ұжымдық мүшелері болады. Саяси ұйымның негізгі тұрпатына саяси партия жатады.

**Құқықтық мемлекет** — мемлекеттің түрі, мұнда жеке адамның, ұйымның, бірлестіктердің азаматтық құқықтың барлық субъектілерінің мүдделері мен құқықтары саяси-заңдылық негізінде жан-жақты қорғалады. Құқықтық мемлекетте құқық және оны бұлжытпай орындау үстемдік етеді.

**Легитимдік** — халықтың үстемдік етіп отырған саяси билікті мойындауы, оның заңдылығы мен шешімдерін растауы. Демократиялық жағдайда мемлекеттік билік легитимді болуы үшін ол халықтың қалауы бойынша қалыптасуы және көпшіліктің еркіне сай орындалуы керек. Яғни, мемлекеттік биліктің иесін тура немесе жанама түрде белгілі бір мерзімге халық сайлайды және оның жұмысын бақылап отыруға мүмкіндік болуы қажет.

**Либерализм** — 1) жеке адамның толық еркіндік принципіне негізделетін, мемлекеттің экономикаға араласуын шектеуге тырысатын көзқарас, саяси бағыт; 2) бірқатар елдерде орта таптың мүддесін қорғайтын либералдық партиялар. Олар нарықтық экономиканы, еркін бәсекелестікті, халықтың әлеуметтік қамтамасыз етілуін, халықаралық қауіпсіздікті және т.б. жақтайды.

**Лидерлік** — жеке адамның топты, партияны, қозғалысты, мемлекетті басқару, жақтастарын тиімді ұйымдастырып, ортақ мақсатқа жету жолында іс-әрекет ету қабілеті.

**Лоббизм** — жекелеген партиялардың, корпорациялардың, қозғалыстардың, ұйымдардың, жеке адамдардың мүддесін көздейтін белгілі бір заң жобаларын, шешімдерді қабылдауға ықпал ету мақсатында әрекет ететін ерекше саяси ұйым. Ол қысым көрсететін топтың бір түріне жатады. Саясат, қоғам қайраткерлерімен жақсы қатынастар орнатып, солар арқылы өкіметтің пайдалы тапсырмаларын алуға заң жобаларына өздеріне керекті өзгерістер жасауға және т.с.с. күш салады. Бұл мақсатта сан әдіс-тәсілді пайдаланады.

**Мажоритарлық жүйе** — сайлау нәтижесінде үміткердің аймақ бойынша көпшілік дауыс алуы.

**Маргиналдар** — белгілі бір себептерге байланысты қоғамның негізгі әлеуметтік тобына кірмей қалған аралық жағдайдағы адамдар.

Мысалы, ауылдан жұмыс іздеп қалаға келген жастар. Олар бір жағынан ауыл өмірінен қол үзген, екінші жағынан қаланың өмір салтын, мәдениетін игеріп, сінбеген. Осылайша әредік жайға душар болады. Олардың көбінің тұрақты орны жоқ, жұмыс орны да анықталмаған. Сондықтан олар қылмыс, не арандатушылық әрекеттерге оңай араласып кетеді. Маргиналдарға этносаралық, нәсіларалық некеге түскендер де жатады.

**Мемлекет** – саяси жүйенің басты институты, бұл қоғамды басқарумен, белгілі бір аумақта билік жүргізуді іске асыратын мекемелер мен институттар жиынтығы және экономикалық, саяси және басқа қатынастардың экономикалық, заң шығару мен нормативтік негіздерін анықтайды.

**Менталитет** – 1) ойдың бағыты, жүйесі, ой болмысы, құрылымы; 2) адамның, топтың, таптың, халықтың дүниетанымы, өмірге, саясатқа, билікке қатынасы; рухани өмірдің ерекшелігі.

**Меритократия** – басқару нысаны, ол билеуші элиталар мүшелерінің жеке сіңірген еңбегіне сүйенеді.

**Милитаризм** – жаппай қарулану, соғысқа әзірлену, сыртқы және ішкі мәселелерді қарулы күшпен шешуге тырысатын саясат.

**Модернизация** – қазіргі, жаңа жағдайға байланысты жаңару, өзгеру, икемделу. Саясатта саяси жүйенің, әдіс-тәсілдердің, бағдарлама, тұжырымдамалардың өзгеруі. Заман талабына сай жаңару қоғамның жедел дамуына мүмкіндік беріп, тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

**Монархия** – басқару нысаны, мұнда жоғары мемлекеттік билік жеке билеушінің қолында болып, ол әкеден балаға мұра ретінде қалады. Оны хан, патша, император, король, сұлтан, шах және т.б. деп атауы мүмкін.

**Мониторинг** – 1) жағдайды бақылау, болдырмау және болжау; 2) осындай басқару түрі бар мемлекет.

**Объективтілік** – дүние танымдық көзқарас, бұл нақты шындықты бағалауларға байланысты болады.

**Олигархия** – саяси және экономикалық билік азғантай топтың қолында болатын басқару нысаны немесе сол үстем топтың өзі. Ондай билік қаржы саласында да болуы мүмкін. Сондықтан қаржы олигархиясы деп атайды.

**Оппозиция** – 1) бір саясатқа, саяси іс-әрекетке, қайраткерге қарсылық ету, кедергі жасау; 2) партияның немесе оның бір бөлігінің билеуші элитаға, үстемдік етуші пікірге қарсы тұруы. Демократиялық елдерде парламенттік оппозицияны, әдеттегі, қалыпты жағдай деп санайды. Олар билеушілерге қарсы тежемелік, тепе-теңдік қызмет атқарады.

**Охлократия** – қоғамдық өмір жағдайына қанағаттанбай мемлекеттік мекемелерді басып алып, ойран салатын, демократияны теріске шығаратын тобырлар, демоогтар тобы.

**Паблик Рилейшиз** – ұйымдар арасындағы достық қарым-қатынас орнатуды, олардың өзара түсіністігін қамтамасыз ететін ұйымның қызметі. Ол ақпараттар ұсыну, келіссөздер жүргізу және басқа өкілетті әрекеттер жүргізу арқылы іске асырылады.

**Парламент** – Биліктің жоғары өкілетті және заң шығарушы органы. Әр елде әрқалай аталады. Мысалы, АҚШ-та, Латын Америкасының көптеген елдерінде оны Конгресс, Польша мен Финляндияда – Сейм, Иран мен Түркияда – Мәжіліс, Германияда – Федералдық жиналыс, Израильде – Кнессет, Норвегияда – Сторинг, Ұлыбританияда – Парламент, Швецияда – Рейхстаг, Францияда – Ұлттық жиналыс дейді.

**Патернализм** – 1) кәсіп иелерінің жұмысшыларға әкелік қамқорлығынан шығатын көзқарас; 2) мемлекеттік басымдықтар жүйесі; 3) халықтың белгілі бір тобына, өндіріс саласына, тұтынуға т.б. ерекше қолайлы жағдай жасайтын саясат.

**Пауперизм** – біраз халықтың қайыршылануы, жаппай жарлы-жақыбайлық.

**Пацифизм** – соғыстың кез келген түріне (мақсатына, сипатына қарамастан) қарсы тұрып, бейбітшілікті жақтайтын ағым, қозғалыс. Ол ХІХ ғасырдың екінші жартысында пайда болған.

**Плебисцит** – қоғам немесе мемлекет үшін ерекше маңызды мәселе туралы барлық халықтың пікірін сұрау, анықтау.

**Плутократия** – 1) мемлекеттік құрылыс, мұнда билік шағын бай топтардың қолында болады; 2) байлардың билігі, ақшаның үстемдігі.

**Популизм** – саясаткерлердің немесе қоғамдық институттардың саяси қызмет атқару тәсілі. Олар мынандай ережелермен сипатталады: көпшіліктің тап қазір қарапайым талаптарын желеу етіп, құптау; өз атын шығару үшін адамдардың үлкен тобының сыншылдық сезімге берілген жағдайларын пайдалану; көпшілікке жалпақтап, жағымпаздану, тобыр тіліндегі сөздерді, тіркестерді қолдану, асыра сілтеп уәде беру, халықтың сауаты аз бөлігіне шағыну және т.с.с.

**Приватизация** – мемлекеттік байлықты жеке меншікке беру.

**Путч** – мемлекеттік төңкеріс жасау үшін ұйымдасқан адамдардың қылмысты әрекеті.

**Реакция** – 1) белгілі бір іс-әрекетке жауап ретінде қарсы іс-қимыл; 2) қоғамдық прогреске қарсы бағытталған, күні өткен тәртіпті орнатқысы келетін саясат. Ол, әдетте жаппай зорлық-зомбылық, күш жұмсаудан, экономикалық, саяси езгінің күшеюінен, еркін ой-пікірді қудалаудан көрінеді.

**Радикализм** – саяси ой мен іс-қимыл түрі, бұл негізгі саяси институттарды және саяси жүйені түбірімен өзгертуді мақсат етеді, және осыған жету үшін мақсаттарға жетудің шектен шыққан катал әдістері мен құралдарын пайдаланады.

**Революция** – қоғамның барлық әлеуметтік, экономикалық-саяси құрылымдағы түбегейлі сапалы төңкеріс. Оның біртіндеп, ақырын дамитын эволюциядан және ішінара өзгерістер жасайтын реформадан айырмасы зор. Ол көпшілік күштерді қозғалысқа келтіріп, революциялық жағдайды тудыратын объективтік өзгерістер нәтижесінде пайда болады. Оның қозғаушы күшіне үстемдік етіп отырған қоғамдық құрылысты құлатып, одан жоғары прогресті орнатқысы келген топтар, әлеуметтік топтар жатады. Революциялық қозғалыстың субъектісіне және оның алға қойған мақсатына байланысты революцияны буржуазиялық, буржуазиялық-демократиялық, азаттық және т.с.с. етіп бөледі. Революция қоғам дамуын мейлінше жеделдетеді.

**Рейтинг** – ұйымның, мекеменің, жеке адамның іс-әрекеттерін, қызметін бағалағанда оның қандай дәрежеде екендігін білдіретін сандық көрсеткіш. Ол сайлау, сұрақ-жауап және т.б. көрсеткіштер негізінде жасалады.

**Республика** – мемлекеттік басқару нысаны, мұнда мемлекеттік биліктің барлық жоғары органдары белгілі бір уақытқа сайланады немесе өкілетті мекемелер парламент арқылы қалыптасады. Азаматтардың билік құрылымдарына қатысты әр түрлі болуы мүмкін. Билік органдары сайланбалы болып, азаматтардың ресми түрде болса да билік етуге құқығы болса, ондай мемлекет республикаға жатады.

Республика президенттік, парламенттік, «аралас» (президенттік және парламенттік белгілерді қамтитын) немесе теократиялық (Иран) болуы мүмкін.

**Ресми емес ұйым** – адамдардың кездейсоқ, қалай болса солай ұйымдаса салған тобы, бұлардың мақсаты ресми институттардан тыс болады.

**Референдум** – маңызды заң шығарушы немесе ішкі және сыртқы мәселені жалпы халықтық дауыс беру жолымен шешу. Мысалы, онда конституцияны (немесе оған түзету енгізу), мемлекеттік құрылысты немесе билік түрін өзгерту. Ескі заңның күшін жою немесе жаңасын қабылдау, елдің халықаралық ұйымға кіру, мемлекетаралық келісімге қосылу және т.с.с. мәселелер қаралады. Бұл мәселелерді конституция не заң ережелеріне сәйкес парламент немесе мемлекет басшысы қояды. Мысалы, біздің республикамызда 1995 жылғы 29 сәуірде президент өкілеттілігін ұзарту жөнінде бүкіл халықтық референдум болды.

**Реформа** – қоғамдық құрылысты және оның институттарын жетілдіру үшін билік жүйесіне, саяси қызметтің түрлі жақтарына өзгертулер енгізу. Ол қоғамның саяси жүйесін түгел немесе оның бірнеше саласын қамтуы мүмкін.

**Саясат** – әлеуметтік топтар, саяси партиялар, ұлттар мен мемлекеттер арасындағы қатынас саласындағы, саяси мемлекеттік билікті жеңіп алуға, сақтау мен ұйымдастыруға байланысты қызмет.

**Саяси әлеуметтендіру** — адамдардың саяси қызметке қатысуы үшін қажет саяси құндылықтарды, идеяны, нормаларды, дағдылар мен білімділікті интериоризациялау процесі.

**Саяси бағдарлама** — құжат, ол партияның, қоғамдық-саяси қозғалыстардың, халық майдандарының негізгі мақсаттарын, сонымен бірге осы мақсаттарға жету жолдарын сипаттайды.

**Саяси бостандық** — азаматтардың саяси процеске демократиялық жолмен, жан-жақты және пәрменді қатысуын қамтамасыз ететін заңмен бекітілген құқығы.

**Саяси даму** — әр түрлі саяси күштердің арақатынасы, мұның нәтижесінде саяси іс-қимыл, саяси мәдениет және саяси өмірдің өзі өзгереді.

**Саяси жүйе** — 1) мемлекеттегі саяси партиялардың жиынтығы; 2) саяси партиялардың мемлекет басқаруға қатысуының ерекшеліктері; 3) саяси партиялардың іс-әрекеттерінің регламентациясы, олардың ашық, жасырын немесе жартылай жасырын жағдайы.

**Сайлау жүйесі** — сайлау кезіндегі билік органдарын дауыс беру жолымен қалыптастыру процесін реттейтін ережелер мен әдістер жиынтығы.

**Саяси институт** — құрылысы жағынан ұйымдасқан, бір орталыққа бағынатын, ерекше өкілеттіктерге ие, атқарушы аппараттары бар ұйым, мекеме, азаматтардың бірлестігі түріндегі саяси мекеме.

**Саяси интеграция** — саяси құрылымдарды тұтас бір кеңірек саяси қауымдастыққа біріктіру, бұл құрылым аралық байланысты сапалық жағынан жақсартады.

**Саяси коммуникациялар** — саяси әрекет субъектілерінің арасындағы ақпараттық байланыс, бұл шешімдерді талқылауды, оларды қабылдау мен орындауды, олардың орындалуын тексеруді қамтамасыз етеді. Саяси жүйенің тұтастығына жетуге қызмет етеді.

**Саяси жанжал** — қарама-қарсы күштердің, партиялардың, көзқарастардың, мақсат-мүдделердің бір-біріне қайшы келуі. Ол ушыққан кезде арты шешілмес дау-жанжалға, ал саяси шиеленіс саяси дағдарысқа әкелуі мүмкін.

**Саяси дағдарыс** — саяси жүйенің қалыпты жағдайдың бұзылуы жағдайындағы күйі, саяси жанжалдың өрши түсуі. Жанжалдар мәміле жолымен шешілмеген жағдайда, саяси құрылымдар дәрменсіз жағдайлар да болады.

**Саяси құндылық** — саяси қызметте бағдар етіп ұстайтын идеялар, көзқарастар, ұғымдар. Мысалы, оларға еркіндік, теңдік, әділдік, әлеуметтік қорғалу, төзімділік және т.с.с. құндылықтар жатады.

**Саяси мәдениет** — билік пен азаматтардың өзара қатынастарына байланысты тарихи қалыптасқан саяси білімдердің, құндылықтардың, үлгілердің, нормалардың, іс-қимылдың, т.б. жиынтығы мен сипаты. Ол қоғамдағы саяси өмірдің барлық салаларын қамтиды. Оған



ен алдымен саяси сананың мәдениеті, адамдардың, топтардың, ұлттардың іс-қимылы, осы жүйе шеңберінде жұмыс істейтін саяси мекемелердің мәдениеті кіреді.

**Саяси мүдделер** — жеке адамның, топ, тап, партия, қоғамдық қозғалыс, мемлекеттік аппараттардың бағдарлау жүйесі, бұл билікті жеңіп алуға немесе ұстап тұруға деген көзқарасты білдіреді.

**Саяси өмір** — қоғамдық өмірдің бір түрі, саяси әрекеттердің жиынтығы, бұл адамдар арасындағы саяси байланыстар орнатады және билікті жеңіп алуға және ұстап тұруға бағытталады.

**Саяси партия** — мемлекеттік билікті жеңіп алуға немесе билік жүргізуге қатынасуға бағытталған, ортақ мүдде негізінде құралған адамдардың ерікті одағы.

**Саяси плюрализм** — ұйымдасқан мүдделер мен күштердің заңмен бекітілген көптүрлілігі, бұлардың тепе-теңдігі биліктің — заң шығарушы, атқарушы және сот — үш тармағына бөлінуін, парламентаризмді, демократияны, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын түптеп келгенде билікке ешбір монополияның болмауын қамтамасыз етеді.

**Саяси процесс** — 1) қоғамның саяси жүйесінің, құбылыстарының уақыт пен кеңістікте даму барысы, өзгерісі; 2) нақты бір нәтижеге жеткен белгілі бір деңгейдегі процесс.

**Саяси субъектілер** — саяси қызметке қатысушы жеке адамдар, топ, партия, қозғалыстар, мемлекет, басқа да саяси құбылыстар ✓

**Саяси тәрбие** — халықтың сана-сезіміне әсер ету (жеке адам, топ, тап, халық) саяси мәдениетті саяси элитаның мүдделеріне сай қалыптастыру.

**Саяси терроризм** — саяси себептермен жеке адамды, көпшілікті қорқыту, жазалау мақсатындағы қылмыстық әрекет. Ол жеке адамдарға, ұйымдарға, қоғамдық институттарға немесе оның өкілдеріне қарсы бағытталуы мүмкін.

**Саяси технологиялар** — 1) саяси қызметтің тиімділігін қамтамасыз ететін әдістер, құралдар мен нысандар; 2) саяси қызметтің құралдары жөніндегі білімдер жиынтығы.

**Саяси тұрақтылық** — әр түрлі ішкі және сыртқы өзгерістер жағдайында саяси жүйенің өз құрылымын сақтап, тиімді өмір сүруге мүмкіндік беретін орнықтылық.

**Саяси режим** — қарастырылып отырған мемлекетке тән билікті іске асырудың, үстемдік жүргізіп отырған идеология, әлеуметтік қатынастар жүйесі, сонымен бірге саяси мәдениеттің хал-ахуалы.

**Сепаратизм** — бөлектену, оқшаулануға тырысушылық. Көп ұлтты мемлекеттердегі аз ұлттың өкілдері өзіне мемлекет болып шығуға немесе бөлек автономия алуға ұмтылуы. Ұлт азаттық қозғалыстың ерекшелігі — оның жалпы халықтық, бұқаралық сипаты болмайды, ол ұлттың бір бөлігінің мүддесін көздейді.

**Соз бостандығы** — қоғам өмірінің негізгі мәселелерін көпшілік алдында талқылау, саяси бостандықтың көріну әдісі.

**Стагнация** — алға жылжымау, экономикадағы, саясаттағы, мәдениеттегі дағдарыс.

**Сыртқы саясат** — мемлекетаралық және халықаралық қатынастарды халықаралық құқық, келіссөздер мен келісімдер негізінде реттейтін саясат.

**Таптар** — заңда белгіленген өндіріс құралдарына қатынасы, еңбекті қоғамдық ұйымдастырудағы ролі, қоғамдық байлықтың өзіне үлесінің мөлшері және оны алу әдісі бойынша айырмашылығы болатын адамдардың үлкен тобы.

**Теократия** — діни билік те, азаматтар билігі де бір адамның қолында болатын мемлекеттік басқару нысаны.

**Технократия** — 1) инженерлерге, менеджерлерге, техника ғылымдарына сүйенетін саяси тәртіп; 2) билеуші элитаға кіретін өндіріс пен басқарудың жоғарғы жігі және оларды дәріптейтін көзқарас.

**Толеранттық** — басқалардың пікіріне, сеніміне, тәртібіне шыдамдылық көрсету, саясатта алуан пікірлікті, оппозицияның кең ауқымды жұмыс істеуіне мүмкіндік беруді, олардың ой-пікірлеріне ортақ көзқараспен қарауды білдіреді.

**Тоталитаризм** — әрбір азаматтың, қоғам өмірінің барлық саласы мемлекет тарапынан толық бақылауға алынатын мемлекеттік саяси құрылыстың нысаны. Онда бір партия, бір идеология үстемдік етеді. Мұндай тәртіпте өндіріс, экономика, бұқаралық ақпарат құралдары, білім, мәдениет, адамдардың жеке өмірі т.б. тегіс бақылауда. Азаматтардың конституциялық ұйымдардың жұмысына тиым салынады, жазалау, қуғын-сүргін күшейеді, террорлық-полициялық бақылау орнайды.

**Унитаризм** — мемлекеттік құрылыс принципі, мұнда билік тұтас орталық басқару органдарына шоғырланады, ал жергілікті бөлімдер тек кенесу құқығы мен жеке өкілеттіктермен ғана шектеледі.

**Ұлтаралық қатынастар** — әр түрлі саяси-этникалық бірліктердің өзара байланысы мен өзара әрекеттестігі, осыдан әр түрлі ұлт өкілдері арасындағы қатынастар реттеледі.

**Ұлттық мәселе** — ұлттар арасындағы жанжалдардың себебі жөніндегі мәселе, ал осыны тату көршілік жағдайында оларды шешудің әдістері мен түрлері туралы мәселе.

**Ұлттық мүдделер** — ұлттық қауымдастықтың немесе этникалық топтың мүддесі, ол осы қауымдастықтың немесе топтың тарихымен және мәдениетімен байланысты болады.

**Ұлттық сана** — белгілі бір ұлттық этникалық қауымдастыққа тән, оның рухани даму ерекшелігін білдіретін саяси әлеуметтік, экономикалық, философиялық, адамгершілік, діни және т.б. идеялар, пікірлер, көзқарастар жиынтығы.

**Ұлтшылдық** – ұлтты ерекшелендірумен, окшаулау идеяларынан туатын идеологиялық саясат, әлеуметтік тәжірибе, саяси көзқарас. Ұлтшылдық XVIII ғасырдың аяғында отаршылдық қанау мен әлеуметтік теңсіздікке қарсы наразылық ретінде пайда болған. Оның алдын алмаса, кейін халықтар арасындағы өшпенділікке айналып кетуі мүмкін.

**Фашизм** – реакциялық, агрессияшыл күштердің террорлық диктатурасы. Оның ерекшеліктері: бір нәсілді екіншісінен артық қою, мемлекетке барлық басшылықты беру, демократиялық құқықтар мен бостандықтарды басып-жаншудың шектен тыс әдіс-тәсілдерін пайдалану, қоғамдық және жеке өмірді жаппай бақылауға алу және т.с.с. Екінші дүние жүзілік соғыс фашизмге күйрете соққы берді. Бірақ кейбір елдерде қазір жанарған фашизм бой көрсетуде.

**Федерация** – 1) тәуелсіз бірнеше мемлекеттің бірігіп, одақтас жана мемлекетті құруы. Федерация мен оған кіретін субъектілер міндеттерінің арасындағы айырмашылықтар жалпы мемлекеттік конституциямен реттеледі. Әрбір субъектінің өзінің жоғары билік (заң шығарушы, атқарушы, сот) органдары болады, бірақ олар орталық институттарға бағынады. Мысалы, Австралия, Австрия, АҚШ, Бельгия, Бразилия, Германия, Канада, Малайзия, Мексика, Норвегия, Ресей және т.т.; 2) бірнеше ұйымдардың, қоғамдардың, қозғалыстардың бірлесуі.

**Халық майданы** – жалпы көпшіліктің саяси қозғалысы, бұл халықтың қалың көпшілігін, саяси партияларды бұқаралық ұйымдарды қамтиды, олардың мақсаты нақты саяси нәтижелерге ие болу.

**Харизма** – өзінің ерекше ақылдығымен, ерлігімен немесе басқа да үлгілі қасиеттерімен көзге түскен адамның билік жүргізуі. Халық тек сол көсемге беріліп, соған ғана сенеді. Мысалы, Мұхаммед пайғамбар, М.Ганди, аятолла Хомейни және т.б.

**Харизматикалық лидер** – қоғамдық-саяси қайраткер, ол өз қызметінде соқыр сенімге сүйенеді.

**Централизм** – ұйымдастыру мен басқару принципі, мұнда саяси жүйенің құрамдас бөліктерінің тұрақты байланыстың орнауын және оны реттеп отыратын бірыңғай орталықтың болуын көздейді.

**Шовинизм** – ұлттық ерекшелерді дәріптейтін, бір ұлттың мүддесін басқа халықтардың мүддесіне қарсы қоятын, ұлтаралық өшпенділікті қоздыратын ұлтшылдықтың өрескел түрі.

**Ішкі саясат** – мемлекеттің өз ішіндегі әлеуметтік саяси құрылысты сақтау немесе өзгерту мақсатында жүргізетін саясаты.

**Эгалитаризм** – жалпыға бірдей теңдік тұжырымдамасы, буржуазиялық революциялар тұсында пайда болған және қазіргі заманда екі нұсқада мүмкіндіктер теңдігі мен нәтижелер теңдігі жөніндегі идеялар түрінде көрінуде.

**Экспансионизм** — бір мемлекеттің басқа мемлекеттерге, халықтарға, аймақтарға ықпалын күшейтіп, билік жүргізу үшін экономикалық, әскери, дипломатиялық әдістермен жүргізген саясаты.

**Экстремизм** — 1) саяси және басқа мақсаттарға жету үшін заңсыз күш қолдану тәсілдерін пайдаланатын әрекет. Ол ұлтаралық араздықты қоздырады, демократиялық қағидаттарды шектейді, елді тұрақсыздандырады, саяси шиеленістерді бейбіт жолмен шешуге мүмкіндік бермейді; 2) шектен шыққан көзқарастарды ұстану.

**Электорат** — сайлау құқығы, қандай да бір партияға дауыс беруге құқығы бар адамдар тобы.

**Элита** — саясатта, экономикада, рухани өмірде өздерінің білімділігімен, іскерлігімен, аса біліктілігімен ерекше жағдайға ие болған адамдар тобы. Бұл теорияның негізін салған итальяндық Г.Моска мен В.Парето. Олардың ойынша, саясат, экономика және ойшылдық саласында тамаша табысқа жеткен таңдаулылар қоғамды билейді, ғылыми-техникалық, әлеуметтік процестің қозғаушы күші осы таңдаулы адамдар.

**Этатизм** — елдің экономикалық және саяси өміріне, қоғамның басқа саласына мемлекеттің белсенді араласуын көздейтін тұжырымдама.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Аристотель*. Политика. Афинская политика. – М., 1997.
2. *Құнанбаев Абай (Ибраһим)*. Екі томдық шығармалары. – Алматы, 1994.
3. Белов Г.А. Политология. Учеб. пособие. – М., 1994.
4. *Борисов В.К.* Теория политической системы. – М., 1991.
5. *Назарбаев Н.* Ғасырлар тоғысында. – Алматы, 1996.
6. *Назарбаев Н.* Алдағы асулар алда. Елдегі жағдай және 2002 жылғы ішкі және сыртқы сасаттың негізгі бағыттары туралы. Республика Президентінің Қазақстан халқына жолдауы // Қазақстанская правда. 2001. 15 қыркүйек.
7. *Назарбаев Н.* Жүз жылға татитын он жыл. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің он жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі // Қазақстанская правда. 2001. 17 желтоқсан.
8. *Назарбаев Н.* Тәуелсіздігіміздің он жылы: бейбітшілік, прогресс және қоғамдық келісім. Қазақстан халықтары Ассамблеясының VIII-сессиясында сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан. 2001. 25 қазан.
9. *Уәлиханов Ш.* Таңдамалы. – Алматы, 1995.
10. Политология (под ред. Н.Н.Матузова и А.В.Малько). – М., 1999.
11. *Кадыржанова Р.К., Джунусова Ж.К.* и др. Политическое лидерство в современном Казахстане. – Алматы, 1998.
12. *Арон Р.* Этапы развития социологической мысли. – М., 1993.
13. *Бердяев Н.А.* Истоки и мысли русского коммунизма. – М., 1990.
14. *Бурлацкий Ф.М., Галкин А.А.* Современный Левиафан. Очерки политической социологии капитализма. – М., 1985.
15. *Вебер М.* Избранные произведения. – М., 1990.
16. *Вятр Е.* Социология политических отношений. – М., 1979.
17. Декларация о государственном суверенитете Казахской Советской Социалистической Республики // Қазақстанская правда. – 1990. 16 сентября.
18. *Денисов А.* Политическая культура // Международная жизнь. – 1990, № 10.

19. За мир и согласие в нашем общем доме. Доклад Президента Н.А. Назарбаева на первой сессии Ассамблеи народов Казахстана, состоявшейся в Алматы 24 марта 1995 года // Казахстанская правда. 1995. 25 марта.

20. Ильин И.А. О монархии и республике // Вопросы философии. – 1991. № 4,5.

21. Ильин М.В., Коваль Б.И. Две стороны одной медали: гражданское общество и государство // Полис. 1992. № 1–2.

22. Грацианский П.С., Зорькин В.Д., Мамут Л.С. и др. История политических и правовых учений. – М., 1983.

23. Конституция Республики Казахстан. – Алматы, 1993.

24. Краснов Ю.К. Политика: теория и практика. Основы сравнительной политологии. – М., 1993.

25. Ленин В.И. Государство и революция. ПСС. Т. 33.

26. Манхейм К. Диагноз нашего времени. – М., 1994.

27. Маркс К., Энгельс Ф. Из ранних произведений. – М., 1956.

28. Матц У. Идеология как эстерминанта политики в эпоху модерна // Полис. – 1992. № 1–2.

29. Михельс Р. Необходимость организации. Глава 4 из книги «Социология политических партий в условиях демократий» // Диалог. 1990. № 3.

30. Модернизация: мировой опыт и современный Казахстан. Доклады и тезисы выступлений на республиканской научно-практической конференции 20–21 апреля 1995 г. – Алматы. 1995.

31. Мурадян А.А. Двуликий Янус. Введение в политологию. – М., 1994.

32. Назарбаев Н.А. Стратегия становления и развития Казахстана как суверенного государства. – Алматы, 1992.

33. Назарбаев Н.А. Идеиная консолидация общества как условие прогресса. – Алматы, 1993.

34. Обращение участников Всемирного Курултая казахов к казахскому народу // Советы Казахстана. 1992. 10 октября.

35. Основы политической науки: Учеб. пособие / Под ред. В.П. Пугачева. – М., 1993.

36. Политические системы СССР и стран Восточной Европы. 20–60-е годы. – М., 1991.

37. Политология: Курс лекций / Под ред. Мустафина Т.Т. – Алматы, 1993.

38. Политология. Энциклопедический словарь. – М., 1993.

39. Пономарев В.А. Общественные организации в Казахстане и Киргизстане (справочник). – Алма-Ата, 1991.

40. Современная буржуазная политическая наука: проблемы государства и демократии. – М., 1982.

41. Сорокин П.А. Человек. Цивилизация. Общество. – М., 1992.

42. *Фарукшин М.Х.* Политическая система общества // Социально-политические науки. — 1991. № 5.
43. *Фрамм Э.* Бегство от свободы. — М., 1990.
44. *Фукуяма Ф.* Конец истории? // Вопросы философии. — 1990. №3.
45. *Хайек Ф.А.* Дорога к рабству // Вопросы философии. — 1990. № 12.
46. *Шестопал Е.Б.* Личность и политика. — М., 1988.
47. *Шмачкова Т.В.* Из основ политологии Запада // Полис. — 1991. № 2.
48. *Мигранян А.М.* Переосмысливая консерватизм // Вопросы философии. — 1990. № 11.
49. *Политалогия: Курс лекций / Под ред. М.Н.Марченко.* — М., 1993.
50. *Шумпетер Й.* Капитализм, социализм и демократия. — М., 1995.
51. *Основы политологии: Курс лекции / Под ред проф. Н.К. Капесова* — Алматы, 1995.

## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз .....	3
----------------	---

### І т а р а у

#### САЯСИ ҒЫЛЫМНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ НЕПЗДЕРІ

##### *1-тақырып*

Саясат қоғамдық құбылыс ретінде.

Саяси ғылымның пәні, әдісі мен міндеті .....	5
--	---

##### *2-тақырып*

Саяси ілімдердің пайда болуы мен дамуы: Батыс дәстүрі .....	26
---	----

XX ғасырдағы шетелдік саясаттану .....	43
--	----

Қазақстандағы саяси ой .....	50
------------------------------	----

### ІІ т а р а у

#### САЯСАТТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК НЕПЗДЕРІ ЖӘНЕ САЯСИ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ СУБЪЕКТИЛЕРІ

##### *3-тақырып*

Саясаттағы қоғамдық мүдделер. Жанжалдар мен пәтуаластық (консенсус).

Саяси субъектілік .....	53
-------------------------	----

##### *4-тақырып*

Әлеуметтік топтар, элиталар мен таптар саяси қызметтің объектілері мен субъектілері ретінде .....	74
---	----

##### *5-тақырып*

Әлеуметтік-этникалық қауымдастықтар және ұлттық саясат .....	94
--	----

##### *6-тақырып*

Жеке адам саясаттың субъектісі ретінде .....	108
--	-----

### ІІІ-т а р а у

#### САЯСИ БИЛІК ПЕН ҚОҒАМНЫҢ САЯСИ ЖҮЙЕСІ

##### *7-тақырып*

Саяси билік. Билік түсінігі, жалпы сипаттамасы мен мәні .....	127
---	-----

Билік құрылымы .....	131
----------------------	-----

Қазақстанда мемлекеттік биліктің орнығуы мен нығаюы .....	134
---	-----

##### *8-тақырып*

Қоғамның саяси жүйесі мен саяси өмірі .....	139
---	-----

✓ Қазақстанның саяси жүйесінің ерекшеліктері .....	147
--	-----



Қоғамның саяси өмірі .....	148
Қоғамның саяси өміріндегі бұқаралық ақпарат құралдарының ролі туралы ..	153
<i>9-тақырып</i>	
Саяси режимдер .....	156
<i>10-тақырып</i>	
Мемлекет қоғамның саяси жүйесінде .....	163
<i>11-тақырып</i>	
Қоғамның саяси жүйесіндегі саяси партиялар мен қоғамдық саяси қозғалыстар .....	174
<i>12-тақырып</i>	
Ішкі саясат және халықаралық қатынастар .....	184
Саясаттанудың қысқаша сөздігі .....	196
ӘДЕБИЕТТЕР .....	211

Оқу құралы

Нұрмұхан Қапесов

**САЯСАТТАНУ**

*Лекциялардың қысқаша курсы*

Редакторы *Р. Асанбай*

Техникалық редакторы *И. Тарапунец*

Бетсеуші *Ж. Құрманғалиева*

ИБ № 571

Теруге 13.11.03 жіберілді. Басуға 05.05.03 қол қойылды. Пішімі 84x108<sup>1/32</sup>. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі "Таймс". Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 11,3. Шартты бояулы беттаңбасы 11,7. Есептік баспа табағы 12,2. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №460

"Жеті жарғы" жабық акционерлік қоғамы 480013. Алматы қаласы, Абай даңғылы, 10-үй.

Тапсырыс берушінің дайын диапозитивінен басылды.

ЖШС «Жедел басу баспаханасы».

480016. Алматы қаласы, Д. Қонаев көшесі, 15/1.

PC-101 Амриева Бука 15 030  
2014. Мурағковул РМ-101

588387